

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» РМК  
ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ**

**Ғылым хроникасы**

**Алматы 2019**

**УДК 001**  
**ББК 72.4**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы.  
Ғылым хроникасы. – 3-толық. басылымның  
аудармасы / құраст. Н.В. Ниретина, О.П. Бравач; ауд.  
О.С. Жұбаева, филол.ғ.д.; ред. Г.Қ. Егеубаева; жауапты ред.  
Қ.Е. Қаймақбаева. – Алматы, 2019. – 296 б.

**ISBN 978-601-7815-64-6**

**УДК 001**  
**ББК 72.4**

**ISBN 978-601-7815-64-6**

© «Ғылым ордасы» РМҚ  
Орталық ғылыми кітапханасы, 2019

## ОҚЫРМАНДАРҒА

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы. Ғылым хроникасы» деп аталатын анықтамалық көрсеткіш – бүгінгі таңдағы ең толық басылым. Мұнда 1918 жылдан 2017 жылға дейінгі 100 жылдай уақытты қамтыған кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы ең маңызды ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық бағытта атқарылған жұмыстар хронологиялық тәртіппен берілген. Әсіресе Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының құрылған күнінен бастап бүгінге дейінгі тыныс-тіршілігі жүйелі түрде келтірілген. Анықтамалықта республикамыздың ғылыми-техникалық, білім беру кеңістігін сипаттайтын, академияға тікелей қатысты ғылым-білімді дамытуға арналған іс-шаралардың қай уақытта өткені нақты көрсетілген.

Анықтамалық көрсеткіште КСРО және ҚазКСР үкіметі қабылдаған қаулы-қарарлар, Егемен Қазақстанның жарлық-жарғылары келтіріліп, академияның, тұтастай республиканың ғылымды дамытудағы үлесі, орны туралы аса маңызды ақпарат берілген.

Бүгінгі таңда басқару органдарының Астанаға көшірілуіне байланысты түрлі кезеңдердегі ғылымды басқару, ұйымдастыру жүйесіндегі қарқынды өзгерістерге (реформаларға) қатысты ақпарат жинақтау ерекше маңызды болып отыр. Соңғы жылдары жарық көріп жатқан энциклопедия, сөздік, анықтамалық, библиографиялық материалдар, ғаламтордағы жарияланымдар көп болғанмен, ондағы ақпарат көбінесе шындыққа жанаса бермейді. Бұл анықтамалықта мәліметтің қайдан алынғаны, дереккөзі нақты көрсетіліп отырды. Сол себепті келтірілген деректердің жаңсақ еместігіне, шынайы ақпарат екеніне көз жеткізуге болады. Ақпараттық көрсеткіш басқару саласындағы қызметкерлерге қажетті қаулы-жарлықтарды қарауды жеңілдетеді, ғылымды ұйымдастыру формаларын, 2 басылым шыққаннан кейінгі соңғы 5 жылдағы академия және оның формасының өзгеруі туралы түсінік береді.

Жинақта Ғылым академиясы жүзеге асырған ел тарихы үшін аса маңызды іс-шаралар, басшылық құрамы, қызметкерлері, еңбегі сіңген, жүлде алған, сыйақыға ие болған қайраткерлер, ғылыми қызметкерлер туралы да жан-жақты ақпарат келтірілген.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы. Ғылым хроникасы» атты анықтамалық көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының құрылғанына 70 жыл, ҚазКСР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының негізі қаланғанына 85 жыл толуына байланысты дайындалып отыр. Материал негізінен ресми құжаттардан, ҚКП ОК, Үкімет, ҚР Президентінің жарлықтары жарияланған жинақтардан, мерзімді басылым, кітап, газет-журналдардан алынып, жылдары, айлары, күндері хронологиялық тәртіппен берілді. Жылдың қай уақытында өткізілгені белгісіз болған оқиғалар сол жылға қатысты деректердің соңында «Жыл бойғы оқиғалар» деген атпен берілді. Анықтамалықта республикада жетпіс жылдық кезеңді қорытындылайтын, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы мен КСРО Ғылым академиясының, Кеңес үкіметінің мерейтойлық жинақтарында жарияланған деректер келтірілді.

1932 жылы КСРО Ғылым академиясы Қазақстан базасында ашылған Орталық ғылыми кітапхананың өте бай аналитикалық-ақпараттық қоры жинақтың толық болып шығуына негіз болды. «Анықтамалық көрсеткіш» тарихшылар, ғылымтанушылар, ғылымды басқару саласының қызметкерлері, ғалымдар, мамандар, сондай-ақ Ғылым академиясының қалыптасу, даму жолын, ғылымның барлық саласының өсіп-өркендеу жолын білгісі келетін көпшілік оқырман үшін өте маңызды болады деп үміттенеміз.

Анықтамалық көрсеткіш туралы ұсыныс-пікірлеріңізді төмендегі мекенжайға жіберулеріңізге болады:

ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасы

050010. Алматы, Шевченко көшесі, 28

Тел. +7(727)261-00-37

+7(727)261-02-70

Факс: (727) 261-02-60

E-mail: [cnbrk@mail.ru](mailto:cnbrk@mail.ru)

## 1918

1918 жылдың 12 сәуірінде Халық ағарту комиссары А.В. Луначарскийдің баяндамасы бойынша РСФСР Халық комиссарлар кеңесі «Елдің табиғи байлығын зерттеуге байланысты Ғылым академиясының жұмыстары туралы» қаулы қабылдады. «Елде өнеркәсіптің дұрыс жіктелуі, шаруашылық күштерін тиімді пайдалану» академияның ерекше маңызды және кезек күттірмейтін, басты міндеті ретінде көрсетілді.

*Декреты Советской власти. – М., 1959. – Т. 2. – С.94.*

1918 жылдың сәуірінде Халық ағарту комиссариатының төрағасы В.И. Лениннің төрағалық етуімен «Ғылыми-техникалық жұмыстардың жоспарының нобайы» даярланды, онда Ғылым академиясының кәсіпорынды қайта құру, Ресейдің экономикалық әл-ауқатын арттыруға байланысты ауқымды бағдарлама белгіленді.

*В.И. Ленин. Биографическая хроника.  
– М., 1974. – Т. 5. – С.389.*

1918 жылдың маусымында Петроградта, Ғылым академиясының Антропология және этнография мұражайында түркі халықтарының филологиясы, этнографиясы мен тарихын зерттейтін Радлов үйірмесі (академик В.В. Радловтың құрметіне) құрылды. Төраға – академик В.В. Бартольд.

*50 лет советской исторической науки,  
1917-1967. Хроника. – М., 1971. – С.15.*

## 1919

А.А. Гапеев алғаш рет Қарағанды таскөмір алабы геологиялық құрылысының негізгі белгілерін анықтап, КСРО-ның болашақтағы негізгі жылу қорының бірі ретінде бағалады.

*Наука и техника СССР (1917-1987).  
Хроника. – М., 1988. – С.458.*

Ауылшаруашылығын ұжымдастыру, индустрияландыру қажетіне орай табиғат байлығын игеруге байланысты Қазақстан аумағында гидрогеологиялық ізденістер қолға алынды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.101.*

## 1920

1920 жылдың 20 сәуірінде Қырғыз әскери комиссариатының тарихи-статистика бөлімі мен Қазақ ревкомының халық ағарту бөлімінің негізінде Оқу комиссиясы (кейінірек – Қазақ ревкомының ғылыми бөлімі) құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабарлары.  
Тарих, археология және этнография сериясы.  
1961. – 3-шығ. – 46-б.*

1920 жылдың 26 тамызында Халық ағарту комиссариатының төрағасы В.И. Ленин мен Бүкілроссиялық орталық атқару комитеті (ВЦИК) төрағасы М.И. Калинин «Автономды Қырғыз (Қазақ) Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғаны туралы» РСФСР Бүкілроссиялық орталық атқару комитеті (ВЦИК) және ХКК декретіне қол қойды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.284.*

1920 жылдың 15 қазанында Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының (1925 жылдан бастап – Қазақстанды зерттеу қоғамы) құрылтай жиылысы өтті.

*Культурное строительство в Казахстане (1918-1932).  
– Алма-Ата, 1965. – Т. 1. – С.298-300.*

Қазан айында ҚазАКСР Халық ағарту комиссариаты құрылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.458.*

1920 жылдың 20 желтоқсанында Қазақстанда Физика-медицина қоғамы құрылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.*  
– М., 1987. – С.458.

Қазақстанда профессор С.И. Руденко бастаған қазақ даласын этнографиялық, археологиялық тұрғыдан зерттейтін Табиғи өндіргіш күштерін зерттеу комиссиясы (КЕПС) экспедициясы жұмысын бастады.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– Алма-Ата, 1981. – С.284.

Орынборда алғаш рет интернаты бар, қазақтың үлгілі-тәжірибелі мектеп-коммунасы ашылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.*  
– М., 1987. – С.458.

## 1921

1921 жылдың 7 ақпанында ҚАКСР Орталық атқару комитетінің қаулысына сәйкес Қазақстандағы барлық ғылыми қоғам Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімінің құзырында болды.

*ҚазССР ҒА Хабарлары.*  
*Тарих, археология және этнография сериясы.*  
– 1961. – 3-шығ. – 51-б.

Тамыз айында республиканың Халық ағарту комиссариаты Ғылыми бөлімінің негізінде Академиялық орталық құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабарлары.*  
*Тарих, археология және этнография сериясы.*  
– 1961. – 3-шығ. – 46-47-б.

Қырғыз (Қазақ) АКСР Негізгі мұрағаты құрылды. Ол 1922 жылы республиканың Орталық мұрағаты ретінде қайта құрылды.

*Академия наук Казахской ССР: Справочник.*  
– Алма-Ата, 1987. – С.271.

## 1922

1922 жылдың 24 қаңтарында ҚАКСР Халық ағарту комиссариатының комиссиясы ҚАКСР Орталық өлкелік мұрағаты туралы ережені бекітті.

*Архивное строительство в КазССР (1918-1980гг.).* –  
Алма-Ата, 1980. – С.26-27.

1922 жылдың 10 қазанында Қырғыз (Қазақ) АКСР Халық ағарту комиссариатының алқасы Академиялық орталықтың жанынан қазақ тілі терминологиясы мен орфографиясын дайындайтын ғылыми-әдістемелік комиссия құру туралы шешім қабылдады.

*Культурное строительство в Казахстане (1918-1932).*  
– Алма-Ата, 1965. – Т. 1. – С.476.

1922 жылдың 30 қазанында ҚАКСР Академиялық орталығы туралы шешім қабылданды (1926 жылдың наурызынан бастап ол ҚАКСР Халық ағарту комиссариатының ғылыми және ғылыми-әдістемелік кеңесі болып қайта құрылды).

*Культурное строительство в Казахстане (1918-1932).*  
– Алма-Ата, 1965. – Т. 1. – С. 306.

Қазақстандағы қоғамдық ғылымдар бойынша алғашқы ғылыми-зерттеу мекеме – Партия тарихы құрылды, ол кейін Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтына негіз болды.

*Академия наук Казахской ССР: Справочник.*  
– Алма-Ата, 1987. – С. 271.



## 1923

Халық ағарту саласының губерниялық және уездік бөлім меңгерушілері басқармаларының бүкілқазақстандық екінші съезі өтті, онда Академиялық орталықтың аппаратын күшейту, мектеп бағдарламаларын даярлау, оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ тіліне аудару, Академиялық орталықтың ғылыми міндеттері туралы мәселелер талқыланды.

*Академия наук Казахской ССР: Справочник.  
– Алма-Ата, 1987. – С.272.*

## 1924

Өсімдіктерді қорғауға байланысты Қазақ өлкелік стансысы (бүгінде – Өсімдіктерді қорғау институты) құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.285.*

## 1925

1925 жылдың 25 шілдесінде КСРО Халық комиссарлар кеңесі (СНК) «Ресей Ғылым академиясының 200 жылдығын атап өту туралы» қаулы қабылдады.

*50 лет советской исторической науки. 1917-1967.  
Хроника. – М., 1971. – С.86.*

1925 жылдың 27 шілдесінде КСРО ОАК мен Халық комиссарлар кеңесі (СНК) «Ресей Ғылым академиясын КСРО-дағы жоғары ғылыми мекеме ретінде тану туралы» қаулы қабылдады. Ғылым академиясы КСРО Халық комиссарлар кеңесі (СНК) жанындағы Бүкілодақтық жоғары ғылыми мекеме ретінде танылып, «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Ғылым академиясы» деп аталды.

*Советская наука. Итоги и перспективы.  
– М., 1982. – С.528.*

## 1925

1925 жылдың 5 желтоқсанында мемлекеттік жерге орналастыру міндеттерін орындау мақсатымен КСРО ҒА Жалпы жиылысында Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты аудандарына ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыратын мамандардан құралған комиссия жасақталды.

*Советская наука. Итоги и перспективы.*  
– М., 1982. – С.528.

1925 жылдың желтоқсанында КСРО Ғылым академиясы КСРО табиғи өндіргіш күштерді зерттейтін Тұрақты комиссияның (ТӨКК) жанынан Қазақстандағы ғылыми-зерттеу экспедициясын ұйымдастыратын комиссия құрылды.

*Вестник Академии наук СССР.*  
– 1967. – №11. – С. 38.

### Жыл бойғы оқиғалар

Санитарлық-бактериологиялық институт (қазіргі Эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар институты) құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– Алма-Ата, 1981. – С.285.

Қазақ ветеринарлық-бактериологиялық институты (1932 жылдан бастап Қазақтың ветеринария ғылыми-зерттеу институты) құрылды.

*Академия наук Казахской ССР: Справочник.*  
– Алма-Ата, 1987. – С.272.  
*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.112.*

## 1926

1926 жылдың 3 сәуірінде КСРО Ғылым академиясында академик А.Е. Ферсманның жетекшілігімен Одақтас және авто-

номды республикаларды зерттейтін Ерекше комитет (ОАРЗЕК) құрылды. 1926 жылы ОАРЗЕК аймақтарды статистикалық, экономикалық, геологиялық, гидрогеологиялық жағынан зерттейтін Қазақстан экспедициясын құрды.

*Культурная жизнь в СССР. 1917-1927. Хроника.*  
– М., 1975. – С.623.

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Қызылордада Халық комиссариатының Топырақ-ботаника бюросы ашылды. 1929 жылы соның негізінде Қазақстан топырақ институты құрылды. Бюроның меңгерушісі И.В. Ларин болды, кейін ол В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының (ВАСХНИЛ) академигі, Социалистік Еңбек Ері болды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– Алма-Ата, 1981. – С.46, 176.

Профессор С.С. Неустроев басшылық еткен топырақ-ботаника жасағы Үстірт, Ойыл, Ембі аудандарын, профессор С.И. Руденко жетекшілік еткен антропологиялық жасақ Қазақстан халықтарының антропология, этнография, мәдениеті бойынша ауқымды материал жинастырып, зерттеді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– Алма-Ата, 1981. – С.285.

### **1927**

1927 жылдың 13 қарашасында ҚазАКСР Халық комиссарлар кеңесінің «Республиканың ғылыми-зерттеу орындары мен ұйымдарының жай-күйі туралы» қаулысы қабылданды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– Алма-Ата, 1981. – С.285.

## 1928

1928 жылдың қазан айында Алматыда Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институты (қазіргі Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университеті) ашылды.

*Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очеркі. – Алматы, 1985. – 706-б.*

## 1929

1929 жылдың 1 қазанында Алматыда Қазақстандағы алғашқы ауылшаруашылық оқу орны – Малдәрігерлік институты ашылып, 1930 жылдың 3 наурызында Малдәрігерлік-зоотехникалық институт, кейін Алматы малдәрігерлік институты болып қайта құрылды. Қазіргі кезде ол Қазақ ұлттық аграрлық университетінің құрамында.

*Казахский Алма-Атинский зооветеринарный институт. – Алма-Ата, 1980. – С. 9-10.*

Қызылорда қаласында Қазақ топырақ институты құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – С.286.*

## 1930

1930 жылдың 6-14 сәуірде Қазақстан ғалымдарымен қатар Мәскеу, Ленинград және басқа да қалалардан келген ғалымдар қатысқан Қазақстанның I ғылыми-өлкетану съезі өтті. Онда малшаруашылық, өсімдікшаруашылық, жер койнауы, экономика мен өнеркәсіп, мәдениет пен тарих, ұйымдастыру-әдістемелік кеңес сияқты 6 секция жұмыс істеді. Съезд республикадағы мәдени құрылыс, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыруға байланысты бірқатар шешімдер қабылдады.

*Культурное строительство в Казахстане (1918-1932). – Алма-Ата, 1965. – Т. I. – С.326-329.*

Шілде айында Қазақ ауылшаруашылық институты (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық университеті) құрылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.264.*

ҚазАКСР Мемжоспар жанынан Экономикалық зерттеулер институты құрылды (1956 жылдан Қазақ экономика және ауылшаруашылығын ұйымдастыру ғылыми-зерттеу институты).

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.286.*

## 1931

1931 жылдың 5 қаңтарында Қазақ тері және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институты ашылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.460.*

1931 жылдың 4 сәуірінде Алматыда Қазақстандағы алғашқы медицина институты (қазіргі С. Аспандияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті) ашылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.203.*

1931 жылдың 8 шілдесінде БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті Қазақстандағы В.И. Ленин атындағы Ауылшаруашылық академиясына қарасты ғылыми-зерттеу институттарының жайы мен жұмысы туралы мәселе қарастырды.

*Культурное строительство в Казахстане.  
– Алма-Ата, 1931. – Т. 1. – С.336.*

1931 жылдың 4-7 қазанында өткен КСРО Ғылым академиясының сессиясында филиалдар мен база ұйымдастыру туралы сөз болды. База бойынша комиссия құрылып, оның құрамында

академиктер – В.Л. Комаров, А.Ф. Иоффе, А.Е. Ферсман, А.Д. Архангельский, В.А. Кистяковский, Н.М. Марр болды.

*Культурная жизнь в СССР. 1928-1941. Хроника.*  
– М., 1976. – С. 251-252.

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Ауылшаруашылықты социалистік қайта құру институты құрылып, кейін ол В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдарының академиясы (ВАСХНИЛ) Қазақ филиалының Ауыл шаруашылығы экономикасы институты, кейінірек Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрлігі Экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру институты болып қайта құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– Алма-Ата, 1981. – С.286.

### **1932**

1932 жылдың 13 қаңтарында Алматы ботаника бағы ұйымдастырылды, кейін ол КСРО ҒА Қазақстан базасы Ботаника секторына енді (1965 жылдан ҚазКСР ҒА Негізгі ботаника бағы; 1994 жылдан ҚР ҰҒА Ботаника және фитоинтродукция институты).

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.102.*

1932 жылдың 25 ақпанында КСРО ҒА Президиумы «Қазақстанда Ғылым академиясының базасын құру қажет» деген шешімге келіп, ұйымдастыру мәселелерін Президиум бөлімшелеріне тапсырды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1966. – № 5. – 60-б.*

1932 жылдың 28 ақпанында КСРО ҒА Жалпы жиылысында ҚазКСР Ғылым академиясының базасын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

*Культурная жизнь в СССР. 1928-1941. Хроника.*  
– М., 1976. – С.271.

1932 жылғы 20-26 ақпан аралығында Ленинградта Өндіргіш күштерді зерттейтін кеңес (ӨКЗК) ұсынысына сәйкес КСРО Ғылым академиясында Қазақстанға байланысты конференция өтті. Онда су ресурстары, химияландыру, күн энергиясын пайдалану, мыс өнеркәсібі, қара металлургия, машина жасау өндірісін дамытудың болашағы туралы мәселелер талқыланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1966. – № 5. – 60-б.*

1932 жылдың 9 наурызында Қазақ туберкулез ғылыми-зерттеу институты құрылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.292.*

1932 жылдың 14 наурызында КСРО Ғылым академиясының Президиумы базалар мен филиалдар комиссиясының 1932 жылы Алматыда Ғылым академиясының базасын құру туралы ұсынысын қарастырды, соның негізінде зоология және ботаника секторларынан құралған Ғылым академиясының Қазақстандағы базасы құрылды. Базаның төрағасы – академик А.Н. Самойлович, Президиум мүшелері – Б.А. Келлер, профессор С.Д. Аспандияров, М.Н. Төлепов, ғалым хатшысы – профессор И.А. Барышников болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1974. – № 5. – 61-78-б.*

1932 жылдың 7 сәуірінде ҚазКСР ХКК КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасын ашу қажеттігін мойындап, уақытша ереженің жобасын мақұлдады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1966. – № 5. – 60-61-б.*

1932 жылдың 29-31 мамырында ҚАКСР ХКК мен БКП (б) Өлкелік комитеті КСРО ҒА Қазақстандық базасы туралы уақытша ережені бекітті.

*Культурное строительство в Казахстане.  
– М., 1976. – Т.1. – С.341-344.*

1932 жылдың маусым айында КСРО ҒА Қазақстан мен Қарақалпақстанға экспедиция ұйымдастырады.

*Советская наука. Итоги и перспективы.*  
– М., 1932. – С.533.

1932 жылдың 19 тамызында КСРО ЖХК қаулысына сәйкес В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының Қазақ филиалы құрылды.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении.*  
– Алматы, 2004. – С.135-136.

1932 жылдың 9 қыргүйегінде КСРО Ғылым академиясының Президиумы А.Е. Ферсман, И.М. Губкин, И.П. Бардин, В.Л. Комаров, И.Г. Александров, С.А. Зернов, Э.В. Брицке және т.б. академиктер мен республикалық партия, кеңес, жоспарлы және кәсіподақ органдардың өкілдерінен құралған КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық базасының Ғылыми кеңесін бекіту туралы база мен филиал бойынша комиссияның ұсынысын қабылдады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы.* – 1974. – № 5. – 13-16-б.

1932 жылдың қазан айында Халық ағарту институтының негізінде Орал педагогикалық институты ашылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.*  
– М., 1987. – С.460.

1932 жылдың қарашасында Қазақ АКСР Денсаулық сақтау Халық комиссариатының жанынан Ана мен сәбиді қорғау қазақ ғылыми-зерттеу институты (1975 жылдан ҚазКСР Денсаулық сақтау министрлігінің Педиатрия институты) құрылды.

*Алматы: Энциклопедия.* – Алматы, 1996. – С.238.



## Жыл бойғы оқиғалар

КСРО ҒА Президиумы Әйнек-фарформен қамтамасыз ететін мекемемен жасалған келісімге сәйкес Арал теңізінде ғылыми-зерттеу стансысын ұйымдастыруды мақұлдады.

*Вестник АН СССР. – 1932. – № 10. – С.83.*

КСРО ҒА Президиумы ҚАКСР үкіметімен Алматыда Қазақстан өндіргіш күштерін зерттеуге байланысты екінші конференция өткізу туралы шешімге келді.

*Вестник АН СССР. – 1932. – № 11. – С.76.*

Алматыда Ботаника бағының негізі қаланды.

*Наука в Казахстане за сорок лет Советской власти. – Алма-Ата, 1957. – С.40.*

КСРО ҒА Қазақстан экспедициясы жасақтарының негізінде Орал-Ембі физика-химиялық, Мұғалжар биологиялық және физика-географиялық, Орда физика-географиялық, Шымкент пен Ащысайдағы металлургиялық кәсіпорындарды сумен қамтамасыз ету мәселелерін зерттейтін Шымкент гидрогеологиялық, Солтүстік Қазақстан қарағайлы орманын, Алакөлдегі флотациялық реагенттердің көздерін, Ертіс маңындағы тұзды, Арал теңізі мен онымен іргелес аудандардағы сульфаттарды зерттейтін 8 дербес экспедиция құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – С.286.*

КСРО ҒА Тарих-археология институты Қазақстан халықтарының тарихы бойынша материалдарды даярлап, баспаға ұсынды. Жұмысқа басшылық ету үшін институт жанынан құрамында академиктер – А.Н. Самойлович, С.Ж. Томсинский, Забиров, С.Д. Аспандияров, М. Төлепов және т.б. бар арнайы комиссия құрылды.

*Вестник АН СССР. – 1932. – № 11. – С.77.*

## 1933

1933 жылдың қаңтарында ғылыми-әдістемелік кабинеттің негізінде ҚазАССР Білім министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ҒЗИ құрылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.460.*

1933 жылдың 14 ақпанында Қазақ кешенді малшаруашылық институты (1975 жылдан Қазақ қойшаруашылық ғылыми-зерттеу технологиялық институты) құрылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.460.*

1933 жылдың 20 қазанында КСРО ХКК «Қазақстанға мамандар даярлау туралы» қаулы қабылдады, онда республикада орта арнайы және жоғары білімді дамытуға бағытталған ауқымды бағдарлама белгіленді.

*Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов.  
– Алма-Ата, 1967. – С.189-190.*

1933 жылдың 21 қазанында Алматыда Қазақстан өндіргіш күштерін зерттеуге байланысты КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасының бірінші сессиясы өтті, сессияның жұмысына Мәскеу, Ленинград, Алматыдағы ғалымдар, ауылшаруашылық пен өнеркәсіп қызметкерлері қатысты.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.286-287.*

1933 жылдың 21 қазанында облыстық көз ауруханасы негізінде Өлкелік ғылыми-зерттеу практикалық офтальмология институты (кейін Көз аурулары ғылыми-зерттеу институты) құрылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.121.*

## Жыл бойғы оқиғалар

КСРО ҒА Президиумы құрамында академиктер А.Н. Самойлович, Д.С. Рождественский, В.З. Брицке, А.М. Тулайков, корреспондент мүше Г.В. Глушков, Н.М. Құлагин, В.П. Ильинский бар КСРО ҒА Қазақстандық базасы Кеңесінің сессиясын шақыртуға рұқсат етті. Сонымен қатар құрамында академиктер В.П. Волгин, В.Л. Комаров, А.Д. Архангельский, А.Н. Фрумкин, Н.Н. Павловский, корреспондент мүше Б.Б. Польшов, қызметкерлер Лус, Новиков, Гринберг, Аболин, Виноградов, Николаев, Комишан, Забилов, Ковдтан құралған бригаданы Қазақстанға жіберу көзделді.

*Вестник АН СССР. – 1933. – № 5. – С.56.*

КСРО ҒА Қазақстандық базасының Біріккен химиялық зертханасы құрылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.460.*

Қазақстанның ауа райы мен гидрографиясын жоспарлы түрде зерттеу үшін Қазақ гидрометеорологиялық қызмет басқармасы құрылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.460.*

Әкімшілік облыстар бойынша Қазақстанның алғашқы жер қыртысы картасы құрастырылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.460.*

1934

1934 жылдың 15 қаңтарында Алматыда С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) ашылды.

*Казахский ордена Трудового Красного Знамени  
государственный университет им. С.М. Кирова.  
– Алма-Ата, 1984. – С.8-9.*

1934 жылдың 22 қыргүйегінде Қазақ тау-кен металлургия институты – В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты – Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті (қазіргі Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті) құрылды.

*Казахский политехнический институт им.  
В.И. Ленина. – Алма-Ата, 1984. – С.3.*

1934 жылғы 10-15 қараша аралығында Мәскеуде Үлкен Алтай мен Жезқазған мәселесіне арналған КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық базасы Ғылыми кеңесінің үшінші сессиясы өтті. Негізгі баяндамашы ретінде жас инженер Қ.И. Сәтбаев сөйледі. Сессияның жұмысына академиктер – Н.С. Курнаков, П.П. Маслов, А.Д. Архангельский, А.А. Байков, Б.Е. Веденеев, В.А. Обручев қатысты. Шамамен 250 адам қатысқан жиында 45 баяндама тыңдалды.

Сессия нәтижесі КСРО ҒА Президиумына баяндалды. Соның негізінде КСРО ҒА Президиумы қабылданған қарарды бекітіп, сессияның өз міндетін дұрыс атқарып, Үлкен Алтай мен Жезқазған мәселесінің өзектілігін, халықшаруашылығы үшін қаншалық маңызы барын дұрыс анықтағанын, екінші бесжылдықта қолға алынатын іздестіру-зерттеу, геологиялық барлау және жобалау жұмыстарының бағдарламалары мен әдістерін айқындағанын атап көрсетті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1935. – № 1. – 97-98-б.*

БКП (б) ОК және КСРО Халық комиссарлар кеңесінің шешімімен В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының Қазақ филиалы жабылды.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении. – Алматы, 2004. – С.135-136.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

КСРО Ғылым академиясының Президиумы Ғылым академиясының Қазақстандық базасының құрылымын Ботаника бағы бар Ботаникалық сектор, Зоология секторы, Химиялық зертхана, Алматы сейсмикалық стансысы, экспедициялық зерттеулер комиссиясы мен ғылыми кітапхана түрінде бекітті.

*Вестник АН СССР. – 1934. – № 2. – С.54.*

КазАКСР ОАК Президиумының жанынан Ғылым комитеті құрылып, ол республикадағы барлық ғылыми-зерттеу жұмысына жетекшілік ететін болды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – С.287.*

Тарих, археология, әдебиет пен фольклор, тіл құрылысы, бейнелеу өнері, музыкалық-хореографиялық өнерді зерттейтін Қазақ ұлттық мәдениетті ғылыми-зерттеу институты ашылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – С.287.*

Алматыда «КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық филиалының бюллетені», Ленинградта академик А.Н. Самойловичтің редакторлығымен КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық базасы еңбектерінің алғашқы басылымы жарық көрді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – С.280.*

В.Р. Вильямс атындағы Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институты (Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Алмалыбақ ауылы) құрылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.158.*

## 1935

1935 жылдың 15-20 қарашасы аралығында ҚазАССР Орал-Ембі ауданындағы мұнай мен минералды тұздары мәселесіне арналған КСРО ҒА сессиясы өтті. Онда академиктер – И.М. Губкин, Н.С. Курнаков, ҚазАКСР ХКК төрағасы О.Ж. Исаев және т.б. баяндама жасады. Сондай-ақ стратосфераны зерттеу, ғылыми экспедициялардың нәтижелері туралы да мәселелер қаралды.

*Вестник АН СССР. – 1936. – № 1. – С.97-105.*

КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасында Геология және тарих секторы, Балқаш пен Лениногорскіде ботаника бақтары және Алтай ғылыми-зерттеу базасы құрылды.

*Наука в Казахстане за сорок лет Советской власти. – Алма-Ата, 1957. – С.40.*

## 1936

КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық базасында Қазақ тілі мен әдебиеті және Халық шығармашылығы секторлары ұйымдастырылды.

*Наука в Казахстане за сорок лет Советской власти. – Алма-Ата, 1957. – С.40.*

КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық базасы ұйымдастырған аспирантураға 15 қазақ аспирант (үшеуі – зоология, үшеуі – ботаника, төртеуі – геология, бесеуі – Қазақстан тарихы мен әдебиет бойынша) қабылданды.

*Вопросы истории социалистического и коммунистического строительства в Казахстане. – Алматы, 1961. – С.142.*

КСРО Ғылым академиясының Президиумы академик А.Д. Архангельский төрағалық ететін Өндіргіш күштерді зерттейтін кеңес (ӨКЗК) Қазақ секциясының Ғылыми кеңесін бекітті.

*Вестник АН СССР. – 1936. – № 4-5. – С.112.*

КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық базасының құрамына Қазақ ұлттық мәдениетті ғылыми-зерттеу институты енді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.287.*

### **1937**

1937 жылдың 25 қаңтарында КСРО Ғылым академиясының Президиумы академик И.М. Губкиннің баяндамасы негізінде КСРО ҒА Өндіргіш күштерді зерттейтін кеңес (ӨКЗК) 1936 жылғы қазақстандық экспедиция жұмыстарының нәтижелері туралы қаулы қабылдады.

*Вестник АН СССР. – 1937. – № 4, 5. – С.146-149.*

1937 жылдың 14 қарашасында ҚазКСР ХКК «КСРО Ғылым академиясы Қазақстандық филиалы» туралы мәселені қарастырды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1974. – № 2. – 19-б.;  
Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.287.*

### **1938**

1938 жылдың 14 шілдесіндегі КСРО ХКК «1938 жылдағы Ғылым академиясының ғылыми экспедициялары туралы» қаулысына сәйкес Оңтүстік Орал, Батыс Қазақстан, Орталық Қазақстан және басқа да экспедициялардың жұмысын жалғастыруға рұқсат етілді.

*Вестник АН СССР. – 1938. – № 7,8. – С.128.*

1938 жылдың 2 қарашасында ҚазКСР ХКК «КСРО Ғылым академиясының Орталық Қазақстан экспедициясының жұмысы туралы» қаулы қабылдады. ХКК кенді және кенсіз қазбаларды, сондай-ақ Орталық Қазақстанның жерасты суларын бөлу заңдылықтары мен геологиялық даму тарихын жоспарлы түрде зерттеуге байланысты экспедиция (жетекшісі – профессор И.Ф. Григорьев) жұмысының практикалық және ғылыми-теориялық мәнін жоғары бағалады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1974. – № 5. – 66-б.*

Қараша айында КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасы КСРО ҒА Қазақ филиалы (КСРО ҚазҒАФ) болып қайта құрылды. Филиал төрағасы академик А.Д. Архангельский болды. Филиал Ғылыми кеңесінің құрамына А.Н. Самойлович, А.Е. Ферсман, И.М. Губин, Б.А. Келлер т. б. академиктер енді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.287-288.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

КСРО ҒА Президиумы Орталық Қазақстан экспедициясының ғылыми жетекшілігіне академик А.Д. Архангельскийді, экспедиция бастығына профессор И.Ф. Григорьевті бекітті.

*Вестник АН СССР. – 1938. – № 6. – С.83.*

КСРО ҒА Орталық Қазақстан экспедициясы өз жұмысын аяқтады. Үш жыл ішінде Арал теңізінен Семейге дейін, Петропавлдан Балқашқа дейін темір кені, магнезит, вольфрам, отқа төзімділігі өте жоғары шикізаттың аса бай кенорындары ашылды. Экспедицияға 100 шақты адам қатысты, оның алпысы ғылыми қызметкер болды.

*Правда. – 1938. – 2 дек.*



1939

20 сәуірде ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы «Республикалық Қазақстанды зерттеу қоғамы туралы» Жарлық қабылдады.

*ҚазССР Жоғарғы Советінің ведомостары.*  
– 1939. – № 4. – 4-б.

КСРО ҚазҒАФ-ында Топырақтану және география секторы құрылды. Қарағандыда Ботаника бағының негізі қаланды. Жезқазған ғылыми-зерттеу базасы ұйымдастырылды.

*Наука в Казахстане за сорок лет Советской власти. – Алма-Ата, 1957. – С.40.*  
*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– Алма-Ата, 1981. – С.288.

«ССРО ҒА Қазақ филиалының Хабарлары. Зоология сериясы» журналының алғашқы саны жарық көрді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– Алма-Ата, 1981. – С.280.

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Н.Г. Кассин басқарған КСРО ҚазҒАФ Геология секторы М 1:1500000 көлемінде Шығыс Қазақстанның жиынтық геологиялық картасын құрастырып, аймақтың геологиялық сипаттамасын жасады.

*Наука в Казахстане за сорок лет Советской власти. – Алма-Ата, 1957. – С.68.*

КСРО ҒА Сейсмология институтының Ғылыми кеңесінде Алматы көлбеу стансысын бақылау негізінде жүргізілген жер үстіндегі еңістерді зерттеу туралы профессор В.Ф. Бончковскийдің баяндамасы тыңдалды.

*Вестник АН СССР. – 1939. – № 8, 9. – С.193.*

## 1940

1940 жылдың 22 сәуірінде «ССРО ҚазҒАФ Хабарлары. Тарих сериясы» журналының алғашқы саны жарық көрді.

*50 лет советской исторической науки. 1917-1967.  
Хроника. – М., 1980. – С.221.*

КСРО Министрлер Кеңесі мен БК(б)П ОК шешімімен В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы (ВАСХНИИ) Қазақ филиалы жаңадан құрылды.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении.  
– Алматы, 2004. – С.135-136.;  
Академия наук Казахской ССР: Справочник.  
– Алма-Ата, 1987. – С.275.*

Қараша айында Жезқазған-Ұлытау жер қойнауын ашқандағы ерен еңбегі үшін Қ. Сәтбаев «Ленин» орденімен марапатталды.

*Известия. – 1940. – 6 нояб.*

КСРО Ғылым академиясы Президиумының шешімімен ҚазҒАФ Геологиялық секторының базасында Геология институты (қазір Қ. Сәтбаев атында) ұйымдастырылды. Институт директоры болып Қ.И. Сәтбаев тағайындалды. Институт жанынан Геология мұражайы құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.288.*

КСРО ҚазҒАФ Қарағанды ғылыми-зерттеу базасы құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.288.*

## 1941

1941 жылдың 23 маусымында КСРО Ғылым академиясының кезектен тыс кеңейтілген отырысы болып, онда соғыс басталуына байланысты Ғылым академиясының міндеттері талқыланды. Академиялық орындардың жұмысын қайта құру, олардың қызметін майдан мен тыл қажеттілігіне сәйкестендіру туралы қарар қабылданды.

*Советская наука. Итоги и перспективы.*  
– М., 1982. – С.537.

1941 жылдың тамызында Алматы шет тілдер педагогикалық институты құрылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987.*  
*Хроника.* – М., 1987. – С.462.

1941 жылдың қазан-қараша айларында КСРО ҚазҒАФ Тіл, әдебиет және тарих институтының Тіл секторы орысша-қазақша әскери сөздік пен әскерге шақырылған қазақтар үшін «Орыс тілі» оқулығын құрастырып, баспаға ұсынды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы.* – 1975. – № 5. – 36-б.

1941 жылдың 10 қазанында ҚазКСР ХКК «1941 жылдың 21 қыргүйегіндегі Күннің тұтылуын бақылау бойынша КСРО Ғылым академиясы комиссиясының жұмыс нәтижелері және Қазақстандағы астрономиялық жұмыстардың болашағы туралы» қаулы қабылдады.

Республикада қорғаныстық маңызы бар, астрономиялық жұмысты одан әрі жандандыру мақсатында Халық Комиссарлар Кеңесі Алматыда КСРО ҚазҒАФ жанынан Күннің толық тұтылуын бақылайтын комиссия мен С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіндегі астрономиялық және физикалық жабдықтары негізінде Астрономия және физика институтын ұйымдастыру туралы қаулы шығарды. Институт директоры болып академик В.Г. Фесенков тағайындалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы.* – 1975. – № 5. – 36-б.

## Жыл бойғы оқиғалар

КСРО Ғылым академиясының Президиумы КСРО ҚазҒАФ Ғылыми кеңесін бекітті. ҚазҒАФ Президиум төрағасының орынбасары болып Қ. Сәтбаев тағайындалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1941. – № 1. – 99-б.*

КСРО ҚазҒАФ қорғаныс тақырыбына байланысты 32 экспедициялық жасағын ұйымдастырды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.288.*

## 1942

1942 жылдың 10 сәуірінде КСРО ҚазҒАФ Президиум төрағасының орынбасары Қ. Сәтбаевқа «Қазақ КСР Жезқазған ауданының кенорындары» деген ғылыми еңбегі, В.В. Михайловқа домна пештеріне көміртекті феррохром енгізудегі еңбегі үшін Сталин сыйлығы берілді.

*Казахстанская правда. – 1942. – 15, 16 апр.*

1942 жылдың маусымында Орал, Батыс Сібір және Қазақстанның табиғат қорын қорғаныс мақсатында пайдалануға байланысты академиктер – И.П. Бардин, А.А. Скочинский, В.Н. Образцов, А.А. Байков, Э.В. Брицке, профессорлар – В.Н. Смирнов, А.Е. Пробст, Р.Л. Певзнер, А.Д. Федосеев қатысқан, КСРО Ғылым академиясының президенті, академик В.Л. Комаров басшылық еткен комиссия Қазақстанның шикізат қорын зерттеуге кірісті.

*Казахстан в период Великой  
Отечественной войны Советского  
Союза. – Алма-Ата, 1964. – Т.1. – С.380, 586.*

1942 жылдың 12 қарашасында КСРО ҚазҒАФ Химия және металлургия институты құрылды. Директоры болып профессор М.И. Горяев тағайындалды.

*Известия. – 1942. – 12 нояб.*

1942 жылдың 22 желтоқсанында КСРО ҒА Президиумы мен жоғары мектеп және ғылыми мекемелердің кәсіподақ қызметкерлері ОК Президиумының бірлескен жиылысында КСРО ҒА филиалдары мен комиссиялары арасындағы социалистік жарыс бойынша қазылар алқасының 1942 жылғы социалистік жарыстың қорытындылары негізінде Қазақ филиалына 10 мың сом көлемінде сыйақы тағайындап, «Құрмет» грамотасымен марапаттау туралы шешімі бекітілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1974. – № 5. – 71-б.;  
1975 – № 5. – 40-б.*

1942 жылдың желтоқсанында ҚазКСР ХКК және Қазақстан КП(б) ОК шешімімен ҚазҒАФ жанынан аспирантура ашылды.

*Наука в Казахстане за сорок лет Советской  
власти. – Алма-Ата, 1957. – С.42.;  
Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.288.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Қазақстанның, Орал мен Батыс Сібірдің қорын Кеңес мемлекетінің қорғаныс мұқтаждарына жұмылдыруға байланысты академик В.Л. Комаров пен Қ.И. Сәтбаев басқарған, қазақстандық геолог, кеншілер, химиктер мен металлургтерден құралған КСРО Ғылым академиясының комиссиясы Қазақстанның шикізат қорын зерттеуге кірісті.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.288.*

ҚазҒАФ Химия-металлургия институтының негізінде Metallургия және кен байыту секторы (1945 жылдан Metallургия және кен байыту институты), Тіл және әдебиет институты құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.288.*

Алматы Ионосфера стансысы ашылды. Қазақстанда ионосфера зерттеле бастады. Ұлы Отан соғысы жылдарында шалғай трансқұрлықтармен байланыс орнап, ақпарат алынды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987.  
Хроника. – М., 1987. – С.462.*

## 1943

1943 жылдың 25-30 қыргүйекте өткен КСРО Ғылым академиясының сессиясында Геология-география ғылымдары бөлімшесі бойынша Қ. Сәтбаев КСРО ҒА корреспондент мүшесі болып сайланды.

*Вестник АН СССР. – 1943. – № 9-10. – С.9-11.*

1943 жылдың 5 қазанында КСРО ҒА Геология-география ғылымдары бөлімшесінің бюросы КСРО ҒА корреспондент мүшесі, ҚазҒАФ Геология институтының директоры Қ. Сәтбаевтың баяндамасын тыңдап, институттың 1944 жылдардағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптық жоспарын мақұлдады. Институт Ғылыми кеңесінің құрамы біліктілігі жоғары ғалымдардан (кеңестің 17 мүшесінің 11 – ғылым докторы, профессор) тұратынын негізге ала отырып, Бөлімше бюросы институттың Ғылыми кеңесіне Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы докторлық диссертация қорғату құқын беру туралы КСРО ҚазҒАФ Президиумының ұсынысын мақұлдады. Бөлімше бюросы География және экономика секторының 1944 жылға арналған жұмыстарының тақырыптық жоспарын да бекітті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1975. – № 5. – 47-48-б.*

1943 жылдың 3 қарашасында КСРО ХКК үкімімен КСРО ҚазҒАФ Геология ғылымдары институтының Ғылыми кеңесіне докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғатуға алу құқығы, астрономия және физика, топырақтану және ботаника, химия және металлургия институттарының ғылыми кеңестеріне кандидаттық диссертация қорғау құқы берілді.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1944. – № 1. – 52-б.*

ҚазҒАФ құрамында Топырақтану және ботаника институты құрылды.

*Наука в Казахстане за сорок лет Советской власти. – Алма-Ата, 1957. – С.42.*

КСРО ҚазҒАФ Геология ғылымы институтының құрамында Тау-кен секторы құрылып, ол 1945 жылы Тау-кен институты болып қайта құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – С.288.*

Зоология секторының негізінде КСРО ҚазҒАФ Зоология институты құрылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.159.*

## 1944

1944 жылдың мамырында КСРО ҚазҒАФ Тропикалық аурулар институты (1945 жылдан ҚазКСР Денсаулық сақтау министрлігі Өлкелік патология институты) құрылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.187.*

1944 жылдың 15 тамызында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты ашылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.149.*

1944 жылдың 18 тамызында ҚазКСР ХКК және Қазақстан КП(б) ОК «ҚазКСР Ғылым академиясын ұйымдастыруға байланысты дайындық шаралары туралы» қаулы қабылдады.

*Наука в Казахстане за сорок лет Советской власти. – Алма-Ата, 1957. – С.43.*

1944 жылдың тамыз айында «ССРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Хабаршысы» журналының алғашқы саны жарық көрді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – С.280.*

1944 жылдың 5 қыргүйегінде ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығы бойынша Қазақстанның табиғи ресурстарын зерттеп, Ұлы Отан соғысы кезінде қорғаныс мұқтажына пайдаланудағы ерен еңбегі мен көп жылғы ғылыми-зерттеу жұмысы үшін «ҚазКСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы:

- Геология ғылымдары институты директорының орынбасары Р.А. Борукаев;

- Топырақтану институтының аға ғылыми қызметкері, география ғылымдарының докторы И.П. Герасимов;

- Зоология институтының директоры, КСРО ҒА корреспондент мүшесі В.А. Догель;

- Геология ғылымдары институтының аға ғылыми қызметкерлері, геология-минерология ғылымдарының докторы Н.Г. Кассин мен М.П. Русаков;

- КСРО ҚазҒАФ Президиумының төрағасы, КСРО ҒА корреспондент мүшесі Қ. Сәтбаев;

- Астрономия және физика институтының директоры, академик В.Г. Фесенковқа берілді.

КСРО ҚазҒАФ 52 қызметкері ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің мақтау грамоталарымен марапатталды.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1944. – № 1. – 3-6-б.*



1944 жылдың 13 қазанында ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен туғанына 75 жыл, ғылыми-педагогикалық қызметіне 50 жыл толуына байланысты Қазақстан ғылымын дамытудағы жетістіктері, Ұлы Отан соғысы жылдарында республикамыздың табиғат қорын еліміздің қорғанысы мақсатында жұмылдыратын комиссияның жұмысына басшылық жасаудағы ерен еңбегі үшін КСРО ҒА президенті, академик В.Л. Комаровқа «ҚазКСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді.

*КСРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1944. – № 2. – 7-б.*

1944 жылғы қараша айындағы ҚазКСР ХКК «КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының жаңа құрылымы мен штаты туралы» қаулысына сәйкес КСРО ҚазҒАФ кешенді институттарын ықшамдау есебінен филиалда 15 институт пен 7 сектор құру көзделді.

*Наука в Казахстане за сорок лет Советской власти. – Алма-Ата, 1957. – С.43.*

1944 жылдың қараша айында Қазақ мемлекеттік дене шынықтыру институты ашылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.308.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

КСРО ҚазҒАФ құрамына енген институттар:

- Геология ғылымдары институты (директоры – КСРО ҒА корреспондент мүшесі Қ.И. Сәтбаев),
- Химия және металлургия институты (директоры – техника ғылымдарының докторы М.И. Горяев),
- Топырақтану және ботаника институты (директоры – геология-география ғылымдарының кандидаты У.У. Успанов),
- Зоология институты (директоры – КСРО ҒА корреспондент мүшесі В.А. Догель),

- Тропикалық аурулар институты (директоры – медицина ғылымдарының докторы Г.Н. Удинцев),
- Астрономия және физика институты (директоры – академик В.Г. Фесенков),
- Тіл, әдебиет және тарих институты (директоры – филология ғылымдарының докторы Н.Т. Сауранбаев).

Сондай-ақ экономика (меңгерушісі – доцент И.В. Рушанов), энергетика (меңгерушісі – инженер Ш.Ш. Шөкин), география (меңгерушісі – география ғылымдарының кандидаты О.Р. Назаревский), адам және жануарлар физиологиясы (меңгерушісі – медицина ғылымдарының докторы А.П. Полосухин) секторлары енді.

*КСРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1944. – № 1. – 51-б.*

КСРО ҚазҒАФ Хабарлары. Геология, ботаника, тіл және әдебиет сериялары жарық көрді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.280.*

Зоология және паразитология секторы негізінде КСРО ҚазҒАФ Зоология институты құрылды.

*Академия наук Казахской ССР. –  
Алма-Ата, 1978. – С.120-125.*

КСРО ҚазҒАФ жанынан Энергетика институты ұйымдастырылды. Сондай-ақ филиал ғылыми мекемелерінің негізінде химия, металлургия және кен байыту, отқа төзімді және құрылыс материалдары, топырақтану, биология, зоология, экспериментті биология сияқты мамандандырылған институттар құрылды.

*Октябрь и наука Казахстана. –  
Алма-Ата, 1967. – С.8, 326.*

## 1945

1945 жылдың 24 наурызында КСРО ҒА жанынан одақтас республикалар Ғылым академияларының ғылыми қызметін үйлестіретін кеңес құрылды.

*Советская наука. Итоги и перспективы.*  
– М., 1982. – С.539.

1945 жылдың 10 маусымында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен КСРО ҒА-на 220 жыл толуына орай ғылым мен техниканың дамуына қосқан зор үлесі үшін КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының бір топ қызметкері үкімет наградаларымен марапатталды. Атап айтқанда:

«Ленин» орденімен – Қ.И. Сәтбаев, В.Г. Фесенков;

«Еңбек Қызыл Ту» орденімен – М.О. Әуезов, В.А. Догель, Г.А. Тихов, У.У. Успанов;

«Қызыл Жұлдыз» орденімен – Р.А. Борукаев, И.П. Герасимов, Н.Г. Сергиев, В.А. Соколов;

«Құрмет» белгісімен – А.И. Безсонов, И.Г. Галузо, М.И. Горяев, А.В. Павлов, И.А. Поляков, И.В. Рушанов, Н.Т. Сауранбаев марапатталды.

14 адам «Ерен еңбегі үшін», «Қажырлы еңбегі үшін» медальдарына ие болды.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1945. – № 4(7). – 6-7-б.*

1945 жылдың 20 тамызында КСРО ҚазҒАФ Президиумының салтанатты мәжілісінде КСРО ҒА-на 220 жыл толуына орай филиалдың 70 қызметкеріне Құрмет грамоталары мен ақшалай сыйлық беру туралы КСРО Ғылым академиясының қаулысы жария етілді.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1945. – № 4. – 57-б.*

1945 жылдың тамызында КСРО ҚазҒАФ Тарих, археология және этнография институты құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1947. – № 1-2. – 122-б.*

1945 жылдың 26 қазанында КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі «Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастыру туралы» № 2747 қаулы қабылдады.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1945. – № 6. – 11-б.*

1945 жылдың 12 қарашасында ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен республикада ғылымның дамуына қосқан зор үлесі үшін:

- КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы Президиумы төрағасының орынбасары И.Г. Галузо;
- КСРО ҚазҒАФ Химия-металлургия институтының директоры М.И. Горяев;
- КСРО ҚазҒАФ аға ғылыми қызметкері В.П. Нехорошев;
- Тіл және әдебиеті институтының директоры Н.Т. Сауранбаевқа «Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1945. – № 6. – 15-б.*

1945 жылдың 12 қарашасында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Қазақ КСР 25 жылдығына орай үкімет тапсырмаларын табысты орындап, халықшаруашылық, ғылым, мәдениет пен өнерді дамытуда үздік нәтижеге қол жеткізгені үшін ҚазҒАФ 97 қызметкері Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен марапатталды.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1945. – № 6. – 16-19-б.*

1945 жылдың 16 қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен ғылымды дамытудағы жетістіктері үшін КСРО ҚазҒАФ бір топ ғылыми қызметкері үкімет наградаларымен марапатталды. Атап айтқанда: А. Бектұров «Ленин» орденімен, Н.С. Бутарин, Ә.Г. Кассин, М.П. Русаков «І дәрежелі Отан соғысы» орденімен, Н.Л. Бубличенко, Қ.И. Сәтбаев «ІІ дәрежелі Отан соғысы» орденімен, М.И. Усанович «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, І.К. Кеңесбаев, В.В. Фаворский,

Л.С. Хренов, Е.Д. Шлыгин «Қызыл Жұлдыз» орденімен, И.Н. Әзірбаев, И.И. Бок, А.В. Бричкин, А.И. Егоров, В.П. Захаров, М.Н. Кошурников, И.З. Лысенко «Құрмет» белгісімен марапатталды.

9 адам «Ерен еңбегі үшін», «Қажырлы еңбегі үшін» медальдарына ие болды.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1945. – № 6. – 13-14-б.*

1945 жылдың 7 желтоқсанында ҚазКСР Халық Комиссарлар кеңесі «Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастыру туралы» №810 қаулы қабылдады. Қазақ КСР Ғылым академиясын ашуға байланысты дайындық жұмыстарына кірісу үшін комиссия құрылды, құрамында М. Әбдіхалықов (комиссия төрағасы), К.И. Сәтбаев (төрағаның орынбасары), В.Г. Фесенков, А.П. Заговельев, С.Я. Яковлев, А. Сембаев, И. Тәжиев болды.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1945. – № 6. – 12-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

КСРО ҚазҒАФ Химия-металлургия институтының негізінде Химия ғылымдары институты, Топырақ-ботаника институтының негізінде Топырақтану институты, Физиология секторының негізінде Физиология институты, Топырақ-ботаника институтының негізінде Ботаника институты, Геология ғылымдары Тау-кен секторы негізінде Тау-кен институты құрылды. Сондай-ақ Құқық, Математика және Механика секторлары ұйымдастырылды.

*Октябрь и наука Казахстана. – Алма-Ата, 1967.*

*– С.2, 208, 358.;*

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*

*– Алма-Ата, 1981. – С.65, 289.*

КСРО ҚазҒАФ жанынан Хирургия секторы негізінде Клиникалық және эксперименттік хирургия институты ашылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.182.*

КСРО ҚазҒАФ Бостандық ғылыми-зерттеу базасы ұйымдастырылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987.  
Хроника. – М., 1987. – С.463.*

Қазақстанның жер қыртысы картасы құрастырылды. Республика жер қыртысының географиясы мен картографиясы бойынша зерттеулердің қорытындысы шығарылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1954. – № 1. – 43-б.*

## 1946

1946 жылдың 26 қаңтарында Қазақстан аумағын геологиялық тұрғыдан зерттеп, жинақтаған «Шығыс Қазақстан» атты ғылыми еңбегі («Геология СССР», Т.20.) және Қазақстанның жиынтық құрылымдық-тектоникалық картасы үшін геология-минералогия ғылымдарының докторы Н.Г. Кассинге; Жабағылы ванадий кен орнын ашқаны үшін КСРО ҚазҒАФ Геология ғылымдары институтының аға ғылыми қызметкері В.А. Соколоваға; КСРО ҚазҒАФ Эксперименттік биология институты зертханасының меңгерушісі, В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының (ВАСХНИЛ) академигі М.М. Завадскойға КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1946. – № 2-3. – 12-15-б.*

1946 жылдың 9 ақпанында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен 70 жасқа толуына орай астрономия саласындағы ғылыми еңбектері үшін КСРО ҒА корреспондент мүшесі Г.А. Тиховқа «ҚазКСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді.

*ССРО ҚазҒАФ Хабаршысы. – 1946. – № 5 (14). – 3-б.*

1946 жылдың 19 ақпанында КСРО ҚазҒАФ Президиумының жиылысында Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастыруға байланысты іс-шаралар турасында сөз болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1975. – № 5. – 50-б.*

1946 жылдың сәуірінде КСРО ҚазҒАФ кітапханасының негізінде Қазақ КСР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.272.*

1946 жылдың 31 мамырындағы КСРО ХКК 1945 жылдың 26 қазанындағы қаулысына сәйкес Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі мен Қазақстан КП(б) ОК КСРО ҒА филиалы негізінде «Қазақ КСР Ғылым академиясын құру туралы» №439 қаулы қабылдады. Қаулы бекітілген күн – 1946 жылдың 1 маусымы Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылған күні ретінде белгіленді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы, Министрлер Кеңесі және Қазақстан КП(б) ОК партия, кеңес, шаруашылық және қоғамдық ұйымдарды ҚазКСР ҒА-на жан-жақты көмек көрсетуге шақырды.

ҚазКСР ҒА құрылуына байланысты ҒА Президиумының алғашқы жиылысында Орталық ғылыми кітапхана ұйымдастырылды, жаңа статус кітапхананың дамуы үшін де көптеген мүмкіндік берді. Сол кезде ҚазКСР ҒА Президиумы жанында Кітапхана кеңесі құрылды, оның төрағасы болып академик Кассин Николай Григорьевич тағайындалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1946. – № 6. – 78-б.*

1946 жылдың 1 маусымы ҚазКСР Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелерін бекіту туралы» қаулысымен ҚазКСР ҒА толық мүшелері (14 адам) мен корреспондент мүшелерінің (16 адам) саны нақтыланды.

ҚазКСР Министрлер кеңесі Қазақ КСР ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарынан 76 ғылым докторы мен қайраткерлерден ұсынылған кандидаттардың ішінен Қазақ КСР ҒА құрамын төмендегідей бекітті:

толық мүшелері: Қ.И. Сәтбаев, М.О. Әуезов, А.Б. Бектұров, И.Г. Галузо, М.И. Горяева, А.Қ. Жұбанов, Н.Г. Кассин, І.К. Кеңесбаев, Н.В. Павлов, М.П. Русаков, Н.Т. Сауранбаев, Г.А. Тихов, В.Г. Фесенков, С.В. Юшков;

корреспондент мүшелер: Х.К. Аветисян, Н.У. Базанова, А.И. Безсонов, С.Н. Боголюбский, Р.А. Борукаев, А.В. Бричкин, А.М. Габбасов, Х.Д. Жұмалиев, Ә.Х. Марғұлан, А.Ж. Машанов, К.М. Мыңбаев, А.П. Полосухин, В. И. Смирнов, А.Н. Сызганов, Г.Н. Удинцева, М.И. Усанович.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1974. – № 5. – 75-76-б.*

1946 жылдың 1-7 маусымында Алматыда ҚазКСР Ғылым академиясы салтанатты түрде ашылды. Оны Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н. Оңдасынов ашты. Қазақстан КП (б) ОК хатшысы М. Әбдіхалықов ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының, Қазақстан Министрлер Кеңесінің және Қазақстан КП (б) ОК ҚазКСР Ғылым академиясы құрылғаны туралы қаулысын жария етті.

ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары И. Шәріпов ҚазКСР ҒА толық мүшелері мен корреспондент мүшелерінің бекітілгені туралы республика Министрлер Кеңесі қаулысының мәтінін жариялады.

Салтанатты жиында ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Қ.И. Сәтбаев Қазақстандағы ғылымның жай-күйі және болашақтағы дамуы туралы баяндама жасады. КСРО ҒА вице-президенті, академик И.П. Бардин, академиктер А.Н. Заварицкий, А.А. Григорьев, И.И. Мещанинов, КСРО ҒА Қырғыз филиалы Президиумының төрағасы, академик К.И. Скрябин, ӨзКСР Ғылым академиясының президенті Т.Н. Кары-Ниязов; өкілдер: КСРО ҒА Түрікмен филиалынан Б. Каррыев, М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дан В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл



шаруашылығы ғылымдары академиясының (ВАСХНИЛ) академигі М.М. Завадовский, КСРО ҒА Тәжік филиалынан А.Т. Джалолов пен МХР делегациясының басшысы Лубсан-Вандан құттықтау сөз сөйледі.

*Казахстанская правда. – 1946. – 4 июня.*

1946 жылдың 3 маусымында ҚазКСР Ғылым академиясының бірінші Жалпы жиылысында КСРО ҒА академигі С.И. Вавилов, Социалистік Еңбек ерлері, академиктер В.А. Обручев, И.П. Бардин, И.И. Мещанинов ҚазКСР Ғылым академиясының құрметті мүшелері болып сайланды. ҚазКСР ҒА тұңғыш президенті болып Қ.И. Сәтбаев сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1946. – № 6 (15). – 13-б.*

1946 жылдың 4-6 маусымында Қазақ КСР Ғылым академиясы бірінші сессиясының пленарлық отырысы өтті. Сессия барысында Қазақстандағы түрлі ғылым салаларының жетістіктері мен мәселелері туралы ғалымдардың баяндамалары тыңдалды.

КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Д.В. Наливкин академик В.А. Обручевтің Қазақстанның жер бедерінің ерекшеліктері және олардың сипаттамасы туралы баяндамасын оқып берді.

Баяндамашылар:

ҚазКСР ҒА академигі М.П. Русаков «Қазақстандағы қара және түсті металдар, төртінші бесжылдықтағы кен қоры»;

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі А.В. Бричкин «Қазақстанның негізгі кенорындарын тиімді пайдалану жолдары және техникалық шарттары»;

ҚазКСР ҒА академигі А.Б. Бектұров «Қазақстанды химияландыру нәтижелері және негізгі мәселелері»;

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Х.К. Аветисян «Қазақстандағы ауыр металдар металлургиясының негізгі мәселелері мен қол жеткізген жетістіктері»;

техника ғылымдарының кандидаты Ш.Ш. Шөкин «Қазақстанның энергетикалық қоры және оларды зерттеп, пайдаланудағы негізгі мәселелер»;

геология-минералогия ғылымдарының кандидаты У.У. Успанов «Қазақстандағы жер қорының топырақ құрамы»;

академик А.А. Григорьев «Физика-географиялық үдеріс теориясы туралы»;

ҚазКСР ҒА академигі Н.В. Павлов «Қазақстандағы ботаника ғылымының жетістіктері мен мұраты»;

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі С.Н. Боголюбский «Қазақстанда үй жануарларынан тұқым алу эволюциясының негізгі мәселелері мен жетістіктері»;

академик В.Г. Фесенков «Қазақстандағы астрономия және физика ғылымдарының жай-күйі мен болашақтағы дамуы»;

ҚазКСР ҒА академигі А.Қ. Жұбанов «Қазақ халқының музыка өнері»;

ҚазКСР ҒА мен КСРО МҒА корреспондент мүшесі Г.Н. Удинцев «Қазақстандағы медицина ғылымының жай-күйі және негізгі мәселелері» деген тақырыпта хабарлама жасады.

Ұлықбектің астрономиялық еңбектері жайында ӨзКСР Ғылым академиясының президенті Т.Н. Кары-Ниязов;

Қазақстандағы тарих ғылымының негізгі мәселелері туралы КСРО ҒА корреспондент мүшесі А.М. Панкратова;

Қазақ тілін оқыту мәселелері жайында ҚазКСР ҒА академигі І.К. Кеңесбаев;

Қазақ әдебиетінің негізгі мәселелері туралы ҚазКСР ҒА академигі М.О. Әуезов баяндады.

Сессияда Қазақстандағы ғылыми қызметкерлер мен зиялы қауымға арналған үндеу мәтіні талқыланып, қабылданды.

*Казахстанская правда. – 1946. – 8 июня.*

1946 жылдың маусымында Қазақ КСР Ғылым академиясының жалпы жиылысында Қазақ КСР Ғылым академиясы бірінші Редакциялық-баспа кеңесінің құрамы бекітілді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.291.*

1946 жылдың 13-14 қыргүйегінде ҚазКСР ҒА Физика-математика ғылымдары бөлімшесінің бірінші сессиясы өтті, онда 5 баяндама жасалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1946. – № 9 (18). – 5-б.*

1946 жылдың 1 қазанында ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясында Қазақ КСР Ғылым академиясының филиалдары мен базасындағы кеңес, бөлім, институт туралы Ережені бекітті.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.289.*

1946 жылдың 30 қарашасында Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қ.И. Сәтбаев Қазақстан мен Орта Азия ғалымдарының арасында бірінші болып КСРО Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды.

*Вестник АН СССР. – 1946. – № 11-12. – С.24-25.*

1-3 желтоқсанда ҚазКСР ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінде қазақ әдебиеті мен фольклор мәселелеріне арналған жиылыс өтті. Сөз сөйлегендер: ҚазКСР ҒА академигі М.О. Әуезов, М.С. Сильченко, Н.С. Смирнова, Е. Ысмайылов.

*Культурная жизнь в СССР. 1941-1950. Хроника. –  
М., 1976. – С.278.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

1945 жылғы КСРО Мемлекеттік сыйлығы биязы жүнді қойдың жаңа тұқымы – биязы жүнді қазақы қойды шығарғаны үшін Қазақ малшаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері В.А. Бальмонтқа берілді.

*Казахстанская правда. – 1946. – 29 июня.*

Қазақ КСР Ғылым академиясының баспасы құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– *Алма-Ата, 1981. – С.280.*

Қазақ КСР Ғылым академиясының Өндіргіш күштерді зерттейтін кеңес (ӨКЗК), Микробиология секторы, Іле және Гурьев ғылыми-зерттеу базасы ұйымдастырылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– *Алма-Ата, 1981. – С.289.*

ҚазҒАФ Генетика секторының базасында Эксперименттік биология институты құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1962. – № 6 (207). – 91-б.*

## 1947

1947 жылдың қаңтарында «ҚазКСР Ғылым академиясының Хабарлары. Химия сериясы» журналының алғашқы саны жарық көрді.

*ҚазССР ҒА Хабарлары. Химия сериясы. – 1947. – №1. – 63-б.*

1947 жылдың 15 қаңтарында Алматы астрономиялық расытханасы ҚазКСР ҒА толық мүшесі, КСРО ҒА корреспондент мүшесі Г.А. Тиховтың Америка астрономия қоғамының құрметті мүшесі болып сайланғанынан хабардар болды.

*Известия. – 1947. – 16 янв.*

1947 жылғы 25-31 шілде аралығында Өскемен қаласында ҚазКСР Ғылым академиясы мен КСРО Түсті металлургия министрлігінің ұсынысы бойынша Алтайдағы өндіргіш күштерді зерттеп, игеруге байланысты ғылыми конференция өтті. Оған 500-ден астам адам қатысты.

Конференцияда 5 секция жұмыс істеді, 60-тан астам баяндама тыңдалды, онда академик Қ.И. Сәтбаев, ҚазКСР ҒА академигі М.П. Русаков, А.Б. Бектұров, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері А.В. Бричкина, В.И. Смирнова баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1947. – № 8 (29). – 7-б.*

1947 жылдың 30 тамызында ҚазКСР ҒА Тіл, әдебиет институты мен Тарих, археология және этнография институтының Біріктірілген Ғылыми кеңесіне докторлық және кандидаттық диссертация қорғауға қабылдау құқы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1948. – № 3 (36). – 64-б.*

1947 жылдың 30 желтоқсанында ҚазКСР ҒА Өсімдік интродукциясы және шөлдерді игеру институты (1949 жылдан бастап Шөл институты, кейіннен жабылды) құрылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.464.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Қазақ КСР Ғылым академиясының құрамына Астроботаника, Кәсіптік ауру, Философия және Микробиология секторлары қосылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.290.*

ҚазКСР ҒА Торғай кешенді экспедициясы ұйымдастырылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1948. – № 1 (34). – 61-б.*

### **1948**

1948 жылдың 1 маусымында Қазақ КСР Ғылым академиясында ашылуына екі жыл толуына байланысты Жалпы жиылыс болды.

Жиылыста тыңдалған баяндамалар:

ҚазКСР ҒА академик хатшысы И.Г. Галузо ҚазКСР ҒА екі жылдық қызметі туралы есеп;

филология ғылымдарының кандидаты М.С. Сильченко «В.Г. Белинскийдің мұрасы және қазақ әдебиеті тарихының мәселелері»;

филология ғылымдарының докторы С.А. Аманжолов «Қазақ диалектологиясының негізгі мәселелері»;

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі А.П. Полосухин «Жануар мембраналарының өткізгіштігі турасында»;

геология-минералогия ғылымдарының кандидаты И.П. Новохатский «Аяқ темір кені алабындағы рудалардың геологиясы мен геохимиясы».

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1948. – № 6 (39). – 41-42-б.*

1948 жылдың 21 қыргүйегінде ҚазКСР ҒА Президиумының кеңейтілген мәжілісі болды, онда «Қазақ КСР Ғылым академиясының баспасы және редакция-баспа кеңесінің жұмысын жандандыруға бағытталған шаралар туралы» мәселе, сондай-ақ Қазақ КСР Ғылым академиясы бойынша ғылыми нәтижелерді өндіріске енгізуге қатысты шаралар талқыланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1949. – № 10 (55). – 130-131-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

ҚазКСР ҒА академигі Н.В. Павловқа «Қазақстандағы өсімдік шикізаты» атты еңбегі үшін;

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері – Г.Ц. Медоев пен Г.Л. Кушевке Қарағанды алабындағы көмір қорын тапқаны үшін;

Тарих, археология және этнография институтының қызметкері, профессор М.П. Вяткинге «Сырым батыр» кітабы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Казахстанская правда. – 1948. – 1 июня.*

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1948. – № 7 (40). – 3-5-б.*

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7 (315). – 32-б.*

ҚазКСР ҒА Экономика секторы ұйымдастырылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.290.*

## 1949

1949 жылдың 25-30 қаңтарында Гурьев қаласында Қазақ КСР Ғылым академиясының сессиясы өтіп, Батыс Қазақстандағы өндіргіш күштерді зерттеп, игеру мәселелері сөз болды. Сессия жұмысына 300-ден астам адам қатысты. Пленарлық мәжілісте 16 баяндама, бес секциялық мәжілісте 52 баяндама тыңдалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1949. – № 2 (47). – 137-138-б.*

1949 жылдың 20 сәуірінде ҚазКСР ҒА Президиумы жанынан Геофизика секторы ұйымдастырылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.464.*

1949 жылдың 16-20 маусым аралығында Қарағандыда Қазақ КСР Ғылым академиясының көшпелі сессиясы өтіп, Орталық Қазақстан өндіргіш күштерін зерттеп, игеруге қатысты мәселелер сөз болды. Сессия жұмысына 750-ден астам адам қатысты, оның ішінде КСРО Ғылым академиясының вице-президенті, академик И.П. Бардин басқарып келген өкілдер болды. Пленарлық және секциялық мәжілістерде 147 баяндама тыңдалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1949. – № 7 (52). – 7-б.*

1949 жылдың 14 қыргүйегінде Қазақ КСР Ғылым академиясы Президиумының кеңейтілген мәжілісі болды, онда «Биология саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жай-күйі туралы Қазақстан КП(б) ОК-нің 1948 жылдың 30 қарашасындағы қаулысының орындалуы туралы» мәселе қарастырылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1949. – № 9 (54). – 27-б.*

1949 жылдың 17 қыргүйегінде Қазақ КСР Ғылым академиясы Президиумының кеңейтілген мәжілісі болды, онда Ғылым академиясы бас ғимараты құрылысының техникалық жобасы турасында сөз болды.

Президиум академик А.В. Щусев, сәулетші Н.А. Простаковтың жетекшілігімен дайындалған жобаны мақұлдап, КСРО Ғылым академиясы мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінде сол жоба мен негізгі сметаны бекіту туралы ұсыныс жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1949. – № 10 (55). – 130-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

«Абай» романы үшін Қазақ КСР ҒА академигі М.О. Әуезовке және атом ядросы саласындағы атқарған жұмыстары үшін Г.Д. Латышевке КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7 (315). – 34-б.*

## **1950**

7 сәуірде Қазақ КСР ҒА Президиумында Ғылым академиясы Жезқазған кешенді экспедициясын ұйымдастыру туралы сөз болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1950. – № 2 (62). – 78-б.*

Қазақ КСР Ғылым академиясының Астрофизика және Физика-техника институттары ұйымдастырылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.290.*

## **1951**

1951 жылдың 26 сәуірінде Қазақ КСР Ғылым академиясы ғимаратының іргетасы қаланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1951. – № 6 (75). – 26-б.*



1951 жылдың 10-13 қыргүйегінде Қазақ КСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясында Д.В. Сокольский (химия), К.П. Персидский (математика), Н.У. Базанова (ауылшаруашылық жануарларының физиологиясы), Д.А. Зыков (өсімдік шаруашылығы және мал азықтық қор), С.Н. Покровский (тарих) ҚазКСР ҒА академигі, У.М. Ахмедсафин (гидрогеология), Ф.М. Мұхамедғалиев (жануарлардың салыстырмалы анатомиясы), И.К. Каракулов (медицина), А. К. Росляков (өлкелік патология), Н.С. Смирнова (әдебиеттану) ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі болып сайланды.

Сонымен қатар сессияда ұйымдастыру мәселелері де сөз болды. Жаңа мерзімге Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті қызметіне бірауыздан академик Қ.И. Сәтбаев; вице-президенттері – академиктер М.И. Горяев, Н.Т. Сауранбаев; ҚазКСР ҒА Президиумының бас ғылыми хатшысы Д.В. Сокольский; бөлімшелердің академик-төрағалары А.Б. Бектұров, К.П. Персидский, Н.У. Базанова, С.Н. Покровский сайланды.

Ғылым академиясының Президиум құрамына академик Қ.И. Сәтбаев, ҚазКСР ҒА академигі М.И. Горяев, Н.Т. Сауранбаев, Д.В. Сокольский, А.Б. Бектұров, К.П. Персидский, Н.У. Базанова, С.Н. Покровский, Г.А. Тихов енді.

Жалпы жиылыста ҚазКСР ҒА ғылыми мекемелері, филиалдар мен базалар Кеңесі, Өндіргіш күштерді зерттейтін кеңес (ӨКЗК), РБК басшылары сайланды. Ғылым академиясының вице-президенті Н.Т. Сауранбаевтың «ҚазКСР ҒА қоғамдық ғылымдарының жай-күйі және дамудағы міндеттері» деген тақырыпта баяндамасы тыңдалып, талқыға салынды.

*Казахстанская правда. – 1951. – 26 мая, 16 сент.*

1951 жылдың 23 қарашасында Қ.И. Сәтбаев ҚазКСР Ғылым академиясының президенті қызметінен алынып, Президиум мүшелігінен шеттетілді.

*wikipedia.ru*

## Жыл бойғы оқиғалар

ҚазКСР Ғылым академиясының академигі И.Г. Галузоға «Қазақстанның қансорғыш кенелері» атты еңбегі үшін;

Н.А. Добротинге стратосферадағы ғарыштық сәулеленуді зерттеген топтама еңбектері үшін;

С. Д. Батищев-Тарасовқа Атасу ауданындағы жұмыстары үшін;

А.А. Слудский мен И.А. Долгушинге Қазақстанда ондатрды жерсіндіруге қатысты еңбектері үшін;

Е.В. Большакова, Н.С. Бутарин, А.И. Жандеркин, А.И. Исенжуловқа «Биязы жүнді қазақы қой» тұқымын шығарып, жаңа тұқымды жетілдірудегі еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7 (315). – 34, 36-б.*

ҚазКСР ҒА Президиумы 1951 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне Ғылым академиясының Экспериментті биология институты ауылшаруашылық малдарының асыл тұқымдарын апарып, бұл үдерісті кеңінен енгізу туралы ұсыныс жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1951. – № 5. – 106-б.*

## 1952

1952 жылдың 4 қаңтарында Қазақ КСР Ғылым академиясының Экономика институты құрылды.

*Академия наук Казахской ССР. – Алма-Ата, 1978. – С.142-146.*

*Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – С.290.*

1952 жылдың 15-17 сәуір аралығында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. Ғылым академиясы жұмысының 1951 жылдағы қорытындылары мен 1952 жылдағы міндеттері туралы Ғылым академиясы Президиумының

бас ғалым хатшысы, ҚазКСР ҒА академигі Д.В. Сокольский баяндама жасады.

Академик В.Г. Фесенков, КСРО ҒА корреспондент мүшесі Г.А. Тихов, ҚазКСР ҒА академиктері – Ә.Б. Бектұров, Н.Т. Сауранбаев, К.П. Персидский, С.В. Юшков, Д.А. Зыков, І.К. Кеңесбаев, С.Н. Покровский, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері – Н.С. Смирнова, А.К. Росляков, А.П. Полосухин, А. Ж. Машанов, И.К. Қарақұлов, техника ғылымдарының кандидаты А.Ч. Мусин, биология ғылымдарының докторы Д.Л. Шамис, биология ғылымдарының кандидаты Л.К. Клышев, филология ғылымдарының кандидаты Ғ. Мұсабаев, экономика ғылымдарының кандидаты С.Е. Толыбеков баяндама бойынша жарыссөзге шығып, сөз сөйледі.

Жалпы жиылысқа қатысушылар КСРО-ға қарсы әрекеттері үшін бас бостандығынан айырылған М.П. Русаковты «ҚазКСР ҒА толық мүшесі» атағынан, Қ. Жұмалиев пен А.Қ. Жұбановты ҚазКСР ҒА-мен байланысын үзулеріне байланысты «корреспондент мүше» атағынан айыру туралы қаулыны бірауыздан мақұлдады [кейін екеуі де ақталды].

Жалпы жиылыстың сессиясы Министрлер Кеңесі төрағасының бұрынғы орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты Д.А. Қонаевты (тау-кен ісі) ҚазКСР Ғылым академиясының академигіне сайлады. Ұйымдастыру мәселесі де сөз болды. Сессия саяси себептерге байланысты академик Қ.И. Сәтбаевты ҚазКСР ҒА президенті, ҚазКСР ҒА Президиумының мүшесі қызметінен босатты. Ғылым академиясының президенті болып ҚазКСР Ғылым академиясының академигі Д.А. Қонаев сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1952. – № 5 (86). – 19-29-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Егіс дақылдарының жаңа сұрыптарын шығарғаны үшін В.П. Кузьминге, термоядролық реакция саласындағы зерттеулері үшін физика-математика ғылымдарының кандидаты В.В. Сокольскийге КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7 (315). – 37-б.*

1953 жылдың 8-9 мамырында Қазақ КСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясында ҚазКСР ҒА президенті, академик Д.А. Қонаевтың «Партияның XIX съезінің шешімін жүзеге асыруда Қазақ КСР Ғылым академиясы жұмысының 1952 жылғы нәтижелері мен 1953 жылғы міндеттері туралы» атты баяндамасы тыңдалып, талқыланды.

Баяндама бойынша Д.А. Зыков, Н.У. Базанова, А.Б. Бектұров, С.Н. Покровский, Г.А. Тихов, Д.В. Сокольский, Н.Т. Сауранбаев, В.Г. Фесенков, Қ.И. Сәтбаев, М.И. Горяев және т.б. ҚазКСР ҒА академиктері жарыссөзге шығып, сөйледі.

Сессияда ұйымдастыру мәселелері де сөз болды. Жалпы жиылыс ғылыми-зерттеу мекемелерінің директорларын бекітті. Атап айтқанда:

Экономика институты – экономика ғылымдарының кандидаты С.Е. Толыбеков;

Тарих, археология және этнография институты – тарих ғылымдарының кандидаты И.С. Гороховатский;

Өлкелік патология институты – медицина ғылымдарының кандидаты Б.А. Атшабаров;

Сәулет, құрылыс және құрылыс материалдары институты – архитектура кандидаты М.М. Мендікұлов;

Физика-техникалық институты – физика-математика ғылымдарының кандидаты Ж.С. Такибаев;

Астроботаника секторының басшысы – физика-математика ғылымдарының кандидаты Н.Н. Кучеров;

Микробиология секторы – биология ғылымдарының докторы П.А. Буланов;

Математика және механика секторы – О.А. Жәутіков;

Құқық секторы – заң ғылымдарының кандидаты М.С. Сапарғалиев.

Жалпы жиылыстың сессиясы Қазақ КСР Ғылым академиясының Жарғысын қайта қарайтын комиссияны бекітті. Оның құрамында Қазақ КСР ҒА академиктері – Д.А. Қонаев, М.И. Горяев, А.Б. Бектұров, Д.В. Сокольский, И.Г. Галузо болды, сондай-ақ РБК құрамын белгілеу, ҚазКСР ҒА әрекетсіз

комитеттерін, комиссия мен бюроларды тарату туралы шешім қабылдап, Қазақ КСР ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі бюросының құрамын бекітті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1953. – № 6 (99). – 38-54-б.*

1953 жылдың 10 қыргүйегінде Семей мемлекеттік медициналық институты ашылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.465.*

1953 жылдың 23 қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен ҚазКСР ҒА бір топ ғалымдары көпжылдық өнімді еңбегі үшін үкімет наградаларымен марапатталды. Атап айтқанда: ҚазКСР ҒА академигі И.Г. Галузо, техника ғылымдарының кандидаттары И.З. Лысенко, Е.В. Снопова «Ленин» орденімен; биология ғылымдарының докторы А.В. Афанасьева, Л.Г. Добрунов, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты Ж.А. Айталиев, физика-математика ғылымдарының кандидаты Н.Н. Кучеров «Еңбек Қызыл Ту» орденімен; техника ғылымдарының кандидаттары М.А. Авдеев, Н.С. Калачев, А.Ч. Мусин, биология ғылымының кандидаты А. Исенжулов, В.П. Михайлова, К.Л. Сушков, биология ғылымдарының докторы П.И. Мариковский, ҚазКСР ҒА академигі Н.Т. Сауранбаев, Д.В. Сокольский «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды; 6 адам «Ерен еңбегі үшін», «Қажырлы еңбегі үшін» медальдарына ие болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1954. – № 1. – 3-4-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Жеделдеткіш техника – циклотрон бойынша жұмыстары үшін Л.М. Неменовқа, ғылым мен техника саласындағы жетістіктері үшін В.С. Сиксинге КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7. – 38-б.*

ҚазКСР Министрлер Кеңесі ҚазКСР ҒА Өндіргіш күштерді зерттейтін кеңес (ӨКЗК) туралы ережені бекітті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1953. – № 12. – 105-106-б.*

ҚазКСР ҒА Президиумында ҚазКСР ҒА Құқық секторының жұмысы, ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының жұмысы мен міндеттері, «Қазақ КСР тарихы» атты еңбектің 1-томын баспаға дайындау туралы мәселелер талқыланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1953. – № 7. – 109-110-б.*

## 1954

1954 жылдың наурызында тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты Солтүстік Қазақстан топырағы ауқымды түрде зерттеле бастады. Тың және тыңайған жерлерді іріктеу жұмыстарына ҚазКСР ҒА Топырақтану институты белсене атсалысты.

*Институт почвоведения. – Алма-Ата, 1978. – С. 41.*

1954 жылғы 29 қараша - 1 желтоқсан аралығында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті.

У.М. Ахмедсафин, Р.А. Борукаев, И.И. Бок (геология және гидрогеология); А.С. Попов (тау-кен ісі); В.И. Смирнов (металлургия); Ш.Ш. Шөкин (энергетика); Н.И. Пальгов (география); С.Н. Боев (биология); Б.А. Домбровский (жануарлар морфологиясы); А.П. Полосухин (физиология); А.Н. Сызғанов (хирургия); С.М. Мұқанов (әдебиет); Т.Т. Тәжібаев (педагогика және психология) Ғылым академиясының толық мүшесі; Г.Л. Кушев, А.Г. Сергиев, Е.Д. Шлыгин (геология және гидрогеология); А.Л. Цефт, В.В. Стендер (металлургия); М.Т. Козловский (химия); В.П. Захаров (энергетика); М.В. Пентковский (математика); В.А. Бальмонт, Г.З. Бияшев, Х.Ж. Жұматов (биология); П.А. Буланов (микробиология); Т.Б. Дарқанбаев, Л.Г. Добрунов (өсімдіктер

биохимиясы және физиология); Я.И. Клейнбок (ветеринария); С.А. Аманжолов (тіл білімі) Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болып сайланды.

Сессия Д.А. Қонаев, М.И. Горяев, Н.Т. Сауранбаев, А.П. Полосухин, Ш.Ш. Шөкин, Н.У. Базанова, С.Н. Покровский, В.Г. Фесенков сияқты ҚазКСР ҒА академиктерден құралған Ғылым академиясының Президиумын сайлады. ҚазКСР ҒА академик хатшысы болып А.П. Полосухин сайланды. Сондай-ақ Жалпы жиылыста ҚазКСР ҒА РБК сайланып, ғылыми мекемелердің басшылары бекітілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1954. – № 12 (117). – 3-4-б.*

Қазақ КСР Ғылым академиясының қызметімен танысу үшін Алматыға КСРО Ғылым академиясының академигі В.С. Немчинов бастаған бір топ ғалым келді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.72.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

ҚазКСР ҒА Мәшине және есептеу математикасы зертханасы ұйымдастырылады.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.72.*

Қазақ КСР Ғылым академиясы Химия ғылымдары институтында Мұнай зертханасы негізінде Пластмасса және жоғары молекулалық қосылыстар жартылай өнімдерінің синтезі зертханасы құрылды.

*Октябрь и наука Казахстана. – Алма-Ата, 1967. –С. 276.*

1955

1955 жылдың 10-12 ақпанында одақтас республикалар Ғылым академияларының ғылыми қызметін үйлестіруге байланысты КСРО Ғылым академиясының XIX сессиясы өтті.

Сессияда ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Д.А. Қонаев ҚазКСР ҒА ғылыми қызметі туралы баяндама жасады, сондай-ақ КСРО ҒА Президиумы Комиссиясының төрағасы академик В.С. Немчинов пен КСРО ҒА корреспондент мүшесі М.И. Агошкова баяндама жасады.

Сессия Қазақ КСР Ғылым академиясының бүкіл ғылыми қызметінің әрі қарайғы дамуының негізгі бағыттары белгіленген қаулы қабылдады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1955. – № 4 (121). – 14-18-б.*

1955 жылдың сәуірінде Алматыда Астрофизика институты расытханасы құрылысының аяқталып қалуына және Үлкен Алматы көлінің аумағында короналды стансының ұйымдастырылуына орай КСРО Ғылым академиясы Астрономия кеңесі мен ҚазКСР ҒА Астрофизикалық институтының бірлескен көшпелі сессиясы өтті.

Сессия отырысында академик В.Г. Фесенков, КСРО ҒА корреспондент мүшелері – Э.Р. Мустель, П.П. Паренаго, Г.А. Тихов т. б. ғалымдардың 20 ғылыми баяндамасы тыңдалып, талқыланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1955. – № 9 (126). – 85-87-б.*

1955 жылдың 3-6 маусымында ҚазКСР Ғылым академиясында КСРО ҒА Шығыстану институты мен ҚазКСР ҒА Тіл-әдебиет институты бірлесіп мәжіліс ұйымдастырды. Онда Орта Азия мен Қазақстан халықтарының кеңес әдебиеті тарихының очерктерін құрастыру мәселесі сөз болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1955. – № 8 (125). – 88-93-б.*



1955 жылдың 28 шілдесінде ҚазКСР Ғылым академиясының Жалпы жиылысы өтті. Онда ҚазКСР ҒА толық мүшесі Д.А. Қонаевтың ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалуына байланысты Ғылым академиясы президенті қызметінен босату туралы өтініші қарастырылды. Қазақстан партиясы Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып академик Қ.И. Сәтбаев қайта сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1955. – № 7 (124). – 3-б.*

1955 жылдың 5 қарашасында Қазақ КСР Ғылым академиясының Жалпы жиылысында И.В. Мичурин мен И.М. Сеченовті еске алды.

Сессияда ұйымдастыру мәселелері сөз болды. Ғылым академиясының бірінші вице-президенті болып ҚазКСР ҒА академигі А.П. Полосухин, академик хатшы болып ҚазКСР ҒА академигі Ш.Ш. Шөкин сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1955. – № 11 (128). – 1-2-б.*

1955 жылдың 30 қарашасында ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясында Минералды ресурстар бөлімшесінің академик-төрағасы болып ҚазКСР ҒА академигі Р.А. Борукаев, ҒА Президиум мүшесі болып ҚазКСР ҒА академигі Д.А. Зыков сайланып және Өндіргіш күштерді зерттейтін кеңестің (ӨКЗК) төрағасы болып бекітілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1955. – № 12. – 3-4-б.*

1955 жылдың желтоқсанында ҚазКСР ҒА Президиумының қаулысына сәйкес Табиғат қорғау комиссиясы құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.291.*

## 1956

1956 жылдың қаңтарында республикамызда сортаң топырақты мелиорациялау мәселесі көтеріліп, генезисі зерттеле бастады. Сортаң топырақ таралған аймақтың картасы құрастырылды.

*Академия наук Казахской ССР. – Алма-Ата, 1978. – С.114.*

1956 жылдың 15 маусымында ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтының директоры С.Б. Бәйішев ҚазКСР ҒА академигі әрі вице-президенті болып сайланды, Микробиология және вирусология институтының директоры болып профессор Д.Л. Шамис, Философия және құқық секторының меңгерушісі болып философия ғылымдарының кандидаты Н.Д. Джандильдин бекітілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1956. – № 7. – 112-б.*

1956 жылдың желтоқсанында ҚазКСР ҒА бастамасымен шақырылған геология және металлогения саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіруге байланысты бірінші ведомствоаралық жиылыс өтті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1957. – № 2. – 94-б.*

Қазақ КСР Ғылым академиясы Орал-Ембі ғылыми-зерттеу базасының негізінде Мұнай институты (1960 жылдан – Мұнай химиясы және табиғи тұздар институты), сондай-ақ Қазақ КСР Ғылым академиясы Өлкелік патология институты Вирусология зертханасы мен Микробиология секторының негізінде Микробиология және вирусология институты құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.291.*

Геология ғылымдары институты академик Қ.И. Сәтбаевтың басшылығымен елімізде тұңғыш рет ұзақ мерзімді негізде

Орталық Қазақстанның болжамдық-металлогендік картасын құрастырды.

*Октябрь и наука Казахстана. – Алма-Ата, 1967. – С. 145.*

## 1957

Қаңтар айында академик Қ.И. Сәтбаев Қазақстан Ғылым академиясын тың және тыңайған жерлерді игеру ісіне жұмылдырудағы ерен еңбегі үшін үшінші рет Ленин орденімен марапатталды.

*ССРО Жоғарғы Советінің ведомстары.  
– 1957. – 11 январь (№ 7).*

1957 жылдың 22 сәуірінде 1951 жылы жарияланған «Жалпы протистология» атты ғылыми еңбегі үшін КСРО ҒА корреспондент мүшесі В.А. Догельге, Қазақстандағы Соколов, Сарыбай топтарындағы темір кен орындарын ашып, барлағаны үшін Қостанай геологиялық барлау тресінің бас инженері С.Д. Батищев-Арасовқа «Ленин» сыйлығы тағайындалды.

*Правда. – 1957. – 22 апр.;  
ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7. – 46-б.*

1957 жылдың 7-11 мамырында Алматыда Орта Азия мен Қазақстан халқының социализм дәуіріндегі тарихы бойынша КСРО Ғылым академиясы, Қазақ, Өзбек, Тәжік, Түрікмен және Қырғыз республикаларының ғылым академиялары мен мемлекеттік университеттерінің Біріккен ғылыми сессиясы өтті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1957. – № 6 (147). – 3-9-б.*

1957 жылдың мамырында Қостанай қаласында «Үлкен Торғай» мәселесіне арналған КСРО Ғылым академиясы мен ҚазКСР Ғылым академиясының көшпелі арнайы сессиясы өтті.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.291.*

1957 жылдың 21 тамызында Қазақстан КП ОК мен ҚазКСР Министрлер Кеңесі В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдарының академиясы (ВАСХНИЛ) Қазақ бөлімшелерінің институттары, тәжірибе стансылары мен тәжірибелік шаруашылықтары негізінде Қазақ ауылшаруашылық ғылым академиясын ұйымдастыру туралы №572 қаулы қабылдады.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении. – Алматы, 2004. – С. 135-136.*

1957 жылдың 27 қыргүйегінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен кеңес әдебиетінің дамуына қосқан елеулі еңбегі үшін әрі 60 жасқа толуына байланысты ҚазКСР ҒА академигі М.О. Әуезов «Ленин» орденімен марапатталды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен ҚазКСР ҒА академигі М.О. Әуезовке «ҚазКСР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер» құрметті атағы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1957. – № 10 (151). – 104-б.*

1957 жылдың 1 қарашасында ҚазКСР Министрлер Кеңесі Қазақ ауылшаруашылық ғылым академиясының 11 академик пен 9 корреспондент мүшеден тұратын атаулы құрамын бекіту туралы №777 қаулы қабылдады.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении. – Алматы, 2004. – С. 135-136.*

Қазақ КСР Ғылым академиясы Физика-техника институтының негізінде Ядролық физика институты ұйымдастырылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – С.291.*

*Академия наук Казахской ССР. – Алма-Ата, 1978. – С.60-63.*

## Жыл бойғы оқиғалар

ҚазКСР ҒА Президиумы аса көрнекті ағартушы-ғалым Ш. Уәлихановтың еңбектерін шығару туралы мәселені талқылайды. Ш.Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағын дайындау ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Ә.Х. Марғұлан басқаратын ұжымға тапсырылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1957. – № 3 (144). – 109-б.*

ҚазКСР ҒА Физика-техника институтының құрамында Электроника және автоматика зертханасы құрылды.

*Октябрь и наука Казахстана (1920-1980). –  
Алма-Ата, 1967. – С. 291.*

## 1958

Қаңтар айында ҚазКСР Ғылым академиясы Философия және құқық секторының негізінде Философия және құқық институты ұйымдастырылды.

*Академия наук Казахской ССР. – Алма-Ата, 1978.  
– С.150-154.*

1958 жылдың сәуірінде Орталық Қазақстанның металлогения және болжалды карталарын құрастырғандары үшін Қазақ КСР Ғылым академиясының академиктері И.И. Бок, Р.А. Борукаевқа, геология-минералогия ғылымдарының докторы Г.Б. Жилинскийге, геология-минералогия ғылымдарының кандидаттары Г.Ц. Медоев, И.П. Новохатский, Д.Н. Казанлиге, академик Қ.И. Сәтбаевқа, геология-минералогия ғылымдарының докторы Г.Н. Щербаға «Ленин» сыйлығы берілді.

*Правда. – 1958. – 24 апр. ;  
ҚазКСР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7 (315). – 48-49-б.*

1958 жылдың мамыр-маусым айларында Алматыда жануарлардың паразит аурулары бойынша Азия елдерінің IV халықаралық конференциясы өтті. Конференцияны Халықаралық эпизоотиялық бюро КСРО Ауылшаруашылық министрлігімен, Қазақ КСР Ауылшаруашылық министрлігі, Қазақ КСР Ауылшаруашылық ғылым академиясы, ҚазКСР ҒА, Орта Азия республикаларының Ауылшаруашылық министрліктерімен бірлесіп ұйымдастырды. Шара барысында 27 баяндама тыңдалып, талқыланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1958. – № 6 (159). – 83-84-б.*

1958 жылдың 9-10 маусымында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. Онда ҚазКСР ҒА академигі А.Б. Бектұров, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі А.Л. Цефт, Украин КСР ҒА корреспондент мүшесі Г.Д. Латышев баяндама жасады. Ғылым академиясының академик хатшысы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Ш.Ш. Шөкин ҚазКСР ҒА ғылыми қызметінің 1957 жылдың қорытындысы мен 1958 жылғы міндеттері туралы баяндама жасады.

Жалпы жиылыстың сессиясында ҚазКСР ҒА академиктері мен корреспондент мүшелері сайланды. Т.Б. Дарқанбаев (өсімдік биохимиясы), В.П. Захаров (энергетика), Г.Д. Латышев (физика), Ә.Х. Марғұлан (археология және этнография), В.В. Михайлов (металлургия), Ғ.М. Мүсірепов (қазақ әдебиеті), М.В. Пентковский (математика), Ж.С. Тәкібаев (физика), А.Л. Цефт (металлургия) ҚазКСР ҒА академиктері; Ж.А. Айталиев (геология), М.Б. Балақаев (тіл білімі), С.Д. Батищев-Тарасов (геология), Н.Д. Беклемишев (курортология), В.Г. Беньковский (химия), Н.Л. Бубличенко (геология), Б.А. Быков (ботаника), Е.С. Исмаилов (әдебиеттану), Л.К. Клышев (биология), А.Ч. Мусин (тау-кен ісі), Ғ. Мұстафин (қазақ әдебиеті), В.Д. Пономарев (металлургия), М.С. Сильченко (әдебиеттану), Д.Л. Шамис (микробиология) корреспондент мүше болып сайланды.

Жалпы жиылыстың сессиясы ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Д.Л. Шамис Микробиология және вирусология институтының директоры; заң ғылымдарының кандидаты С.З.

Зиманов ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтының директоры болып бекітілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1958. – № 6 (159). – 4-5-б.*

1958 жылдың 17-22 қарашасында Қарағандыда ҚазКСР Ғылым академиясы Қарағанды халықшаруашылық кеңесі, ҚазКСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Ғылыми-техникалық комитетімен бірлесіп, Орталық Қазақстан өндіргіш күштерін дамыту мәселесіне арналған Біріккен ғылыми сессия өткізді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1958. – № 12 (165). – 3-б.*

1958 жылдың желтоқсанында Алматыда КСРО Ғылым академиясы Геология-география ғылымдары бөлімшесі, КСРО Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, ҚазКСР Ғылым академиясы, ҚазКСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің ұйымдастыруымен Металлогения және болжал карталар бойынша бірінші Бүкілодақтық біріккен сессиясы болды.

Сессияның жұмысына 96 ғылыми және өндірістік геологиялық ұйымның, халықшаруашылық кеңестерінің, еліміздегі жоғары оқу орындарының өкілдері, сондай-ақ басқаратын, жоспарлайтын мекемелердің қызметкерлері, барлығы 800-ден астам адам қатысты. Олардың қатарында Болгария Халық Республикасы Ғылым академиясының академигі И.С. Иовчев, академиктер – Д.И. Щербаков, А.А. Трофимук, Қ.И. Сәтбаев, КСРО ҒА корреспондент мүшелері Х.М. Абдуллаев, П.М. Татаринов, В.А. Николаев, Н.А. Елисеев, К.Н. Раффенгольц және т.б. болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1959. – № 1 (166). – 96-100-б.*

## Жыл бойғы оқиғалар

Қарағанды химия-металлургия институты, ҚазКСР Ғылым академиясы Философия секторының негізінде Философия және құқық институты құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*

– *Алма-Ата, 1981. – С.291.*

*Есенов Ш. Академия наук КазССР. –*

*Алма-Ата, 1970. – С.127.*

### 1959

1959 жылдың қаңтарында ҚазКСР Ғылыми-техникалық қоғамы құрылды.

*ҚазССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін.*

– *Алматы, 1984. – 5-том. – 689-б.*

1959 жылдың 22 сәуірінде «Абай жолы» романы үшін ҚазКСР Ғылым академиясының академигі М.О. Әуезовке, термоядролық реакциялар саласындағы зерттеулері үшін физика-математика ғылымдарының кандидаты В.В. Сокольскийге «Ленин» сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1959. – № 7 (315). – 49-б.*

1959 жылдың мамырында Гурьев қаласында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің шешімі бойынша КСРО және ҚазКСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, ҚазКСР Ғылым академиясы және Гурьев халықшаруашылық кеңесінің Біріккен ғылыми-техникалық конференциясы өтті.

Конференция жұмысына 400-ден астам адам қатысты. Онда мұнай-газды геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігін арттыру, Қазақстанның мұнай кен орындарын даярлау мәселелері талқыланды. Екі секцияның отырысында 42 баяндама тыңдалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1959. – № 9 (174). – 81-б.*



1959 жылғы шілдеде ҚазКСР ҒА академигі Ж.С. Тәкібаев бастаған ҚазКСР ҒА Ядролық физика институты мен С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дың ғылыми қызметкерлері Мәскеуде өткен ғарыш сәулелері бойынша халықаралық конференцияға қатысты.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1959. – № 11. – 93-б.*

1959 жылдың қазан айында Алматыда ҚазКСР ҒА Физика-математика ғылымдары бөлімшесі, С.М. Киров атындағы ҚазМУ, Абай атындағы ҚазПИ-дің шақыруымен республиканың математиктері мен механиктерінің конференциясы өтті. Конференцияға КСРО ҒА Сібір бөлімшесі, Өзбек және Қырғыз КСР Ғылым академияларының, КСРО ҒА Есептеу орталығының өкілдері, барлығы – 150 адам қатысты. Бес секцияда 80-нен астам баяндама тыңдалып, талқыланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1959. – № 12 (177). – 94-б.*

1959 жылдың 23 қараша-2 желтоқсан аралығында КСРО ҒА вице-президенті, академик А.В. Топчиевтың төрағалығымен КСРО Ғылым академиясының ғалымдарынан құралған комиссия ҚазКСР Ғылым академиясына келді. Комиссия құрамында академиктер А.А. Дородницын, И.И. Минц, А.Н. Фрумкин, КСРО МҒА академигі В.В. Опарин, КСРО ҒА корреспондент мүшелері – В.П. Дьяченко, В.М. Жирмунский, А.А. Имшинецкий, А.М. Самарин, М.А. Стырикович, Д.М. Чижиков және т. б. болды.

Комиссия ҚазКСР ҒА ғылыми мекемелерінің ғылыми жұмыстары мен негізгі даму бағыттарындағы маңызды мәселелерімен танысты. Комиссия ҚазКСР ҒА Президиумымен бірлесе отырып, Минералдық ресурстар бөлімшесінің жалпы жиылысын, сондай-ақ биологиялық, медициналық және гуманитарлық салалардағы институттардың кеңейтілген ғылыми кеңесінің отырыстарын өткізді.

Отырыстарда ҚазКСР ҒА ғалымдарының негізгі бағыттар бойынша зерттеулерінің нәтижелері мен мәселелері туралы баяндамалары, комиссия мүшелерінің ғылыми баяндамалар мен хабарламалары, құнды ұсыныстары тыңдалып, талқыланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1959. – № 12 (177). – 98-б.*

1959 жылдың 30 желтоқсанында КСРО ҒА вице-президенті А.В. Топчиев төрағалық еткен комиссияның жұмыс нәтижелері бойынша КСРО Ғылым академиясы Президиумы «ҚазКСР Ғылым академиясы ғылыми қызметінің жай-күйі және даму перспективалары туралы» қаулы қабылдады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1960. – № 2 (179). – 112-118-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

ҚазКСР ҒА География секторы ҚазКСР ҒА екі секторлы – физикалық және экономикалық география мен гидрология зертханасы бар География бөлімшесі болып қайта құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы.– 1959. – № 12 (177). –103-б.*

ҚазКСР ҒА Президиумы Шымкент гидролиз зауытының жанынан ҚазКСР ҒА Химия ғылымдары институтының ғылыми-зерттеу зертханасын ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1959. – № 11 (176). – 94-б.*

ҚазКСР ҒА өкілдері ҚазКСР ҒА академигі Ж.С. Тәкібаевтың басшылығымен Киевтегі Жоғары энергия физикасы бойынша халықаралық конференцияның жұмысына қатысты.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1959. – № 11 (176). – 94-б.*

ҚазКСР ҒА Президиумы Ғылым академиясы аспирантура-сында Философия және шет тілдері кафедрасын ұйымдастыру туралы шешім қабылдады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1959. – № 9. – 89-б.*

ҚазКСР ҒА Президиумы Өндіргіш күштерді зерттейтін кеңесті Қазақстандағы өндіргіш күштерді зерттейтін ғылыми мәселелерді үйлестіретін кеңес деп өзгертті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1959. – № 9. – 88-б.*

Гурьевте ҚазКСР Ғылым академиясы Зоология институтының Ихтиология және гидробиология бөлімшесінің негізінде Ихтиология және балықшаруашылық институты құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1960. – № 1 (178). – 92-93-б.*

## 1960

1960 жылдың маусымы. Жезқазған кенішінде, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Мемлекеттік ғылым және техника жөніндегі комитеті, КСРО және ҚазКСР тау-кен ісі институттары, Қарағанды халық шаруашылығы кеңесі, Республикалық ғылыми-техника қоғамының кеңесі, Қазақ түрлі түсті металлургия ғылыми-техникалық қоғамы басқармасының ұйымдастыруымен кеніштерді желдетіп, кеніш ауасын шаңсыздандыруға байланысты Бүкілодақтық кеңес өтті. Жиында 40 жуық баяндама мен хабарлама тыңдалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1960. – № 10. – 83-86-б.*

1960 жылдың тамызы. Мәскеуде шығыстанушылардың XXV Халықаралық конгресі өтті. Конгрестің 20 секциясында 700-ден астам баяндама тыңдалды. Атап айтқанда, ҚазКСР ҒА академиктері М.О. Әуезов, С.Б. Бәйішев, І.К. Кеңесбаев, Ә.Х. Марғұлан, тарих ғылымдарының кандидаттары А.Н. Нүсіпбеков, С.Қ. Ибрагимовтар баяндама жасады. Шығыстанушылардың XXVI конгресін дайындауға байланысты кеңесшілер бюросының құрамында ҚазКСР ҒА академигі М.О. Әуезов те болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1960. – № 10. – 83-86-б.*

Гурьевте ҚазКСР Ғылым академиясының Геология және геофизика институты мен Мұнай химиясы және табиғи тұздар институты ұйымдастырылды.

*Академия наук Казахской ССР. – Алма-Ата, 1978.  
– С. 109-111.*

«Қазақстанның археологиялық картасы» жарық көрді.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.*  
– М., 1987. – С. 466.

### **Жыл бойғы оқиғалар**

1960 жылғы атом өнеркәсібі саласында өндірістің жаңа түрлерін игергені үшін ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор Г.Б. Померанцевке «Ленин» сыйлығы берілді.

*Сайт «МАЭК КазАтомПром».*

ҚазКСР ҒА Мәшине және есептеу математикасы зертханасында республикадағы алғашқы әмбебап «Урал-1» тезәрекетті цифрлық мәшине іске қосылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– М., 1981. – С.72.

ҚазКСР ҒА Бас ботаникалық бағында республикада алғаш рет аумағы 795 м<sup>2</sup> болатын экспозициялық жылыжай пайдалануға берілді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– М., 1981. – С.213.

### **1961**

1961 жылдың ақпаны. ҚазКСР ҒА География бөлімшесі Қазақстанның географиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының қорытындысына арналған екінші ғылыми конференция өткізді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1961. – № 4. – 97-б.*

1961 жылдың 24 наурызында ҚазКСР Ғылым академиясының Ионосфера секторы құрылды.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника. – М., 1987. – С.466.*

1961 жылдың 30 наурызы. Қ.И. Сәтбаев ҚазКСР Ғылым академиясының көшпелі ғылыми сессиясын, ҚазКСР Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің, Қарағанды халық шауашылығы кеңесі, Жезқазғандағы Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты, Жезқазған өнеркәсіп ауданы өндіргіш күштерді дамыту проблемаларына арналған жұмысын басқарды. «Жезқазған-Ұлытау ауданының минералдық ресурстары», «Үлкен Жезқазғанның дамуындағы геологияның міндеттері», «Жезқазған-Ұлытау ауданындағы геология мен металлогенияның негізгі элементтері» атты баяндамалар жасады.

*Косаяков Б.К. Сатпаеведение. – Павлодар, 2009. – С. 9.*

1961 жылдың 22 сәуірінде ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі, ҚазКСР ҒА Тау-кен ісі институтының директоры А.Ч. Мусинге, Лениногор полиметалл комбинатының кеніштерінде бақылау жүйесін мәжбүрлеп топтап құлату жүйесін дайындап, енгізгені үшін осы институттың қызметкері, техника ғылымдарының кандидаты А.Н. Жақыпбаевқа; металлургияны дамыту саласындағы еңбегі үшін техника ғылымдарының докторы Л.С. Гецкинге «Ленин» сыйлығы берілді.

*Правда. – 1961. – 22 апр.;  
ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7. – 52-б.*

1961 жылдың 28 сәуіріндегі Қазақстан КП ОК және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің № 292 қаулысымен Қазақ ауылшаруашылық академиясы таратылды. Оның институттары, тәжірибе стансылары мен шаруашылығы, академиктері мен мүше-корреспонденттердің құқықтық жайына анықтама берілместен, ҚазКСР Ауылшаруашылық министрлігіне берілді.

Іс жүзінде олар республикалық академиялық ғылым шеңберінен ығыстырылды.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении. – Алматы, 2004. – С. 135-136.*

1961 жылдың мамыры. ҚазКСР Ғылым академиясының Президиумы Тіл және әдебиет институты Әдебиеттану бөлімшелерінің негізінде Әдебиет және өнер институтын (қазіргі М. Әуезов атындағы) құру туралы қаулы қабылдады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1961. – № 6 (195). – 103-б.*

1961 жылдың маусымында ҚазКСР ҒА Топырақтану институтының Целиноград бөлімшесі ұйымдастырылды.

*Институт почвоведения. – Алма-Ата, 1980. – С.11.*

ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының Лингвистика бөлімшелері негізінде Тіл білімі институты, сондай-ақ ҚазКСР Ғылым академиясының Зоология институты негізінде Табиғат мұражайы ашылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980). – Алма-Ата, 1981. – С.292.*

## 1962

1962 жылдың 9 мамырында Министрлер кабинеті «ҚазКСР Ғылым академиясы Эксперименттік биология институтын ұйымдастыру туралы» №340 қаулы қабылдады.

*Академия наук КазССР. – Алма-Ата, 1978. – С.129-133.*

1962 жылдың 28-29 мамырында ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Оны ҚазКСР Ғылым академиясының

президенті, академик Қ.И. Сәтбаев ашты. Ғылым академиясының академик хатшысы, Ғылым академиясының академигі Ш.Ш. Шөкин Ғылым академиясы ғылыми қызметінің 1961 жылғы қорытындылары және кезекті міндеттері туралы баяндама жасады.

М.И. Усанович (физикалық химия), В.П. Кузьмин (дәнді дақылдар генетикасы мен селекциясы), Л.М. Неменов, В.М. Кельман (ядролық физика), О.А. Жәутіков, А.Д. Тайманов (математика), С.Р. Рафиков (полимер химиясы), В.Д. Пономарев (гидро- және электрметаллургия), О.А. Байқоңыров (кенорындарды даярлау), М.И. Корсунский (жартылай өткізгіштер физикасы), М.Т. Козловский (амальгамдық химия), Т.Л. Золотарев (жалпы энергетика), В.К. Грузинов (қара металлургия), М.С. Сильченко (әдебиеттану) ҚазКСР ҒА академиктері; П.Я. Авров (мұнай және газ кенорындары геологиясы), И.Н. Әзірбаев (органикалық химия), Р.Ж. Жулаев (гидротехника), Г.Ц. Медоев (геоморфология), А.Б. Резников (жылу техникасы), А.С. Сағынов (көмір кенорындарын даярлау), Е.И. Ким (математика), С.Б. Балмұханов (радиологиялық медицина), В.М. Боровский (топырақтану), А.Д. Жанғалиев (жеміс-жидек дақылдарының селекциясы мен генетикасы), А.Е. Елеманов (жануарлар генетикасы), М.А. Ермеков (зоотехния), К.И. Иманғазиев (агрохимия), Е. Үзенбаев (агрономия), У.У. Оспанов (топырақтану), Х.А. Арыстанбеков (ауылшаруашылық экономикасы), Е. Бекмаханов, А.Н. Нүсіпбеков (тарих), Г.Г. Мұсабаев (тіл білімі), С.Е. Толыбеков, Г.Ч. Чуланов (экономика) ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері болып тағайындалды.

Жалпы жиылыстың сессиясында ұйымдастыру мәселелері де сөз болды. ҚазКСР ҒА Президенті болып ҚазКСР ҒА академигі Қ.И. Сәтбаев үшінші мерзімге сайланды, бірінші вице-президенті – ҚазКСР ҒА академигі А.П. Полосухин, вице-президенттері – ҚазКСР ҒА академиктері С.Б. Бәйішев, Ж.С. Тәкібаев, Ғылым академиясының академик хатшысы – ҚазКСР ҒА академигі О.А. Байқоңыров. Бөлімшелердің академик хатшылары болып ҚазКСР ҒА академигі Р.А. Борукаев, Ж.С. Тәкібаев, М.С. Сильченко, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі А.Д. Жанғалиев, президиум мүшелері болып ҚазКСР ҒА академиктері Н.У. Базанова, Ш.Ш. Шөкин сайланды.

Жалпы жиылыста Ғылым академиясының жаңа Жарғысын әзірлеу үшін құрамында академик Қ.И. Сәтбаев, ҚазКСР ҒА академиктері А.П. Полосухин, С.Б. Бәйішев, Ж.С. Тәкібаев, Р.А. Борукаев, М.С. Сильченко, Б.Н. Покровский, Н.В. Павлов, І.К. Кеңесбаев, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі А.Д. Жанғалиев, заң ғылымдарының докторы С.З. Зимановтар бар комиссия құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1962. – № 6. – 26-28-б.*

1962 жылдың 20 қазанында ҚазКСР ҒА Президиумы аспирантура бөлімін ұйымдастырып, ғылыми кадрлар даярлау, кадрларды тіркеу бөлімін қайта ашу мәселелерін қарастырды

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1962. – № 11 (212). – 90-91-б.*

1962 жылдың 20 қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен кеңестік селекцияны дамытуға қосқан үлесі және ауылшаруашылық дақылдарының бағалы сұрыптарын алғаны үшін ҚазКСР ҒА академигі В.П. Кузьминге «Социалистік Еңбек Ері» атағы беріліп, «Ленин» ордені мен «Орақ пен балға» алтын медалі тапсырылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1962. – № 6. – 91-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

ҚазКСР ҒА жүйесінде Эксперименттік биология институты құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1962. – № 6. – 91-б.*

### **1963**

1963 жылдың 13 наурызында ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясында РБК жаңа құрамы мен «ҚазКСР ҒА Хабаршысы» журналының редакция алқасы сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1963. – № 4. – 27-32-б.*



Сәуір. Академик Қ.И. Сәтбаев елдегі геологиялық ғылымды дамытып, Қазақстандағы пайдалы қазбаларды ашу, зерделеу ісіне сіңірген еңбегі үшін төртінші рет Ленин орденімен марапатталды.

*ССРО Жоғарғы Советінің ведомстары. – 1963. – 29 сәуір.*

1963 жылы 11 сәуірде КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі «Ғылым академиясы мен одақтас республикалардың Ғылым академиясының қызметін жетілдіру шаралары туралы» қаулы қабылдады.

*Советская наука. Итоги и перспективы. – М., 1982. – С.546.*

1963 жылдың 28 қарашасында Алматыда ҚазКСР ҒА Әдебиет және өнер институтында жазушы, ҚазКСР ҒА академигі М.О. Әуезовтің әдеби-мемориалдық мұражайы ашылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7 (315). – 54-б.*

Қараша айында ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының жанында ұйғыр халқының тарих, тіл және әдебиет мәселелерімен айналысатын Ұйғыртану бөлімі ұйымдастырылды.

*50 лет советской исторической науки. 1917-1967. Хроника. – М., 1971. – С.407.*

## 1964

1964 жылдың 31 қаңтарында көрнекті ғалым, геолог, «Ленин» сыйлығы мен Мемлекеттік сыйлықтардың иегері, мемлекет және қоғам қайраткері, Геологиялық ғылымдар институтының директоры, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы, тұңғыш президенті (1946-1952, 1955-1964) академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Мәскеуде ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін қайтыс болды.

*Казахстанская правда. – 1964. – 2 февр. (№ 28). – С.1.;  
4 февр. (№ 29). – С.3.*

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1964. – № 2. – 3-22-б.*

1964 жылдың 21 наурызында Қазақстан КП ОК және ҚазКСР Министрлер Кеңесі № 193 «Қ.И. Сәтбаевты мәңгі есте қалдыру туралы» қаулы қабылдады. Мұнда белгілі ғалым, академик, «Ленин» сыйлығы мен Мемлекеттік сыйлықтардың иегері, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында Қазақстан КП ОК және Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төмендегі қаулыны қабылдады:

1. а) ҚазКСР Ғылым академиясының Геологиялық ғылымдар институты бұдан былай «ҚазКСР Ғылым академиясы Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институты» деп аталсын;

ә) Жезқазған тау-кен металлургия комбинатына;

б) Павлодар облысы, Баянауыл ауданы «Шадринск» совхозына Қ.И. Сәтбаев есімі берілсін;

2. Алматы қаласындағы 56-мектепке Қ.И. Сәтбаев есімін беру, Университет көшесін «Қ.И. Сәтбаев көшесі» деп өзгерту туралы Алматы қалалық атқару комитетінің ұсынысы қабылданды.

3. Қ.И. Сәтбаев зиратының басына ескерткіш орнату Алматы қалалық атқару комитетіне тапсырылсын.

4. ҚазКСР Ғылым академиясында Қ.И. Сәтбаев мүсінін қоюға рұқсат етіліп, 1965-1967 жылдары Қ.И. Сәтбаевтың таңдамалы шығармалар жинағы шығарылсын.

*Қаныш Сәтбаев. Фотоальбом. – Алматы, 2011. – 134-б.*

1964 жылдың 3-4 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Оны ҚазКСР Ғылым академиясының вице-президенті, ҚазКСР ҒА академигі А.П. Полосухин ашты. Сессия ұйымдастыру мәселесін қарастырды. Ғылым академиясының президенті болып ҚазКСР ҒА академигі Ш.Ш. Шөкин сайланды.

ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының академик хатшысы, академик О.А. Байқоныров «Ғылым академиясының 1963 жылғы ғылыми қызметінің қорытындысы және кезектегі міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады. ҚазКСР ҒА академиктері – А.Л. Цефт, А.Д. Тайманов, Ж.С. Тәкібаев, М.И. Корсунский, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері: И.Н. Әзербай,

А.Н. Нүсіпбеков, Ф.М. Мұхамедғалиев, Г.З. Бияшев, Г.Ц. Медоев, филология ғылымдарының кандидаты М.Б. Базарбаев, техника ғылымдарының докторы В.Ш. Шарипов, КСРО ҒА вице-президенті, академик М.Д. Миллионщиков баяндама негізінде өз ойларын айтты.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1964. – № 6 (229). – 3-33-б.*

1964 жылдың 25 қарашасында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі «Жаратылыстану және қоғамдық ғылымдардың кешенді маңызды мәселелері бойынша Ғылыми кеңестің ережесін бекіту туралы» №809 қаулыны қабылдады. Қаулы негізінде «Ереже» бекітіліп, Ғылыми кеңестің негізгі міндеттері айқындалды:

1. Зерттеу мәселелерінің қазіргі жай-күйін талдап, қорыту, болашақтағы дамуын анықтау;

2. ҚазКСР Ғылым академиясы мекемелерінің, ҚазКСР министрліктері, ведомство, жоғары оқу орындарының, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын тексеріп, реттеу, олардың халықшаруашылық жоспарына, ғылымның болашақтағы дамуына сәйкестігін тексеру, түрлі түйткілдер бойынша жұмыстың жиынтық жоспарын құру;

3. Болашағы жоқ ғылыми-зерттеу жұмыстарын толығымен не жекелеген тақырып, бөлімдерін тоқтату туралы ұсыныс енгізу;

4. Ғылыми конференция, пікірталас, сессия, семинар, кездесу, жиындарды жоспарлау;

5. Зерттеу институттары, ЖОО, жобалау мекемелері мен кәсіпорындардағы ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар кезінде туындайтын даулы мәселелер бойынша ұсыныстар жасау;

6. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жинақтау, оларды халық шаруашылығы мен мәдениетке ендіруге байланысты ұсыныстар әзірлеу.

*Қазақ ССР заңдарының жинағы. – 1986 – Т. 5. – 47-49-б.*

1965

1965 жылдың 10 ақпанында ҚазКСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен қоғамдық және географиялық ғылымдар саласындағы, бейнелеу және сәулет өнері саласындағы жетістіктері үшін берілетін Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық тағайындалды. ҚазКСР ҒА Ш. Уәлиханов атындағы 1,5 мың сом (бірінші) және 1,0 мың сом (екінші) көлемдегі сыйақыға конкур жариялады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1966. – № 9. – 93-б.*

1965 жылдың 30 наурыз-2 сәуір аралығында Шымкентте ҚазКСР Ғылым академиясы мен Оңтүстік Қазақстан халықшаруашылық кеңесінің Біріккен ғылыми сессиясы өтті. Онда Оңтүстік Қазақстан өндіргіш күштерін дамыту мәселесі талқыланды. Көшпелі сессияның жұмысына 120 ұйым мен кәсіпорындардан 770 адам қатысты. Сессияда 191 баяндама тыңдалып, талқыланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1965. – № 5 (242). – 89-90-б.*

1965 жылдың сәуірі. ҚазКСР Ғылым академиясында Ш. Уәлихановтың қайтыс болғанына 100 жыл толуына арналған кеңейтілген ғылыми сессия өтті. Сессияда академиктер – Ә.Х. Марғұлан «Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасы», М.С. Сильченко «Революциялық-демократиялық Ресей және Ш.Ш. Уәлиханов» және т.б. баяндама жасады.

Ғылыми сессияның соңында ҚазКСР Ғылым академиясы бас ғимаратының алдына Ш. Уәлихановтың ескерткішінің іргесі (тұғыры) қаланды. Осы жерде ғалымды еске алуға арналған қала еңбекшілерінің жалпықалалық митингісі өтті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1965. – № 6 (243). – 92-б.*

1965 жылдың 26 қарашасында Ғылым академиясының бірінші вице-президентін сайлауға арналған ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясы өтті. ҚазКСР ҒА вице-президенті болып академик Д.В. Сокольский сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1965. – № 12. – 3-б.*

1965 жылдың 30 қарашасы мен 3 желтоқсан аралығында Алматыда КСРО ҒА қоғамдық ғылымдар секциясы Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Қырғызстан Ғылым академияларының қоғамдық бөлімшелерімен бірлесіп, Қазақстан мен Орта Азия республикаларындағы қоғамдық ғылымдарды дамыту мәселелеріне арналған көшпелі сессия өткізді. Сессияның жұмысына КСРО ҒА вице-президенті, академик П.Н. Федосеев, ҚазКСР ҒА президенті Ш.Ш. Шөкин, Қырғыз КСР ҒА президенті К.К. Каракеев, Тәжік КСР ҒА президенті М.С. Асимов, академиктер Е.М. Жуков, Ф.В. Константинов, М.Б. Митин, И.И. Минц, КСРО ҒА корреспондент мүшелері С.Г. Бархударов, Д.М. Кукин, А.И. Пашков, К.Н. Плотников, В.Г. Трухановский, Т.С. Хачатуров, Мәскеуден, Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Қырғызстаннан басқа да көрнекті ғалымдар қатысты. Сессияны КСРО ҒА вице-президенті, академик П.Н. Федосеев ашып, «Қоғамдық ғылымдар дамуының негізгі бағыттары туралы» деген тақырыпта баяндама жасады. Сессияда ҚазКСР ҒА вице-президенті С.Б. Бәйішевтің «Орта Азия республикалары мен Қазақстандағы қоғамдық ғылымдардың жай-күйі мен міндеттері туралы» атты баяндамасы, сондай-ақ Өзбек КСР ҒА вице-президенті И.М. Муминовтің, Тәжік КСР ҒА академик хатшысы З.Ш. Раджабовтың, ТКСР ҒА қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы П.А. Азимов пен Қырғыз КСР ҒА вице-президенті Б.Д. Джангырчиновтың баяндамалары тыңдалды.

Баяндама мен қосымша баяндамаларды талқылауға академиктер: Е.М. Жуков, Ф.В. Константинов, И.И. Минц, М.Б. Митин; КСРО ҒА корреспондент мүшелері: А.И. Пашков, А.Г. Бархударов, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі А.Н. Нүсіпбеков, ҚазКСР ҒА академигі М.С. Сильченко, Қырғыз КСР ҒА академигі А.А. Алтымышбаев, Тәжік КСР ҒА академигі А. Багаутдинов, ТКСР ҒА академигі А. Каррыев және т.б. қатысты.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1966. – № 1. – 38-б.*

## Жыл бойғы оқиғалар

ҚазКСР Ғылым академиясының Президиумы Математика мен механика секторы, Мәшине және есептеу математикасы зертханаларының негізінде Математика және механика институтын, Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының Гидрогеология және гидротермия бөлімшесінің негізінде Гидрогеология және гидрофизика институтын, КСРО Мемлекеттік Геологиялық комитеті Қазақтың минералдық шикізат институтының Гидрогеология бөлімшесі сияқты ғылыми-зерттеу институттарын ұйымдастыру қажет деп шешті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1965. – № 9 (246). – 88-б.*

ҚазКСР Ғылым академиясының Президиумы Ғылым мен техника тарихы бойынша комиссияны бекітті. Комиссия төрағасы ҚазКСР ҒА академигі С.Н. Покровский болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1965. – № 4 (241). – 93-б.*

Республика Ғылым академиясының Президиумы 1966-1968 жылдар аралығында ҚазКСР ҒА академигі М.О. Әуезовтің 10 томдық шығармалар жинағының академиялық басылымын шығаруды қолға алды. Басылымды дайындау жұмысы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жүктелді. Басылымның редакция алқасы құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1965. – № 4. – 93-б.*

ҚазКСР Ғылым академиясы республикадағы жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердегі жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар бойынша өткізілетін барлық ғылыми зерттеуді үйлестіретін орталық ретінде бекітілді.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.293.*

1966

1966 жылдың 17 наурызында ҚазКСР ҒА Президиумының қаулысына сәйкес «Тау жыныстарын бұзудағы физика-техника мәселелері» бойынша Ғылыми кеңес құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1968. – № 3. – 75-78-б.*

1966 жылдың 22 сәуірінде «Қазақстанмұнай» бірлестігінің бастығы Д.А. Досмұхамбетовке; директордың орынбасары Б.Ф. Дьяковке; Бүкілроссиялық мұнай геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институтының (ВНИИГРИ) аға ғылыми қызметкері Н.Н. Черепановқа; ҚазКСР Геология министрі Ш.Е. Есеновке; ҚазКСР Геология министрлігі (ГМ) бөлім бастығы В.Г. Матвеевке; Батыс Қазақстан ГБ бастығы Е.И. Ивановқа, бас геолог Н.У. Имашевқа; Өзен ГБЭ бас геологі Х. Махамбетовке; «Маңғышлақмұнайгазбарлау» трест меңгерушісі Х.Ж. Өзбекқалиевке, трестің бас геологі В.П. Токаревке, КСРО ГМ бұрынғы бөлім бастығы Н.А. Калининге Оңтүстік Маңғышлақта мұнай-газ құбыры аймағын ашқаны және «Өзен» мен «Жетібай» кенорындарын барлау қызметі үшін «Ленин» сыйлығы берілді.

*Правда. – 1966. – 22 апр..*

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7. – 58-б.*

1966 жылдың 16-21 мамырында Алматыға КСРО ҒА президенті, академик М.В. Келдыш бастаған КСРО Ғылым академиясының бір топ ғалымдары келді. Топтың құрамында мәскеулік ғалым академиктер: А.П. Виноградов, В.Е. Быховский, А.П. Александров, М.И. Кабачник, Н.В. Мельников, А.И. Мальцев, КСРО ҒА корреспондент мүшелер: К.Н. Плотников, техника ғылымдарының докторы Г.А. Меерсон, техника ғылымдарының кандидаты В.А. Филиппов, тарих ғылымдарының кандидаты В.Д. Новиков, сондай-ақ КСРО ҒА Үйлестіру кеңесінің қызметкерлері болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1966. – № 6 (254). – 3-7-б.*

1966 жылдың 27 шілдесінде ҚазКСР Министрлер Кеңесі «Қазақ КСР Ғылым академиясының ғылыми-зерттеулер және эксперименттік базасын дамыту туралы» №521 қаулы қабылдады. Қазақ КСР Ғылым академиясының эксперименттік базасын дамытып, ғылыми зерттеу нәтижелерін республиканың халықшаруашылығына енгізуді жеделдету мақсатымен халықшаруашылығына қажетті ең маңызды мәселелерді шешу үшін Ғылым академиясына ҚазКСР ҒА институттарын жинақтау міндеті жүктелді.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары. –  
1966. – шілде. – 407-409-б.*

1966 жылдың 22-28 қарашасында Алматыда Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану бойынша ЭӨКК тұрақты комиссиясы XI сессиясын өткізді. Оның жұмысына ҚазКСР Ғылым академиясының ғалымдары қатысты.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.293.*

## 1967

1967 жылдың 25-27 ақпанында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Сессия жұмысын Ғылым академиясының вице-президенті, ҚазКСР ҒА академигі Д.В. Сокольский ашты.

Н.А. Добротин (ядролық физика), Ш.Е. Есенов (геология), В.Г. Беньковский, Ш.Т. Талипов (химия), Г.З. Бияшев (генетика және өсімдіктер селекциясы), Б.А. Быков (ботаника), С.Б. Балмұханов, Ф.М. Мұхамедғалиев (жалпы биология), Х.Ж. Жұматов (микробиология және вирусология), А.Н. Нүсіпбеков (КСРО тарихы), С.З. Зиманов (құқық), Қ.Д. Жұмалиев (әдебиеттану) ҚазКСР ҒА академигі;

Б.М. Оразбаев (математика), П.Т. Тәжібаева (геология), Л.С. Гецкин (металлургия), Н.Л. Удольская (генетика және өсімдіктер селекциясы), А.А. Слудский (зоология), Р.М. Петухов



(экономика), А.Е. Еренов (құқық), М.Қ. Қаратаев (әдебиеттану), Б.Г. Ерзакович (өнертану) ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі болып сайланды.

Сессияда ұйымдастыру мәселелері де сөз болды. Ғылым академиясының президенті қызметінен босатылған Ш.Ш. Шөкиннің орнына бұрын Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарған, техника ғылымдарының кандидаты, таяуда ҚазКСР ҒА академигі болған Ш.Е. Есенов сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1967. – № 3 (263). – 3-29-б.*

1967 жылдың наурыз айында Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтының ғимаратында академик Қ.И. Сәтбаев пен ҚазКСР ҒА академигі М.П. Русаковқа мемориалдық тақта орнатылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1967. – № 5. – 3-б.*

1967 жылдың 21 сәуірінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы геология ғылымын дамытуға, ғылыми кадрларды дайындауға сіңірген еңбегі үшін «ҚазКСР ҒА Қ.И. Сәтбаев атындағы Геологиялық ғылымдар институтын «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапаттау туралы» Жарлық қабылдады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1967. – № 5. – 3-б.*

1967 жылдың 27 сәуірінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен кеңес ғылымын дамытуда және ғылыми жетістіктерді енгізуде қол жеткізген табыстары үшін ҚазКСР ҒА бір топ ғалымдары КСРО орден-медальдарымен марапатталды:

ҚазКСР ҒА академиктері: М.И. Горяев, Ә.Х. Марғұлан «Ленин» орденімен; ҚазКСР ҒА академиктері: І.К. Кеңесбаев, В.Д. Пономарев, Д.В. Сокольский «Еңбек Қызыл Ту» орденімен; ҚазКСР ҒА академиктері Х.Ж. Жұматов, С.Н. Покровский, геология-минералогия ғылымдарының докторы Г.Н. Щерба,

химия ғылымдарының кандидаты Ш. Батталова, техника ғылымдарының докторы Ж.М. Қаңлыбаева «Құрмет белгісі» орденімен; М.И. Бакеева, А.И. Гридасов, Е.М. Федоров, В.Ш. Шарипова «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, М.Х. Джабасова, К.М. Клименко, В.И. Соколов, У.М. Сұлтанбаев «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1967. – № 5(265). – 3-4-б.*

1967 жылдың 30 қазанында ҚазКСР ҒА Ядролық физика институты атом реакторы қатарына енді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1967. – № 11. – 92-б.*

1967 жылдың 13 желтоқсанында ҚазКСР Ғылым академиясы жас ғалымдарының жиналысы өтті. Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ш.Е. Есенов «ҚазКСР Ғылым академиясының жас ғалымдармен жұмысы, олардың ғылымды дамытудағы міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндама бойынша жарыссөзге 13 ғалым қатысты.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1968. – № 1 (273). – 3-36-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

1965-1966 жылдардағы қоғамдық және география ғылымдары бойынша үздік ғылыми зерттеулері үшін ҚазКСР ҒА академиктері: С. Мұқанов, Ә.Х. Марғұлан және тарих ғылымдарының кандидаттары М.К. Қадырбаев, А.О. Оразбаевтарға Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлық берілді.

### **1968**

1968 жылдың 29 ақпан - 1 наурыз аралығында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Оны Ғылым академиясының президенті ҚазКСР ҒА академигі Ш.Е. Есенов ашып, «Қазақ КСР Ғылым академиясының 1967 жылғы

жұмысының қорытындысы және одан әрі дамытудың негізгі мәселелері» деген тақырыпта баяндама жасады.

Сессияда ұйымдастыру мәселелері де сөз болды. ҚазКСР ҒА академиктері: Ж.С. Тәкібаев, А.Н. Нүсіпбеков ҒА вице-президенттері болып сайланды, ҚазКСР ҒА академиктері: А.Д. Тайманов, И.И. Бок, М.Т. Козловский, М.С. Сильченко, С.Б. Бәйішев, Л.М. Неменов, ҚазКСР ҒА мүше корреспонденті А.Д. Жанғалиев ҚазКСР ҒА Президиум мүшелері болып сайланды. Сессияда ҚазКСР ҒА институттарының директорлары бекітілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1968. – № 4 (276). – 3-5-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

ҚазКСР Ғылым академиясында республикада тұңғыш рет жас ғалымдардың конференциясы өтті. Конференцияда 91 баяндама талқыланды. Үздік 30 жұмыстың авторларына ҚазКСР ҒА Президиумының сыйлығы берілді. 1968 жылдың 15-17 сәуірінде ҚазКСР ҒА Президиумының қаулысымен Жас ғалымдар кеңесі құрылып, құрамы бекітілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1968. – № 6 (278). – 20-б.  
Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.294.*

ҚазКСР ҒА Президиумы ғылыми мамандар мен ғалым-педагог мамандар даярлығын жақсарту, қоғамдық ғылымды дамыту, ҚазКСР ҒА мекемелерінің ғылыми-техникалық ұйымдармен байланысын күшейту мәселелерін қарастырды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1968. – № 2 (274). – 71-73-б.*

ҚазКСР ҒА Президиумы ҚазКСР ҒА 1971-1975 жылдардағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары, ҚазКСР ҒА ғылыми мекемелерінің Қазақ совет энциклопедиясын құрастыруға атсалысуы туралы мәселелерді қарастырды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1968. – № 7 (279). – 69-72-б.*

ҚазКСР ҒА Президиумы ҚазКСР ҒА Мұнай химиясы және табиғи тұздар институты ғылыми жұмыстары, сондай-ақ ҚазКСР ҒА ғалымдарын республиканың жоғары оқу орындарына ғылыми көмек көрсету мақсатында іссапарға жіберу туралы мәселелерді қарастырды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1968. – № 8 (280). – 71-72-б.*

ҚазКСР ҒА Президиумы ғылыми зерттеулерді халық-шаруашылығына енгізу барысы, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлаудағы ағаттықтар; «Қазақстанның ғылымы мен техникасы» атты энциклопедиялық ғылыми-техникалық жылнаманың басылымы туралы мәселелерді қарастырды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1968. – № 10 (282). – 65-67-б.*

## 1969

1969 жылдың 25-26 ақпанында ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясында Ғылым академиясының 1968 жылғы «Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты» дипломы «Коммунизм және экономика» монографиясы үшін ҚазКСР ҒА академигі С.Б. Байшевке тапсырылды. Жалпы жиылыс ҚазКСР ҒА Жарғысындағы өзгерістерді талқылап, қабылдады. Сессия Химия ғылымдары институтының директоры қызметіне химия ғылымдарының докторы Б.А. Жұбановты бекітті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1969. – № 4. – 29-31-б.*

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен кеңес ғылымын дамытудағы елеулі еңбектері үшін ҚазКСР ҒА академиктері: Д.В. Сокольский мен У.М. Ахмедсафин бастаған бір топ кеңес ғалымдарына «Социалистік Еңбек Ері» атағы, «Ленин» ордені мен «Орақ пен балға» алтын медалі берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1969. – № 5. – 15-18-б.*

1969 жылдың 11 сәуірінде академик Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толуына байланысты ҚазКСР Ғылым академиясының мерейтойлық сессиясы өтті. Онда ҚазКСР ҒА академиктері: Ш.Е. Есенов, И.И. Бок, М.Т. Козловский, Ф.М. Мұхамедғалиев, М.С. Сильченко баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1969. – № 5 (289). – 12-13-б.*

1969 жылдың 21-24 қазанында Мәскеуде ҚазКСР ғылымының Ленин күндері өтті. Онда Мәскеу жұртшылығына Қазақстан ғылымының қол жеткен табыстары көрсетіліп, халықшаруашылық мәселелерін шешудегі маңызы мен болашақтағы жоспарлары талқыланды. Мәскеу ғалымдары ҚазКСР ғылыми жетістіктерін, республиканың мәдениеті мен экономикасын дамытудағы үлесін жоғары бағалады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1969. – № 11. – 1-2-б.*

1969 жылдың 7 желтоқсанында конверторлардың қайтқан газдарынан рени өнімдері мен күкірт қышқылын алып, шикізатты тиімді пайдаланғаны, оттекті пайдаланып, мыс қорытуды күрт ұлғайтқаны, жаңа технологиялық үдерістерді даярлап, енгізгені үшін техника ғылымдарының докторы, ҚазКСР ҒА Химия-металлургия институтының директоры Е.А. Букетовке КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7 (315). – 68-б.*

1969 жылдың желтоқсанында ҚазКСР Ғылым академиясының Химия ғылымдары институты электрохимия саласындағы зертханасының негізінде Органикалық катализ және электрохимия институты құрылды.

*Академия наук КазССР. – Алма-Ата, 1978. – С.101-104.*

## Жыл бойғы оқиғалар

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі П.Т. Тәжібаева саз және сазды материалдарды зерттеу бойынша Халықаралық қауымдастықтың мүшесі болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1981. – № 8. – 17-б.*

ҚазКСР ҒА Президиумының шешімі бойынша республиканың барлық облысында Ғылым күні аталып өтті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1969. – № 8. – 65-б.*

## 1970

1970 жылдың 12-13 наурызында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Сессия жұмысын Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ш.Е. Есенов ашты.

Сессияда ҚазКСР ҒА академиктері мен корреспондент мүшелері сайланды: Ж.С. Ержанов (серпінділік және икемділік теориясы), Ш.Ш. Ибрагимов (ядролық физика), А.С. Сағынов (тау-кен ісі) ҚазКСР ҒА академигі; И.Я. Якушский (математика), Д.К. Қайыпов (физика), А.К. Каюпов, Г.Н. Щерба (кенорындарының геологиясы), С.Ш. Сейфуллин (пайдалы қазба кенорындарын барлау), Ж.С. Сыдықов (гидрогеология), Ж.М. Қаңлыбаева (тау-кен ісі және тау-кен көлігі), Г.Б. Жилинский (геохимия), Е.А. Бөкетов, А.М. Қонаев, А.О. Сонгина (металлургия), М.А. Соколов (пайдалы қазбаларды байыту), Б.А. Бірімжанов (бейорганикалық химия), Б.А. Жұбанов (жоғары молекулалық қосылыстар химиясы), С.С. Сүлейменов (силикаттар химиясы мен технологиясы), И.С. Сүлейменов (өсімдік шаруашылығы), А.Н. Илялетдинов (микробиология), С.Б. Бейсембаев (КОКП тарихы), Т.А. Әшімбаев (өнеркәсіп экономикасы), Н.Д. Жангелдин, А.Х. Қасымжанов (философия) ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1970. – № 3 (299). – 23-б.*

1970 жылдың 7 қарашасында Жезқазған тау-кен-металлургия комбинатымен Ащысай полиметаллкомбинатының шахталарында кен өндіруде кешенді механикаландырылған, өздігінен жүретін жабдықтарды пайдалана отырып, тау-кен жұмыстарына жаңа технологияларды дайындап, енгізгені үшін техника ғылымдарының докторы, ҚазКСР ҒА Тау-кен ісі институтының бөлім басшысы В.Ш. Шариповқа; металлургияда тұңғыш рет жоғары сапалы кабель өнімдерін күрт арттыратын оттегісіз мыстан үздіксіз құйма алатын кешенді-автоматтандырылған цехты дайындап, өнеркәсіпке енгізгені үшін техника ғылымдарының докторы, Ядролық физика институты зертханасының меңгерушісі А.Х. Пресняковқа КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Казахстанская правда. – 1970. – 7 нояб.*

ҚазКСР Ғылым академиясы Ядролық физика институтының Жоғары энергия физикасы бөлімшесінің негізінде Жоғары энергия физикасы институты ұйымдастырылды.

*Академия наук КазССР. – Алма-Ата, 1978. – С 64-66.*

## 1971

1971 жылдың 12 наурызында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Онда ҚазКСР ҒА президенті, академик Ш.Е. Есенов «1970 жылғы ҚазКСР ҒА қызметінің негізгі қорытындысы және КОКП XXIV съезі директивалар жобасы аясындағы міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 3 (311). – 3-б.*

1971 жылдың 20 наурызында қазақтың ұлы ақыны, ағартушы Абай Құнанбаевтың туғанына 125 жыл толуына арналған ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.295.*

1971 жылдың 18 маусымында Академияның құрылғанына 25 жыл толуына орай ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының мерейтойлық сессиясы өтті. Сессияны Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ш.Е. Есенов ашты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы В.К. Месяц Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Жоғарғы Кеңес Президиумы мен ҚазКСР Министрлер Кеңесінің республиканың Ғылым академиясына жазылған құттықтауын оқып берді. КСРО Ғылым академиясының президенті академик М.В. Келдыш КСРО ҒА Президиумының атынан құттықтау оқыды. ҚазКСР ҒА президенті Ш.Е. Есенов «ҚазКСР Ғылым академиясы – республиканың ғылым орталығы» деген тақырыпта баяндама жасады.

Республика Ғылым академиясының ғалымдарын УКСР ҒА вице-президенті А.А. Смирнов, БКСР ҒА вице-президенті К.В. Горев, Өзбек КСР ҒА президенті А.С. Садықов, ОАӘО әскери қолбасшысы Н.Г. Лященко, Әзербайжан КСР ҒА президенті Г.М. Багир-оглы Абдуллаев, Литва КСР ҒА Президиумының бас ғалым хатшысы К.А. Мешкаускас, МКСР ҒА вице-президенті В.А. Андрунакиевич, академик В.С. Соболев, КСРО орташа мәшине жасау министрінің орынбасары П.Я. Антропов, Қырғыз КСР ҒА президенті К.К. Каракеев, Тәжік КСР ҒА президенті М.С. Асимов, Армян КСР ҒА академигі А.Т. Бабаян, ТКСР ҒА президенті П.А. Азимов, КСРО ҒА Башқұрт филиалының төрағасы С.Р. Рафиков құттықтады.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығымен Қазақстан ғылымын дамытуға, ғылыми мамандар даярлау ісіне сіңірген еңбегі үшін ҚазКСР ҒА құрылғанына 25 жыл толуына байланысты ҚазКСР ҒА академиктері: Г.З. Бияшев, Ж.С. Ержанов, С.З. Зиманов, Ф.М. Мұхамедғалиев, А.Н. Нүсіпбеков, Ж.С. Тәжібаев; ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері: А.Н. Илялетдинов, А.К. Каюпов, Ғ.Ғ. Мұсабаев; филология ғылымдарының докторы И.Т. Дүйсембаев, А.К. Хасенова, физика-математика ғылымдарының докторы Г.И. Идлис, техника ғылымдарының докторы С.К. Калинин, Л.Ф. Козин, Л.П. Ни, И.А. Онаев, химия ғылымдарының докторлары Д.В. Соколов, Б.В. Суворов, биология ғылымдарының докторы С.Р. Шварцман т.с.с.



бір топ ғалымға «ҚазКСР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер» құрметті атағы берілді.

51 қызметкер ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, 24 қызметкер грамоталармен марапатталды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы.  
– 1971. – № 7 (315). – 11-20, 22-25-б.*

1971 жылдың 7 қарашасында КСРО қорғасын өнеркәсібіне электртермияны қолданып, асыл металдарды бөліп алу, алтын, күміс өндірісін арттыратын жаңа технологияны даярлап, енгізгені үшін ҚазКСР ҒА Металлургия және кен байыту институтының кіші ғылыми қызметкері В.П. Овчаренко, физика-математика ғылымдарының кандидаты, ҚазКСР ҒА Астрофизика институтының аға ғылыми қызметкері В.С. Матягинге КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Казахстанская правда. – 1971. – 7 нояб.;  
Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1983. – 402-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен кеңес ғылымы мен техникасын дамытуға, зерттеу нәтижелерін халықшаруашылығына енгізудегі зор еңбектері, КСРО бесжылдық жоспарын ойдағыдай орындауға қосқан үлесі үшін ҚазКСР ҒА бір топ ғалымдары КСРО орден-медальдарымен марапатталды:

«Ленин» орденімен – Е.В. Гвоздев, Ш. Есенов;

«Октябрь революциясы» орденімен – С.Н. Покровский;

«Еңбек Қызыл Ту» орденімен – Ж.Ж. Баярстанов, А.И. Дыдышко, А.М. Қонаев, А.В. Паршин, Д.А. Рожковский, М.Н. Ролдугин, Н.И. Смирнов, П.Т. Тәжібаева, В.В. Червяков, Ж.С. Тәкібаев;

«Құрмет белгісі» орденімен – О.А. Жәутіков, Л.И. Пачикина, Р.Ғ. Сыздықова, Л.И. Киселев, Е.Н. Кусов, С.Б. Бейсембаев, Б.А. Амантаев, Т. Ахатов, Т.Н. Бабин, М. Божеев, Е.Ф. Степанова;

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен – М.В. Бессчетнова, З.Т. Дубровина, Г.Д. Закумбаева, Т.Д. Неталиева.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 10. – 3-4-б.*

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумында [ҚазКСР ҒА академигі, Қарағанды политехникалық институтының ректоры А.С. Сағыновқа «Социалистік Еңбек Ері» атағын, сонымен қатар «Ленин» ордені мен «Орақ пен Балға» алтын медалін беру туралы].

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 9. – 3-б.*

Теңіз деңгейінен 2600 м. биіктіктегі Алматы көлінің аймағында ҚазКСР ҒА Астрофизика институтының короналды стансысы жұмыс жасай бастайды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.79.*

«Қазақстанның жер қойнауы» атты кітабы үшін ҚазКСР ҒА академигі Ш.Е. Есеновке, геология-минералогия ғылымдарының докторы С.М. Мұхамеджановқа, геология-минералогия ғылымдардың кандидаты Д.С. Қонаевқа Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1971. – № 7. – 73-б.*

## 1972

1972 жылдың 22-24 ақпанында республиканың халық-шаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогресс және ғалымдардың кезекті міндеттеріне арналған ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Сессияның жұмысына КСРО Ғылым академиясының бір топ ғалымдары, КСРО және ҚазКСР министрліктері мен ведомство басшылары, республикадағы партия қызметкерлері, қазақстандық ғалымдар қатысты.

Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Ш.Е. Есенов «Қазақ КСР халықшаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогресс және оның КОКП XXIV съезінің шешімдерін жүзеге асырудағы міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады.

ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясында президент сайлауы өтті. Жасырын дауыс беру нәтижесінде ҚазКСР ҒА академигі Ш.Е. Есенов ҚазКСР Ғылым академиясының президенті болып қайта сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1972. – № 3. – 13-25-б.*

1972 жылдың 30 наурызында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Оны ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, академик Ш.Е. Есенов ашты. Жалпы жиылыстың сессиясында ҚазКСР ҒА академиктері мен корреспондент мүшелері сайланды. А.К. Каюпов, Г.Н. Щерба (металлогения), Е.Д. Шлыгин (геология), С. Сүлейменов (силикаттар химиясы мен технологиясы), А.М. Қонаев (металлургия) ҚазКСР ҒА академигі; Т.И. Аманов, В.М. Амербаев (математика), С.К. Калинин (физика), А.М. Мұстафина (тау-кен ісі), С.М. Зубаков, И.А. Оңаев (металлургия), Б.В. Суворов, А.Ш. Шарифканов (химия), Е.В. Гвоздев (паразитология), Б.А. Амантаев, Д. Кішібеков (философия), Г.Ф. Дахшлейгер, Б.С. Сүлейменов (КСРО тарихы), А.И. Ысқақов, Ә.Т. Қайдаров (тіл білімі) ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі болып сайланды.

Сонымен қатар ұйымдастыру мәселелері де сөз болды. ҚазКСР ҒА академиктері: Д.В. Сокольский, А.Н. Нүсіпбеков, А.М. Қонаев ҚазКСР Ғылым академиясының вице-президенттері болып сайланды. Ғылым академиясы Президиумының академик хатшысы болып ҚазКСР ҒА академигі Ж.С. Ержанов, ҚазКСР ҒА Президиум мүшелері болып ҚазКСР ҒА академиктері – О.А. Жәутіков, И.И. Бок, Т.Б. Дарқанбаев, І.К. Кеңесбаев, С.Б. Бәйішев, И.Г. Галузо, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі болып Б.А. Жұбанов сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1972. – № 5 (325). – 9-10-б.*

1972 жылдың 15 тамызында ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының шешімімен Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының құрамында Археология мұражайы құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1973. – № 11 (343). – 65-67-б.*

1972 жылдың 1 қыргүйегінде Қарағанды мемлекеттік университеті ашылды.

*Советская наука. Итоги и перспективы. – М., 1982. – С. 550.*

1972 жылдың 14 желтоқсанында «Қазақ халқының батырлық жыры» атты монографиясы үшін КСРО ПҒА академигі М. Ғабдуллин мен филология ғылымдарының кандидаты Т. Сыдықовқа, «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы (1941-1945жж.) Қазақстанның колхоз шаруашылығы» атты монографиясы үшін тарих ғылымдарының докторы Т.Б. Балақаевқа 1972 жылғы Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1973. – № 4. – 3-б.*

1972 жылдың 27 желтоқсанында Қазақстан КП ОК және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің қаулысына сәйкес:

1) «Еңбек Қызыл Ту» орденді Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының қызметкерлері – Ш. Есенов, В.Г. Ли, Г.Н. Щерба, З.К. Қарғажанов, А.Т. Ситьколарға «Успенск тектоникалық аймағының геологиясы мен металлогениясы» атты еңбегі үшін;

2) кешентүзгіштерді пайдалана отырып, металлургиялық жартылай өнімдерді өндеуде жаңа электртермиялық тәсілдерді дайындап, енгізгені үшін Металлургия және кен байыту институтының қызметкерлері А.М. Қонаев, И.Р. Польшанний, Р.С. Демченколарға;

3) «Қазақстан энергетикасының даму негіздері» атты монографиясы үшін Қазақ энергетика ҒЗИ қызметкерлері –

Ш.Ш. Шөкинге, А.Б. Резняковқа ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1973. – № 1 – 77-б.  
Казахстанская правда. – 1972. – 28 дек. – С.3.*

## 1973

1973 жылдың 9 қыргүйегінде Шығыс ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуына орай ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы және Азия және Африка елдері жазушыларының V Халықаралық конференциясы өтті.

*Наука и техника СССР. 1917-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С. 468.*

Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігі Өлкелік патология ғылыми-зерттеу институтының Тағам гигиенасы және витаминология бөлімінің негізінде Тағамтану ғылыми-зерттеу институты құрылды.

*Алматы: Энциклопедия. – Алматы, 1996. – С.238.*

## 1974

1974 жылдың 10 қаңтарында ҚазКСР ҒА Президиумының қаулысымен Табиғатты қорғау және ресурстарын ұтымды пайдалануға байланысты Ғылыми кеңес құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.296.*

1974 жылдың 14 наурызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Тың және тыңайған жерлерді игерудің 20 жылдығына орай ҚазКСР ҒА Топырақтану институты «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.296.*

1974 жылдың 15 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Оны Ғылым академиясының вице-президенті, ҚазКСР ҒА академигі Д.В. Сокольский ашты.

Ғылым академиясы Президиумының академик хатшысы, ҚазКСР ҒА академигі Ж.С. Ержанов Ғылым академиясының 1973 жылғы қызметі туралы баяндама жасады.

ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясында ұйымдастыру мәселесі де сөз болды. Ш.Е. Есеновтың ҚазКСР Геология министрі болып тағайындалуына байланысты ҚазКСР Ғылым академиясының президенті болып ҚазКСР ҒА вице-президенті, ҚазКСР ҒА академигі А.М. Қонаев сайланды.

Сессияда «Мәдени революция жөніндегі лениндік идеяның Қазақстандағы жеңісі» атты монографиясы үшін тарих ғылымдарының докторы Р. Сүлейменовке, «Социализм кезіндегі құқықтық құрылымдар дамуындағы қарама-қайшылықтар» (Противоречия в развитии правовой надстройки при социализме) атты монографиясы үшін заң ғылымдарының докторы М.Т. Баймахановқа Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық иегерлерінің дипломдары табысталды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1974. – № 4 – 3-4-б.*

1974 жылдың 23 мамырында КСРО Ғылым академиясының 250 жылдық мерейтойына орай ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Оны ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Б.Ә. Әшімов ашты. Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі А.М. Қонаев «КСРО Ғылым академиясының 250 жылдығы және Қазақстандағы ғылымның дамуы» деген тақырыпта баяндама жасады. Сессияда КСРО ҒА делегация басшысы, академик В.И. Смирнов сөз сөйледі.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1974. – № 6. – 7-б.*

1974 жылдың 26 қарашасында Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі А.М. Қонаев КСРО ҒА корреспондент мүшесі (бейорганикалық материалдардың физика-химиясы мен технологиясы) болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1975. – № 1 – 128-131-б.*

## Жыл бойғы оқиғалар

1974 жылы «Жерасты құрылыстарының беріктігі мен тұрақтылығын есептеу мақсатында тау жыныстарын және сырғыштығын зерттеу» атты еңбегі үшін жұмыс жетекшісі Ж.С. Ержанов пен А.С. Сағыновқа; катализге байланысты жұмыс циклі үшін Органикалық катализ және электрохимия институты қызметкерлеріне – жұмыс жетекшісі Д.В. Сокольский, Я.А. Дорфман, К.А. Жұбанов, Г.Д. Закумбаева, Н.М. Поповаларға; «Тұмау микровирусының молекулалық биологиясы» атты еңбегі үшін ҚазКСР ҒА Микробиология және вирусология институтының қызметкерлері – Х.Ж. Жұматов, Д.С. Архангельский, Н.Б. Ахматуллина, Е.С. Исаеваларға; «Асулар алда» атты монографиясы үшін М.Қ. Қаратаевқа ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Казахстанская правда. – 1974. – 11 дек.*

## 1975

1975 жылдың 3 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. Оны ҚазКСР ҒА президенті, академик А.М. Қонаев ашты.

Сессия Ғалам мен Жер туралы ғылымдар бөлімшесіндегі Ионосфера секторы мен Астрофизика институтын Физика-математика ғылымдары бөлімшесіне қосу, сол себепті Ғалам мен Жер туралы ғылымдар бөлімшесін «Жер туралы ғылым бөлімшесі» деп атау туралы шешім қабылдады.

Жалпы жиылыстың сессиясында Полухин П.И. (металлургия және металдар технологиясы), Букетов Е.А. (металлургия), Жұбанов Б.А. (жоғары молекулалық қосылыстар химиясы), Беклемишев Н.Д. (иммунология мен аллергология), Қаратаев М.К. (әдебиеттану), Бейсембаев С.Б., Төлепбаев Б.А. (КОКП тарихы) ҚазКСР ҒА академигі; Сұлтанғазин Б.А. (математика), Г.Б. Померанцев (ядролық физика – ядролық энергетика), Абдулин А.А. (аймақтық геология), Балғожин Ш.А.-Г. (тау-кен ісі), Ни Л.П., Пономарев Е.И. (металлургия), Батталова Ш.

(химия), Полимбетова Ф.А. (ботаника), Мурзамадиев А., Тәшенов К.Т., Шығайева М.Х. (жалпы биология), Рақышев А.Р. (адам анатомиясы), Атшабаров Б.А. (гигиена мен профпатология), Әубәкіров Я.А. (экономика), Әбділдин Ж.М. (философия), Ахметов З.А., Дүйсенбаев И.Т., Лизунова Е.В. (әдебиеттану), Аханов К.А. (қазақ тіл білімі), Садвакасов Қ.С. (ұйғыртану), Баймаханов М.Т., Сартаев С.С. (кұқық) ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1975. – № 5. – 51-53-б.*

1975 жылдың 11 сәуірінде «Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1969 жылдың 16 мамырындағы «Қазақ КСР Ғылым академиясының жарғысы туралы» №317 қаулысын ішінара өзгерту туралы» Қазақ КСР Министрлер Кеңесі №202 қаулыны қабылдады. Онда: «б. Қазақ КСР Ғылым академиясының құрамына 1. Физика-математика ғылымдары бөлімшесі; 2. Жер туралы ғылым бөлімшесі; 3. Химия-технологиялық ғылымдар бөлімшесі; 4. Биология ғылымдары бөлімшесі; 5. Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі енеді. Бөлімшелер ҚазКСР Ғылым академиясы мүшелерін тиісті салалар мен ғылым бағыттары бойынша біріктіреді» деген өзгерту енгізілді.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
– 1975. – сәуір. – 216-220-б.*

1975 жылдың 9 шілдесінде Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының ғимаратында ҚазКСР ҒА академигі Р.А. Борукаевқа арналған мемориалды тақта ашылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1975. – № 10. – 77-б.*

1975 жылдың 5 тамызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен кеңес ғылымын, экономикасы мен мәдениетін дамытуға қосқан үлесі, біліктілігі жоғары ғылыми маман даярлаудағы еңбегі үшін ҚазКСР Ғылым академиясы «Халықтар Достығы» орденімен марапатталды.

*Казахстанская правда. – 1975. – 6 авг.*



1975 жылдың 11-13 қыргүйегінде Алматыда «әл-Фараби және Шығыс елдерінің ғылымы мен мәдениетінің дамуы» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Онда КСРО ҒА корреспондент мүшесі, ҚазКСР ҒА президенті А.М. Қонаев баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1975. – № 10. – 3-7-б.*

1975 жылдың 12 қыргүйегінде ҚазКСР Ғылым академиясына «Халықтар Достығы» орденін тапсыруға арналған ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Онда ҚазКСР Жоғары Кеңесі Президиумының төрағасы С.Б. Ниязбеков сөйледі.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1975. – № 11. – 5-6-б.*

1975 жылдың 22-27 қыргүйегінде Алматыда жалпы және қолданбалы химия бойынша XI Менделеев съезі өтті. Съезге 2184 делегат, 13 елден 128 ғылым өкілі қатысты.

Съезд жұмысына КСРО ҒА 26 академигі мен 57 корреспондент мүшесі, одақтас республикалардың Ғылым академияларынан 83 академик, 82 корреспондент мүше, 501 ғылым докторы, 658 ғылым кандидаты, 59 министр мен министрлердің орынбасарлары қатысты.

Съезді XI Менделеев съезін ұйымдастыру комитетінің төрағасы КСРО Ғылым академиясының вице-президенті, академик Ю.А. Овчинников ашты. Съезде 16 секция, 1 бөлімше жұмыс істеді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1975. – № 11. – 24-30-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

КСРО ҒА Президиумы аурулардың табиғи ошағын зерттеуге қатысты еңбектері үшін ҚазКСР ҒА академигі И.Г. Галузоға 1975 жылғы Е.М. Павлов атындағы Алтын медальді табыстады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1975. – № 5. – 78-б.*

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен КСРО ҒА 250 жылдығына орай кеңес ғылымын дамытудағы еңбегі үшін КСРО ҒА корреспондент мүшесі А.М. Қонаевқа «Октябрь революциясы» ордені, ҚазКСР Ғылым академиясының академигі Н.А. Добротин мен КСРО ҒА корреспондент мүшесі С.Р. Рафиковқа «Еңбек Қызыл Ту» ордені берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1975. – № 11. – 67-б.*

## 1976

1976 жылдың 18 наурызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен кеңес ғылымы мен техникасын дамыту, зерттеу нәтижелерін халық шаруашылығына енгізуге байланысты тоғызыншы бесжылдықтың тапсырмаларын жүзеге асырудағы жетістіктері үшін ҚазКСР ғалымдарына КСРО ордендері мен медальдары берілді. Атап айтқанда: ҚазКСР ҒА академигі А.Н. Нүсіпбековке «Ленин» ордені, ҚазКСР ҒА академиктері – Ш.Ш. Ибрагимов, Б.А. Жұбанов, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері – В.М. Боровский, Ф.А. Полимбетовтерге «Еңбек Қызыл Ту» ордені, Физиология институтының зертхана меңгерушісі Л.Э. Бөлекбаева, Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері Н.Х. Демесинова, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Д.Е. Еренов, ҚазКСР ҒА академигі Ж.С. Ержанов, Эксперименттік биология институтының зертхана меңгерушісі А. Мырзамадиев Металлургия және кен байыту институты директорының орынбасары Л.П. Ни, Органикалық катализ және электрохимия институтының зертхана меңгерушісі Н.М. Попова, Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының зертхана меңгерушісі Д.Е. Шлыгиндерге «Құрмет белгісі» ордені, Тау-кен ісі институты механикалық шеберханасының слесарі А.С. Асорин, «Ғылым» баспасының қызметкері В.К. Талашкинге III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордені берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1976. – № 5. – 78-б.*

1976 жылдың 20-21 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Оны Ғылым академиясының

президенті, КСРО ҒА корреспондент мүшесі А.М. Қонаев ашты. Сессияда Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаттарына дипломдар табысталды.

ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, КСРО ҒА корреспондент мүшесі А.М. Қонаев «КОКП XXIV съезі және ҚазКСР ҒА ғалымдарының міндеттері» тақырыбында баяндама жасады. Жалпы жиылыстың сессиясында ұйымдастыру мәселелері де қарастырылды. ҚазКСР ҒА академигі Б.А. Төлепбаев Ғылым академиясының вице-президенті болып сайланды, ҚазКСР ҒА академиктері: О.А. Жәутіков, Ж.С. Ержанов, Б.А. Жұбанов, Т.Б. Дарқанбаев, Н.А. Добротин, С.З. Зиманов, А.Н. Нүсіпбеков, Д.В. Сокольский; ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері: З.А. Ахметов, А.А. Абдуллин, Ш.А.-Г. Балғожин, Е.В. Гвоздев Ғылым академиясы Президиумының мүшелері; ҚазКСР ҒА академигі С.З. Зиманов ҚазКСР ҒА Президиумының бас ғалым хатшысы болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1976. – № 5. – 3-5-б.*

1976 жылдың 22 сәуірінде ҚазКСР ҒА Ботаника институты зертханасының меңгерушісі, биология ғылымдарының кандидаты М.А. Айтхожинге жасушааралық бөлшектердің жаңа тобы – информсомдарды анықтап, зерттеудегі еңбектері үшін «Ленин» сыйлығы берілді.

*Правда. – 1976. – 22 апр.*

1976 жылдың 30 маусымында ҚазКСР Ғылым академиясының құрылғанына 30 жыл толуына орай ҚазКСР Ғылым академиясының мерейтойлық сессиясы болды. Сессияны ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, КСРО ҒА корреспондент мүшесі А.М. Қонаев ашты.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, Жоғарғы Кеңес Президиумы, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің ҚазКСР Ғылым академиясын құттықтау хатын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы А.Г. Коркин оқып берді.

ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, КСРО

ҒА корреспондент мүшесі А.М. Қонаев «ҚазКСР Ғылым академиясына – 30 жыл» деген тақырыпта баяндама жасады.

КСРО Ғылым академиясының президенті, академик А.П. Александров Президиумның және бүкіл КСРО ҒА мүшелерінің атынан республика ғалымдарын айтулы мерекесімен құттықтады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1976. – № 7. – 5-8-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

1976 жылдың маусым айында «ҚазКСР Ғылым академиясының баспа қызметі туралы» ҚазКСР ҒА Президиумының қаулысы қабылданды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.281.*

Қазақ және Қырғыз республикаларындағы ауылшаруашылық, сушаруашылық, орманшаруашылық мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіп, ғылыми-әдістемелік, үйлестіру жұмыстарын жүзеге асыратын В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдарының академиясы (ВАСХНИЛ) Шығыс бөлімшесі құрылды.

*Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия.  
– Алматы, 1988. – 3-том. – 150-б.;*

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве  
в Республике Казахстан и его научном обеспечении.  
– Алматы, 2004. – С.135-136.*

Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының Сейсмология бөлімшесі мен Математика және механика институты қолданбалы механиканың үш зертханасының негізінде ҚазКСР Ғылым академиясының Сейсмология институты құрылды.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).  
– Алма-Ата, 1981. – С.296.*

«Дифференциалдық теңдеулердің шексіз жүйесі» атты еңбегі үшін О.А. Жәутіковке, «Каспий маңы ойпатындағы мұнай-газды терең барлау ұнғымаларында бұрғылау жылдамдығын арттырып, шығынды азайтуға бағытталған геология-технологиялық және техникалық іс-шаралар кешенін әзірлеп, енгізу» атты еңбегі үшін А.К. Қуанышевқа ҚазКСР-інің 1976 жылғы Мемлекеттік сыйлықтары табысталды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1977. – № 1. – 72-б.*

## 1977

1977 жылдың 18 ақпанында республикамызда экономика ғылымын дамытып, ғылыми мамандарды даярлаудағы еңбегі үшін ҚазКСР ҒА Экономика институтына Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы табысталды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1977. – № 3. – 77-б.*

1977 жылдың 6 сәуірінде ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясы болып, филология ғылымын дамытудағы елеулі еңбектері үшін ҚазКСР ҒА академигі Ғ.М. Мүсіреповке 1976 жылғы «Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты» дипломы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1977. – № 5. – 3-4-б.*

1977 жылдың 6 желтоқсанында ҚазКСР Министрлер Кеңесі «Қазақ КСР Ғылым академиясының Жарғысы туралы» №548 қаулыны қабылдады. Аталған қаулыға сәйкес ҚазКСР ҒА ҚазКСР-дағы ең жоғары ғылыми мекеме ретінде танылды, академия мүшелігіне республика ғылымын дамытуға зор үлес қосып жүрген аса көрнекті ғалымдар қабылданады. Ғылым академиясының мақсаты – жаратылыстану, техника және қоғамдық ғылымдар бойынша іргелі зерттеулер жүргізу; техникалық прогрестің түбегейлі жаңа жолдарын тауып, оларды халық шаруашылығына енгізуге байланысты ғылыми ұсыныстар

даярлау. ҚазКСР Ғылым академиясы құрамы Физика-математика ғылымдарының бөлімшесі; Жер туралы ғылымдар бөлімшесі; Химия-технологиялық ғылымдар бөлімшесі; Биологиялық ғылымдар бөлімшесі; Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі; Қарағанды қаласындағы Ғылым бөлімшесі ретінде белгіленді.

*Қазақ ССР заңдарының жинағы. – 1986. – Т. 5. – 35-46-б.*

ҚазКСР ҒА Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының аға ғылыми қызметкері, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты Т.Г. Қаймырасоваға КСРО-ның 1977 жылғы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Алматы: Энциклопедиялық анықтама. – Алматы, 1983. – 351-б.*

## 1978

1978 жылдың 23 наурызында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. ҚазКСР ҒА Президиумының бас ғалым хатшы қызметін атқарушы, химия ғылымдарының докторы Н.К. Надиров Ғылым академиясының 1977 жылғы қызметі туралы баяндама жасады.

Жалпы жиылыстың сессиясында ұйымдастыру мәселелері де қарастырылды. КСРО ҒА корреспондент мүшесі, ҚазКСР ҒА академигі А.М. Қонаев ҚазКСР ҒА президенті, Президиум мүшесі болып қайта сайланды, академик Ш.Ш. Ибрагимов ҚазКСР ҒА вице-президенті, Ғылым академиясының Президиум мүшесі болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1978. – № 5. – 3-4-б.*

1978 жылдың 27 маусымында Қазақстан Компартиясы ОК және ҚазКСР Министрлер Кеңесі «Республикада ғылыми-техникалық прогресті жетілдіріп, ғылым мен өндірістің байланысын нығайтудағы кейбір шаралар туралы» №274 қаулыны қабылдады. Соған байланысты жартылай өндірістік сынақтар жүргізу үшін

ҚазКСР Ғылым академиясына тәжірибе-эксперимент цехтары, карамағындағы кәсіпорындардан жер телімдері бөлінетін болды.

ҚазКСР ҒА президенті басқаратын, жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіретін Республикалық мекемеаралық кеңес құрылды. ҚазКСР мекемелері мен министрліктерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарлары Кеңеспен келісілген соң ҚазКСР ҒА бекітетін болды.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары. – 1978. – маусым. – 218-222-б.*

1978 жылдың 7 қарашасында қоршаған ортаны қорғау, бағалы кенді тұтастай алуға мүмкіндік беретін мыс, қорғасын, мырыш өндірісінің жаңа кивцэтті технологиясын игеріп, даярлаудағы еңбегі үшін ҚазКСР ҒА Металлургия және кен байыту институтының қызметкерлері – А.М. Қонаев, С.М. Қожахметов, А.И. Зазубин, Е.Л. Шалавиналарға 1976 жылғы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1978. – № 12. – 71-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

«Мұғалжар жер қыртысын кешенді зерттеу және Орал, Тянь-Шань мен Орталық Қазақстанның тектоникалық құрылымдар мәселесі» атты еңбегі үшін А.А. Абдулин, А.В. Авдеев, Д. Әлмұханбетов, М.А. Қасымов, Б.С. Цирельсон;

1960-1974 жылдары жарияланған «Қазақстан құстары» атты бес томдық монографиясы үшін Э.И. Гаврилов, А.Ф. Ковшар, М.Н. Корелов, М.А. Кузьмин, В.Ф. Гаврин, И.А. Долгушин;

«Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» үшін І.К. Кеңесбаев сынды ҚазКСР Ғылым академиясының ғалымдарына Ғылым мен техника саласындағы ҚазКСР-інің 1978 жылғы Мемлекеттік сыйлықтары табысталды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1978. – № 12. – 71-б.*

«Ой әуендері» атты мақалалар жинағы үшін ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Ғ. Мұстафинге Абай атындағы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Қазақтың «Ленин» орденді Абай атындағы академиялық Опера және балет театры қойған (жаңа редакция) «Абай» операсы үшін А.Қ. Жұбановқа (қайтыс болғаннан кейін) К. Байсейітова атындағы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1978. – № 12. – 71-б.  
Казахстанская правда. – 1978. – 16 дек.*

«Өнеркәсіп өндірісінің тиімділігі» атты монографиясы үшін ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Т.А. Әшімбаевқа Ш. Уәлиханов атындағы 1977 жылғы бірінші сыйлық;

«Ферғана аңғарындағы ұйғырлардың тілі» атты монографиясы үшін ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Қ.С. Садвақасовқа Ш. Уәлиханов атындағы 1977 жылғы екінші сыйлық берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1978. – № 5. – 3-б.*

## 1979

1979 жылдың 12 қаңтарында ҚазКСР Министрлер Кеңесі «Жаратылыстану және қоғамдық ғылым салалары бойынша ғылыми зерттеулерді үйлестіретін Республикалық мекемеаралық кеңес мәселелері» атты №16 қаулыны қабылдады. «Ереже» мен Жаратылыстану және қоғамдық ғылым салалары бойынша ғылыми зерттеулерді үйлестіретін Республикалық мекемеаралық кеңестің құрамы бекітілді: Кеңестің төрағасы – ҚазКСР ҒА президенті А.М. Қонаев; Кеңес төрағасының орынбасарлары – ҚазКСР ҒА вице-президенті Е.В. Гвоздев, ҚазКСР Жоғары және орта арнайы білім беру министрі Т.К. Катаев, ҚазКСР Мемлекеттік жоспарлау төрағасының орынбасары А.Т. Ситько.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
– 1979. – қаңтар. – 57-63-б.*



1979 жылдың 28 ақпанында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Кеңес ғылымының күні» мерекесі белгіленді. Ол жыл сайын сәуір айының үшінші жексенбісінде тойланады.

*Советская наука. Итоги и перспективы.*  
– М., 1982. – С.554.

1979 жылдың 13 сәуірінде ҚазКСР ҒА Кеңес ғылымы күнін тойлауға арналған, қаладағы ғылыми қауымдастық өкілдері қатысқан алғашқы салтанатты жиналыс өтті.

*Наука Советского Казахстана (1920-1980).*  
– Алма-Ата, 1981. – С.297.

1979 жылдың 26 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. Жалпы жиылыстың сессиясында Ө.А. Жолдасбеков (мәшине және механизмдер теориясы), А. Абдулин (аймақтық геология), Е.В. Гвоздев (паразитология) ҚазКСР ҒА академигі; Т.А. Лукьянов (қолданбалы математика), В.Н. Околович (атом ядросының физикасы), Т.Б. Омаров (астрофизика), Ш. Алтаев, И.И. Попов (тау-кен ісі), У.А. Аяпов (физика-химия және бейорганикалық құрылыс материалдарының технологиясы), Г.Д. Закумбаева (органикалық катализ), Р.А. Исакова, С.М. Қожахметов (металлургия), Н.К. Надиров (мұнай химиясы), М.А. Айтхожин (молекулярлық биология), У.Б. Баймұратов (экономика), М.К. Қозыбаев, Р.Б. Сүлейменов (КСРО тарихы), Ш.К. Сәтбаева (әдебиеттану), Р.Ғ. Сыздықова (тіл білімі) ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері болып сайланды.

Сессияда ұйымдастыру мәселелері де қарастырылды. ҚазКСР ҒА академигі Е.В. Гвоздев Ғылым академиясының вице-президенті, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Н.К. Надиров ҚазКСР ҒА Президиум мүшесі болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1979. – № 6. – 3-4-б.*

## Жыл бойғы оқиғалар

Социалистік кезеңдегі Қазақстан тарихы бойынша жазылған еңбектері үшін ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Г.Ф. Дахшлейгерге Ш. Уәлиханов атындағы 1978 жылғы бірінші сыйлық;

«Іле Алатауының мұздықтары» атты монографиясы үшін география ғылымдарының кандидаты Ғ.А. Тоқмағамбетовке Ш. Уәлиханов атындағы 1978 жылғы екінші сыйлық берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1979. – № 6. – 3-4-б.*

Нуклеопротеидтердің қызметі мен құрылымына арналған еңбектері үшін биология ғылымдарының кандидаты Х.И. Дошановқа, ҚазКСР ҒА Ботаника институтының кіші ғылыми қызметкерлері – Н.Г. Филиппов пен Б.К. Ысқақовқа 1979 жылғы «Ленин комсомолы» сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1979. – № 12. – 65-б.*

## 1980

1980 жылдың 3 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясында Ғылым академиясы Жарғысына енгізілген өзгерістер, ҚазКСР ҒА ғылыми-зерттеу институты туралы Ереже бекітілді.

ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысында ұйымдастыру мәселелері де қарастырылды. КСРО ҒА корреспондент мүшесі А.М. Қонаев ҚазКСР Ғылым академиясының Президиум мүшесі әрі президенті болып қайта сайланды.

ҚазКСР ҒА академиктері – Е.В. Гвоздев, Ш.Ш. Ибрагимов, Б.А. Төлепбаевтар Ғылым академиясының Президиум мүшелері әрі вице-президенттері болып сайланды. ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Н.К. Надиров Ғылым академиясының Президиум мүшесі әрі Президиумның бас ғалым хатшысы болып сайланды.

ҚазКСР ҒА академиктері – О.А. Жәутіков, Ж.С. Ержанов, Ж.С. Жұбанов, Т.Б. Дарқанбаев, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі

З.А. Ахметовтер Президиум мүшелігіне сайланып, ҚазКСР ҒА бөлімшелерінің академик хатшылары болып тағайындалды. Сондай-ақ ҚазКСР ҒА академиктері – А.А. Абдулин, А.А. Добротин, І.К. Кеңесбаев, А.Н. Нүсіпбеков, Д.В. Сокольский, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Ш.А.-Г. Балғожин ҚазКСР ҒА Президиум мүшелігіне сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1980. – № 5. – 3-4-б.*

1980 жылдың 15 сәуірінде Қазақстан Компартиясы ОК және ҚазКСР Министрлер Кеңесі «Ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыра түсу үшін ҚазКСР Ғылым академиясының материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған шаралар туралы» №161 қаулыны қабылдады. ҚазКСР Ғылым академиясының материалдық-техникалық базасын дамыта түсу, зерттеулердің тиімділігін арттыру, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму мәселелері бойынша маңызды шешім қабылдауда ҚазКСР Ғылым академиясы ғылыми мекемелерінің үлесін арттыру мақсатында 1981-1985 жылдары салынатын ҚазКСР ҒА ғылыми-өндірістік нысандарының тізбесі (22), 1981-1985 жылдары салынатын ҚазКСР ҒА әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық нысандарының тізбесі (15), 1981-1985 жылдары қайта жобаланатын ҚазКСР ҒА нысандарының тізбесі (21) бекітілді.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
– 1980. – сәуір. – 57-64-б.*

1980 жылдың 20 мамырында Алматыда КСРО Ғылым академиясы Президиумының жанындағы одақтас республикалардағы Ғылым академиялардың ғылыми қызметін үйлестіретін кеңестің кезекті XXXVII сессиясы өтті.

КСРО ҒА үйлестіру кеңесінің төрағасы, КСРО ҒА президенті, академик А.П. Александров басқарған сессияның жұмысына КСРО ҒА вице-президенті, академик П.Н. Федосеев, КСРО Ғылым академиясы Президиумының бас ғалым хатшысы, КСРО ҒА корреспондент мүшесі Г.К. Скрябин, КСРО ҒА Жалпы және техникалық химия бөлімшесінің академик хатшысы,

академик Н.М. Эмануэль, КСРО ҒА Жалпы физика және астрономия бөлімшесінің академик хатшысы, академик А.М. Прохоров, одақтас республикалардағы Ғылым академияларының президенттері мен Президиумдарының бас ғалым хатшылары, КСРО ҒА ғылыми орталықтары мен филиалдарының төрағалары, еліміздің көрнекті ғалымдары қатысты.

Сессия талқыланған мәселелер бойынша қаулы қабылдады. Сессияға қатысушылар ҚазКСР ҒА ғылыми мекемелері және қаланың өнеркәсіп орындарымен танысып, мұражайға, «Ғылым–80» халықаралық көрмесіне барды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1980. – № 7. – 3-4-б.*

1980 жылдың 7 қарашада алюминий өнеркәсібінің шикізат қорын кеңейтуге ықпал еткен, сапасы төмен бокситті қайта өңдеудің жаңа тәсілдерін дайындап, өнеркәсіпке енгізгені үшін Л.П. Ни, Т.Б. Тұрсынбаевтарға 1980 жылғы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1980. – № 11. – 78-80-б.*

1980 жылдың 11 желтоқсанында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен ҚазКСР ҒА Металлургия және кен байыту институты «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

*Правда. – 1980. – 7 нояб.;*

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1980. – № 11. – 79-б.*

1980 жылдың 23 желтоқсанында ҚазКСР Министрлер Кеңесі «Жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіретін Республикалық мекемеаралық кеңестің құрамын ішінара өзгерту туралы» №471 қаулыны қабылдады, соған байланысты оның құрамына Т.М. Әлжанов (КСРО минералды тыңайтқыштар өндірісі министрлігі Бүкілодақтық мемлекеттік фосфор өнеркәсібі (Одақфосфор) шаруашылық есеп бірлестігінің бастығы); Е.А. Аратцев (ҚазКСР мелиорация және сушаруашылық министрінің

бірінші орынбасары); К.У. Медеубеков (В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылығы ғылымдарының академиясы Шығыс бөлімшесі Президиумының төрағасы); Ш.Б. Молдабеков (ҚазКСР Жоғары және орта арнайы білім беру министрлігі Қазақ химия-технология институтының ректоры) енгізілді.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
– 1980. – желтоқсан. – 84-85-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

«Өңірдегі жерасты су қорын бағалаудың ғылыми негіздері және Қазақстанның гидрогеологиялық карталар кешені» атты еңбегі үшін ҚазКСР ҒА Гидрогеология және гидрофизика институтының қызметкерлері У.М. Ахмедсафин, М.Х. Джабасов, Ж. Сыдықов, С.Ж. Жапарханов, Б.М. Шапиrow, В.Ф. Шлыгина;

«Бозашы түбегіндегі мұнайдың жоғары тұтқырлығын кешенді зерттеу, құбыр желісі көлігіне технология даярлап, енгізу» атты еңбегі үшін ҚазКСР ҒА Мұнай және табиғи тұздар химиясы институтының қызметкерлері – Н.К. Надиrow, Б.У. Оразғалиевтерге;

«Аллергологияның өңірлік мәселелерін даярлау, аллергия ауруларын емдеу тәсілдерін жетілдіру, Қазақстандағы аурулардың емделуін ұйымдастыру» атты еңбегі үшін ҚазКСР Денсаулық сақтау министрлігі Қазақ эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері – Н.Д. Беклемишев, Р.К. Ермакова, В.С. Мошкевич, Г.С. Суходоеваларға ҚазКСР 1980 жылғы Мемлекеттік сыйлығы табысталды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1980. – № II. – 78-80-б.*

КСРО ҒА Президиумы «Күйіс қайыратын жануарлардың өкпе нематодтары және олармен күресу шаралары» атты еңбектері үшін ҚазКСР ҒА академигі С.Н. Боевқа К.И. Скрябин атындағы сыйлық тағайындады.

*Ежегодник БСЭ. 1981. – М., 1981. – С.76.*

«М.О. Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихы мәселелері» атты монографиясы және М.О. Әуезов шығармашылығы бойынша жұмыс топтамасы үшін тарих ғылымдарының докторы Л.М. Әуезоваға Ш. Уәлиханов атындағы 1979 жылғы бірінші сыйлық;

«1905-1907 жылдардағы Қазақстанның революциялық қозғалысы» атты монографиясы және Қазақстандағы революциялық қозғалыс тарихына қатысты жарияланымдары үшін ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Б.С. Сүлейменовке Ш. Уәлиханов атындағы 1979 жылғы екінші сыйлық берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1980. – № 5. – 3-б.*

ҚазКСР Ғылым академиясының Президиумы мен Республикалық түсті металлургия министрлігі Президиумының бірлескен отырысында ғылыми-техникалық прогресс және 1981-1985 жылдары ҚазКСР Ғылым академиясы мен ҚазКСР Түсті металлургия министрлігі орындайтын іргелі және қолданбалы зерттеулердің ғылыми нәтижелерін практикаға ендіруге байланысты бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибе жұмыстарының жоспарын бекіту мәселелері қарастырылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1980. – № 2. – 3-б.*

## 1981

1981 жылдың 14 сәуірінде ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясында «Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы және дәстүрі» атты монографиясы үшін ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі З.А. Ахметовке 1980 жылғы «Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты» дипломы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1981. – № 6. – 3-5-б.*

1981 жылдың 30 маусымында «Медицина үшін іргелі зерттеулерді дамыту» деген тақырыпта Республикалық Денсаулық сақтау министрлігі мен ҚазКСР Ғылым академиясы бірлескен Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Жиылысты ҚазКСР Ғылым

академиясының президенті, КСРО ҒА корреспондент мүшесі А.М. Қонаев ашты.

Сессияға қатысушылар Республикалық денсаулық сақтау министрі, КСРО МҒА корреспондент мүшесі Т.Ш. Шармановтың «Қазақстандағы медицина ғылымы және денсаулық сақтау мәселесінің келешегі мен қорытындылары» деген тақырыптағы баяндамасын тыңдады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1981. – № 9. – 3-б.*

ҚазКСР Ғылым академиясының Президиумы мен ҚазКСР Геология министрлігінің алқасы бірлескен мәжілісінде, 1981-1985 жылдардағы бірлесе атқаратын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік жұмыстар және оны өндіріске енгізу жоспарын бекіту туралы мәселелер қаралды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1981. – № 7. – 3-б.*

1981 жылдың 22 қазанында КСРО Ғылым академиясының Президиумы «Қазақ КСР Ғылым академиясы ғылыми зерттеулерінің келешегі және негізгі бағыттары туралы» №1079 қаулыны қабылдады.

КСРО ҒА Президиумының секцияларына ҚазКСР ҒА-ның 1982-1984 жылдары Физика-техника институтын, Органикалық синтез және көмір химиясы институтын, (Қарағанды қ.), Экология және табиғатты қорғау институтын, География институтын, Археология институты мен Мемлекет және құқық институтын ұйымдастыру туралы ұсыныстарын қарастыру тапсырылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1982. – № 7. – 11-20-б.*

1981 жылдың 28 желтоқсанында КСРО Ғылым академиясы мүшелері сайланды. Физика-химия және бейорганикалық материалдар технологиясы бөлімшесі бойынша ҚазКСР Ғылым академиясының президенті А.М. Қонаев (физика-химия және бейорганикалық материалдар технологиясы) Академияның толық мүшесі (академик); тарих бөлімшесі бойынша ҚазКСР ҒА вице-

президенті, ҚазКСР ҒА академигі Б.А. Төлепбаев (КСРО тарихы) корреспондент мүше болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1982. – № 4. – 133-б.*

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1982. – № 2. – 8-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

«Еңбек Қызыл Ту» орденді ҚазКСР ҒА Металлургия және кен байыту институты;

Ғалымдар – Н.Б. Ахматуллина, Н.А. Байтенов, А.В. Бурякова, В.Н. Гросс, Г.К. Ерғалиев, К.Б. Ержанов, Г.Д. Закумбаева, Р.А. Исакова, В.В. Кирсанов, А.Ф. Ковшарь, В.В. Колесников, В.Н. Михайличенко, Қ.Х. Нұғыманов, Е.И. Нұрпейісов, Б.И. Павлов, М.К. Сүлейменов, Р.Ғ. Сыздықова, В.К. Талашкин, Л.Н. Шелудяков Қазақ КСР Алтын Құрмет кітабына енді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1981. – № 6. – 59-б.*

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен кеңес ғылымы мен техникасын дамыту, зерттеу нәтижелерін халық шаруашылығына енгізуге байланысты оныншы бесжылдықтың тапсырмаларын жүзеге асырудағы жетістіктері үшін ҚазКСР ҒА бір топ ғалымдарына КСРО ордендері мен медальдары берілді. Атап айтқанда: ҚазКСР ҒА академигі Б.А. Төлепбаевқа «Ленин» ордені, ҚазКСР ҒА академиктері – Е.В. Гвоздев, А.А. Абдулин, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Н.К. Надировқа «Еңбек Қызыл Ту» ордені, ҚазКСР ҒА академигі В.М. Кельман, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Т.А. Әшімбаевқа «Халықтар Достығы» ордені, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері – Т.Б. Омаров, Б.В. Суворов, Ж.М. Абдильдин, А.Н. Илялетдинов, техника ғылымдарының докторы А.И. Зазубин, И.Р. Полывянный, тарих ғылымдарының кандидаты К.А. Ақышев, физика-математика ғылымдарының кандидаты М.П. Рудина, география ғылымдарының кандидаты Г.А. Токмағамбетовке «Құрмет белгісі» ордені берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1981. – № 6. – 58-59-б.*



1982 жылдың 7 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. ҚазКСР ҒА Президиумының бас ғалым хатшысы, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Н.К. Надиров 1981 жылғы Ғылым академиясының негізгі нәтижелері туралы баяндама жасады.

Жалпы жиылыстың сессиясында ұйымдастыру мәселелері де қарастырылды. ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі С.М. Қожахметов вице-президент, ҚазКСР Ғылым академиясының Президиум мүшесі болып, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі М.А. Айтхожин ҚазКСР ҒА Президиум мүшесі болып сайланды. ҚазКСР ҒА академигі Ә.С. Сағыновқа Ғылым академиясы Қарағанды бөлімшесінің ұйымдастыру мәселелерін басқару міндеті жүктелді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1982. – № 6. – 79-б.*

1982 жылдың 7 шілдесінде ҚазКСР Министрлер Кеңесі «ҚазКСР Ғылым академиясының мәселелері» туралы №287 қаулыны қабылдады. Ғылым мен өндірістің байланысын одан әрі нығайту, ҚазКСР Ғылым академиясының ғылыми мекемелерінің эксперименттік базасын кеңейту мақсатында КСРО келісімі негізінде ҚазКСР ҒА құрамында Қарағанды қаласында Ғылым бөлімшесін ұйымдастыру туралы ҚазКСР Ғылым академиясының ұсынысы қабылданды.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
– 1982. – шілде. – 120-122-б.*

1982 жылдың 28 қазанында КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен қаракөл қой тұқымының сұр, қызғылт және ақ түсті, бұхар және сурхандариялық елтірі сияқты түрлерін шығарып, өндіріске енгізгендері үшін В.М. Юдин, Н.С. Гигинейшвили, М.М. Менглиев, Х.М. Менгбаев, Ю. Шадманов, О.П. Фищенко, Х.И. Ұқбаев,

Г.А. Никулина, С.С. Сапронов, Р.И. Григорьянц, Б.Н. Васин, В.И. Стояновскийлерге КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Казахстанская правда. – 1982. – 5 нояб. – С.1.*

1982 жылдың 28 желтоқсанында Қазақстан КП ОК және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен:

«Қазақстан төменгі палеозойының страстиграфиясы мен палеонтологиясы» атты еңбегі үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының қызметкерлері – Р.А. Борукаев (қайтыс болғаннан кейін), С.М. Бандалетов, В.Ф. Беспалов, Г.Х. Ерғалиев, Н.К. Ившин, И.Ф. Никитиндерге;

«ҚБЭ топтамасындағы электрдиализді тұщытқыш қондырғыларды даярлап, халықшаруашылығына ендіру» атты еңбегі үшін Е.Е. Ерғожин, А.А. Цхай, Ф.Т. Шестаковтарға;

«Өнімділікті арттырып, технология мүмкіндігін көбейтудің теориялық негіздерін даярлап, СТБ түріндегі тоқыма станоктарын құру» атты еңбегі үшін Ө.А. Жолдасбековке;

«Сайғақтарды қорғап, қалпына келтірудің биологиялық негіздері, оларды Қазақстан шаруашылығында тиімді пайдалану» атты еңбегі үшін А.А. Слудский, А. Бекенов, В.А. Фадеевтерге;

«Ежелгі дәуірден қазірге дейінгі Қазақстан тарихы» атты бестомдық еңбегі үшін Б. Әбішева, К.А. Акишев, Г.Ф. Дахшлейгер, Ә.Х. Марғұлан, К. Нұрпейісовтерге;

Металлургия саласындағы жетістіктері үшін А.М. Қонаев, Б.Б. Бейсембаев, Ю.И. Сухарников, Б.Л. Левинтовтарға ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Казахстанская правда. – 1982. – 30 дек. – С.3.  
ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1983. – № 2. – 74-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен ҚазКСР ҒА ғалымдары үкімет наградаларымен марапатталды, атап айтқанда, ҚазКСР ҒА академигі Г.З. Бияшевке «Еңбек Қызыл Ту» ордені, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Л.К. Клышевке

«Халықтар Достығы» ордені, Топырақтану институтының зертхана меңгерушісі В.А. Корниенкоға «Құрмет белгісі» ордені, Микробиология және вирусология институтының аға инженер-микробиологі Л.Е. Денисенкоға «Қажырлы еңбегі үшін» медалі берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1982. – № 5. – 78-б.*

## 1983

Наурызда ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумы мен Республикалық Жоғары оқу орындары министрлігі алқасының бірлескен қаулысымен Ғылым академиясының жоғары мектеппен байланысын реттейтін Кеңес құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1984. – № 7. – 8-б.*

1983 жылдың 7 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Оны Ғылым академиясының президенті, академик А.М. Қонаев ашты.

Жалпы жиылыста Ө.М. Сұлтанғазин (математика), Н.К. Надиров (мұнай химиясы), Б.В. Суворов (органикалық химия), С.М. Қожахметов (металлургия), В.М. Боровский (топырақтану), А.Н. Илялетдинов (микробиология), М.А. Айтхожин (жалпы биология), Ж.М. Әбділдин (философия), М.Т.-М. Баймаханов (мемлекеттік құқық және совет құрылысы), Т.А. Әшімбаев (экономика), З.А. Ахметов (әдебиеттану), Ә.Т. Қайдаров (тіл білімі) ҚазКСР ҒА академиктері болып сайланды;

Қ.А. Қасымов (математика), Э.Г. Боос, И.Я. Часников (жоғары энергиялар физикасы), М.А. Ермеков, А.Н. Нұрлыбаев (геология), М. Диаров (кенсіз кен орындарының геологиясы және геохимиясы), Ш.М. Айталиев, Б.Р. Рақышев, П.Ч. Чулаков (тау-кен ісі), Е.Е. Ерғожин (органикалық химия), Е.А. Бектұров, З. Молдахметов (физикалық химия), Д.Н. Әбішев, А.И. Зазубин, А.Қ. Әшімов (металлургия), И.О. Байтулин (ботаника), Т.М. Масенов (зоология), М.А. Алиев (хирургия), М.-А.Х. Асылбеков (тарих), А. Қуанышев, А.Қ. Қошанов (экономика), А. Дербисалин,

З.Қ. Қабдолов (әдебиеттану), Ш.Ш. Сарыбаев (тіл білімі) ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері болып сайланды.

Жалпы жиылыстың сессиясында ұйымдастыру мәселелері де қарастырылды. ҚазКСР ҒА академигі А.Н. Илялетдинов Ғылым академиясы Биология ғылымдары бөлімшесінің академик хатшысы әрі Президиум мүшесі болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1983. – № 6. – 3-4-б.*

1983 жылдың 21 маусымында ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Алматыда ҚазКСР Ғылым академиясы География секторының негізінде «ҚазКСР Ғылым академиясының География институтын ұйымдастыру туралы» № 271 қаулысы шықты.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1983. – № 9. – 3-9-б.*

1983 жылдың 26 қыргүйек - 1 қазан аралығында ҚазКСР Ғылым академиясында Халықаралық теориялық және қолданбалы химия одағының қолдауымен Мессбауэр әсерін қолдану бойынша халықаралық конференция өтті.

Конференцияның ресми ұйымдастырушылары ҚазКСР ҒА Ядролық физика институты, И.В. Курчатова атындағы Атом энергиясы институты және КСРО ҒА Химиялық физика институты болды. Конференция жұмысына 19 елден 400-ге жуық делегат қатысты. Конференция жұмысына «Әсердің» («Эффект») авторы қатысты.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1983. – № 12. – 60-62-б.*

1983 жылдың қазан айында ҚазКСР ҒА президенті, академик А.М. Қонаев Қарағанды мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1984. – № 1. – 5-б.*

1983 жылдың 11 қазанында «КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1983 жылдың 18 тамыздағы

№814 «Халық шаруашылығында ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі шаралар туралы» қаулысын жүзеге асыру мақсатында» ҚазКСР Министрлер Кеңесі №406 қаулыны қабылдады. Ғылыми-техникалық прогресті басқарып, еңбек тиімділігін арттыру шараларын жоспарлау, жетілдіру мақсатында республика халықшаруашылығының барлық саласында ғылыми-техникалық прогресті жеделдету шаралары бекітілді.

*Қазақ ССР заңдарының жинағы. – 1986. –5-т. – 11-22-б.*

1983 жылдың 27 қазанында Қарағандыда ҚазКСР Ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесі Жалпы жиылысының бірінші сессиясы салтанатты түрде ашылып, құрамына ҚазКСР ҒА 13 академигі мен корреспондент мүшесі сайланды.

Сессияны ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, академик А.М. Қонаев ашты. Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің бірінші хатшысы А.Г. Коркин, одақтас республикалардағы Ғылым академияларының ғылыми қызметті үйлестіру Кеңесі төрағасының орынбасары Н.С. Пширков, ҚазКСР Геология министрі С.Е. Чакабаевтар құттықтау сөздерін жеткізді.

Жалпы жиылыс ҚазКСР ҒА академиктері – А.С. Сағынов, Е.А. Бөкетов, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Д.Н. Абишевтен құралған бөлімшенің бюросын сайлады.

### **Жыл бойғы оқиғалар**

ҚазКСР Ғылым академиясының жаңа институттары: Молекулярлық биология және биохимия институты (Ботаника институтының зертханасы негізінде), Ионосфера институты (ұқсас сектор негізінде), Органикалық синтез және көмір химиясы институты (Қарағандыдағы Химия-металлургия институты зертханасының негізінде) құрылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1983. – № 9. – 3-9-б.*

1984

1984 жылдың 8 ақпанында ҚазКСР Министрлер Кеңесі «ҚазКСР ауылшаруашылық өндірісіне алдыңғы қатарлы тәжірибені, ғылым, техника жетістіктерін, жалпы салалық жоспарларды енгізу бойынша республикалық мекемеаралық үйлестіру кеңесінің құрамы туралы» №68 қаулыны қабылдады. Аталған қаулыға сәйкес Кеңес құрамы бекітілді: төрағасы – Т.Б. Көпбаев, ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары; төрағаның орынбасары – М.Г. Моторико, ҚазКСР Ауылшаруашылығы министрі; хатшы – А.Д. Задорин, ҚазКСР Ауылшаруашылық министрлігінің ғылым және ғылыми-техникалық жетістіктерін өндіріске енгізу бас басқармасының бастығы.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
– 1984. – ақпан. – 43-46-б.*

1984 жылдың 29 наурызында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Сессияда ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. ҚазКСР ҒА академигі З.А. Ахметов Ғылым академиясының вице-президенті болып, ҚазКСР ҒА академигі Ж.М. Әбділдин ҚазКСР ҒА Президиум мүшесі әрі Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы болып сайланды.

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Д.Н. Әбішев ҚазКСР ҒА Президиум мүшесі әрі ҚазКСР Ғылым академиясы Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик хатшысы болып сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1984. – № 6. – 3-4-б.*

1984 жылдың 15 маусымында ҚазКСР ҒА Ғалымдар үйі ашылды.

*Академия наук Казахской ССР: Справочник. –  
Алма-Ата, 1987. – С.286.*

1984 жылдың 18-24 маусымында Мәскеу мен Алматыда, ҚазКСР ҒА «Молекулалық биология және биохимия» деп аталатын жаңа институттың негізінде Халықаралық Ғылыми одақтар кеңесі, Халықаралық биохимиялық одақтың және Еуропалық биохимиялық қоғамдар федерациясы аясында КСРО ҒА мен ҚазКСР ҒА ұйымдастырған «Биоорганикалық химия мен молекулалық биологияның келешегі» атты халықаралық симпозиум болды.

Симпозиумның ұйымдастыру комитетін КСРО ҒА вице-президенті, академик Ю.А. Овчинников пен ҚазКСР ҒА президенті, академик А.М. Қонаев басқарды. Симпозиумның жұмысына әлемнің 26 елінен 103 шетелдік ғалым, оның ішінде екі мәрте Нобель сыйлығының лауреаты Л.К. Полинг пен Нобель сыйлығының лауреаты Д.К. Ходжкин, еліміздің түрлі қалаларынан келген 400-ден астам маман қатысты. Пленарлық мәжілісте және 2 секцияның отырысында шетелден келген 52 ғалым және 8 кеңес ғалымы баяндама жасады.

*Вестник АН СССР. – 1984. – № 10. – С.73-74.*

1984 жылдың 1 қарашасында КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен «Табак прокатының аса тиімді өндірісін қамтамасыз ететін фосфорлы темір кенін өңдеу технологиясын құрып, металлургия өнеркәсібіне енгізу және осы шикізаттың бұрын өңделмеген кенорындарын өндеуде пайдалануға» қатысты еңбектері үшін А.М. Қонаев, Ю.С. Брагин, Л.А. Смирнов, В.И. Гладышев, М.М. Шумов, А.В. Смородинников, М. Ақбиев, В.В. Емушницев, В.А. Мирко, Г.Л. Цимбал, В.Н. Бургов, Н.Н. Ениндерге КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1984. – № 11. – 72-б.*

1984 жылдың 28 желтоқсанында 1971-1983 жылдары жариялаған «Қазақстанда суармалы жерді өңдеу ісін дамыту үшін топырақты мелиоративтік тұрғыдан бағалауға арналған ғылыми жұмыстар» деген топтамалары үшін В.М. Боровский, Ж.У.

Аханов, К.Д. Қаражанов, В.А. Корниенко, М.А. Орлова, Л.И. Пачикинаға; 1967-1982 жылдары жариялаған «Материалистік диалектиканың негізгі принциптерін зерттеу және олардың ғылыми танымдағы рөлі» атты топтамасы үшін Ж.М. Әбділдин, М.И. Баканидзе, А.А. Ивакин, Л.К. Науменко, А. Нысанбаев, М. Сәбитовтарға ҚазКСР-інің 1984 жылғы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Казахстанская правда. – 1984. – 28 дек.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Қазақ КСР Ғылым академиясы Орталық Қазақстан бөлімшесінің құрамына ҚазКСР Денсаулық сақтау министрлігінің Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ҒЗИ мен ҚазКСР ҒА Ионосфера институтының Қарағанды магнит-ионосфера стансысы берілді.

*Академия наук Казахской ССР: Справочник. – Алма-Ата, 1987. – С.286.*

### **1985**

1985 жылдың қаңтарында Ассы-Түрген үстіртінде орналасқан, ҚазКСР ҒА Астрофизика институтының биік таудағы жаңа расытханасында алғашқылардың бірі болып Галлея кометасының фотосуреттері алынды.

*Казахстанская правда. – 1985. – 16 янв.*

1985 жылдың 11 сәуірінде Жалпы жиылыстың сессиясында Қоғамдық және география ғылымдары саласы бойынша 1984 жылғы «Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық» иегерлеріне дипломдар мен медальдар табысталды. Бірінші сыйлық «Әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық», «Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы» атты зерттеулер топтамасы үшін ҚазКСР ҒА академигі М.Қ. Қаратаевқа, филология ғылымдарының докторлары Т. Әбдірахманова мен А. Нарымбетовке, екінші



сыйлық «Ғылыми зерттеулердің тиімділігі және оны ғылыми-өндірістік кешенде арттыру мәселелері» атты зерттеулер топтамасы үшін ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Ұ.Б. Баймұратовқа берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1985. – № 6. – 3-5-б.*

1985 жылдың тамызы. Баянауыл таулы-орманды алқабының бірегей табиғи кешендерін сақтау және еңбекшілердің демалыс жағдайын жақсарту мақсатында ҚазКСР Министрлер Кеңесі Орманшаруашылық министрлігі, Мемлекеттік жоспарлау, ҚазКСР ҒА және Павлодар облыстық атқару комитетінің Баянауыл ауданында Мемлекеттік табиғи ұлттық саябақ құру туралы ұсынысын қабылдады.

*Казахстанская правда. – 1985. – 20 авг.*

1985 жылдың 16-21 қыргүйегінде Алматыда ЮНЕСКО шеңберінде «Орта ғасырлардағы Орталық Азияның мәдени-тарихи үдерістері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Оны Орталық Азияның өркениетін зерттейтін Кеңес комитеті, КСРО ҒА Шығыстану институты мен ҚазКСР ҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты ұйымдастырды. Конференцияға Қазақстаннан, Орта Азия республикаларынан, Мәскеуден, Ленинградтан, сондай-ақ шетелден – Орталық Азия аймағынан, Еуропадан, АҚШ-тан келген ғалымдар қатысты.

Екі секцияда 58 баяндама мен хабарлама тыңдалып, талқыланды. Конференция барысында көрнекті ойшыл, ағартушы-демократ, қазақтың тұңғыш ғалымы – Ш.Ш. Уәлихановтың 150 жылдығына арналған ЮНЕСКО-ның дөңгелек үстелі болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1985. – № 11. – 78-86-б.*

1985 жылдың 18-19 қыргүйегінде КСРО ҒА мен ҚазКСР ҒА бастамасымен Алматыда «Аса көрнекті ойшыл, ағартушы-

демократ Ш.Ш. Уәлиханов және оның ғылым мен мәдениеттің дамуына қосқан үлесі» атты бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Конференция аясында Талдықорған облысы Кербұлақ ауданында «Алтынемел» атты Ш.Ш. Уәлихановтың Мемлекеттік мемориалдық мұражайы ашылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1985. – № 11. – 6-14-б.*

1985 жылдың 30 желтоқсанында ҚазКСР Ғылым академиясында Ұйғыртану институты құрылды.

*Наука и техника СССР. 1971-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.473.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

КСРО Министрлер Кеңесі, КОКП ОК 1968-1983 жылдары жарияланған «Қазақстан металлогениясы және ең басты тау-кен өңірлерін кешенді зерттеу» атты топтама зерттеулері үшін ҚазКСР ҒА Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының қызметкерлері – А.А. Абдуллин, В.Г. Ли, Е.И. Паталаха, А.К. Қаюпов, Г.Н. Щерба, Г.Ф. Ляпичев, Л.А. Мирошниченко, В.В. Попов, В.А. Нарсеев, Т.А. Ақышевтарға; құрамында қалайысы бар шикізатты кешенді өңдеу технологиясы мен жабдықтарын дайындап, енгізгені үшін В.С. Есютинге; Кенді Алтай аумағын кешенді зерттегені үшін А.М. Мясникке 1985 жылғы КСРО Мемлекеттік сыйлығын табыстады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1985. – № 1. – 85-б.*

Ш.Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағы баспадан шықты.

*Наука и техника СССР. 1971-1987. Хроника.  
– М., 1987. – С.473.*

1986

1986 жылдың наурызында Алматыда КСРО және ҚазКСР ҒА «Ғылым» баспаларының ұйымдастыруымен «Эльзевир» Голланд баспасының кітап көрмесі ашылды.

*Казахстанская правда. – 1986. – 14 марта.*

1986 жылдың 21 сәуірінде ұйымдастыру мәселесі қарастырылған ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Сессия өз өтініші бойынша академик А.М. Қонаевты ҚазКСР Ғылым академиясының президенті міндетінен босатты.

ҚазКСР ҒА Президиумының мүшесі, Молекулярлық биология және биохимия институтының директоры, «Ленин» сыйлығының иегері, ҚазКСР ҒА академигі М.А. Айтхожин ҚазКСР Ғылым академиясының президенті болып сайланды.

Сессияда КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Д.А. Қонаев сөйледі.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1986. – № 5. – 3-б.*

1986 жылдың 27-28 мамырында ҚазКСР Ғылым академиясында ҚазКСР Ғылым академиясының құрылғанына 40 жыл толуына орай жас ғалымдардың «Жастар және ғылыми-техникалық прогресс» атты конференциясы өтті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1986. – № 8. – 80-82-б.*

1986 жылдың 5 маусымында Академияның 1985 жылғы жұмысының нәтижесін талқылаған, ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. Онда ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, академик М.А. Айтхожин «КОКП XXVII съезі және Қазақстан Компартиясы XVI съезінің шешімдерін жүзеге асыруға байланысты ҚазКСР Ғылым академиясы ғалымдарының міндеті» деген тақырыпта, ҚазКСР ҒА вице-президенті Е.В. Гвоздев ҚазКСР Ғылым академиясының 1985 жылғы жұмысы туралы баяндама жасады.

Жалпы жиылыстың сессиясында ұйымдастыру мәселелері де сөз болды. Өз өтініштері бойынша ҚазКСР ҒА академиктері З.А. Ахметов, Ш.Ш. Ибрагимов вице-президент міндеттерінен, ҚазКСР ҒА академигі Н.К. Надиров ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының бас ғалым хатшысы қызметінен босатылды. Олар ҚазКСР ҒА Президиум мүшесі міндеттерінен де босатылды.

ҚазКСР ҒА академиктері Ө.М. Сұлтанғазин және Ж.М. Әбділдин Ғылым академиясының вице-президенттері болып сайланды. ҚазКСР ҒА Президиумының бас ғалым хатшысының міндеті техника ғылымдарының докторы, профессор И.Е. Ерофеевке жүктелді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1986. – № 8. – 3-5-б.*

1986 жылдың 19 қыргүйегінде Ғалымдар үйінде ҚазКСР ҒА Президиум мүшелері жас ғалымдармен кездесті. Кездесуді Президиумның бас ғалым хатшы қызметін атқарушы, техника ғылымдарының докторы И.Н. Ерофеев кіріспе сөзбен ашты. Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі М.А. Айтхожин Ғылым академиясының зерттеуші жастармен жұмысы, осы саладағы маңызды мәселелер мен бірінші кезекте тұрған міндеттер туралы баяндама жасады. Академияның жас ғалымдар кеңесінің жұмыстары туралы кеңес төрағасы, химия ғылымдарының кандидаты Г.Р. Хобдабергенова айтып берді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1986. – № 12. – 3-4-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

1975-1983 жылдары жарияланған «Суда ерігіш полимерлер және олардың кешендері» атты зерттеу топтамасы үшін Е.А. Бектұров, З.Х. Бакауова, Л.А. Бимендина, С. Құдайбергенов, Р.Е. Легкунецтерге;

Қазақстан өнеркәсібінің тау-кен және құрылыс салаларына арналған соққылайтын гидравликалық мәшинелерді дайындап, теориялық тұрғыдан негіздегені үшін А.С. Сағынов, А.Г. Лазуткин,

Д.И. Ешуткин, И.А. Янцевке 1986 жылғы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Казахстанская правда. – 1987. – 27 янв.  
ҚазССР ФА Хабаршысы. – 1987. – № 3. – 83-б.*

ҚазКСР Ғылым академиясының Президиумы ғылыми-техникалық прогресті жан-жақты өркендету («Интенсификация-90») негізінде он екінші бесжылдықта республика экономикасының қарқынын арттыру республикалық аумақтық-салалық бағдарламасын әзірлеу қорытындылары туралы қаулы қабылдады.

*ҚазССР ФА Хабаршысы. – 1986. – № 10. – 8-11-б.*

## 1987

1987 жылдың 26 қаңтарында Қазақстан КП ОК және ҚазКСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен «Төменгі сұрыпты көмірді жағатын жалынды үлгілерде қуатты энергоблоктардың тозаңды-көмірлі қазандарындағы отты зерттеу әдістемесін жасап, қорытындыларын енгізу» атты кешенді жұмыстары үшін КСРО Электрлендіру және энергетика министрлігі Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері Б.П. Устименко, Б.К. Алияров, М.Р. Құрманғалиев, А.В. Панасенко, Е.В. Петров, В.Ф. Пилягиндерге ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*Казахстанская правда. – 1987. – 30 янв.*

1987 жылдың 24 сәуірінде Үлкен конференц-залда ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болып, академияның қызметін қайта құру мәселелері талқыланды. Сессия жұмысына Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Г.В. Колбин, Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы З.К. Камалиденов, ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Е.Б. Башмаков, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Ғылым және оқу орындары бөлімінің меңгерушісі Е.М. Асанбаев қатысты.

Сессияны ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі М.А. Айтхожин ашты. Сессияда ұйымдастыру мәселелері сөз болды. ҚазКСР ҒА академигі С.М. Қожахметов вице-президент, ҚазКСР ҒА Президиум мүшесі міндетінен босатылды.

Өз өтініштері бойынша ҚазКСР ҒА академиктері – Н.А. Добротин, Ж.С. Ержанов, І.К. Кеңесбаев, А.М. Қонаевтар ҚазКСР Ғылым академиясы Президиум мүшелері міндеттерінен босатылды. ҚазКСР ҒА академигі Б.В. Суворов, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері – В.Н. Околович, Р.Б. Сүлейменов ҚазКСР Ғылым академиясының Президиум мүшелері болып сайланды.

ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі В.Н. Околович Физика-математика ғылымдары бөлімшесінің академик хатшысы болып, ҚазКСР ҒА академигі А.А. Абдулин Жер туралы ғылым бөлімінің академик хатшысы болып, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Р.Б. Сүлейменов Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы болып бекітілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1987. – № 7. – 3-5-б.*

1987 жылдың 14 тамызында ҚазКСР Министрлер Кеңесі «Академик Қ.И. Сәтбаевты мәңгі есте қалдыру мақсатында қосымша шаралар туралы» №380 қаулы қабылдады. Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 90 жыл толуына байланысты ҚазКСР Ғылым академиясы Ғалымдар үйінде академик Қ.И. Сәтбаевқа арналған Мемориалдық мұражай ашу туралы шешім қабылданды.

Жаратылыстану ғылымдары бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы екі сыйлық тағайындалды: бірінші – 1,5 мың сом, екіншісі – 1 мың сом. Ол Қазақ КСР Ғылым академиясы сыйақы қорының есебінен беріледі. Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлықты беру құқы ҚазКСР ҒА Президиумына жүктелді. Алматы қаласында Қ.И. Сәтбаевқа ескерткіш орнатылатын болды.

*ҚазССР Үкіметінің қаулыларының жинағы. – 1987. – № 21. – 84-құжат.*

## Жыл бойғы оқиғалар

1958-1983 жылдары жарияланған «Бөлшек ауыстыру теориясының математикалық әдістерін дамыту» атты зерттеу топтамасы үшін В.С. Владимиров, Т.А. Гермогенова, В.Я. Гольдин, М.В. Масленников, В.И. Лебедев, С.Б. Шихов, У.М. Сұлтанғазиндерге 1987 жылғы КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазКСР ҒА Хабаршысы. – 1988. – № 1. – 86-б.*

### 1988

1988 жылдың 10 наурызында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болып, ұйымдастыру мәселелері сөз болды. ҚазКСР ҒА президенті М.А. Айтхожиннің қайтыс болуына байланысты ҚазКСР Ғылым академиясының вице-президенті, Математика және механика институтының директоры, ҚазКСР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ҚазКСР Ғылым академиясының президенті болып сайланды.

Сессияда ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.Ә. Назарбаев сөз сөйледі. Сессияның жұмысына Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Г.В. Колбин, Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы Ө.Д. Жәнібеков, Қазақстан Компартиясы ОК бөлім меңгерушісі Н.К. Мукитанов, КСРО ҒА Президиумы жанындағы Одақтас республикалар Ғылым академияларының ғылыми қызметін үйлестіретін кеңес төрағасының орынбасары С.П. Губин қатысты.

*ҚазКСР ҒА Хабаршысы. – 1988. – № 3. – 3-5-б.*

1988 жылдың 1 қарашасында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі «ҚазКСР ҒА Президиумының орталық аппаратының құрылымы мен штат саны туралы» №499 қаулыны қабылдады. КОКП XIX Бүкілодақтық конференциясында қойылған міндеттерді орындау, іргелі және қолданбалы зерттеулерді қарқынды дамыту, зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу, басқарудың экономикалық әдістері

негізінде ғылыми ұйымдардың қызметін түбегейлі қайта құру, халықшаруашылығының маңызды мәселелерін шешуде олардың үлесін арттыру мақсатында ҚазКСР ҒА Президиумының орталық аппараты бекітілді. Оның құрамында Ғылым академиясының Президиумы, Ғылыми-ұйымдастыру бөлімі, Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіріп, жоспарлайтын кеңес, Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін енгізетін кеңес, Сыртқы байланыс бөлімі, Жоспарлау-қаржы бөлімі, Ғылыми мамандар бөлімі, Күрделі құрылыс бөлімі, Жабдықты пайдалану және метрологиялық қызмет бөлімі, Бухгалтерлік есеп және бақылау басқармасы, Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы іс-шара бөлімі, Бірінші бөлім, Екінші бөлім, Президиум хатшылығы, Іс басқармасы сияқты құрылымдар болды. ҚазКСР ҒА Президиумы орталық аппаратының штаты 147 адам, жалақы қоры (лауазымдық жалақы) айына 36 322 сом болып бекітілді.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
– 1988. – қараша. – 3-5-б.*

ҚазКСР-дағы өкпе және көкірек ауруына шалдыққан науқастарға арнайы көмек ұйымдастырғаны, емдеу әдістерін дайындап, жетілдіргені үшін М.А. Әлиев, С.А. Воронов, Л.Ц. Иофф, К.А. Кашкиндерге;

1946-1987 жылдары жарияланған «Қазақстанның споралы өсімдіктер әлемі» атты зерттеу топтамасы үшін М.П. Васягина, С.Р. Шварцман, С.Р. Андреева, З.М. Бызова, Д.И. Самгина, Н. Писареваларға;

1974-1986 жылдары жарияланған 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» үшін А.И. Ысқақов, А.Б. Болғанбаев, Т.Д. Жанұзақов, А.И. Иманбаев, Б.К. Қалиев, З. Машабаеваларға 1988 жылғы ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1989. – № 1. – 81-б.*

## 1989

1989 жылдың 2-3 ақпанында Қарағандыда ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының көшпелі отырысы болды.



Онда Биология ғылымдары бөлімшесінің академик хатшысы, ҚазКСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі И.О. Байтулин «Орталық Қазақстанның экология мәселелері» деген тақырыпта баяндама жасады.

*ҚазКСР ҒА Хабаршысы. – 1989. – № 4. – 51-55-б.*

1989 жылдың 15 ақпанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі қабылдаған № 67 қаулысына сәйкес ҚазКСР Министрлер Кеңесінің ғылым мен техника саласындағы 1988 жылғы сыйлығы тағайындалған ғалымдар:

1. Минералды шикізат құрамын зерттеудің физикалық әдістер кешенін дамытып, халықшаруашылығына пайдаланғаны үшін ҚазКСР ҒА Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының бас ғылыми қызметкері, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі С.К. Калининге, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі, зертхана меңгерушісі, жұмыс жетекшісі П.Т. Тәжібаеваға, ғылыми қызметкер, техника ғылымдарының кандидаты Г.М. Замятинаға, аға ғылыми қызметкер, физика-математика ғылымдарының кандидаты В.М. Перевертунға, ғылыми қызметкер И.Б. Саматовқа, аға ғылыми қызметкер, физика-математика ғылымдарының кандидаты А.П. Слюсаревқа, зертхана меңгерушісі, геология-минералогия ғылымдарының докторы Н.Г. Сыромятниковқа, аға ғылыми қызметкер, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты С.Л. Тереховичке, зертхана меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты Э.Е. Файнге, осы институттың қызметкерлері – «Қазрудгеология» ғылыми-өндірістік бірлестігі Қазақтың минералды шикізат ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі, химия ғылымдарының кандидаты М.А. Матвеевке, аға ғылыми қызметкер, химия ғылымдарының кандидаты А.С. Бажовқа, геохимиялық экспедицияның бас геологы, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты Б.А. Досановаға, физикалық және химиялық зерттеу әдістері партиясының бастығы К.К. Хұдайбердиевке, сол институттың қызметкерлері «Қазрудгеология» ғылыми-өндірістік бірлестігі орталық зертханасының бастығы С.Ю. Литвиненкоға, «Южказгеология» өндірістік геологиялық

бірлестігі орталық зертханасының бастығы К.А. Атчибаевқа, «Севказгеология» өндірістік геологиялық бірлестігі орталық зертханасының аға әдіскері В.И. Голововаға, «Қазгеология» бас үйлестіру-геологиялық басқармасының бас технологі К.К. Дүйсенғалиеваға, «Орталықбасгеология» өндірістік геологиялық бірлестігі орталық зертханасының бұрынғы жетекші инженері Е.К. Козыреваға 10,2 мың сом көлемінде сыйақы;

2. Пульсация аппараттарында құрамында алтыны бар кендерді циандау технологиясын дайындап, өндіріске енгізгені үшін КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы асыл металдар мен алмастар бас басқармасы «Қазалтын» өндірістік бірлестігінің бас инженері, техника ғылымдарының кандидаты Б.М. Тұрғамбаевқа, «Қазалтын» тау-кен байыту комбинатының директоры А.С. Қабылденовке, зертхана бастығы В.А. Клименкоға, бас байытушы, техника ғылымдарының кандидаты В.А. Ковальчукке, дәнекерлеуші Л.В. Титовецке, бөлім бастығы, техника ғылымдарының кандидаты Б.Е. Шариповке, шебер, сол комбинаттың қызметкерлері Е.А. Щегловка, «Қазрудгеология» ғылыми-өндірістік бірлестігі бас директорының орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты В.Г. Загайновқа, Академик А.А. Бочвар атындағы Бүкілодақтық бейорганикалық материалдар ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері С.М. Балакиревке, сол институттың аппаратшысы В.Д. Васильевке, «ВНИИПроцветмет» тау-кен ісі және түсті металдар металлургиясы Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу, жобалау және конструкторлық институтының аға ғылыми қызметкері, техника ғылымдарының кандидаты Н.Б. Коростышевскийге, асыл металдар мен алмастар Мемлекеттік орталық ғылыми-зерттеу, жобалау және конструкторлық институтының Новосібір филиалының бас маманы З.Г. Уколоваға 6,2 мың сом көлемінде сыйақы;

3. «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігінің мыс зауытына тозандандыру және газ жолы технологиялық үдерісін басқарудың автоматты жүйесін даярлап, енгізгені үшін «Жезқазғантүстіметалл» ғылыми-өндірістік бірлестігі бас директорының орынбасары А.Т. Түсіпбековке, күрделі құрылыс басқарма бастығының орынбасары А.М. Лисяковқа,

бас инженердің орынбасары В.Д. Титовқа, бөлім бастығы Б.Ж. Переседовқа, оператор А.В. Ивановқа, ақпараттық-есептеу орталығының бастығы Э.П. Савинге, сол бірлестіктің қызметкері, сектор бастығы Л.Е. Дедюхинаға, В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының кафедра меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы А.А. Әшімовке, аға оқытушы Б.К. Мұқановқа, аға ғылыми қызметкер, техника ғылымдарының кандидаты Ю.И. Нестеровке, аға ғылыми қызметкер Г.В. Нұрхасимовқа, сол институттың қызметкері, кафедра доценті, техника ғылымдарының кандидаты Г.М. Тохтабаевқа, Алматы энергетика институтының аға оқытушысы, техника ғылымдарының кандидаты К.К. Еренчиновке, «Қазмонтажавтоматика» Алматы басқару тресі Жезқазған монтаждау учаскесінің аға прорабы Б.М. Беленкоға, Қазақ информатика және есептеуіш техника ғылыми-өндірістік бірлестігі бас директорының орынбасары В.В. Дмитриевке, КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы асыл металдар мен алмастар бас басқармасы «Қазалтын» өндірістік бірлестігі күрделі құрылыс бөлімінің бастығы Е.Н. Дышельманға, «ВНИИпроцветмет» тау-кен ісі және түсті металдар металлургиясы Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу, жобалау және конструкторлық институты жобасы бас инженерінің орынбасары В.А. Жеребиловқа, сол институттың қызметкерлері, топ меңгерушілері Ю.А. Голант пен С.Я. Якобсонға, «Цветметавтоматика» тресінің Жезқазған пультті реттеу учаскесінің үйлестіруші инженері М.Р. Хасановқа 10 мың сом көлемінде сыйақы берілді.

1989 жылдың 24 ақпанында еліміздің патриоты, аса көрнекті ғалым, геолог, қоғам және мемлекет қайраткері, ғылымды ұйымдастырған біртуар азамат, ҚазКСР Ғылым академиясының алғашқы құрылтайшыларының бірі, ҚазКСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, бүгінгі таңда ғалымның құрметіне аталған Геология институтының тұңғыш директоры, КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының, «Ленин» сыйлығының иегері Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 90 жыл толуына орай Ғалымдар үйінде Сәтбаев оқулары өтті.

Мәжілісті ҚазКСР Ғылым академиясының вице-президенті,

ҚазКСР ҒА академигі К.В. Гвоздев ашты. Қ.И. Сәтбаев атындағы «Еңбек Қызыл Ту» орденді Геология ғылымдары институты директорының орынбасары, геология-минералогия ғылымдарының докторы Т.М. Лаумулин Қ.И. Сәтбаевтың өмірі мен қызметі туралы баяндап берді.

Сәтбаев оқуларында ҚазКСР ҒА академиктері – Ш.Ш. Шөкин, Ш.Е. Есенов, Г.Н. Щерба, А.Н. Каюпов, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі П.Т. Тәжібаевалар сөйледі.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1989. – № 4. – 16-б.*

1989 жылдың 2 наурызында ҚазКСР Министрлер Кеңесі «ҚазКСР Ғылым академиясының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №80 қаулыны қабылдады, соған сәйкес ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1977 жылдың 6 желтоқсандағы №548 қаулысымен бекітілген ҚазКСР ҒА Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
–1989. – наурыз. – 143-148-б.*

1989 жылдың 26 наурызында КСРО халық депутаттары сайланды. ҚазКСР Ғылым академиясы ғалымдарының атынан КСРО халық депутаттары ретінде Қарағанды бойынша Октябрь ұлттық-аумақтық №142 округінен ҚазКСР Ғылым академиясының президенті Ө.М. Сұлтанғазин; Кеңес әйелдерінің біріккен комитеттерінің әйелдер кеңесінен – ҚазКСР ҒА М.А. Айтхожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институты директорының міндетін атқарушы Н.А. Айтхожина; БЛКЖО атынан ҚазКСР ҒА М.А. Айтхожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институтының ғылыми қызметкері Б.Ғ. Мұхамеджанов сайланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1989. – № 5. – 53-б.*

1989 жылдың 26 сәуірінде ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысының сессиясы болды. Жалпы жиылыста «Жетісу мен Оңтүстік

Қазақстандағы ортағасырлық қала мәдениеті» атты монографиясы үшін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институтының бөлім меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы К.М. Байпақовқа гуманитарлық ғылым саласы бойынша 1988 жылғы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы бірінші сыйлық табыс етілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1989. – № 7. – 4-б.*

1989 жылдың 28 сәуірінде Алматыда В.И. Ленин атындағы Сарайда көрнекті ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері КСРО Мемлекеттік және «Ленин» сыйлықтарының иегері Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған салтанатты жиын болды. Сол күні политехникалық институт ғимаратының жанында көрнекті ғалымға қойылатын болашақ ескерткіштің тасы қойылды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1989. – № 8. – 11-б.*

1989 жылдың 22 маусымында ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысы болды. ҚазКСР ҒА 1989 жылдың 12 мамырында академиктер мен корреспондент мүшелері сайланатыны туралы хабарламасына сәйкес ҚазКСР ҒА толық мүшесіне (академик) 34 үміткер, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесіне 272 үміткер ұсынылып, тіркелді. ҚазКСР Ғылым академиясының Жалпы жиылысында Амербаев В.М., Қозыбаев М.Қ., Әлиев М.Л., Қабдолов З.Қ. Батталова Ш., Молдахметов З., Байтулин И.О., Околович В.Н., Ерғожин Е.Е., Сыдықов Ж., Қошанов А.К., Сүлейменов Р.Б. Қазақ КСР ҒА толық мүшесі (академик) болып, Әбділдин М.М., Жұрынов М., Әділов К.Н., Калменов Т.Ш., Ахматуллина Н.Б., Курскеев А.К. Аханов Ж.У., Лазуткин А.Г., Алтынбеков Б.Е., Мұқашев Б.Н., Әшімов А., Мамбетқазиев Е.А., Білиев Н.К., Мұсаев К.М., Байгунचेков Ж.Ж., Нұрғалиев Р.Н., Бәкенов М.М., Нұрпейісов К., Бейсембаев Б.Б., Нысанбаев А.Н., Бедарев С.А., Ормантаев К.С., Бердібаев Р., Өтелбаев М., Дробжев В.Н., Паталаха Е.И., Досжанов Т.Н., Сапа В.А., Ершин Ш.Е., Северский И.В., Жұбанов К.А., Сапарғалиев Қ., Сағадиев К.А., Устименко, Б.П., Тойшыбеков М.М., Филалков

Б.С., Түркебаев Э.А., Шайхутдинов Е.М., Уәлиев Г. ҚазКСР ҒА корреспондент мүшелері болып сайланды.

*Казахстанская правда. – 1989. – 22 июня.*

1989 жылдың 25 қыргүйегінде ҚазКСР Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде КСРО Медицина ғылым академиясы, ҚазКСР Ғылым академиясы мен ҚазКСР Денсаулық сақтау министрлігінің алқасы Президиумдарының бірлескен отырысы өтті.

Мәжілісті ҚазКСР ҒА президенті, академик Ұ.М. Сұлтанғазин ашып, КСРО Медицина ғылым академиясының президенті В.И. Покровский «Медицина ғылымы және қайта құру кезіндегі КСРО Медицина ғылым академиясының міндеттері» деген тақырыпта; ҚазКСР Денсаулық сақтау министрі Т.А. Измұхамбетов «Республикадағы медицина ғылымының жай-күйі мен болашақ дамуы» деген тақырыпта; ҚазКСР ҒА вице-президенті, академик Е.В. Гвоздев «Денсаулық сақтаудағы өзекті мәселелерді шешудегі ҚазКСР ҒА мекемелерінің кешенді ғылыми-зерттеулері» деген тақырыпта баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 2. – 3-10-б.*

1989 жылдың 3-6 қазанында Алматыда ҚазКСР Ғылым академиясы Математика және механика институтының ұйымдастыруымен КСРО ҒА СБ Математика институты, КСРО ҒА СБ Есептеу орталығы (Красноярск), С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті бірлесіп, «Математикалық физиканың шартты-дұрыс тапсырмалары және талдау» атты Бүкілодақтық конференция өткізді.

Конференция жұмысына 11 одақтас республиканың 33 қаласынан екі жүзден астам адам қатысты. Олардың қатарында одақтық және республикалық ғылым академияларының 6 мүшесі, 42 ғылым докторы, 74 ғылым кандидаты болды.

Конференцияда ҚазКСР ҒА президенті, академик Ө.М. Сұлтанғазин «Больцман теңдеулерінің дискретті моделі» деген тақырыпта баяндама жасады. Барлығы 134 баяндама тыңдалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 1. – 82-б.*

1989 жылдың 6 қазанында ҚазКСР Ғылым академиясы Физика-математика бөлімшесі Жалпы жиылысының сессиясы болды. Онда Физика-математика бөлімшесінің академик хатшысы, ҚазКСР ҒА академигі В.М. Амербаев «Өңірлік шаруашылық есеп және өзін-өзі қаржыландыру жағдайында физика-математика бөлімшесі мекемелерінің іргелі және қолданбалы зерттеулерін дамыту» деген тақырыпта баяндама жасады.

Баяндама негізінде ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин, Математика және механика институты зертханаларының меңгерушілері, ҚазКСР ҒА академиктері – Ө.А. Жолдасбеков, Ж.С. Ержанов, ҚазКСР ҒА Президиумының бас ғалым хатшысы, ҚазКСР ҒА академигі В.Н. Околович, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі, ҚазКСР ҒА академигі Ж.С. Тәкібаев, Математика және механика институты директорының орынбасары, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі А.А. Әшімов, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі М.М. Әбділдіндер ойларын ортаға салды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 1. – 60-61-б.*

1989 жылдың 12 қазанында Экономика институты ҚазКСР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, ҚазКСР ҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сақтаған Бәйішұлы Бәйішевтің туғанына 80 жыл толуына арналған оқулар өткізді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 2. – 76-77-б.*

1989 жылдың 14 қазанында Қазақ КСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болып, ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. ҚазКСР ҒА академигі Е.В. Гвоздектің өтініші бойынша ҚазКСР ҒА Президиум мүшесі, бірінші вице-президент қызметінен босатылды. ҚазКСР ҒА академигі В.Н. Околович ҚазКСР ҒА вице-президенті болып сайланды. Сессияның жұмысына Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы Ө.Д. Жәнібеков қатысты.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1989. – № 12. – 3-4-б.*

1989 жылдың 30 қазанында Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты, С.Ж. Аспандияров атындағы Алматы мемлекеттік медициналық институтының ұйымдастыруымен ҚазКСР Ғылым академиясында ғылыми-теориялық конференция өткізілді.

Конференция көрнекті ғалым, Орта Азия мен Қазақстанның партия және мемлекет қайраткері Санжар Жапарұлы Аспандияровтың туғанына 100 жыл толуына арналды.

Конференцияда ҚазКСР ҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры, ҚазКСР ҒА академигі М.Қ. Қозыбаев, Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы, ҚазКСР ҒА академигі Р.Б. Сүлейменов, Абай атындағы ҚазПИ ректоры, тарих ғылымдарының докторы Т.С. Садықовтар сөйледі.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 1. – 80-81-б.*

1989 жылдың 4-7 желтоқсанында Гурьев қаласында Батыс Қазақстан өндіргіш күштерінің дамуы мәселелеріне арналған Қазақ КСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының көшпелі сессиясы өтті.

Сессияның жұмысына КСРО ҒА президенті, академик Г.И. Марчук, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ұ.Қ. Қараманов, Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы Ө.Д. Жәнібеков, ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, республикалық Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы Қ.А. Абдуллаев, КСРО Геология министрі Г.А. Габриэлянц, министрліктер мен мекемелердің басшылары қатысты.

Сессияны ҚазКСР ҒА президенті Ө.М. Сұлтанғазин ашып, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ұ.Қ. Қараманов, ҚазКСР ҒА вице-президенті, ҚазКСР ҒА академигі А.А. Абдулин, «Каспиймаңгеология» Бас өндірістік геологиялық басқармасының бас геологі Я.С. Воцалевский, ҚазКСР ҒА академигі Е.В. Гвоздев және ҚазКСР Табиғатты қорғау бойынша мемлекеттік комитетінің төрағасы А.П. Коротков баяндама жасады. Батыс Қазақстанның өндіргіш күштерін дамытудағы



ғылымның орнына ерекше мән бере отырып, ҚазКСР ҒА Жалпы жиылысы қаулы қабылдады, онда ғылыми мекемелердің Батыс Қазақстан өндіргіш күштерін дамытуы қажеттігі айтыла келіп, өндіргіш күштерін кешенді дамытуға қатысты ұсыныстар, негізгі мәселелер мен бағыттар айқындалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 3. – 3-81-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Алматыда КСРО ҒА Сібір, Орал бөлімшелері, Қазақстан, Орта Азия республикалары Ғылым академияларының Тарих және археология институттары директорлары бас қосты. Мәжіліс ҚазКСР Ғылым академиясы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының бастамасы бойынша ұйымдастырылды. Онда Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры, ҚазКСР ҒА академигі М.Қ. Қозыбаев баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 4. – 84-85-б.*

М.О. Әуезовтің әдеби-мемориалдық мұражайындағы Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінің құрылғанына 25 жыл толды. Осы уақыт аралығында фольклор, әдебиет және өнер мәселелері бойынша 374 сабақ өткізіліп, дәріске 40 мыңнан астам тыңдаушы қатысты. Университет С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафиндердің әдеби мұраларын зерттеуді көздейді. Университеттің ректоры – ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Р. Б. Бердібаев.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1989. – № 1. – 82-84-б.*

### **1990**

1990 жылдың 12 ақпанында «Қазақ КСР тіл туралы Заңын» жүзеге асыру, қазақ тілін ғылыми тәжірибеде белсенді

пайдаланудағы Ғылым академиясының рөлі талқыланған ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды.

Сессияны ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашты. Негізгі баяндаманы Тіл білімі институтының директоры, ҚазКСР ҒА академигі Ө.Т. Қайдаров жасады.

*ҚазКСР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 5. – 3-84-б.*

1990 жылдың 19 наурызында ҚазКСР Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде ҚазКСР Ғылым академиясынан ҚазКСР халық депутаттарын сайлауға байланысты конференция өтті. Конференцияға ҚазКСР Ғылым академиясының мүшелері (толық мүшелері мен корреспондент мүшелері) мен ҚазКСР Ғылым академиясының ғылыми мекемелерінің ұжымдары, ғылыми қауымдастықтардан сайлаған делегаттар қатысты.

Ғылым саласынан ҚазКСР халық депутаттары болып ҚазКСР ҒА академиктері – ҚазКСР Ғылым академиясының вице-президенті А.А. Абдулин, Қазақ политехникалық институты кафедра меңгерушісі Ш.Е. Есенов, Философия және құқық институтының бөлім меңгерушісі С.З. Зиманов, Тарих, археология және этнография институтының директоры М.Қ. Қозыбаев, ҚазКСР ҒА Экономика институтының аға ғылыми қызметкері, экономика ғылымдарының докторы О.С. Сәбденов сайланды.

*Казахстанская правда. – 1990.  
– 22 марта (№ 69). – С.1.*

1990 жылдың 26 наурызы – 6 сәуірі аралығында Алматыда ҚазКСР Ғылым академиясы Химия ғылымдары институтының бастамасымен КСРО Ғылым академиясы және Д.И. Менделеев атындағы БХҚ Қазақ республикалық басқармасының бірқатар мекемелері бірлесіп, «Полимерлер синтезінің дәстүрлі емес әдістері» деген тақырыпта жас ғалымдардың бірінші халықаралық мектеп-семинарын өткізді.

Мектеп-семинардың жұмысына КСРО, АҚШ, Жапония, ГФР, Италия, Англиядан келген 50-ден астам жетекші ғалым, КСРО-

ның 49 ғылыми ұйымынан 150-ге жуық жас ғалым, Қазақстаннан 50 жас ғалым қатысты. 41 шолу дәріс оқылып, 100-ден астам стендтік баяндама жасалды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 6. – 81-82-б.*

1990 жылдың 4-5 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде ҚазКСР ҒА академигі, ҚазКСР ғылымына еңбегі сіңген ғалым, профессор Дмитрий Владимирович Сокольскийдің туғанына 80 жыл толуына арналған ғылыми оқулар өтті.

Ғылыми оқуларды ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашты. ҚазКСР ҒА Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институтының директоры, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі Г.Д. Закумбаева баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 7. – 81-83-б.*

1990 жылдың 27 сәуірінде КСРО Министрлер Кеңесінің 1990 жылдың 30 наурыздағы тапсырмасына сәйкес, КСРО Еңбек және әлеуметтік мәселелер бойынша мемлекеттік комитеті мен Кәсіподақ Кеңесінің Бүкілодақтық Орталық Кеңесі хатшылығы, КСРО Қаржы министрлігінің келісімі бойынша «КСРО ҒА Президиумының аппараты, КСРО Ғылым академиясының одақтас республикалардың Ғылым академиясы, Сібір, Орал және Қиыр шығыс бөлімшелерінің қызметкерлерінің лауазымдық ақы мөлшерлемелері, жалақыларының шарттары туралы» №174/5-152 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес КСРО Ғылым академиясының Президиум аппаратының, КСРО ҒА одақтас республикалардың Ғылым академиясы, Сібір, Орал және Қиыр шығыс бөлімшелерінің басшы қызметкерлеріне, қызметшілері мен мамандарына, КСРО Министрлер Кеңесінің 1989 жылдың 29 қыргүйектегі №803 Қаулысы бойынша жалақы төлеу шарттары дайындалды.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары. –  
1989. – сәуір.*

1990 жылдың 11 мамырында ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. Онда ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин «Қайта құру кезеңіндегі Қазақстан ғылымының рөлі және ҚазКСР Ғылым академиясы дамуының міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады.

ҚазКСР ҒА Президиумының бас ғалым хатшысы А.Қ. Қошанов Академия Президиумының 1989 жылғы ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі туралы хабарлама жасады.

Академияның негізгі ғылыми бағыттары бойынша зерттеу қорытындылары туралы ҚазКСР ҒА вице-президенттері, ҚазКСР ҒА академиктері – Ж.М. Әбділдин, В.Н. Околович, А.А. Абдулин, И.О. Байтулин, Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик хатшысы, ҚазКСР ҒА академигі З.М. Молдахметов баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 8. – 14-94-б.*

1990 жылдың 16 мамырында С. Мұқановтың туғанына 90 жыл толуына орай «Сәбит Мұқанов және қазақ совет әдебиеті» деген тақырыпта ғылыми конференция өтті. Конференцияны ҚазКСР ҒА М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Қазақстан Жазушылар Одағы, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, С. Мұқанов әдеби-мемориалдық мұражайы бірлесіп ұйымдастырды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 7. – 83-85-б.*

1990 жылдың 12-14 маусымында Алматыда ҚазКСР Ғылым академиясы, КСРО Ғылым академиясының химиялық термодинамика Ғылыми кеңесі, Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты, ҚазКСР ҒА Металлургия және кен байыту институты ұйымдастырған «Металл қорытпаларын өндірудің физика-химиялық негіздері» тақырыбында Республикалық конференция өтті.

Конференцияда 8 пленарлық, 30 секциялық және 133 стендтік баяндама тыңдалып, талқыланды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 11. – 77-78-б.*

1990 жылдың 14-16 маусымында Қызылордада ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының кеңейтілген көшпелі отырысы өткізілді. Мәжіліске Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев, ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ұ.Қ. Қараманов, КСРО Ғылым академиясы мен Орта Азия және Қазақстан республикалары Ғылым академияларының ғалымдары, одақтық және республикалық министрліктер мен ведомстволардың басшылары, Қазақстанның бірқатар облыстарының басшылары қатысты.

Президиум отырысын ҚазКСР Ғылым академиясының президенті Ө.М. Сұлтанғазин ашты. Жиылыста Н.Ә. Назарбаев «Арал тағдыры – ел тағдыры»; Ұ.Қ. Қараманов «Арал маңындағы әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелерді жедел шешу шаралары туралы»; ҚазКСР ҒА вице-президенті, академик И.О. Байтулин «Арал маңындағы экологиялық жағдайды жақсартуға байланысты ҚазКСР ҒА ғылыми мекемелердің міндеттері»; ҚазКСР ҒА вице-президенті, академик А.А. Абдулин «Аралдағы әлеуметтік мәселелерді шешуде пайдалы қазбаларды игерудің болашағы, болжамы, жай-күйі»; Жер туралы ғылым бөлімшесінің академик хатшысы, академик Ж.С. Сыдықов «Арал теңізін сақтап, Қазақстанның Арал алабындағы тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз етуге байланысты іс-шара туралы» баяндама жасады. Мақалалар жеке жинақ түрінде жарық көрді.

*ҚазКСР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 9. – 10-88-б.*

1990 жылдың 29 маусымында Ғалымдар үйінде ҚазКСР Ғылым академиясы «Қазақ тілі» қоғамының Біріккен комитетінің құрылтай конференциясы болды. Конференцияға ҚазКСР ҒА институттары «Қазақ тілі» қоғамының бастауыш ұйымдары, ҚазКСР ҒА Президиумының аппараты, ғылыми мекеме басшылары мен академияның қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Конференцияда түркология мен қазақ тілі тарихы бөлімінің меңгерушісі, ҚазКСР ҒА А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, Республикалық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі, филология ғылымдарының докторы Е.З. Қажыбеков «ҚазКСР Ғылым

академиясы «Қазақ тілі» қоғамының Біріккен комитетінің мақсат-міндеттері туралы» баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 11. – 75-77-б.*

1990 жылдың 17 шілдесінде ҚазКСР Ғылым академиясы Ғалымдар үйінде ҚазКСР Ғылыми-техникалық құжаттамасының орталық мемлекеттік мұрағаты мен ҚазКСР Мемлекеттік табиғат комитеті бірлесіп, «Ғылыми-техникалық прогресс және Қазақстан қоршаған ортасы Қазақ КСР ҒТҚ ОММ құжаттарында» деректі көрме өткізілді. Көрме 17-18 шілдеде өткен «Қазақстан табиғатын қорғауда ғылыми-техникалық прогресті пайдалану» атты республикалық ғылыми-техникалық конференцияға арналды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 10. – 76-б.*

1990 жылдың 10-12 қыргүйегінде Алматыда ҚазКСР Ғылым академиясы Философия және құқық институты мен КСРО Ғылым академиясы Философия институты ұйымдастырған «Материалистік диалектика – әлеуметтік шығармашылық пен ғылыми таным логикасы мен әдіснамасы» деген тақырыпта Бүкілодақтық симпозиум өтті.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 1. – 74-78-б.*

1990 жылдың 25-27 қыргүйегінде Алматыда жанғыштығы төмен полимер материалдар бойынша бірінші халықаралық конференция өтті.

Конференцияны ҚазКСР ҒА Химия ғылымдары институты мен КСРО ҒА бірқатар ұйымдары: КСРО ҒА Президиумының жанындағы «Жану үдерісінің теориялық негіздері», «Синтетикалық материалдар» мәселелері бойынша ғылыми кеңестері, Синтетикалық полимер материалдары институты бірлесіп өткізді.

Конференцияның жұмысына КСРО, Болгария, Израиль, Италия, Польша, АҚШ, ЧСФР елдерінен 180 ғалым қатысты. Кеңес Одағының 28 қаласынан, шетелдің 7 қаласынан келген жетекші ғалымдар пленарлық және стендік баяндама жасады.

Конференцияның ашылуында ҚазКСР ҒА академиктері Б.А. Жұбанов, Е.Е. Ерғожиндер сөз сөйледі.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1991. – № 2. – 74-75-б.*

1990 жылдың 22 қарашасында ҚазКСР Министрлер Кеңесі «1991-1995 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған республикалық мақсатты кешенді ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру жөніндегі негізгі бағыттары туралы» №457 қаулыны қабылдады. Республика халықшаруашылығының құрылымы мен жергілікті ерекшеліктерін, аймақтық жағдайларды ескере отырып, еліміздің ғылыми-техникалық әлеуетін техникалық прогресті айқындайтын басым бағыттарға шоғырландыру мақсатында республикалық мақсатты кешенді ғылыми-техникалық бағдарламаларының негізгі бағыттары айқындалды: Экология; Минералды ресурстарды кешенді пайдалану; Ауылшаруашылық өнімдерін сақтап, қайта өңдеу; Арал («Арал-2006» Мемлекеттік бағдарламасының 2-кезеңі); Адам, ғылым, қоғам; Батыс Қазақстан; Жоғары сұрыпты механизмдер негізінде мәшинелер мен роботтехникалық жүйелерді құрастыру; Табиғат апаттарынан келетін залалды азайту.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары. – 1990. – қараша. – 21-28-б.*

1990 жылдың 14 желтоқсанында Қазақ КСР Президентінің «Қазақ ауылшаруашылық ғылымдарының академиясын ұйымдастыру туралы» №139 Жарлығымен Қазақ ауылшаруашылығы академиясы құрылды. Академияны құру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілді.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении. – Алматы, 2004. – С.135.*

1990 жылдың 27 желтоқсанында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі ҚазКСР ҒА Ядролық физика институтының радиациялық

материалтану бойынша ғылыми бөлімшелер мен электрондық спектроскопия зертханалары, ҚазКСР ҒА Жоғары энергия физикасы институты физика-техникалық бөлімінің негізінде «Қазақ КСР Ғылым академиясының Физика-техникалық институтын ұйымдастыру туралы» №535 қаулыны қабылдады. Негізгі бағыттары ретінде қатты денелердің радиациялық-иондық модификациясының (физика үдерістері және металл мен жартылай өткізгіш материалдардың ерекшеліктерінің өзгеруі) ғылыми негіздерін даярлау, қатты денелердің беттік және көлемдік ерекшеліктерін айқындап, талдау әдістерін даярлау (жаңа аспаптар, аппаратура, бағдарлама құралдары).

*ҚазССР Үкіметінің қаулыларының жинағы.  
– 1991. – № 5. – 31-құжат.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында көрнекті тарихшы, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі, профессор Е.Б. Бекмахановты еске алуға арналған ҚазКСР Ғылым академиясы Ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысы болды.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1990. – № 7. – 79-81-б.*

### **1991**

1991 жылдың 3 қаңтарында ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының ғалымдары мен қоғамтанушылары Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы Ө.Д. Жәнібековпен кездесті. Кездесу қазақ халқының рухани мұрасын зерттеудің өзекті мәселелеріне арналды. Онда ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтының директоры, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі А.Н. Нысанбаев, ҚазКСР ҒА академигі Р.Б. Сүлейменов, Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы Ө.Д. Жәнібеков баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1991. – № 3. – 91-92-б.*



1991 жылдың 5 қаңтарында Алматыда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, Ғылым академиясы және ҚазКСР Халыққа білім беру министрлігі ұйымдастырған қоғамтанушылардың республикалық кеңесі өтті. Оған гуманитарлық және әлеуметтік-саяси пәндердің оқытушылары, ғалымдар, Алматыдан, республиканың басқа да облыстарынан партия және кеңес қызметкерлері шақырылды.

*ҚазКСР ҒА Хабаршысы. – 1991. – № 3. – 3-39-б.*

1991 жылдың 20 наурызында ҚазКСР Министрлер Кабинеті «Қазақ КСР Ғылым академиясының мәселелері» атты №172 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес Қазақстанның әлеуметтік ортасын, халыққа білім беру, мәдениет, экономика талаптарын, ғылымның дамуын ескере отырып, зерттеулердің негізгі бағыттарын Ғылым академиясы өз бетінше анықтайтыны туралы шешім қабылданды. Соған байланысты ғылыми мекемелерді құру, тарату, институттардың құрылымдық бөлімшелеріне қатысты мәселелерді өз бетінше шешіп, ғылымның басқа да ұйымдық нысандарын дамытуға, белгіленген тәртіп бойынша ғылым мен өндірісті біріктіруге, жыл сайын бөлінетін жалпы қаражатқа сәйкес ҚазКСР Ғылым академиясындағы қызметкерлердің жалақылары мен мөлшерлемелерін белгілеуге; өз қаражаты есебінен әлеуметтік міндеттерді шешу үшін арнаулы қорлар құруға; белгіленген тәртіппен келісім-шарт жүйесін енгізіп, ғылыми қызметкерлерді, шетелдік ғалымдар мен мамандарды жұмысқа шақыруға құқылы болды.

*ҚазКСР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
– 1991. – наурыз. – 56-б.*

1991 жылдың 3-4 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Сессияны ҚазКСР ҒА президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашты.

Ғылым академиясы Президиумының бас ғалым хатшысы, ҚазКСР ҒА корреспондент мүшесі К.А. Сағадиев ҚазКСР ҒА 1990 жылғы ғылыми және ғылыми-ұйымдастыру қызметі туралы баяндама жасады.

ҚазКСР ҒА президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазиннің «Қазақстан ғылымы нарықтық экономикаға көшу жағдайында» («ҚазКСР-дағы ғылым және ғылыми-техникалық прогресс туралы» Қазақ КСР Заң жобасын әзірлеуге байланысты) тұжырымдамасы туралы» баяндамасы тыңдалды.

Сессияда Ш. Уәлиханов атындағы гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша 1990 жылғы сыйақылар берілді:

бірінші сыйлық «Қазақ фольклористикасының тарихы (революцияға дейінгі кезең)» атты монографиясы үшін М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері – Р.Б. Бердібаев, Ш. Ибраев, З. Сейтжановтарға берілді;

екінші сыйлық «Қазақстандағы этникалық одонтология» атты монографиясы үшін Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының қызметкерлері – О. Смағұлов, К.Б. Сықымбаеваларға берілді.

1991 жылғы Қ.И. Сәтбаев атындағы жаратылыстану ғылым саласы бойынша (Жер туралы ғылым) бірінші сыйлық «Өзен ағынын реттеудің есептеу әдістемесі» атты еңбегі үшін Энергетика ҚазҒЗИ құрметті директоры, ҚазКСР ҒА академигі Ш.Ш. Шөкинге, сол институттың зертхана меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты В.А. Григорьевке, Алматы сәулет-құрылыс институтының доценті, техника ғылымдарының кандидаты В.К. Редькинге берілді.

Екінші сыйлық «Қазақстанның кенді аудандарының терең құрылымдарын зерттеп, гидрогеологиялық болжам әдістерінің кешенді ғылыми негіздерін даярлау» атты зерттеулер топтамасы үшін У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және гидрофизика институтының директоры, техника ғылымдарының докторы В.В. Веселовқа, институт директорының орынбасары, геология-минералогия ғылымдарының докторы А.К. Джакеловқа, «Қазрудгеология» «Қазкенгеология» ҒӨҰ бас директоры, Минералды шикізат ҚазҒЗИ директоры, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты Г.Р. Бекжановқа берілді.

ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылдың 24 шілдесіндегі қаулысы, 1990 жылдың 13 желтоқсанындағы ҚазКСР ҒА Президиумының қаулысына сәйкес ҚазКСР ҒА жас

зерттеушілерімен жұмыс істейтін комиссияның шешімі бойынша ҚазКСР ҒА Президиумы шәкіртақы тағайындады:

Қ.И. Сәтбаев атындағы шәкіртақы – М.У. Аймағамбетов пен Б.Е. Әлібаеваға;

В.Г. Фесенков атындағы шәкіртақы – М.К. Мұқышеваға;

А.Д. Тайманов атындағы шәкіртақы – К.С. Тәттібековке;

А.Б. Бектұров атындағы шәкіртақы – Г.Т. Майшиноваға;

А. Байтұрсынұлы атындағы шәкіртақы – К.П. Аронов пен И.О. Дулатбековке;

М.А. Айтхожин атындағы шәкіртақы – В.Г. Князькова мен Б.Е. Сұлтанбаевқа;

Е.А. Бөкетов атындағы шәкіртақы – М.И. Аракчееваға берілді.

Жас зерттеушілерге республикамыздың көрнекті ғалымдары мен қоғам қайраткерлерінің атындағы сыйлықтар тапсырылды. Атап айтқанда:

М. Дулатов өмірі мен шығармашылығына арналған зерттеулер топтамасы үшін М. Әбсеметовке М.О. Әуезов атындағы сыйлық;

«Бөлшектің қалыпты көбеюінің кездейсоқ үдерістері» атты зерттеу топтамасы үшін С. Сағитовқа К.П. Персидский атындағы сыйлық;

«Диссектордың фокустаушы-ауытқушы жүйесі» атты еңбегі үшін А. Дубовицкий мен И. Носовқа В.Г. Фесенков атындағы сыйлық;

«Геохимиялық үдеріс заңдылықтарын пайдалану негізінде жерасты кен өндірісінің озық технологиясын әзірлеу» атты еңбегі үшін М. Әбуовқа Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлық;

«ІЖҚ шығатын газдарды тазалауға жаңа катализикалық бейтараптандырғыш даярлау» атты еңбегі үшін Д. Нығметоваға Д.В. Сокольский атындағы сыйлық;

«Шөлде өсетін өсімдіктерге жаңа жер даярлау» атты монографиясы үшін В. Вухерге М.А. Айтхожин атындағы сыйлық;

«1970-1980 жылдардағы Қарағанды көмір алабындағы жұмысшыларының әлеуметтік дамуы» атты еңбегі үшін А. Алтаевқа Ә.Х. Марғұлан атындағы сыйлық берілді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1991. – № 6. – 15-87-б.*

1991 жылдың 17 сәуірінде ҚазКСР Ғылым академиясының Президиумында КОКП ОК саяси бюросының мүшесі, КОКП ОК хатшысы А.С. Дзасохов ғалымдармен кездесті. Кездесуге Саяси бюроның мүшелері, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшылары – В.Г. Ануфриев, Ө.Д. Жәнібеков, К.Х. Төлебековтер қатысты.

ҚазКСР ҒА вице-президенті, ҚазКСР ҒА академигі В.Н. Околович Қазақ КСР Ғылым академиясының тарихы туралы, құрылымы, білікті мамандары, құрамы туралы сөз қозғап, Ғылым академиясының қол жеткізген табыстарын егжей-тегжейлі сипаттап берді.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1991. – № 7 – 57-65-б.*

1991 жылдың 17 сәуірінде ҚазКСР Президентінің 1990 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясын ұйымдастыру туралы» №139 Жарлығын іске асырып, республикада агроөнеркәсіп кешенін ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету, іргелі және қолданбалы зерттеулерді көбейту, ауылшаруашылық дамуының қарқынын арттыру мақсатында Министрлер Кабинеті «Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясын құру туралы» № 240 қаулыны қабылдады. Соған сәйкес Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясын құруды ұйымдастыратын комитеттің құрамы бекітілді. Ұйымдастыру комитетін Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясы президентінің міндетін атқарушы Г.А. Қалиев басқарды.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
– 1991. – сәуір. – 81-94-б.*

1991 жылдың 17 сәуірінде Қазақ КСР Министрлер Кабинеті № 240 қаулыны қабылдады. Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясына ғылыми мекемелер, В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдарының академиясы (ВАСХНИЛ) Шығыс бөлімшесінің тәжірибелі стансылары мен шаруашылығы, ҚазКСР Ауылшаруашылық және азық-түлік министрлігі, ҚазКСР Сушаруашылық және мелиорация

министрлігі, сондай-ақ ВАСХНИЛ-ге тікелей бағынатын, Қазақстан аумағындағы ғылыми мекемелер берілді.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении. – Алматы, 2004. – С.135.*

1991 жылдың 29 мамырында ҚазКСР ҒА академигі Орымбек Ахметбекұлы Жәутіковтің туғанына 80 толуына байланысты ҚазКСР Ғылым академиясы Физика-математика ғылымдары бөлімшесі Жалпы жиылысының сессиясы болды.

Сессияны ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашты. ҚазКСР ҒА Математика және механика институтының зертхана меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы Д.У. Үмбетжанов «ҚазКСР Ғылым академиясының академигі О.А. Жәутіковтің өмірі, ғылыми, педагогикалық, ұйымдастырушылық қызметі» туралы баяндама жасады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1991. – № 9. – 75-77-б.*

1991 жылдың 3 маусымында ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумы мен ҚазКСР Халыққа білім беру министрлігі алқасының бірлескен отырысы болды. Онда Ғылым академиясы мен жоғары мектептің өзара ынтымақтастығын арттыру мәселелері сөз болды.

Мәжілісті ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашып, кейін ҚазКСР ҒА вице-президенті, ҚазКСР ҒА академигі В.Н. Околович, Халыққа білім беру министрінің орынбасары Р.Т. Сәрсенов сөйледі.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1991. – № 8. – 3-15-б.*

1991 жылдың 15-16 маусымында ҚазКСР Ғылым академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының ұйымдастыруымен «Ұлы Жібек жолындағы

көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара байланысы» деген тақырыпта ЮНЕСКО халықаралық семинары өтті.

Онда ҚазКСР Ғылым академиясының президенті, ҚазКСР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин, ҚазКСР ҒА академигі М.Қ. Қозыбаев, профессор К.М. Байпақов және шетелдік қонақтар сөйледі.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1991. – № 8 – 72-74-б.*

1991 жылдың 5 шілдесінде Қазақ КСР Министрлер Кабинеті «Қазақ КСР Химия ғылымдары институтына Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Әбікен Бектұрұлы Бектұровтың есімін беру туралы» №412 қаулыны қабылдады.

*ҚазССР Үкіметінің қаулыларының жинағы.  
– 1991. – № 17. – 112-құжат.*

1991 жылдың 12 тамызында Қазақ КСР Министрлер Кабинеті «Қазақ КСР Ғылым академиясының Информатика мәселелері және басқару институтын ұйымдастыру туралы» №469 қаулыны қабылдады.

*ҚазССР Үкіметінің қаулыларының жинағы.  
– 1991. – № 18. – 126-құжат.*

1991 жылдың 12 тамызында Қазақ КСР Министрлер Кабинеті «Қазақ КСР Ғылым академиясының Ғарыштық зерттеулер институтын ұйымдастыру туралы» № 470 қаулыны қабылдады.

*ҚазССР Үкіметінің қаулыларының жинағы.  
– 1991. – № 18. – 127-құжат.*

1991 жылдың 13 тамызында ҚазКСР Министрлер кабинеті «Қазақстан Республикасы Инженерлік академиясының мәселелері туралы» №475 қаулыны қабылдады. Соған байланысты академия жарғыда көрсетілген мақсат-міндеттерге сәйкес халықаралық ынтымақтастықты нығайтып, сыртқы экономикалық қызметті

жүзеге асыруға; отандық және шетелдік ЭЕМ жүйелері мен банкілерге автоматтандырылған байланыс орнатуға; инженерлік іс саласында өндірістік, коммерциялық және баспа ісімен айналысуға құқылы болды. Академия Қазақстандағы жоғары ғылыми-әдістемелік орталығы, инженерлік істі үйлестіретін орталық ретінде танылды.

*ҚазССР Министрлер Кеңесінің қаулылары.  
– 1991. – тамыз.*

1991 жылдың 28 тамызында Қазақ КСР Министрлер Кабинеті «Қазақ КСР Ғылым академиясының Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтын ұйымдастыру туралы» №496 қаулыны қабылдады.

*ҚазССР Үкіметінің қаулыларының жинағы.  
– 1991. – № 20. – 143-құжат.*

1991 жылдың 11 қыргүйегінде «Қазақ ССР Ғарыштық зерттеулер агенттігін құру туралы» Жарлыққа қол қойылды.

*Казахстанская правда.  
– 1991. – 13 сент. (№ 212). – С.1.*

1991 жылдың 16 қазанында Қазақ КСР Министрлер Кабинеті «Қазақ КСР Ғылым академиясының Механика және мәшинетану институтын ұйымдастыру туралы» № 615 қаулыны қабылдады.

*ҚазССР Үкіметінің қаулыларының жинағы.  
– 1991. – № 23. – 172-құжат.*

1991 жылдың 10 қарашасында Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің ҚазКСР Ғылым академиясы Философия және құқық институтының құқықтық мәселелері бойынша ғылыми бөлімшелері негізінде «ҚазКСР Ғылым академиясы Мемлекет және құқық институтын ұйымдастыру туралы» №680 қаулысы шықты.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 1. – 3-4-б.*

1991 жылдың 19-21 қарашасы мен 29 қарашада Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Ғарыштық зерттеулер институтының ұйымдастыруымен екі кезеңде ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.О. Әубәкіровтің ұшуына, алдағы ғарыштық зерттеулерге қатысты болды.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 2. – 3-9-б.*

1991 жылдың 26 қарашасында ҚазКСР Ғылым академиясы Биология ғылымдары бөлімшесі мен Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясының егіншілік, мелиорация және орман шаруашылығы бөлімшесінің топырақ құнарлылығы мәселелеріне арналған Жалпы жиылысының біріккен сессиясы өз жұмысын бастады.

Сессияның жұмысына ҚР Ғылым академиясының президенті, ҚР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин, ҚР ҒА вице-президенті, ҚР ҒА академигі И.О. Байтулин, Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясының вице-президенті, ҚазАШҒА корреспондент мүшесі Э.Ф. Госсен, ҚР ҒА бас ғалым хатшысы, ҚР ҒА корреспондент мүшесі К.А. Сағадиев, институттардың ғылыми қызметкерлері (топырақ зерттеуші, ботаник, зоолог, мелиоратор, микробиолог, жертанушы, физиолог, генетик және селекционерлер) қатысты.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 1. – С.5-8.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

ҚазКСР Ғылым академиясының Президиумы мен Халыққа білім беру министрлігінің алқасы ҚазКСР Қаржымин және Мемжобамен келісілген «ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының жанындағы жас зерттеушілердің бастамаларына қолдау көрсететін Республикалық қор құрып, пайдалану туралы ережені» бекіту туралы қаулы қабылдады.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1991. – № 3. – 40-41-б.*



Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылдың 24 шілдесіндегі «Ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру, ҚазКСР Ғылым академиясының материалдық-техникалық базасын нығайту, ғылыми мамандар даярлауға байланысты шаралар туралы» қаулысына сәйкес ҚазКСР Ғылым академиясы Президиумының 1990 жылдың 13 қыргүйегіндегі қаулысын іске асыру мақсатында Қазақ КСР Ғылым академиясының Президиумы ҚазКСР Ғылым академиясының аспиранттары үшін шәкіртақы тағайындау тәртібі туралы ережені бекітті: Жер туралы ғылымдар саласы бойынша Қ.И. Сәтбаев атындағы шәкіртақы (екеу), физика және астрономия саласы бойынша В.Г. Фесенков атындағы шәкіртақы (біреу), математика саласы бойынша А.Д. Тайманов атындағы шәкіртақы (біреу), химия-технология ғылымдары бойынша А.Б. Бектұров атындағы шәкіртақы (біреу), қоғамдық ғылымдар саласы бойынша А. Байтұрсынұлы атындағы шәкіртақы (екеу), биология пәні бойынша М.А. Айтхожин атындағы шәкіртақы (екеу), техника ғылымдары бойынша Е.А. Бөкетов атындағы шәкіртақы (біреу).

ҚазКСР Ғылым академиясының жас ғалымдарына сыйлық тағайындау тәртібі туралы ереже бекітілді: қоғамдық ғылымдар бойынша М.О. Әуезов атындағы сыйлық, математика саласы бойынша К.П. Персидский атындағы сыйлық, физика және астрономия саласы бойынша В.Г. Фесенков атындағы сыйлық, Жер туралы ғылым саласы бойынша Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлық, химия-технология салалары бойынша Д.В. Сокольский атындағы сыйлық, биология саласы бойынша М.А. Айтхожин атындағы сыйлық, тарих, археология, этнография, антропология салалары бойынша Ә.Х. Марғұлан атындағы сыйлық.

*ҚазССР ҒА Хабаршысы. – 1991. – № 3. – 42-44-б.*

Ғарыш ғылымының жетістіктерін халықшаруашылығының қажетіне пайдаланудағы сіңірген қажырлы еңбегі үшін, бортында халықаралық экипажы бар «Союз ТМ-13» кемесін ұшуға дайындауға белсенді түрде атсалысқаны үшін Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының президенті, Қазақстан Республикасының Ғарышкерлер федерациясының төрағасы

Сұлтанғазин Өмірзақ Махмұтұлы «Ленин» орденімен марапатталды.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 1. – 78-б.*

## 1992

1992 жылдың 15 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты және ғылым туралы» №1129-ХІІ заңына қол қойды. Бұл заң жалпыадамзаттың дамуында маңызды орын алатын ғылымның республикада толыққанды жұмыс істеуін қамтамасыз ететін негізгі құқықтық, экономикалық және әлеуметтік шарттар мен кепілдіктерді бекітіп, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді еркін дамытуға, ғылыми қызметкерлер мен ғылыми ұйымдардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Заң арқылы мемлекеттің ғылыми-техникалық саясаты мен ғылым мен техника саласындағы қатынастарды мемлекет тарапынан реттеліп, ең маңызды ұстанымдары анықталады; ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру мақсатында экономикалық механизмді қалыптастырады; ғылым мен өндірісті байланыстырады; ғылымға жас мамандарды тартып, материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етеді; ақпараттық қолдау көрсетіледі; халықаралық ынтымақтастық орнатылып, ғылыми зияткерлік меншік қорғалады.

*Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы.  
– 1992. – № 4.*

1992 жылдың 30 қаңтарында ҚР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Онда ҚР Ғылым академиясының академигі, ҚР Ғылым академиясының президенті Ө.М. Сұлтанғазин «ҚР Ғылым академиясының жаңа жағдайдағы қызметін түбегейлі қайта құру шаралары туралы» баяндама жасады.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 3. – 3-55-б.*

1992 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің «Экономикалық реформа жағдайында Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару органдарын ұйымдастырып, қызметін жетілдіру туралы» №600 Жарлығымен ҚР министрліктерінің тізбесі бекітілді. Тізімде Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі де болды. Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне:

бірыңғай мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты ұстану;  
ғылым мен техниканың дамуын болжап, жұмысын ұйымдастыру;

министрліктерге, мекемелер мен басқа да өндіріс бірлестіктеріне ғылым мен техниканы дамыту мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік көмек көрсету,

республикалық, мемлекетаралық және халықаралық ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыруда түрлі инновациялық қызметтердің дамуына жәрдемдесу сияқты міндеттер жүктелді.

*ҚР Президенті мен ҚР Министрлер Кабинетінің актілер жинағы. – 1992. – № 4. – 54-құжат.*

Президенттің 1992 жылдың 7 ақпанындағы Жарлығы бойынша 1986 жылдан «Технологиялық лазерлер» салааралық ғылыми-техникалық кешенінің бас директоры, техника ғылымдарының докторы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Г.А. Әбілсейітов Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрі болып тағайындалды.

*Казахстанская правда. – 1992. – 8 февр. (№ 32-33). – С.1.*

1992 жылдың 3-4 наурызында Ташкентте Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Кәрімовтің бастамасы бойынша ұйымдастырылған Орта Азия, Қазақстан және Өзбекстан республикаларындағы Ғылым академиялары президенттерінің кеңесі болды.

Кеңеске Ғылым академиялары Президиумының бас ғалым хатшылары, республикалық халыққа білім беру мекемелерінің

басшылары қатысты. Кеңесте Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының президенті, ҚР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин сөз сөйледі.

«Орта Азия, Қазақстан мен Әзербайжан Республикалары Ғылым академияларының ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастығы туралы келісім» қабылданды.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 4 – 3-14-б.*

1992 жылдың 12 наурызында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті «Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы» №221 қаулыны қабылдады. Бұл қаулыда Ғылым және жаңа технологиялар министрлігіне республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының құрамдас бөлігі ретінде бірыңғай мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат жүргізу міндеті жүктелді.

Министрліктің негізгі міндеттері – ғылым мен техниканың дамуын болжау жұмыстарын ұйымдастыру, ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарын айқындауға байланысты ұсыныстар даярлау, инновациялық қызметті дамытуға жәрдемдесу.

*ҚР Президенті мен ҚР Министрлер кабинетінің актілер жинағы. – 1992. – № 10. – 184-құжат.*

1992 жылдың 28 сәуірінде ҚР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. Сессияны ҚР ҒА президенті, ҚР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашты.

ҚР ҒА Президиумының бас ғалым хатшысы, ҚР ҒА корреспондент мүшесі К.А. Сағадиев 1991 жылғы ҚР Ғылым академиясының ғылыми және ғылыми-ұйымдастыру қызметі туралы баяндама жасады.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 5. – 5-72-б.*

1992 жылдың 30 сәуірінде Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті «Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының мәселелері туралы» №407 қаулыны қабылдады. Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының материалдық-

техникалық базасын одан әрі жетілдіру, ғалымдарды әлеуметтік тұрғыдан қорғау, іргелі ғылыми зерттеулерді дамытуға қажетті жағдай жасау мақсатымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне бір айдың ішінде Ғылым академиясы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бас салық инспекциясы бірлесіп, Ғылым академиясының мекемелерін, кәсіпорындары мен ұйымдарын, белгіленген тәртіп бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізетін республикалық бюджеттік ұйымдарды салықтардан, алымдар мен баждардан, оның ішінде сыртқы экономикалық қызмет нәтижесінде алынатын валютаға салынатын алым-салықтардан босату туралы ұсынысын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне тапсыру үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне дайындап беру міндеті жүктелді, ҚР Материалдық ресурстар министрлігі ҚР Ғылым академиясын қосымша материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ететін болды.

*ҚР Министрлер Кеңесінің қаулысы.  
– 1992. – сәуір.*

1992 жылдың 15 мамырында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлттық ядролық орталық» және «Қазақстан Республикасы Атом энергиясы бойынша агенттік туралы» №779 Жарлыққа қол қойды.

Жарлыққа сәйкес радиациялық қауіпсіздік және экология, ядролық технологиялар мен атом энергетикасы саласындағы дайындық жұмыстарын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан нысандар мен ғылыми ұйымдар, бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының кешені негізінде ҚР Ұлттық ядролық орталығын құру туралы шешім қабылданды.

Атом энергиясын пайдалануға байланысты мемлекет саясатын жүзеге асыру үшін Атом энергиясы бойынша агенттік құрылды.

*Казахстанская правда.  
– 1992. – 16 мая (№ 113-114). – С.1.*

1992 жылдың мамыр айында ҚР ҒА академигі Ж.М. Әбділдин бастаған Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының бір

топ ғалымдары Қытай Халық Республикасына барды. Сапардың мақсаты – ҚХР Ғылым академиясының Синьцзян филиалы, Қытай Ғылым академиясы, Қытай Қоғамдық Ғылым академиясымен тікелей байланыс орнату.

Келіссөздер барысында ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім жобалары дайындалды.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 6. – 34-б.*

1992 жылдың 16 маусымында Шымкентте ҚР Ғылым академиясының Оңтүстік Қазақстан бөлімшесінің ашылуына байланысты ҚР Ғылым академиясы Президиумының көшпелі жиылысы өтті.

Жиылысқа облыстық әкімшілік басшылары, Шымкент, Жамбыл және Қызылорда облыстары облыстық Кеңестерінің халық депутаттары, жетекші жоғары оқу орындарының, салалық институттар, аймақтық бірлестіктер мен кәсіпорындардың басшылары қатысты.

Жиылысты ҚР Ғылым академиясының президенті, ҚР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашты. Шымкент облыстық әкімшілігі басшысы, техника ғылымдарының докторы М.Ф. Үркімбаев «Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Оңтүстік Қазақстан бөлімшесінің іргелі ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыттары және ғылыми-ұйымдастыру қызметі» деген тақырыпта баяндама жасады. М.Ф. Үркімбаев ҚР ҒА Оңтүстік Қазақстан бөлімшесінің төрағасы болып сайланды.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 6. – 3-30-б.*

1992 жылдың 8 шілдесінде ҚР Ғылым академиясының Президиумында Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасы талқыланды. Талқылауға ҚР ҒА Президиумының мүшелері, институт директорлары, қоғамтанушы ғалымдар, академия институттарының қызметкерлері қатысты. ҚР ҒА Мемлекет және құқық институты директорының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты Е.К. Нұрпейісов баяндама жасады.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 6. – 88-б.*

1992 жылдың 15-16 шілдесінде ҚР Ғылым академиясында Социалистік Еңбек Ері, ҚР ҒА академигі, гидрогеология саласындағы білікті маман Уфа Мендібайұлы Ахмедсафиннің туғанына 80 жыл толуына арналған ғылыми конференция өтті.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – №6. – 88-89-б.*

1992 жылдың 22 шілдесінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясы мен Ғылым академиясының толық мүшесі және корреспондент мүшесі атағы үшін төленетін ақының мөлшерін көбейту туралы» №626 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының «академигі» атағы үшін төленетін ақының мөлшерін көбейту туралы ұсынысы қабылданды, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы мен Қазақ ауылшаруашылығы ғылымдары академиясының толық мүшесіне айына 2500 сом, «корреспондент мүшесі» атағы үшін айына 1750 сом көлемінде төленетін болды.

*ҚР Министрлер Кеңесінің қаулысы.  
– 1992. – шілде.*

1992 жылдың 27 шілдесінде Алматыда Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы мен Қытай Қоғамдық ғылым академиясының арасындағы ғылыми ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 7. – 7-б.*

1992 жылдың 6 тамызында Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылдың 15 шілдесіндегі «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасып, даму стратегиясын жүзеге асыру шаралары туралы» №853 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының №5-9р тапсырмасымен ғылым, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау, дене шынықтыру, спортқа мемлекеттік қолдау көрсету Ұлттық бағдарламасының жобасындайындайтын жұмыстыбы жасақталды.

Оның құрамында Жолдасбеков М.Д. – Премьер-Министрдің орынбасары (топ жетекшісі); Әбілсейітов Г.А. – Ғылым және жаңа технологиялар министрі; Ақпаев А.С. – Туризм, дене шынықтыру және спорт министрінің бірінші орынбасары; Атрушкевич П.А. – Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясының ректоры, халық депутаты; Байзақов С.Б. – Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясы Президиумының бас ғалым хатшысы; Братышев В. Г. – Қаржы министрінің орынбасары; Девятко В.Я. – Денсаулық сақтау министрі; Дүйсекеев А.Д. – Республикалық балалар ауруханасының бас дәрігері, халық депутаты; Қалиев Г.А. – Қазақ ауылшаруашылығы ғылым академиясының президенті; Рахмадиев Е. – Мәдениет министрі; Рымжанов О.М. – Қазақкино концернінің төрағасы, халық депутаты; Сағадиев К.А. – Ғылым академиясы Президиумының бас ғалым хатшысы; Сұлтанғазин Ө.М. – Ғылым академиясының президенті; Корольков В.Т. – ҚР Білім министрінің бірінші орынбасары болды.

*ҚР Министрлер Кеңесінің қаулысы.  
– 1992. – тамыз.*

1992 жылдың 21 қыргүйегінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, ғылыми-техникалық бағдарламаны қаржыландыру туралы» №780 қаулы қабылдады.

Осы қаулыға сәйкес 1992 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі ғылыми ұйымдарды мемлекеттік бюджеттен қаржыландырып, ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар, компьютерлендіру мен ақпараттандыруға арнайы қаражат бөлінетін болды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1992. – № 36. – 549-құжат.*

1992 жылдың 7-9 қазанында Өскемен қаласында Шығыс Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарының әкімшілік басшыларымен, академия ғалымдары, жетекші жоғары оқу орындарының, салалық институттардың басшылары, аймақтық



бірлестіктер мен кәсіпорындарының басшылары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Президиумының көшпелі жиылысын өткізді.

Жиылыс ҚР ҒА Шығыс бөлімшесінің ашылуына орай өтті. Жиылыста ҚР ҒА президенті, ҚР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин сөз сөйледі.

Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, ҚР ҒА корреспондент мүшесі Е.А. Мәмбетқазиев ҚР Ғылым академиясының Шығыс бөлімшесінің төрағасы болып сайланды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 1. – 10-55-б.*

1992 жылдың 14-16 қазанында Бішкекте Қазақстан мен Орта Азия республикалары Ғылым академияларының президенттері Академияаралық үйлестіру кеңесінің екінші жиналысына жиналды. Талқыланған негізгі мәселелердің бірі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы, ғылыми-техникалық дамуға қатысты бірлескен іргелі зерттеулердің бағдарламалары туралы болды.

Түрікменстан Ғылым академиясының президенті А.Г. Бабаев, Тәжікстаннан – С.Х. Негматуллаев, Қырғызстаннан – И.Т. Айтматов, ҚР ҒА академигі Б.А. Жұбанов, Өзбекстан ҒА корреспондент мүшесі К.А. Хасанджанов қысқаша баяндама жасады. Жиналысқа ҚР ҒА президенті Ө.М. Сұлтанғазин қатысты.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 1. – 3-9-б.*

1992 жылдың 23-26 қазанында Алматыдағы ҚР Ғылым академиясының Шығыстану орталығының негізінде «Корейтану және салыстырмалы зерттеулер: корейтануды әмбебаптандыруға байланысты Бірінші халықаралық конференция» өткізілді.

Конференцияға АҚШ, Оңтүстік Корея, Жапония, Франция, Бельгия, Нидерланды, Финляндия, Аустрия, Қытай, Ресей, Өзбекстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Қазіргі заманғы корейтанудың өзекті мәселелері бойынша 34 баяндама тыңдалды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 2. – 92-93-б.*

1992 жылдың 29 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылдың 15 шілдесіндегі «Қазақстанның егеменді ел ретіндегі қалыптасып, даму стратегиясын жүзеге асыру шаралары туралы» және «Экономикалық реформаларды ұйымдастыру-құқықтық тұрғыдан күшейтудің бірінші кезектегі міндеттері» туралы №853 қаулыны жүзеге асырудағы Ғылым академиясының орнын айқындауға арналған Ғылым академиясы Президиумының мәжілісі мен ҚР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі Жалпы жиылысының бірлескен отырысы өтті.

Жиылысты ҚР Ғылым академиясының президенті, ҚР ҒА академигі, Ө.М. Сұлтанғазин ашты. «Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының өзекті стратегиялық мәселелері: ұлттық бағдарламаларды даярлап, іске асыру мәселелері» деген тақырыпта ҚР Ғылым академиясы Экономика институтының директоры, ҚР ҒА академигі А.К. Қошанов, ҚР ҒА Президиумының бас ғалым хатшысы қызметін атқарушы, заң ғылымдарының докторы М.К. Сүлейменов баяндама жасады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 1. – 63-66-б.*

1992 жылдың 4 желтоқсанында Атырауда ҚР Ғылым академиясы Президиумының Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының, жоғары оқу орындары, салалық институттар басшылары, аймақтық бірлестіктер мен кәсіпорындарының әкімшілік басшыларымен бірлескен көшпелі отырысы өтті. Жиылыс ҚР Ғылым академиясының Батыс бөлімшесін құруға арналды.

Жиылысты ҚР ҒА президенті, ҚР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашты. Онда ҚР ҒА академигі Ж.С. Сыдықов «Каспий теңізінің қазіргі жай-күйі, теңіз деңгейінің көтерілуі салдарынан келетін зардаптың алдын алу» деген тақырыпта баяндама жасады;

ҚР ҒА корреспондент мүшесі Ш.М. Айталиев «ҚР ҒА Батыс бөлімшесінің ғылыми-ұйымдастыру қызметі және іргелі ғылыми-зерттеулердің негізгі бағыттары» деген тақырыпта баяндама жасады;

экономика ғылымдарының кандидаты К.Б. Есентаев «Батыс Қазақстан» республикалық ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру туралы» баяндама жасады.

ҚР ҒА корреспондент мүшесі Ш.М. Айталиев ҚР Ғылым академиясының Батыс бөлімшесінің төрағасы болып сайланды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 3. –3-27-б.*

1992 жылдың 29 желтоқсанында ҚР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. Онда ҚР ҒА президенті, ҚР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин «Ғылыми-техникалық саясат тұжырымдамасының негізгі ережелері туралы» баяндама жасады.

ҚР ҒА Президиумының бас ғалым хатшы қызметін атқарушы, заң ғылымдарының докторы М.К. Сүлейменов, ҚР ҒА академиктері Ж.М. Әбділдин, А.А. Абдулиндер ҚР Ғылым академиясының Жарғысы, ҚР ҒА бөлімшелері мен институттары туралы ережелер жайында ойларын ортаға салды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 2. –5-51-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылдың 24 шілдесіндегі «ҚазКСР Ғылым академиясының ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру, материалдық-техникалық базасын нығайту және республикада ғалым мамандарды даярлауға байланысты шаралар туралы» №295 қаулысына сәйкес ҚР Ғылым академиясының Президиумы Қарағанды қаласында Орталық-Қазақстан ботаникалық бағын ұйымдастырып, оған «Ғылыми-зерттеу институты» мәртебесін береді.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 1. –3-б.*

ҚазКСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылдың 26 қыргүйегіндегі №564 қаулысына сәйкес ҚР Ғылым академиясының Президиумы мен ҚР Халыққа білім беру министрлігінің алқасы Қарағандыда ҚР ҒА Математика және механика институтының

Қолданбалы математика бөлімі мен Қарағанды мемлекеттік университеті Математика факультетінің ғылыми-техникалық әлеуеті негізінде ҚР ҒА Қолданбалы математика институтын ұйымдастыру туралы қаулы шығарды.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 1. – 3-б.*

ҚазКСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылдың 10 қарашасындағы №680 қаулысына сәйкес ҚР Ғылым академиясының Президиумы Алматыда ҚР ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің құрамында ҚР ҒА Философия және құқық институтының құқықтық бөлімдері негізінде ҚР ҒА Мемлекет және құқық институтын ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 1. – 4-б.*

ҚР Ғылым академиясының Президиумы ҚР ҒА президенті, ҚР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазиннің АҚШ-қа Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бастап барған үкіметтік делегациясы құрамындағы сапары туралы қорытынды хабарламасын тыңдады.

Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық нәтижесінде Қазақстанда экологиялық, ғарыштық мониторинг құру, АҚШ университеттері мен колледждерінде республикаға қажетті білікті мамандар даярлау туралы келісімдерге қол қойылды.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 6. – 31-34-б.*

ҚР Ғылым академиясының Президиумы ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрі, профессор Г.А. Әбілсейітовтың үкіметке ұсынған «Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық әлеуетін дамытып, ұйымдастырудың негізгі ұстанымдары туралы» тұжырымдамалық схемасын қарастырды.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 6. – 35-37-б.*

ҚР Ғылым академиясының Президиумы Ғылым академиясының Президиумы жанынан сыртқы экономика бойынша ғылыми-зерттеу мәртебесі бар мекеме – Ғылыми орталық құру туралы қаулы шығарды. Ғылыми орталық қызметінің негізгі бағыттары ретінде әлемдегі экономикалық жүйенің даму үрдісі мен заңдылықтарын, әлемдік нарықты зерттеу, елдердің экономикалық тұрғыдан интеграциялануы, халықаралық еңбек бөлінісін зерттеу, Қазақстанның сыртқы экономикалық қатынастарын дамыту мәселелерін айқындау, шетелдердегі шаруашылықтың тиімді үлгілерін, нарықтық экономика үлгілерін зерттеу, Қазақстанның шетелдермен тиімді экономикалық байланыстарын негіздеп, зерттеу мәселелері бекітілді.

*ҚР ҒА Хабаршысы. – 1992. – № 6. – 37-б.*

### 1993

1993 жылдың 21 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президентінің «Республиканың ғылымын ұйымдастыруды жетілдіру және ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту шаралары туралы» №1090 Жарлығына қол қойылды.

Жарлықта төмендегідей ұлттық ғылыми орталықтарды құру көзделді:

- ҚР жаңа және ғарыш технологиясы ұлттық орталығы;
- ҚР радиоэлектроника және байланыс ұлттық орталығы;
- ҚР информатика және есептеу техникасы ұлттық орталығы;
- ҚР экология және табиғат құбылыстары ұлттық орталығы;
- ҚР биотехнологиясы ұлттық орталығы
- ҚР минералды шикізатты кешенді өңдеу ұлттық орталығы.

Жарлыққа сәйкес ҚР Ғылым академиясы ҚР Ұлттық Ғылым академиясы болып қайта құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1993. – № 1. – 12-құжат.*

1993 жылдың 22 қаңтарында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасында ғылым мен ғылыми-техникалық бағдарламаларды жоспарлап, қаржы-

ландыруды жетілдіруге байланысты шаралар туралы» №61 қаулыны қабылдады.

Қаулыға сәйкес «Ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды республикалық бюджеттен қаржыландыру тәртібі туралы Ереже» бекітілді.

Республиканың өндірістік әлеуетін дамытуда өзіндік орны бар іргелі және ізденіс бағытындағы зерттеулерді мақсатты қаржыландыру үшін Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің жанынан Ғылым қоры құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1993. – № 2. – 28- құжат.*

1993 жылдың 19 наурызында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы Ережені бекіту туралы» №217 қаулыны қабылдады.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. –  
1993. – № 8. – 99- құжат.*

1993 жылдың 19 наурызында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті «Ғылым министрлігі жанындағы қор туралы Ережені бекіту туралы» № 218 қаулыны қабылдады. Осы ережеге сәйкес Қор республиканың өндірістік әлеуетін дамытуда өзіндік орны бар іргелі және ізденіс бағытындағы зерттеулерді мақсатты қаржыландыру үшін; бағдарламаларды іске асыру, ғылым мен техниканың жаңа бағыттары бойынша маман даярлау, сонымен қатар мамандарды шетелдерде даярлау; республиканың аймақтық ғылыми орталықтардың ғылыми-техникалық әлеуетін қалыптастыруға көмек көрсету; халықаралық байланысты дамыту, халықаралық ғылыми бағдарламалар негізінде ғылымның жаңа бағыттары бойынша шетелдермен бірлескен зерттеулер ұйымдастыру мақсатында құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. –  
1993. – № 8. – 100- құжат.*

1993 жылдың 26 сәуірінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. Сессияны ҚР ҰҒА президенті, ҚР ҰҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашты. Сессия жұмысына Қазақстан Республикасының вице-президенті Е.М. Асанбаев қатысты.

ҚР ҰҒА Президиумының бас ғалым хатшысы қызметін атқарушы, заң ғылымдарының докторы М.К. Сүлейменов ҚР ҰҒА-ның 1992 жылғы ғылыми және ғылыми-ұйымдастыру қызметі туралы баяндама жасады.

Есептік баяндаманы талқылауға ҚР ҰҒА Шығыс бөлімшесінің төрағасы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Е.А. Мәмбетқазиев, География институтының зертхана меңгерушісі, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі И.В. Северский, ҚР ҰҒА Батыс бөлімшесінің төрағасы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Ш.М. Айталиевтер қатысты.

Сессияда ҚР вице-президенті Е.М. Асанбаев сөз сөйледі. Жалпы жиылыста «ҚР Ұлттық Ғылым академиясына сайлау туралы Ереже» бекітілді.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы – 1993. – № 4. – 3-51-б.*

1993 жылдың 26 мамырында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті «Республиканың мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалары туралы» №434 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес республикадағы ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттары бойынша республиканың мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалары (17 тақырып) бекітілді, олар Қазақстанның технологиялық серпілісінің Мемлекеттік ұлттық бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

*ҚР Министрлер Кеңесінің Қаулылары.  
– 1993. – мамыр.*

1993 жылдың 31 мамырында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми орталығының типті ережесін бекіту туралы» №445 қаулыны қабылдады.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1993. – № 19. – 241- құжат.*

1993 жылдың 14 маусымында ҚР Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Ұйғыртану институтына Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ғожахмет Сәдуақасұлы Сәдуақасовтың есімін беру туралы» №629 қаулыны қабылдады.

*ҚР Министрлер Кеңесінің Қаулылары.*  
– 1993. – маусым.

1993 жылдың 22 шілдесінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылдың 21 қаңтарындағы «Республика ғылымын ұйымдастыруды жетілдіру және ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуға байланысты шаралар туралы» №1090 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті «Қазақстан Республикасының минералды шикізатын кешенді түрде қайта өңдейтін Ұлттық орталықтың қызметіне қатысты шаралар туралы» № 642 қаулыны қабылдады. Қазақстан Республикасының минералды шикізатын кешенді түрде қайта өңдейтін Ұлттық орталық дербес мекеме ретінде танылды. Ол Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының құрамына енеді. Оған басшылық жасап, қызметін үйлестіреді. ҚР ҰҒА Тау-кен ісі институты, Металлургия және кен байыту институты, ҚР ҰҒА Химия-технология институты, Өнеркәсіп министрлігінің Шығыс ғылыми-зерттеу кен-металлургия түсті металдар институты сияқты ғылыми ұйымдар заңды құқығы бар мекеме ретінде Ұлттық орталықтың құрамына енгізілді.

*ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы.* – 1993. – № 28.

1993 жылдың 3 тамызында ҚР Министрлер Кабинеті ҚР ҒА академиясының корреспондент мүшесі Д.Н. Әбішевті «Минералды шикізатты кешенді өңдеу Ұлттық орталығының» Бас директоры етіп тағайындау туралы № 668 қаулыны қабылдады.

*ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы.* – 1993. – № 32.

1993 жылдың 6 тамызында Қарағандыда Қазақстан Республикасы Егемендігі жағдайында өңірдің әлеуметтік, өндірістік



мәселелерін шешуге байланысты ҚР ҰҒА Орталық Қазақстан бөлімшесінің бюросы Орталық Қазақстан облыстарының әкімшілік басшыларымен бірлесіп, ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының көшпелі отырысын өткізді.

Мәжілісті ҚР ҰҒА президенті, ҚР ҰҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашты. Қарағанды облыстық әкімшілігінің басшысы П.П. Нефедов, Қазақстан жер қойнауын кешенді игеру мәселелері институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі А.С. Сағынов, ҚР ҰҒА вице-президенті, академик Ж.М. Әбділдин, ҚР ҰҒА вице-президенті, академик И.О. Байтулин, ҚР ҰҒА Химия-технология ғылымдары бөлімшесінің академигі хатшысы, академик Б.А. Жұбановтар баяндама жасады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 6. – 3-39-б.*

1993 жылдың 2 қыргүйегінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті С.М. Қожахметовті «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатын кешенді өңдеу Ұлттық орталығының» ғылыми жетекшісі етіп бекіту туралы №771 қаулыны қабылдады.

*ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. – 1993. – № 36.*

1993 жылдың 14 қыргүйегінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті «Республиканың мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаларының көрсеткіштері мен негізгі тапсырмаларын бекіту туралы» №875 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес «Қазақстанда атом энергетикасын дамыту» және «Қазақстанда ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесін дамыту» атты республиканың мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың көрсеткіштері мен тапсырмаларының негізі бекітілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1993. – № 38.*

1993 жылдың 14 қыргүйегінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Ғылыми-техникалық жұмысқа сараптама

ұйымдастыру туралы» № 876 қаулыны қабылдады. Ғылыми-техникалық қызметке сараптама ұйымдастыру туралы ереже бекітілді. Ереже арқылы мемлекеттік мәні бар ғылыми-техникалық қызметке сараптаманың (мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама) ұйымдастырылуы реттеледі.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1993. – № 38. – 439- құжат.*

1993 жылдың 23-24 қыргүйегінде Киевте ТМД елдері 12 Ғылым академияларының президенттері, Вьетнам, Чех, Словакия республикалары Ғылым академияларының президенттері Ғылым академияларының Халықаралық қауымдастығын құру туралы келісімге қол қойды, ол туралы ереже бекітілді, Қауымдастықтар кеңесінің меморандумы қабылданды.

Қауымдастық кеңесін бірінші жылы Украина Ғылым академиясының президенті, академик Б.Е. Патон басқаратын болды. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин Кеңестің вице-төрағасы болып сайланды. Ережеге сәйкес Кеңес екінші жылы ҚР ҰҒА базасында жұмыс істейді, оған академия президенті төрағалық етеді.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы – 1994. – № 1. – 3-б.*

1993 жылдың 22 қазанында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Теориялық және қолданбалы математика институтында Республикалық математикалық қоғамы, ҚМТИ және әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің бірлескен салтанатты мәжілісі болды. Мәжіліс дифференциалдық теңдеулер бойынша қазақстандық ғылыми математика мектебінің негізін қалаушы, ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Константин Петрович Персидскийдің туғанына 90 жыл толуына арналды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы – 1994. – № 4. – 102-104-б.*

1993 жылдың 19 қарашасында ҚР Министрлер Кабинеті «Ашық ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және

жобалау-технологиялық жұмыстарды мемлекеттік тіркеу тәртібін бекіту туралы» №1161 қаулыны қабылдады, соған сәйкес Қазақстан Республикасында ашық ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды жүргізетін, солардың негізінде есеп құжаттарын мемлекеттік тіркеу тәртібі бекітілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1993. – № 44. – 537- құжат.*

1993 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстанда медицина ғылымын дамытуға арналған ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Биология ғылымдары бөлімшесі Жалпы жиылысының сессиясы болды. ҚР Денсаулық сақтау министрінің орынбасары, профессор А.К. Машкеев «Қазақстан Республикасындағы медицина ғылымының жай-күйі мен болашағы» деген тақырыпта баяндама жасады.

ҚР ҰҒА президенті, ҚР ҰҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин, ҚР ҰҒА академиктері – Н.Д. Беклемишев, А.Н. Илялетдинов, ҚР ҰҒА корреспондент мүшелері – К.С. Ормантаев, И.С. Сүлейменов, ҚР ҰҒА академигі М.Ө. Әлиев, ҚР Денсаулық сақтау министрі В.Н. Девятко баяндаманы талқылауға қатысып, өз ойларын ортаға салды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы – 1994. – № 2. – 28-30-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Ғылым мен техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығын табыстады:

1966-1986 жылдары жарияланған «Цилиндрлік айналы анализаторды дайындап, ғылыми аспаптарға пайдалану» атты зерттеу топтамалары үшін физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА Физика-техникалық институтының зертхана меңгерушісі, жұмыс жетекшісі В.В. Зашкварға; физика-математика ғылымдарының кандидаты, аға ғылыми қызметкер Б.У. Әшімбаеваға, физика-математика ғылымдарының

кандидаты, зертхана меңгерушісі К.Ш. Шөкинге, физика-математика ғылымдарының кандидаты, ҚР ҰҒА Ядролық физика институты «Спектр» ғылыми-өндірістік бірлестігінің директоры В.С. Редькинге;

1971-1991 жылдары жарияланған «Жану үдерістерінің химиялық негіздерін іргелі зерттеу» атты зерттеу топтамасы үшін химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Білім министрлігі Жану мәселелері институтының директоры, жұмыс жетекшісі Г.И. Ксандопулоға, химия ғылымдарының кандидаты, сол институттың ғылыми жұмыстар бойынша директордың орынбасары А.А. Сағындықовқа, химия ғылымдарының докторы, профессор, кафедра меңгерушісі Б.Я. Колесниковқа, химия ғылымдарының докторы, аға ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қызметкері З.А. Мансұровқа;

«Қазақтың халық прозасы» монографиясы үшін С.А. Қасқабасовқа берілді.

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы Ғылым мен техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығы ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының мәжілісінде тапсырылды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы – 1993. – № 4. – 52-б.*

ҚР ҰҒА Молекулярлық биология және биохимия институтының, Қазақ ауылшаруашылық институтының (Отырар), ҚКХП «Медбиопром» және «Прогресс» ӨБ (Степногорск) негізінде Ұлттық биотехнология орталығы құрылды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 4. – 54-55-б.*

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Президиумы Қарағанды кешенді магнитті-ионосфералық стансысы негізінде ҚР ҰҒА Ионосфера институтының құрылымында Орталық Қазақстан экологиялық-геофизикалық орталығын құрып, болашақта оны Экология және табиғи құбылыстар Ұлттық орталығының құрамына қосу туралы қаулы етті.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 4. – 55-56-б.*

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Президиумы Өндіргіш күштерді зерттейтін кеңестің төрағасы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі У.Б. Баймұратовтың «1996-2015 жылдардағы Қазақстанның ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді болжау» деген тақырыптағы ғылыми баяндамасын тыңдап, талқылады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 5. – 7-8-б.*

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Президиумы Информатика және есептеу техникасы Ұлттық ғылыми орталығын ұйымдастыруға байланысты жұмыс тобы дайындаған материалдарды мақұлдады. Орталықтың құрамында ҚР ҰҒА Информатика және басқару мәселелері институты, тәжірибе зауыттары мен «Алькор» зауыты (Зырян қаласы) бар «Казчерметавтоматика» ҒӨБ, «Системотехника» ҒӨБ, «Система» ҒӨБ болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылдың 21 қаңтарындағы №1090 Жарлығына сәйкес Информатика және есептеу техникасы Ұлттық ғылыми орталығы республикаға бағынышты, дербес, кешенді ғылыми-техникалық мекеме ретінде танылды. Ол ҚР ҰҒА құрамына кіріп, ғылыми басшылық етіп, жұмысын үйлестіреді.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1993. – № 5. – 9-10-б.*

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Президиумы Жоғары білікті ғылыми мамандар даярлайтын халықаралық орталықты, оның бағдарламасын, Ғылыми кеңесінің құрамы мен штаттық кестесі туралы ережені бекітті. Техника ғылымдарының докторы, профессор И.Т. Пак Халықаралық орталықтың атқарушы директоры болып тағайындалды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы – 1993. – № 5. – 10-11-б.*

1994 жылдың 4 қаңтарында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасы радио-электроникасы мен байланысы бойынша Ұлттық орталықтың қызметін жолға қою шаралары туралы» № 8 қаулы қабылдады.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1994. – № 1. – 5-құжат.*

1994 жылдың 31 қаңтарында ҚР Премьер-Министрінің 1994 жылдың 25-26 ақпанында Ақмола қаласында «Қазақстан тыңы» қоғамдық-саяси кеңесін өткізу туралы № 39-р үкімі қабылданды. Шараларды дайындап, өткізетін комиссия мен мәжіліске қатысушылардың құрамы (2000 адам) бекітілді. Комиссия төрағасы ретінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.В. Кулагин, комиссия төрағасының орынбасары болып А.Г. Браун тағайындалды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясына тыңның еліміздегі рөлі туралы ғылыми-техникалық конференция өткізіп, ауылшаруашылық өндірісінің жетістіктері көрмесін ұйымдастыру міндеті жүктелді.

*ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы .– 1994. – № 4.*

1994 жылдың 2 ақпанында ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев сессия жұмысына қатысып, сөз сөйледі.

Сессияны ҚР ҰҒА президенті, ҚР ҰҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ашты.

ҚР ҰҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин ғылыммен тереңдей айналысқысы келетінін ескертіп, өзін ҚР ҰҒА президенті қызметінен босату туралы өтінішін білдірді. Сессияның жалпы жиылысына қатысушылар ғалымның іргелі ғылымды нығайтудағы, академияның ғылыми әлеуетін арттырудағы ерен еңбегіне ризашылықтарын білдіріп, өтінішін қанағаттандырды.

ҚР ҰҒА жалпы жиылысы Ғылым академиясын қайта құрудың

алғашқы кезеңінің міндеттері орындалуына байланысты ҚР ҰҒА Президиум мүшелері, академиктер – В.Н. Околович, А.А. Абдулин, Ж.М. Әбділдин, И.О. Байтулин, Б.А. Жұбанов, З.М. Молдахметов, В.М. Әмірбаев, Ж.С. Сыдықов, А.К. Қошанов, Б.В. Суворов, М.А. Әлиев, С.М. Қожахметов, С.Т. Сүлейменов, ҚР ҰҒА корреспондент мүшелері – Қ.Т. Тәшенов, К.А. Сағадиев, Ш.А. Балғожиндердің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтататындары туралы жазбаша өтінішін қанағаттандырды.

Экономикалық дағдарысқа қарамастан, Ғылым академиясының кадрлық әлеуетін жетілдіріп, ғылыми мектептер мен бағыттарды дамытқаны, академияның тұтастығын сақтап қалуда белсенділік танытқаны үшін ҚР ҰҒА Президиумының мүшелеріне алғыс жарияланды.

Жасырын дауыс нәтижесінде алғаш рет баламалы негізде ҚР ҰҒА президенті болып ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Сағадиев Кенжеғали Әбенұлы сайланды. Конкурсқа ҚР ҰҒА академиктері Ө.А. Жолдасбеков, Е.Е. Ерғожин қатысты.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 2. – 6-12-б.*

1994 жылдың 9 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мәртебесін көтеріп, ғалымдарға мемлекеттік қолдау білдіру шаралары туралы» №1556 Жарлығы шықты.

Жарлыққа сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы өзін-өзі басқару қағидаттары бойынша жұмыс істейтін жоғары мемлекеттік ғылыми мекеме ретінде танылды.

ҚР Ұлттық Ғылым академиясы – барлық ғылыми бағыттағы жоғары білікті ғалымдарды біріктіретін, мемлекет атынан академиялық атақ беретін құқы бар, еліміздегі бірден-бір мекеме.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен көрнекті зерттеушілерге арналған, ең төменгі 10 жалақы көлемінде 50 мемлекеттік ғылыми стипендия, дарынды жас зерттеушілерге арналған, ең төменгі 7 жалақы көлемінде 50 мемлекеттік ғылыми стипендия тағайындалды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1994. – № 8. – 76-құжат.*

1994 жылдың 10 ақпанында ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Сессияны ҚР ҰҒА президенті, ҚР ҰҒА академигі К.А. Сағадиев ашты.

ҚР ҰҒА Жалпы жиылысында ҚР ҰҒА Президиум мүшелерінің мерзімінен бұрын өкілеттігін тоқтатуына байланысты Президиум құзыретіне қатысты бірқатар мәселелерді шешу үшін ҚР ҰҒА президенті, академик К.А. Сағадиевке қосымша өкілеттіктер жүктеу мәселесі қарастырылды.

ҚР ҰҒА Жалпы жиылысы «ҚР ҰҒА Жарғысы дайын болып, басқару органдарының жаңа құрылымы қалыптасқанша ҚР ҰҒА президенті, академик К.А. Сағадиевқа қосымша өкілеттік берілсін» деп шешті.

Сессияда ҚР ҰҒА Жарғысының жобасын, ҚР ҰҒА бөлімшелері мен ғылыми-зерттеу институттары туралы ережелерді дайындайтын ҚР ҰҒА комиссиясының құрамы туралы сөз болды. ҚР ҰҒА президенті К.А. Сағадиев басқаратын, 24 адамнан құралған комиссия бекітілді.

Жасырын дауыс беру нәтижесінде ҚР ҰҒА үш толық мүшесі (академик): Ш. Алтаев (тау-кен ісі), Е.М. Шайхутдинов (химия), К.А. Сағадиев (экономика); төрт ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі: Д.У. Үмбетжанов, С.Н. Харин (математика), Г.Х. Ерғалиев (геология), Б.Л. Левинтов (металлургия) сайланды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 2. – 13-18-б.*

1994 жылдың 24 ақпанында ҚР Президенті «Д.А. Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» №1577 қаулы қабылдады, Д.А. Қонаевтың Қазақстанға сіңірген айрықша еңбегі ерекше бағаланып, құрмет белгісі ретінде ҚР ҰҒА Тау-кен ісі институтына; Шығыс Қазақстан облысы АҚ «Лениногорск полиметалл комбинатына» Д.А. Қонаев есімі берілді, Алматы қаласындағы Карл Маркс көшесінің атауы «Д.А. Қонаев көшесі» болып өзгертілді, Жер туралы ғылым саласы бойынша жас ғалымдарға арналған ҚазКСР ҒА академигі Д.А. Қонаев атындағы жыл сайынғы сыйлық тағайындалды. Сондай-ақ Алматы қаласындағы өзі тұрған М. Төлебаев көшесіндегі №119 үйге мемориалды тақта орнатылып, Д.А. Қонаев мұражай-үйі ұйымдастырылатын болды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1994. – № 10. – 98-құжат.*



1994 жылдың 25 ақпанында Ақмолада Қазақстандағы тың және тыңайған жерлердің игерілуіне 40 жыл толуына байланысты республикадағы агроөнеркәсіп кешені қызметкерлері, ғалымдар мен көпшілік қауым қатысқан салтанатты жиын өтті. Онда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев баяндама жасады.

26 ақпанда Ақмола қаласында агроөнеркәсіп кешені қызметкерлерінің республикалық кеңесі өтті. Мерейтой күндері өткентыңның Қазақстандағы маңызы туралы ғылыми-тәжірибелік конференцияда ҚР ҰҒА президенті, академик К.А. Сағадиев «Тың және тыңайған жерлерді игеріп, тиімді пайдаланудағы іргелі ғылымның рөлі» деген тақырыпта баяндама жасады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 3. – 3-12-б.*

1994 жылдың 14 наурызында ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Академия президенті К.А. Сағадиев «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Жарғысының жобасы туралы» баяндама жасады.

Талқылауға ҚР ҰҒА академиктері – Ө.А. Жолдасбеков, Г.Н. Щерба, С.З. Зиманов, Н.Д. Беклемишев, ҚР ҰҒА корреспондент мүшелері – С.С. Сартаев, А.Ш. Шарифканов, А.Д. Джанғалиев, И.С. Сүлейменов, Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары Г.Д. Зоров қатысты. ҚР ҰҒА жаңа Жарғысы қабылданды.

Күн тәртібіндегі екінші тармақ – «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мүшелігіне сайлау туралы Ереже жобасы туралы» жарыссөзде ҚР ҰҒА академиктері – А.К. Қошанов, З.М. Молдахметов, Т.А. Әшімбаев, ҚР ҰҒА корреспондент мүшелері – Ш.Ш. Сарыбаев, И.Я. Часников, Т.М. Масенов өз ойларын ортаға салды. Сайлау туралы Ереже бірауыздан қабылданды.

Жасырын дауыс нәтижесінде ҚР ҰҒА академиктері – В.Н. Околович, Е.Е. Ерғожин ҚР ҰҒА вице-президенттері болып, академиктер: С.М. Қожахметов, М.Қ. Қозыбаев, З.М. Молдахметов, корреспондент мүшелер: Ш.М. Айталиев, Ж.У. Аханов, С.Н. Харин ҚР ҰҒА Президиум мүшелері болып сайланды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 3. – 13-21-б.*

1994 жылдың 22 сәуірінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Сессияны ҚР ҰҒА президенті К.А. Сағадиев ашты. ҚР ҰҒА вице-президенті В.Н. Околович 1993 жылдың қорытындылары, іргелі зерттеулердің болашағы туралы баяндама жасады.

ҚР ҰҒА вице-президенті, академик Е.Е. Ерғожин 1993 жылғы зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізу барысы, біткен жұмыстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру жайында сөз етті.

ҚР ҰҒА Жалпы жиылысында «ҚР Ұлттық Ғылым академиясының 1993 жылдағы қызметі, іргелі және қолданбалы зерттеулердің болашағы туралы» қаулы қабылданды.

Жасырын дауыс нәтижесінде тоғыз ғалым толық мүше (академик), 28 ғалым корреспондент мүше болып сайланды.

ҚР ҰҒА толық мүшелері (академиктер):

А.Т. Лукьянов (математика), Б.Н. Мұқашев (физика), Л.П. Ни (металлургия), Г.Д. Закумбаева (химия), Қ.Т. Тәшенов (адам және жануарлар физиологиясы), К.С. Ормантаев (медицина), С.С. Қирабаев (әдебиеттану), М.Ж. Жұрынов (химия), Ш.М. Айталиев (механика).

ҚР ҰҒА корреспондент мүшелері:

А.Қ. Жетбаев (экспериментті физика), Н.Ж. Тәкібаев (теориялық физика), Б.Т. Тәшенов (атмосфера физикасы), М.М. Молдабеков (мәшинетану), Т.М. Ермаков, Е.И. Рогов (тау-кен ісі), А.К. Джакелов (гидрография), А.С. Бейсенова (география), К.Д. Пірәлиев, Д.Х. Сембаев (химия), Б.К. Алияров (энергетика), Ж. Әбдірахманов (медицина), Х.Д. Дүйсембин, М.Х. Саятов (биология), Ө. Айтбаев (тіл білімі), К.М. Байпақов (археология), О. Ысмағұлов (антропология), К.Н. Нәрібаев (экономика), А.М. Ғазалиев (химия), М.Т. Әлиакпаров (медицина), Н.С. Бектұрғанов (металлургия), Ж.Т. Сүлейменов (химиялық технология), В.Қ. Бишімбаев (қоршаған ортаны қорғау, геоэкология), Б.А. Дьячков (кенорындар геологиясы), Т.К. Раисов, Р.С. Күзденбаева, Н.И. Ізімбергенов (медицина), С.М. Қамалов (мұнай және газ геологиясы).

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 4. – 3-50-б.*

1994 жылдың 4-6 мамырында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының бөлімшелеріне академик хатшылар сайланды. Физика-математика ғылымдары бөлімшесінің академик хатшысы болып ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі С.Н. Харин, Жер туралы ғылым бөлімшесіне ҚР ҰҒА академигі С.М. Қожахметов, Химия-технология ғылымдары бөлімшесіне ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Д.Х. Сембаев, Биология ғылымдары бөлімшесіне ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Ж.У. Аханов сайланды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 4. – 12-б.*

1994 жылдың 13 мамырында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Ғылымның жаңа бағыттары бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшелері мен корреспондент мүшелеріне қосымша орын бөлу туралы» № 517 қаулыны қабылдады. Ұлттық Ғылым академиясының медицина, педагогика-психология, ауылшаруашылық, техника ғылымдары бойынша толық мүшелікке қосымша 15 орын және корреспондент мүшелікке 30 орын бөлінді.

*ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. – 1994. – № 22.*

1994 жылдың 23-27 мамырында Өзбекстанда «Қазақстан күндері» өтті, оған Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының жетекші ғалымдары мен мамандары қатысты. Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы мен ҚР ҰҒА арасындағы ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қойылды.

Екі республикадағы Ғылым академиясының ғылыми мекемелері жетістіктерінің көрмесі өткізілді. Ғалымдардың шығармашылық байланысын нығайту, білікті маман даярлау, ақпарат алмасу мәселелері бойынша пікір алмасып, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. ҚР ҰҒА делегациясы Өзбекстанның бірқатар ғылыми ұйымдарына барды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 6. – 12-15-б.*

1994 жылдың 3 маусымында ҚР Ұлттық Ғылым академиясында қазақтың көрнекті ғалымы, тарихшы, этнограф, археолог, академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның 90 жылдығына арналған (1904-1985) ғылыми конференция өтті.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 5. – 78-80-б.*

1994 жылдың 17 маусымында ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Сессияны ҚР ҰҒА президенті, академик К.А. Сағадиев ашты.

Жалпы жиылыс республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін ерекше маңызды жаңа ғылыми бағыттар бойынша ҚР ҰҒА өкілдігін кеңейту мақсатында 1994 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚР ҰҒА құрамында Медицина ғылымдары бөлімшесін ұйымдастыру туралы шешімді бірауыздан қабылдады.

Сессия педагогика-психология ғылымдарын Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің құрамында дамытуды дұрыс деп тапты;

«Ғылымның жаңа бағыттары бойынша ҚР ҰҒА толық мүшесі мен және корреспондент мүшесін сайлау тәртібінің жобасын» мақұлдады;

ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі С.Н. Харинді Физика-математика ғылымдары бөлімшесінің; ҚР ҰҒА академигі С.М. Қожахметовті Жер туралы ғылым бөлімшесінің; ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Д.Х. Сембаевты Химия-технология ғылымдары бөлімшесінің; ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Ж.У. Ахановты Биология ғылымдары бөлімшесінің; ҚР ҰҒА академигі А.Қ. Қошановты Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің; З.М. Молдахметовті Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик хатшысы етіп бекітті.

Жалпы жиылысқа қатысушылар «ҚР ҰҒА ғылыми бөлімшелерінің Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулысын» бірауыздан мақұлдады. Жалпы жиылыста бұрынғы КСРО Көркемөнер академиясы мен Педагогика, Медицина ғылым академияларының мүшелерін ҚР ҰҒА құрамына толықтай алу мәселесі де сөз болды. Жасырын дауыс нәтижесінде ҚР ҰҒА екі толық мүшесі (академик) – Т.Ш. Шарманов (гигиена), А. Сейтешев (педагогика және психология),

ҚР ҰҒА үш корреспондент мүшесі – К. Құнантаева, Т.С. Садықов (педагогика және психология), К.Т.Б. Телжанов (өнертану) сайланды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 5. – 3-9-б.*

1994 жылдың 6 шілдесінде Биология ғылымдары бөлімшесі мен ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Президиум мүшелері, академияның қызметкерлері Ғылым академиясының бұрынғы президенті ҚазКСР ҒА академигі, «Ленин» сыйлығының лауреаты Мұрат Әбенұлы Айтхожиннің туғанына 55 жыл толуына арналған кеңейтілген бюро мәжілісін өткізді. ҚР ҰҒА академигі Қ.Т. Тәшенов академик М.А. Айтхожиннің ғылыми және қоғамдық қызметі жайында баяндама жасады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 5. – 80-83-б.*

1994 жылдың 8 шілдесінде Қазақстан Республикасының Президенті «Техножүйе» ұлттық акционерлік компаниясының құрылғаны туралы» №1787 Жарлыққа қол қойды.

«Техножүйе» ҰАК құрамына Радиоэлектроника және байланыс ұлттық орталығы, Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат институты, «Жаңа технологиялар» ғылыми-техникалық орталығы, «Ұқсату» ғылыми-техникалық орталығы, «Қазақпараттелеком» АҚ, «Сирек және таза металдар» АҚ, «Қаражанбасмұнай» ғылыми-өндірістік кешені, «Денсаулық» ғылыми-диагностикалық орталығы кірді.

«Техножүйе» ҰАК ақпараттандыру және есептеу техникасы, ғылыми-техникалық ақпарат, радиотехника және электроника, байланыс және коммуникация, дәстүрлі емес энергетика мен сирек металдар салаларын ғылыми-техникалық жағынан дамыту, мұнай өндіру, мұнай өңдеу, энергетика, медицина, ауылшаруашылық өнімдерін сақтап, қайта өңдеуде жаңа технологияны пайдалану, сирек кездесетін элементтерді пайдалана отырып, жаңа материалдар мен бұйымдарды жасауға міндеттелді.

*Казахстанская правда. – 1994. – 12 июля (№ 97).*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 8 шілдедегі Жарлығымен ҚР ҰҒА Философия институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, көрнекті ғалым, заманауи философия және әдіснама саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастырушы – Әбдімәлік Нысанбаевқа «Қазақстанның еңбек ғылым және техника қайраткері» құрметті атағы берілді.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 1. – 90-б.*

1994 жылдың 19 тамызында Қазақстан Республикасы Президенті «В.С. Школьникті Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технология министрі қызметіне тағайындау туралы» Жарлыққа қол қойды.

*Казахстанская правда. – 1994. – 20 авг.*

1994 жылдың 24 тамызында ҚР Министрлер Кабинеті «Жер туралы ғылым саласындағы жас ғалымдарға академик Д.А. Қонаев атындағы сыйақы беру туралы» № 957 қаулы қабылдады, онда Жер туралы ғылым саласында табысты еңбек еткен жас ғалымдарға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Д.А. Қонаев атындағы сыйақы беру тәртібі туралы Ереже бекітілді. ҚР ҰҒА ол сыйақыны тағайындауға қажетті соманы іргелі зерттеу бағдарламаларын қаржыландыруға арналған қаржы есебінен бөледі. Қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Д.А. Қонаев атындағы Жер туралы ғылым саласындағы жас ғалымдарға арналған жыл сайын (үш) сыйақы ең төменгі 50 айлық көрсеткіш көлемінде бекітілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1994. – № 36. – 396-құжат.*

1994 жылдың қыргүйек-қараша айларында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының ғылыми мекемелерінде 1990-1994 жылдар бойынша аттестация өткізілді, академия бөлімшелерінің барлық

институтының қызметі талданып, негізгі мәселелер анықталды, сондай-ақ жұмыстағы кемшіліктер мен олқылықтар айқындалды. ҚР ҰҒА Президиумы отырыстарында аттестаттау қорытындысы талқыланып, қаулылар қабылданды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 2. – 28-44-б.*

1994 жылдың 21 қыргүйегінде ҚР Премьер-Министрінің «Қазақстан Республикасы ғылымы мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заң жобасын және Қазақстан Республикасы ғылымының және кадрлық әлеуетін дамытып, сақтауға бағытталған Ұлттық бағдарламаның жобасын дайындайтын жұмыс тобын құру туралы өкімі қабылданды.

Комиссияның құрамында:

Школьник В.С. – Ғылым және жаңа технологиялар министрі (жұмыс тобының жетекшісі); Өткешев Ж.С. – Ауылшаруашылық министрінің орынбасары; Әшімов А.А. – Жоғары аттестациялық комиссияның төрағасы; Біләлов Е.К. – Экономика министрлігі ғылыми-техникалық прогресс басқармасының бастығы; Болотов А.В. – Инженерлік академияның вице-президенті; Есіров О.В. – Білім министрінің бірінші орынбасары; Қаудыров Т.Е. – Ұлттық патент ведомствосының төрағасы; Қожабеков З.К. – Қазақ ауылшаруашылық ғылымдары академиясының вице-президенті; Құлжанов М.К. – Денсаулық сақтау министрінің орынбасары; Мансұров З.А. – әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің проректоры; Нұрғалиева Е.Н. – Әділет министрінің орынбасары; Околович В.Н. – Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті; Тәкежанов С.Т. – «Қазметалл» акционерлік-қаржы компаниясының президенті (келісім бойынша); Тусеева М.Х. – Қаржы министрлігі әлеуметтік дамуды қаржыландыру басқармасының бастығы; Оспанов П.К. – Министрлер кабинетінің іс басқармасы Ғылыми-техникалық прогресс бөлімі секторының меңгерушісі; Өтепов Э.К. – Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитет төрағасының орынбасары болды.

*ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. – 1994. – № 36.*

1994 жылдың 18 қарашасында ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының мүшелері, институт директорлары, Ғылым академиясының ғалымдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаттарымен кездесті.

Кездесуді ҚР ҰҒА вице-президенті, академик Е.Е. Ерғожин ашты. Ғалым ҚР ҰҒА Президиумы депутаттарды шақыруда жүргізіліп жатқан іргелі және қолданбалы зерттеулерден хабардар ету, ең бастысы – академияның өндіріске енгізуге, тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтарға дайын ғылыми жұмыстардың тұрақты жұмыс істейтін көрмесімен таныстыруды мақсат еткенін атап өтті. Е.Е. Ерғожин жиналғандарға Қазақстан Ғылым академиясының құрылуы, қалыптасуы мен даму тарихы жайында айтып берді.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 1. – 25-26-б.*

1994 жылдың 20 желтоқсанында ұлы энциклопедист ғалым, Орталық Азия мемлекет қайраткері Мұхаммед Тарағай Ұлықбектің 600 жылдығына арналған, ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 2. – 3-27-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті 1987-1993 жылдары жарияланған «Қазақстан тарихы мен тарихнамасының өзекті мәселелері» атты жұмыс топтамасы үшін М.Қ. Қозыбаевқа Қазақстан Республикасының 1994 жылғы Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығын берді.

*Казахстанская правда. – 1994. – 28 дек.*

ҚР ҰҒА Президиумы ҚР ҰҒА Президиумы жанындағы іргелі зерттеулер бойынша Республикалық кеңес туралы ережені, кеңестің құрамы, іргелі зерттеу бағдарламаларын қалыптастырып, іске асыру тәртібі туралы ережені бекітті.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 1. – 10-б.*



ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Президиумы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Тау-кен ісі институтына, ауданға, қалаға, Алматыдағы орталық көшелердің біріне, өзі оқыған мектебіне, Балқаш кен-металлургиялық комбинатына не өзі еңбек еткен Лениногорск полиметалл комбинатына Д.А. Қонаев есімін беру; Д.А. Қонаевтың мұражай-үйін ұйымдастыру; жас зерттеушілердің Жер туралы ғылым саласындағы еңбектері үшін жыл сайынғы мемлекеттік атаулы сыйлық, политехникалық жоғары оқу орындарының студенттеріне шәкіртақы тағайындауға байланысты өтінішхат жолдау туралы қаулы қабылдады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 1. – 10-б.*

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Президиумы Қазақстан Республикасының «Дәрілік заттар» мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасын дайындап, іске асыратын мекемеаралық үйлестіру кеңесінің құрамын бекітті.

ҚР ҰҒА Президиумы 1994 жылдың 20 қыргүйегіне Қазақстан Республикасының «Дәрілік заттар» мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасының (1995-2000) жобасын әзірлеп, мүдделі министрліктермен келісу туралы қаулы қабылдады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 5. – 10-15-б.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қаулысымен республикадағы тұрақтылықты нығайтуға, рухани келісімді қолдауға қосқан үлесі үшін академик, Қазақ мәдениет қорының төрағасы, философ Ж.М. Әбділдинге 1994 жылғы Бейбітшілік және рухани келісім Президенттік сыйлығы берілді.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1994. – № 1. – 90-б.*

## **1995**

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

аттестациялық комитеті туралы» Жарлыққа қол қойды. Соған сәйкес Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссия «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік аттестаттау комитеті» (ҚР МАК) болып қайта құрылды.

Қаулы бойынша ҚР МАК мемлекет атынан ғылыми дәрежелер мен атақтар беруде түпкілікті шешімді қабылдайды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1995. – № 9. – 96-құжат.*

1995 жылдың 1-3 наурызында «Мир» орбиталық кешенінің бортындағы ЭО-16 экипажының ғылыми эксперименттер бағдарламасының орындалуы және Қазақстандағы ғарыштық зерттеулер болашағы» атты ғылыми-техникалық конференция өтті.

Конференцияны ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик К.А. Сағадиев ашты. Ресей Ғарыш агенттігінің бас директоры Ю.Н. Коптев, «Энергия» ғарыш-зымыран корпорацияның бас конструкторының орынбасары В.П. Никитский, ҚР Ұлттық аэроғарыш агенттігінің бас директоры, профессор А.А. Қалыбаев, ғарышкерлер – Т.А. Мұсабаев, Ю.И. Маленченколар сөз сөйледі.

ҚР ҰҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин бағдарламаның ғылыми жетекшісі болып бекітілді, Ғарыштық зерттеулер институты Ғылым академиясы бойынша негізгі мекеме болды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 3. – 3-7-б.*

1995 жылдың 7 сәуірінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының ғылыми ұйымдарын жетілдіру туралы» №430 қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес Ф.М. Мұхамедғалиев атындағы Эксперименттік биология институты таратылды.

ҚР ҰҒА Физиология институты «ҚР ҰҒА Адам және жануарлар физиологиясы институты» болып қайта құрылды; ҚР ҰҒА Тағамтану мәселелері ғылыми орталығы «ҚР ҰҒА Тағамтану институты» болып қайта құрылды; ҚР ҰҒА Зоология

институты «ҚР ҰҒА Зоология және жануарлар генофонды институты» болып қайта құрылды; ҚР ҰҒА Ботаника институты мен ҚР ҰҒА Бас ботаникалық саябағы «ҚР ҰҒА Ботаника және фитоинтродукция институты» болып қайта құрылды.

Алматыда ҚР ҰҒА Әлеуметтану және саясаттану институты, Қарағандыда ҚР ҰҒА Фитохимия институты, Шымкентте ҚР ҰҒА Аймақтық экономика мәселелері институты, Алматыда ҚР ҰҒА Жалпы генетика және цитология институты құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1995. – № 12. – 142-құжат.*

1995 жылдың 11 сәуірінде ҚР ҰҒА Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтында «Сәтбаев оқулары» өтті. Бұл шараға Жер туралы ғылымдар бөлімшесі, Геология ғылымдары институтының ұжымы, Геология және ҚР Жер қойнауын қорғау министрлігі және басқа да геологиялық ұйымдар белсене қатысты.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 4. – 74-75-б.*

1995 жылдың 19 сәуірінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиналысының жылдық сессиясы болды. Сессияның жұмысына Қазақстан Республикасының бірінші вице-премьері В.Л. Метте, министрлер, түрлі ведомстволардың өкілдері, жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты.

Сессияны ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик К.А. Сағадиев ашты. ҚР ҰҒА Жалпы жиылысына қатысушы ғалымдар Қазақстан Республикасының зиялы қауымына, бүкіл халыққа арналған үндеуді қабылдады, онда қазақстандықтарды таяу арада өтетін референдумда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттік мерзімін 2000 жылға дейін ұзартуды қолдап дауыс беруге шақырды.

ҚР ҰҒА президенті, академик К.А. Сағадиев «Қазақстанның ғылыми-техникалық егемендігі және ҚР Ұлттық Ғылым академиясының міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады.

ҚР ҰҒА Президиумының бас ғалым хатшысы қызметін

атқарушы, ҚазАШҒА академигі С.Б. Байзақов «Ұлттық Ғылым академиясының 1994 жылғы ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі» туралы баяндама жасады.

Жалпы жиылыстың сессиясында Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті сайланды. Жасырын дауыс нәтижесінде бұл лауазымға ҚР ҰҒА академигі Ж.М. Әбділдин сайланды.

Сессияда 1994 жылғы Ғылым, техника, білім беру салалары бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары берілді. ҚР ҰҒА Жалпы жиылысының қаулысымен Қазақстан Республикасындағы іргелі және іргелі-қолданбалы зерттеулердің басымдықтары бекітілді.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 4. – 4-56-б.*

1995 жылдың 27-28 сәуірінде ҚР Қорғаныс министрлігі мен ҚР ҰҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұйымдастыруымен «Кеңес халқының Ұлы Отан соғысы: тарих және қазіргі заман» атты ғылыми-теориялық конференция өтті.

Пленарлық мәжілісте ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик К.А. Сағадиев кіріспе сөз сөйледі. ҚР Қорғаныс министрі С.Қ. Нұрмағамбетов «Фашизмді және милитаризмді жеңудің бүкіләлемдік-тарихи мәні» деген тақырыпта баяндама жасады, сондай-ақ Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі М.Қ. Қозыбаевтың «Ұлы Отан соғысы тарихнамасының өзекті мәселері» атты баяндамасы тыңдалды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 4. – 57-62-б.*

1995 жылдың 19 мамырында ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Президиумы мен Өзбекстан Республикасы ғалымдарының кеңейтілген мәжілісі болды. Өзбек ғалымдары Өзбекстанның Қазақстандағы күндеріне қатысу үшін Қазақстанға арнайы келді. Жиылыста ҚР ҰҒА президенті К.А. Сағадиев, Өзбекстан Республикасы ҒА президенті Д.А. Абдуллаев, Өзбекстан

Республикасының вице-президенті И.И. Искандеров, ҚР ҰҒА корреспондент мүшелері – Р.Ғ. Сыздықова мен Р.Б. Бердібаев сөз сөйледі.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 4. – 63-64-б.*

1995 жылдың 14 маусымында Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы Халықаралық қордың құрылтай жиналысы өтті. Жиналысқа ғалымдар, жоғары оқу орындарының қызметкерлері, шығармашылық өкілдері, зиялы қауым, Қ.И. Сәтбаевтың туған-туыстары, қызметтестері т.б. қатысты.

Құрылтай жиналысты ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик К.А. Сағадиев ашты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қ.И. Сәтбаев атындағы Халықаралық қордың құрылуына байланысты құттықтау сөзі оқылды.

Белгілі қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов қордың президенті болып сайланды. Қ.И. Сәтбаев атындағы Халықаралық қор Қазақстан азаматтарының ортақ мүдделері мен еркіндігінің негізінде пайда болған, үкіметтік емес, өзін-өзі басқаратын ұйым болып табылады. Қордың мақсат-міндеттері мен ұстанымдарын қолдайтын кез келген адам оған мүше бола алады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 5. – 46-48-б.*

1995 жылдың 21 маусымында ҚР ҰҒА мүшелерін сайлауға арналған, ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті.

Жасырын дауыс нәтижесінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «макроэкономика» мамандығы бойынша ҚР ҰҒА толық мүшесі (академик) болып сайланды;

Ресей Ғылым академиясының президенті Осипов Юрий Сергеевич, Украина Ұлттық Ғылым академиясының президенті Борис Евгеньевич Патон, доктор Абдул Қадыр Хан (Пәкістан) шетелдік толық мүшелері (академиктер) болып сайланды.

32 ғалым корреспондент мүше болып сайланды: А.С.

Жұмаділдаев (алгебра және математикалық логика), А.А. Женсікбаев (функция теориясы мен функционалды талдау), Ф.Б. Бәйімбетов (плазма, газ және сұйықтық физикасы), Ш.Ш. Сарсембинов (қатты дене физикасы), П.В. Ермолов, А.А. Әбдрахманов (геология және металлогения), С.М. Оздоев, Э.К. Азнабаев (мұнай және газ геологиясы), В.В. Веселов (гидрогеология), М.А. Каюпов (тау-кен ісі), А.А. Жәрменов (түсті және сирек металдар металлургиясы), К.Х. Тоқмурзин (органикалық химия), О.С. Балабеков (химия технологиясының аппараттары мен үдерістері), С.М. Әдекенов (табиғи және физиологиялық белсенді заттар химиясы), У.Б. Әшімов (электртермиялық үдерістер мен қондырғылар), М.К. Кукенов (ботаника), М.К. Гильманов (биохимия), Н.А. Айтхожина (молекулярлық биология), Р.И. Берсімбаев (молекулярлық генетика), И. Рақымбаев (өсімдіктер физиологиясы), Г.А. Құлқыбаев, Р.К. Төлебаев (еңбек гигиенасы), И.Р. Құлмағамбетов (клиникалық фармакология), С.Н. Сабиқенов (мемлекет және құқық теориясы), Б.Е. Көмеков (Қазақстан тарихы), С.А. Қасқабасов (әдебиеттану), Ғ.Е. Есімов (қазақ философиясының тарихы), Н.К. Мамыров (өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру және бизнес), С. Сатыбалдин (бухгалтерлік есеп және аудит), С.Б. Байзақов (орманшаруашылығы экономикасы), С.М. Исаев, М.С. Серғалиев (тіл білімі).

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 5. – 3-14-б.*

1995 жылдың маусым айы. Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 150 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. ЮНЕСКО-дағы Абай күнінде қазақтың ұлы ойшылы, ақынның шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми коллоквиум өтті. Коллоквиумда ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі К.А. Сағадиев «Абай және қазіргі заман» деген тақырыпта баяндама жасады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 5. – 49-52-б.*

1995 жылдың 3 шілдесінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тиімділігі жоғары, жаңа технологиялар мен өнімдерді өнеркәсіпке енгізіп, игеру, сол арқылы ғылыми-технология саласына жеке, бюджеттен тыс қаражатты тарту есебінен республикадағы экономикалық басымдықтарына сәйкес ғылымды қажет ететін өндірістерді дамыту мақсатында «Венчурлік фирмалар құру тәртібі туралы» №908 қаулы қабылдады.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 1995. – № 23. – 260- құжат.*

1995 жылдың 28 шілдесінде Ғалымдар үйінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясының ұйымдастыруымен қырғыздың «Манас» атты эпосының 1000 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияда ҚР ҰҒА президенті, академик К.А. Сағадиев, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Ш.И. Ибраев, әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың кафедра меңгерушісі, ҚР ҰҒА академигі З.Қ. Қабдолов, Қырғызстаннан келген ғалымдар сөз сөйледі.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 6. – 28-31-б.*

1995 жылдың 11-17 қарашасында Иранда Абай Құнанбайұлының 150 жылдығы салтанатты түрде аталып өтті. Ирандағы Абай күндеріне қатысу үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бастаған қазақстандық ғалымдар мен өнер қайраткерлері аттанды. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, ҰҒА академигі К.А. Сағадиев «Абай туралы сөз» деген тақырыпта баяндама жасады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 1. – 9-17-б.*

1995 жылдың 23 желтоқсанында ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі отандық және әлемдік тәжірибеде қабылданған басымдықтарды негізге ала отырып, бастамашыл

тақырыптар бойынша болашағы зор зерттеулер жүргізіп келе жатқан шағын ғылыми топтар мен жекелеген ғалымдарға қолдау білдіріп, қаржыландыру мақсатында байқау жариялады.

Зерттеулер саласы: физика-математика ғылымдары, Жер туралы ғылым, техника ғылымы, химия, биология, медицина, ауылшаруашылық, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар. Авторлары ірі ғылыми орталықтардан тысқары жерде тұратын жобаларға, жас мамандар жетекшілік ететін жобаларға басымдық берілді.

*Казахстанская правда. – 1995. – № 248.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі нарық жағдайында ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды қолдайтын Институт тұжырымдамасын дайындады.

Мемлекеттік бағдарламада жеке ғылыми-техникалық әлеуетті арттырып, оны тиімді пайдалану, дамыған елдердің озық технологияларын тарту арқылы ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттары бойынша заманауи технологиялық және өндірістік базалар құрып, республиканы әлемдік нарыққа қарқынды түрде енгізу көзделген.

*Наука Казахстана. – 1995. – 1-15 мая. – С. 4.*

ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының кеңейтілген отырысы ұйымдастырылып, оған ҚР ҰҒА ғалымдары, мемлекеттік ғылыми стипендиялардың иегерлері және қаладағы жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты. Президиум ең төменгі он айлық жалақы көлеміндегі мемлекеттік стипендияны 41 үздік зерттеушіге тағайындау туралы қаулы қабылдады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 3. – 7-10-б.*

ҚР Ұлттық Ғылым академиясында ұлы Абайдың 150 жылдығына арналған Мерейтойлық сессия өтті. ҚР ҰҒА



шақыруы бойынша сессия жұмысына 50-ден астам ғалым, әлемнің 22 елінен мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ БҰҰ, ЮНЕСКО өкілдері, басқа да халықаралық ұйымдар, Қазақстандағы шетелдік елшіліктер қатысты.

Мерейтойлық сессияның қонақтары мен қатысушыларына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев құттықтау сөз сөйледі. Ғылыми форумды ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі К.А. Сағадиев ашты.

Сессияда «Абай және оның дәуірі», «Абай – ойшыл», «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Абай және әлем әдебиеті», «Абай және әлемдік өркениетінің рухани құндылықтары» сияқты мәселелер сөз болды.

ҚР ҰҒА академигі Ж.М. Әбділдин «Абай – ұлы ойшыл әрі гуманист» деген тақырыпта баяндама жасады. ҚР ҰҒА академигі М.Қ. Қозыбаевтың «Абай және оның дәуірі» атты баяндамасы Абай шығармашылығының тарихи негіздеріне арналды. Жазушы Ә. Кекілбаев «Абайдың тарихи тәлімі» деген тақырыпта баяндама жасады. Сонымен қатар атақты жазушы Шыңғыс Айтматов, Башқұртстан Халық жазушысы Мұстай Кәрім, Өзбекстан Ғылым академиясының президенті Ж.А. Абдуллаев, Тәжікстан Ғылым академиясының президенті Ө. Мирсаидов, басқа да шетелдік ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері сөйледі. Мерейтойлық сессияда ҚР ҰҒА кітапханасы Абайға арналған үлкен кітап көрмесін ұйымдастырды, онда ақынның туындылары мен ол туралы әлемнің көптеген тілдерінде шыққан еңбектер қойылды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 6. – 3-27-б.*

Павлодар облысында Ғылым күндері аталып өтті. Академия ғалымдарының делегациясын ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі К.А. Сағадиев басқарды. Делегация құрамында еліміздің жетекші ғалымдары, ҚР ҰҒА академиктері: Ө.М. Сұлтанғазин – Ғарыштық зерттеулер институтының директоры, С.М. Қожахметов – Жер туралы ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы, З.М. Молдахметов – ҚР ҰҒА

ОҚБ академик хатшысы, А.С. Сағынов – Жер қойнауын кешенді игеру институтының директоры, Б.Н. Мұқашев – Физика-техника институтының директоры, М.А. Мұхамеджанов – Гидрология және гидрофизика институтының ғалым хатшысы болды.

Павлодар – Екібастұз АҚБ дамытуға байланысты қысқа мерзім ішінде мақсатты ҒТӨ дайындап, ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-өнеркәсіптік жұмыстарға жетекшілік етіп, үйлестіру үшін Павлодар ғылыми орталығын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 6. – 32-35-б.*

ҚазАШҒА, Экология және биоресурстар министрлігі, Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Орман шаруашылығы комитеті және басқа да министрліктер мен ведомство қызметкерлерінің қатысуымен ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының кеңейтілген мәжілісі өтті. Онда ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі А.Д. Жанғалиев «Биологиялық ресурстар – республикадағы өсімдік қоғамдастығы гендік қоры – мемлекеттік қолдауды қажет ететін ұлттық байлық» деген тақырыпта баяндама жасады.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 1. – 3-8-б.*

## 1996

1996 жылдың 16 қаңтарында ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Оның жұмысына Иран Ислам Республикасының бірінші вице-президенті доктор Хасан Хабиби бастаған Иран делегациясы қатысты. Сессияда ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті К.А. Сағадиев сөз сөйледі. Дауыс беру нәтижесінде доктор Хасан Хабиби ҚР ҰҒА-ның құрметті мүшесі болып сайланды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 1995. – № 2. – 3-5-б.*

1996 жылдың 23 қаңтарында ғалымдар «Казахстанская правда» газеті арқылы республика Президентіне өтініштерін жолдап,

Ұлттық Ғылым академиясын тарату, ғылыми мекемелерін Ғылым министрлігі мен басқа да ведомстволарға беруге байланысты алаңдаушылықтарын білдірді.

Олардың ойынша, бұл бағыттағы жоспарлар отандық ғылымды тығырыққа тірейді. Қазақстанда академиялық мекемелерді білікті түрде басқара алатын ҚР ҰҒА-нан басқа құрылым жоқ. Сонымен қатар жоғары, мемлекеттік ғылыми мекеме ретінде Ұлттық Ғылым академиясына мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты жүргізу міндеті жүктелсе әділетті болатынын айтты.

*Казахстанская правда. – 1996. – 23 янв.*

1996 жылдың 6 ақпанында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің үкімі бойынша Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына сәйкес мемлекеттің ғылыми-техникалық саясатының болашағын зерттеу мақсатында жұмыс тобы құрылды, оның құрамында Метте В.Л. – Премьер-Министрдің бірінші орынбасары (жетекшісі); Тасмағамбетов И.Н. – Премьер-Министрдің орынбасары; Шәйкенов Н.А. – Премьер-Министрдің орынбасары; Тәжин М.М. – ҚР Президент әкімшілігі басшысының орынбасары (келісім бойынша); Әбділдин Ж.М. – Ұлтаралық іс, қорғаныс және қауіпсіздік бойынша Сенат комитетінің төрағасы, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі; Сағадиев К.А. – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының президенті; Школьник В.С. – Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрі; Жұрынов М.Ж. – Қазақстан Республикасы Білім министрі; Әшімов А.А. – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік аттестаттау комитетінің төрағасы; Зиманов С.З. – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі; Зейнелғабдин А.Б. – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бюджет бойынша департаментінің бастығы болды.

Академиялық, салалық және ЖОО-дағы ғылым жүйесін қайта құрып, ғылымды басқаратын мемлекеттік органдардың құрылымы мен қызметіне, ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру жұмыстарын жүргізетін қоғамдық институттардың,

ұжымдардың мемлекетпен байланысын реттейтін құжаттарға қатысты ұсыныс айту міндеті жүктелді.

*ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. – 1996. – № 5.*

1996 жылдың 11 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар туралы» № 2895 Жарлыққа қол қойды. Жарлықта ҚР Ұлттық Ғылым академиясы, Қазақ ауылшаруашылық ғылымдары академиясы мен ҚР Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі қосылып, ҚР Үкіметі, Ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясынан құралған орталық атқарушы орган ретінде біріктірілгені көрсетілген.

Президенттің жарлығы бойынша, Ғылым министрлігі – Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы мемлекеттің ғылым мен техника саласындағы саясатын жүзеге асыратын бірден-бір мемлекеттік басқарушы орган болып табылады. Ол тәуелсіз ғылыми сараптама жасай отырып, конкурстық негізде іргелі және қолданбалы ғылыми-техникалық зерттеулердің мақсатты бағдарламаларын қаржыландырады.

Ғылым министрлігіне – Ғылым академиясына Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті басшылық етеді, оны ҚР ҰҒА және ҚР Қазақ ауылшаруашылық ғылымдары академиясының көптеген академиктерінің келісімі негізінде ҚР Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша ҚР Президенті тағайындайды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1996. – № 12. – 86- құжат.*

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1996. – № 3. – 3-4-б.*

1996 жылдың 11 наурызында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылдың 11 наурыздағы «Қазақстан Республикасындағы ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы» № 2895 Жарлығын іске асыру туралы» қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес Жарлық

күшіне енген сәттен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы мен Қазақ ауылшаруашылық ғылымдары академиясының толық мүшелеріне өмір бойы ай сайын 6000 теңге көлемінде Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясы тағайындалды.

*Казахстанская правда. – 1996. – 12 марта (№ 53).*

1996 жылдың 13 наурызында ҚР Ұлттық Ғылым академиясы мен Қазақ ауылшаруашылық ғылымдары академиясының Жалпы жиылысы өтті. Оны Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ашты.

Президент физика-математика ғылымдарының докторы, Ғылым және жаңа технологиялар министрі Владимир Сергеевич Школьникті ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті лауазымына тағайындау үшін академиктердің келісімін сұрады. Жалпы жиылыс Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысын бірауыздан қолдады.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 3. – 7-б.*

1996 жылдың 13 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Школьник Владимир Сергеевичті Қазақстан Республикасының Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті қызметіне тағайындау туралы» Жарлыққа қол қойды.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 3. – 5-б.*

1996 жылдың 1 сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Сұлтанғазин Өмірзақ Махмұтұлы ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясы президентінің бірінші орынбасары, Ғылым академиясының вице-президенті болып тағайындалды; Дробжев Виктор Иванович, Қосынов Алмас Олжабайұлы, Төлебаев Алмас Кашкенұлы орынбасарлары болып сайланды.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 3. – 7-б.*

1996 жылдың 3 сәуірінде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы» № 382 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Ұлттық аэроғарыш агенттігінің Ережесі бекітілді әрі аппарат құрылымы шекті саны ескеріліп, аппарат қызметкерлерінің саны 28 бірлік болып белгіленді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. –  
1996. – № 14. – 112-құжат.*

1996 жылдың 5 сәуірінде ҚР Ғылым министрлігінің Ғылым академиясының медицина бөлімшесі ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде «Дәрігерлер ядролық соғысқа қарсы» атты халықаралық қозғалыс (Қазақстан ассоциациясы) мен «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы (Қазақстан бөлімі) сияқты қоғамдық ұйымдардың қатысуымен Семей ядролық сынақ полигонының ауданында алғашқы медициналық ғылыми-зерттеу экспедициясына 40 жыл, «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысына 7 жыл толуына орай «Қоғам және мемлекет: ядролық қауіпсіздік» атты дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелге қатысушыларға Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник құттықтау сөзін жеткізді. Сонымен қатар ҚР ҒА академигі И.О. Байтулин, ҚР ҒА корреспондент мүшесі И.Я. Часников т.б. сөйледі.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 6. – 38-41-б.*

1996 жылдың 2 мамырында ҚР Президентінің 1996 жылдың 11 наурыздағы «Ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру шаралары туралы» № 2895 Жарлығын іске асыру мақсатында іс-шаралар жоспарын бекітіп, Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьниктің басшылығымен

«ҚР ғылым және мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы» ҚР Заңының жаңа нұсқасын дайындайтын жұмыс тобын құру туралы ҚР Премьер-Министрінің қаулысы қабылданды. Топқа аталмыш Заңның жаңа нұсқасын даярлау міндеті жүктелді.

*ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. – 1996. – № 25.*

1996 жылдың 2 мамырында ҚР Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы «Ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру шаралары туралы» № 2895 Жарлығына сәйкес ҚР Үкіметі «ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы орталық аппаратының құрылымы туралы» №548 қаулыны қабылдады, соған сәйкес ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Орталық аппаратының құрылымы бекітілді. Оның құрамына Болжау және ғылыми-техникалық бағдарламалар бас басқармасы; Қаржы-экономика басқармасы; Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасы; Іргелі зерттеулер басқармасы; Ғылыми-ұйымдастыру басқармасы; Халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық басқармасы; Ақпараттық инфрақұрылымды дамыту басқармасы; Ғылыми-баспа жұмысы бөлімі; Патент, лицензиялар бөлімі; Мамандар бөлімі; Арнайы сектор; Өндірістік-әкімшілік басқармасы енді.

*ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. – 1996. – № 25.*

1996 жылдың 6 мамырында ҚР Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Оған ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Г. Штойк, ҚР Сенаты және Парламент мәжілісі комитеттерінің төрағалары: ҚР ҰҒА академиктері – Ж.М. Әбділдин, Ө.А. Жолдасбеков, Экология министрі Н.А. Баев, Денсаулық сақтау министрі – В.Н. Девятко, Геология министрі – С.Ж. Дәукеев, Ғылым академиясы, Қазақ ауылшаруашылық ғылымдары академиясының, жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты.

Сессияны ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник ашты. ҚР ҒА академигі В.Н. Околович, Қазақ ауылшаруашылық ғылымдары академиясының (ҚазАШҒА)

академигі Г.А. Қалиев ҚР Ғылым академиясының 1995 жылғы ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі туралы баяндама жасады.

Сессияда Ш. Уәлиханов, Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, В.Г. Фесенков, М.А. Айтхожин, Д.В. Сокольский атындағы жүлделер, сондай-ақ үздік шыққан жұмыстар үшін ҚР Ғылым академиясының сыйақылары берілді.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 4. – 4-63-б.*

1996 жылдың 7 мамырында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде көрнекті композитор, музыкатанушы ғалым, ҚР Ғылым академиясының академигі А.Қ. Жұбановтың туғанына 90 жыл толуына арналған салтанатты жиын өтті.

ҚР Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының бірінші вице-президенті, Ө.М. Сұлтанғазин кіріспе сөз сөйледі. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі, өнертану ғылымдарының докторы Б.И. Қарақұлов «А. Жұбанов – Қазақстан кәсіби музыка мәдениетінің негізін қалаушы» деген тақырыпта баяндама жасады. Сонымен қатар профессор Е.Р. Рахмадиев, ҚР ҒА корреспондент мүшесі Б.Г. Ерзакович, ҚР Ғылым академиясының академиктері – З.А. Ахметов, Б.А. Жұбанов сөз сөйледі.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 6. – 73-77-б.*

1996 жылдың 24 мамырында ҚР Президентінің № 3001 Жарлығымен 34 ғылыми ұйым, 15 тәжірибе стансысы мен 47 қожалық базасында ҚР Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы (ҰААЗО) құрылды, оған еліміздің агроөнеркәсіп кешенін ғылыми тұрғыдан жетілдіру міндеті жүктелді.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении. – Алматы, 2004. – С. 135-136.*



1996 жылдың 24 мамырында Алматыдағы Үкімет үйінде еліміздің ғылыми-технологиялық дамуы бойынша республикалық жиын өтті. Шараға 400-ден астам адам – ғалымдар, министрліктер мен ведомстволардың басшылары, ҚР Президенті әкімшілігі, Үкімет өкілдері, журналистер қатысты.

Салтанатты жиынды ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г. Штойк ашып, жүргізді. Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник баяндама жасады. Кеңесте нақты шешімдер қабылданды.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 4. – 3-б.*

1996 жылдың 6-7 маусымында Алматыда ҚР Ғылым академиясының 50 жылдығы аталып өтті. Сессияның жұмысына Қазақстан Республикасының Президенті, ҚР ҒА академигі Н.Ә. Назарбаев, еліміздің, министрліктер мен ведомстволарының басшылары, дипломатиялық корпусстың өкілдері, ТМД Ғылым академияларының ғалымдары қатысты.

Мерейтойлық сессияны Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник ашты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Ғылым академиясының маңызы, болашағы туралы айтты.

Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник «Қазақстан Ғылым академиясына – 50 жыл» деген тақырыпта баяндама жасады.

ҚР ҒА академигі, Қ.И. Сәтбаевтың серігі әрі президент лауазымындағы ізбасары – Ш.Ш. Шөкин;

Қырғыз Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының президенті, академик Т.К. Қойчуев;

Тәжікстан Республикасы Ғылым академиясының президенті, академик У.М. Мирсаидов;

Ресей Ғылым академиясы Президиумының бас ғалым хатшысының орынбасары, РФА корреспондент мүшесі В.М. Медведев;

Өзбекстан Республикасы ҒА вице-президенті, академик М.М. Камиллов;

Біріккен ядролық зерттеулер институтының зертхана директоры Ю.Ц. Оганесян (Дубна қ.);

Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының құрметті директоры ҚР ҒА академигі А.А. Абдулин;

«Қазақстанкаспийшельф» консорциумының бас директоры Ж.Н. Марабаев;

ҚР Денсаулық сақтау министрі В.Н. Девятко;

ҚР Білім министрі М.Ж. Жұрынов Қазақстан ғалымдарына құттықтау сөздерін арнады.

*ҚР FM – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 5. – 4-88-б.*

Қазақстан Республикасының Президенті 1996 жылдың 7 маусымында Қазақстан ғылымы мен энергетикасын дамытудағы ерен еңбегі, жоғары білікті ғылыми мамандар даярлаудағы өзіндік үлесі үшін ҚР Ғылым академиясының академигі Шөкин Шапық Шөкіұлына «Халық Қаһарманы» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойды.

*ҚР FM – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 5. – 17-б.*

1996 жылдың 3 шілдесінде ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» атты кітабына арналған дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелде:

Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы, академик А.Қ. Қошанов;

Мемлекет және құқық институтының директоры, ҚР ҒА корреспондент мүшесі Г.С. Сапарғалиев;

А.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі К.М. Байпаков;

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлім меңгерушісі, ҚР ҰҒА академигі С.С. Қирабаев;

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Ө. Айтбаев;

ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясы президентінің бірінші орынбасары, вице-президент, ҚР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин сөйледі.

*ҚР FM – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 3. – 8-10-б.*

1996 жылдың 23 шілдесінде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Ғылыми-техникалық саладағы мемлекеттік меншік нысандарын жекешелендіру шаралары туралы» № 923 қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанынан ғылыми-техникалық сала нысандарын жекешелендіретін ведомствоаралық комиссия құрылды. Комиссияның құрамында Штойк Г.Г. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары (комиссия төрағасы); Школьник В.С. – ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті (комиссия төрағасының орынбасары) болды. Ведомствоаралық комиссия туралы Ереже бекітілді, комиссияға Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық әлеуетін қайта құрып, жекешелендіру арқылы нығайту, сақтау міндеті жүктелді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1996. – № 32. – 293- бап.*

1996 жылдың 24 шілдесінде ҚР Президентінің 1996 жылдың 11 наурыздағы «Қазақстан Республикасындағы ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы» № 2895 Жарлығын орындау мақсатында

Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы мәселелері туралы» № 924 қаулыны қабылдап, ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы жанынан Жоғары ғылыми-техникалық кеңестің құрамын бекітті. Кеңес төрағасы – ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті, физика-математика ғылымдарының докторы В.С. Школьник; төраға орынбасары – Химия ғылымдары институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин; ғалым хатшы – ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Болжау және ғылыми-техникалық бағдарламалар бас басқармасының бастығы В.В. Могильный.

ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық кеңес және іргелі зерттеу бағдарламаларын қаржыландыру тәртібі туралы Ережелер бекітілді.

*ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. – 1996. – № 35.*

1996 жылдың 29 шілдесінде Қазақстан Республикасының Үкіметі «ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы туралы Ережені бекіту туралы» №941 қаулыны қабылдады. Ережеге сәйкес ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы ҚР ғылыми-техникалық әлеуетінің даму динамикасы мен жай-күйіне сараптама жасау, мақсатты ғылыми-техникалық зерттеулерді қаржыландыру, ғылым мен техниканың дамуына жол ашу, еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани жағынан даму стратегиясын ғылыми тұрғыда негіздеу міндеті жүктелді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 1996. – № 32. – 297-бап.*

1996 жылдың 13 тамызында Қазақстан Республикасының Үкіметі «ҚР Үкіметі жанындағы ғылым, техника, білім беру салалары бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтар тағайындайтын президиум мен комитеттің құрамы туралы» №1003 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес Комитеттің президиумы мен құрамы бекітілді. Комитеттің төрағасы болып ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті, техника ғылымдарының докторы В.С. Школьник; Комитет төрағасының орынбасары – ҚР Гидрометеорология бойынша бас басқарманың жанындағы Қоршаған орта және климат мониторингі Қазақ ғылыми-зерттеу институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі И.О. Байтулин сайланды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 1996. – № 33. – 315- бап.*

1996 жылдың 21 тамызында Қазақстан Республикасы Парламентінің мәжіліс залында Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына арналған ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Мерейтойлық сессиясы өтті.

Сессияны ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник ашты. Премьер-Министрдің орынбасары И. Тасмағамбетов сессияға қатысушылар мен қонақтарға Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.

Назарбаевтың құттықтауын оқып берді. Ғылым министрінің бірінші орынбасары, ҚР ҰҒА вице-президенті Ө.М. Сұлтанғазин «Жамбыл және қазіргі заман» деген тақырыпта баяндама жасады. ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Ш. Ибраев «Жамбыл – ауызша поэзияның классигі» деген тақырыпта баяндама жасады.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1996. – № 6. – 3-31-б.*

1996 жылдың 28 тамызында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Ғылым мен техниканың дамуына үлес қосқан ғалымдар мен мамандарды, дарынды жас ғалымдарды мемлекеттік қолдау туралы» №1063 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес ғылым мен техниканың дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандар үшін 75 мемлекеттік ғылыми стипендия (10 еселенген айлық есептік көрсеткіш), дарынды жас ғалымдарға 150 мемлекеттік ғылыми стипендия (7 еселенген айлық есептік көрсеткіш) тағайындалды. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар конкурстық негізде беріледі. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының республикалық бюджетінің сол жылдағы қаржысы есебінен алынады.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 1996. – № 35. – 338- құжат.*

1996 жылдың 3-5 қазанында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясында белгілі ғалым-математик, ҚР ҒА академигі Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазиннің 60 жасқа толуына арналған халықаралық конференция өтті. Конференцияға отандық ғалымдармен қатар Франция, Чехия, Жапония, Аустрия, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстаннан келген ғалымдар қатысты.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 1. – 82-83-б.*

1996 жылдың 28 қазанында ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник ғылыми бөлімшелер

туралы Ережені бекітті. Ережеге сәйкес бөлімше институттар мен басқа да ғылыми мекемелердің қызметін үйлестіретін, іргелі зерттеу бағдарламаларын құрастырып, жүзеге асыратын, ғалымдардың басын біріктіретін ғылыми-ұйымдастырушылық орган болып табылады.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 1. – 3-б.*

1996 жылдың 7 қарашасында Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Алқасы:

– «Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының құрамында Ауылшаруашылық ғылымдары бөлімшесі ашылсын;

– Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі «Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесі» болып аталсын;

– Биология ғылымдары бөлімшесі мен Медицина ғылымдары бөлімшесі біріктірілсін;

– «Биология және медицина ғылымдары бөлімшесі құрылсын» деген қаулы қабылдады

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 1. – 3-б.*

1996 жылдың 8 қарашасында Ғалымдар үйінде ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы мен Қазақстанның даму институты Алматыдағы желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан: 1986 жылғы желтоқсан» атты ғылыми-теориялық конференция өткізді.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 1. – 85-б.*

1996 жылдың 11 қарашасында Қазақстан Республикасының Үкіметі «ҚазКСР Ғылым академиясының Физика-техникалық институтын таратып, қайта құру, Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Шығыстану институтын қайта құру туралы» №1369 қаулыны қабылдады.

Осы қаулыға сәйкес ҚазКСР Ғылым академиясының Физика-техника институты ҚазКСР ҒА Жоғарғы энергия физикасы институтымен қосылып, Қазақстан Республикасы Ғылым

министрлігі – Ғылым академиясының Физика-техника институты болып қайта құрылды; Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы Г.С. Садуақасов атындағы Ұйғыртану институты негізінде Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Шығыстану институты құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1996. – № 46. – 443- құжат.*

1996 жылдың 5-7 желтоқсанында С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Қазақстан аймақтарын кешенді дамыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-техникалық конференция өтті.

Конференцияны ҚР Білім министрлігі, ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы, Павлодар облысы әкімінің аппараты, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар облысы әкімі мен ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы жанындағы Ғылыми-техникалық даму орталығы, Павлодар салааралық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы ұйымдастырды.

Конференцияға 200-ден астам ғалым, өндіріс пен ғылымның түрлі салаларының мамандары, шетелдік қонақтар, әкімдік өкілдері, ірі кәсіпорындар мен бірлестік басшылары қатысты.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 1. – 86-87-б.*

1996 жылдың 9 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Мемлекеттік ғылыми стипендиялар Ережесін бекіту туралы» №1501 қаулыны қабылдады.

Мемлекеттік ғылыми стипендиялар ҚР ҒМ – ҒА бұйрығы бойынша конкурстық негізде ғылым және техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға екі жыл мерзімге тағайындалады. Стипендия негізгі жұмыс орнында белгіленген лауазымдық жалақы мен зейнетақының үстіне беріледі. Стипендия ҚР Президентінің өмір бойғы стипендиясын ай сайын алатын ҚР Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшелеріне берілмейді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. –  
1996. – № 50. – 488- құжат.*

1996 жылдың 28 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылдың 11 наурыздағы «Қазақстан Республикасындағы ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру туралы» № 2895 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі «ҚР Ұлттық ғылыми орталықтарының қызметіне қатысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірқатар шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» №1668 қаулыны қабылдады.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. –  
1996. – № 53. – 511- құжат.*

## 1997

1997 жылдың 7 ақпанында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Алқасының мәжілісі болды. Жиында:

1. Иргелі зерттеу бағдарламалары мен мемлекеттік тапсырыс бойынша қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы ҒЗЖ бағдарламаларының 1996 жылғы есебі тыңдалды.

2. «Республика тұрғындары мен медицина мекемелерін отандық дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету үшін өнеркәсіп өндірісіне фитопрепараттарды даярлап, енгізу» атты 1997 жылдың мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасы қарастырылып, бекітілді.

Бірінші мәселе бойынша Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы А.К. Қошанов, екінші мәселе бойынша ҚР ҒА корреспондент мүшесі С.М. Әдекенов пен Биология ғылымдары және биотехнология бойынша ҒТК секциясының төрағасы О.В. Есырев сөйледі.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 2. – 3-4-б.*

1997 жылдың 20-21 ақпанында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде ҚР Білім министрлігі мен ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың



«Ғасырлар тоғысында» кітабы бойынша «XXI ғасырдың табалдырығында Қазақстан қоғамын қайта құру стратегиясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы, ҚР ЖОО, шетелдерден келген 500-ден астам қоғамтанушы ғалым қатысты.

Конференцияны ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник ашты. Сонымен қатар ҚР Президент әкімшілігі басшысының орынбасары М.М. Тәжин, ҚР ҒА корреспондент мүшесі Г.С. Сапарғалиев, Украина Саяси ғылымдар академиясының президенті И.И. Михальченко, Нанкин университетінің профессоры Вэй Лянтао сөйледі.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 2. – 93-94-б.*

1997 жылдың 26-27 ақпанында Ақмолада Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы жетекші ҒЗИ-ның заманауи ғылыми-техника өнімдері мен жаңа технология өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылды. Оған Ұлттық ғылыми орталықтардың бес ғылыми бөлімшесі (ядролық, биотехнология, минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу) қатысты. Көрмеге 300-ден астам ең жаңа технологиялық өнім қойылды.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 1. – 19-20-б.*

1997 жылдың 27 ақпанында Павлодар облысындағы «Ертіс-Баян әуендері» өнер және мәдениет фестивалі аясында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясында «Қ.И. Сәтбаев және Қазақстан ғылымы» атты дөңгелек үстел өтті. Оған Павлодар облысы әкімінің бірінші орынбасары О.К. Қожанов бастаған ресми делегация, Ғылым академиясының мүшелері, ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы институттарының ғылыми қызметкерлері қатысты.

Отырысты ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник ашты. Сонымен қатар академик Г.Н. Щерба, химия ғылымдарының докторы, профессор У.Ж. Жүсіпбеков, ҚР ҒА корреспондент мүшесі К.М. Байпақов, ҚР

Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник сөйледі.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 2. – 44-45-б.*

1997 жылдың 25 наурызында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы «Орталық Қазақстан ғылым бөлімшесінің аппаратын тарату туралы» №82 бұйрық шығарды.

Соған байланысты ғылымды мақсатты қаржыландыру, Орталық Қазақстандағы институттарының қызметін үйлестіру, бұрын құрылған ұйымдарды заңнамаға сәйкестендіру мақсатында 1997 жылдың 30 мамырынан бастап Орталық Қазақстан бөлімшесінің (бұдан әрі – ОҚБ) аппараты таратылды. Органикалық синтез және көмір химиясы институты ОҚБ аппаратының мирасқоры болып белгіленді.

*<http://dictionary.sensagent.com/>*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 4 сәуіріндегі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын реформалаудың кезекті шаралары туралы» Жарлығы бойынша Мемлекеттік аттестациялық комитет (МАК) таратылды. Оның міндеті ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясында құрылған Ғылыми кадрларды аттестаттау департаментіне жүктелді, директоры болып ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі М. Молдабеков тағайындалды.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 2. – 94-б.*

1997 жылдың 17 сәуірінде ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Жалпы жиылысының жылдық сессиясы өтті. Оған Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д. Дүйсенов, министрлер, түрлі ведомстволардың өкілдері, жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты.

Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник «Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының 1996 жылғы ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің қорытындысы» деген тақырыпта баяндама жасады.

ҚР ҰҒА Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы, ҚР ҰҒА вице-президенті, академик А.К. Қошанов;

ҚР ҰҒА вице-президенті, Аграрлық зерттеулер ұлттық орталығының директоры ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі А.А. Сатыбалдин;

Физика-математика ғылымдары бөлімшесінің академик хатшысы қызметін атқарушы М.И. Рақымбердиев;

Жер туралы ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы, ҚР ҰҒА академигі С.М. Қожахметов;

Химия-технология ғылымдары бөлімшесінің академик хатшысы, ҚР ҒА корреспондент мүшесі К.А. Жұбанов;

Биология және медицина ғылымдары бөлімшесінің академик хатшысы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Н.А. Айтхожина;

Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик хатшысы, ҚР ҰҒА академигі З.М. Молдахметов;

ҚР Ұлттық ядролық орталығы бас директорының орынбасары Қ.Қ. Қадыржанов;

ҚР ҒА академиктері: С.Б. Балмұханов, Т.Ш. Шарманов;

ҚР ҒА корреспондент мүшелері: Б.Р. Рақышев, А.Д. Жанғалиевтер баяндаманы талқылауға қатысты.

*ҚР FM – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 3. – 3-6, 15-63-б.*

1997 жылдың 23 мамырында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы туралы Ережені бекіту туралы» №873 қаулыны қабылдады.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1997. – № 19. – 181- құжат.*

1997 жылдың 27 мамырында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Алқа отырысы өтті. Онда 1997 жылғы «Тау-кен металлургия кешеніндегі ресурс үнемдейтін тиімділігі жоғары технологиялар негізінде минералды шикізаттарды кеңінен пайдалану» РҒТӨО; 1997 жылғы «Медицинада,

ауылшаруашылық пен өнеркәсіпте биотехнология және гендік инженерия әдістерін пайдалану» РҒТӨО негізгі тапсырмалары қарастырылып, бекітілді.

Алқа Ғылыми мамандарды аттестаттау департаментінің Президиумы туралы Ережені бекітті, оның саны мен дербес құрамын анықтады.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 4. – 7-8-б.*

1997 жылдың 12-13 маусымында Алматыда Ғылыми-технологиялық даму мемлекетаралық комитетінің үшінші мәжілісі (ҒТД МК) өтті. Оған Ортақ ғылыми-технологиялық кеңістік құру туралы келісімге келген ТМД-ның 10 мемлекетінің өкілдері қатысты. Олардың қатарында Ғылым академияларының президенттері, ТМД елдерінің мемлекеттік ғылым мен техника саласын басқаратын органдардың бірінші басшылары, сонымен қатар Украина Ғылым академиясының толық мүшесі Б.Е. Патон сынды көрнекті ғалымдар, шетел ғылым академияларының өкілдері, Ғылым академиясы халықаралық қауымдастығының президенті де болды.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 4. – 67-68-б.*

1997 жылдың 3-4 шілдесінде Ақмолада «Солтүстік Қазақстанның ресурстық қоры және экономикалық реформасы» деген тақырыпта ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы ғалымдарының Жалпы жиылысының көшпелі сессиясы өтті.

Ақмола облысы әкімдігімен бірлесе өткізген пленарлық мәжілісте ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник, Ақмола облысының әкімі А.Г. Браун, Қостанай облысы әкімінің орынбасары С.Ш. Бектұрғанов, Павлодар облысының әкімі Д.К. Ахметов сөйледі.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 4. – 12-б.*

1997 жылдың 5 тамызында Ғалымдар үйінде Қазақстандағы геология жұмысын, ғылымды ұйымдастырған көрнекті ғалым,

қоғам және мемлекет қайраткері, ҚР ҰҒА академигі Шахмардан Есенұлы Есеновтің туғанына 70 жыл толуына орай Мерейтойлық ғылыми-теориялық конференция өтті.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 4. – 13-14-б.*

1997 жылдың 8-12 қыргүйегінде Алматы, Курчатов, Семей қалаларында Ядролық қаруды таратпау мәселесіне арналған халықаралық конференция өтті. Конференцияға Ресей Федерациясы, Германия, Норвегия, Швеция, Франция, Бельгия, Аустралия, Англия, АҚШ, Өзбекстан, Украинадан келген қонақтармен қатар ҚР министрліктері мен ведомстволарының өкілдері қатысты.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 5. – 3-7-б.*

1997 жылдың 10-11 қыргүйегінде Алматыда Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Өтпелі нарықтық экономика жағдайында елдің ғылыми-технологиялық дамуының ақпараттық тұрғыдан қамсыздандырылуы және өзекті мәселелер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияға Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Грузия, Өзбекстан Республикасы және басқа да елдердің ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми және техникалық ақпарат ұйымдары мен мекемелері, ғылым және технология саласын басқарушылар, барлығы – 228 ғалым мен маман қатысты.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 5. – 8-10-б.*

1997 жылдың 22-26 қыргүйегінде Алматыда Қазақстан Үкіметінің шақыруымен ЮНЕСКО ұйымдастырған Каспийге қатысты ғылыми мәселелер бойынша жиын өтті. Жиынға Қазақстан, Ресей, Түрікменстан, Әзербайжан, Иран сияқты Каспий жағалауындағы бес мемлекеттің ғалымдары қатысты.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 5. – 25-26-б.*

1997 жылдың 8-11 қыргүйегінде Ядролық физика институтының құрылғанына 40 жыл толуына орай ҚР Ұлттық ядро орталығының Ядролық физика институты «Ядролық және радиациялық физика» атты халықаралық конференция өткізді. Конференцияға 8 елден келген 150-ден астам ғалым қатысты. Олардың қатарында АҚШ, Түркия, Польша, Ресей, Өзбекстан, Украина, Қазақстанның ғалымдары болды. Конференцияның бағдарламасына 152 баяндама енгізілген.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 5. – 20-21-б.*

1997 жылдың 9-10 қазанында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Германия және Шығыс Еуропа зерттеулерінің Геттинген институты мен ҚР Немістерінің кеңесі «Орталық Азия немістерінің тарихы» атты халықаралық ғылыми конференция өткізді.

Конференцияның жұмысына Германия, Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан Республикасының ғалымдары қатысты.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 5. – 27-б.*

1997 жылдың 17 қазанында Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы мен ҚР Ұлттық аэроғарыш агенттігі (ҚР ҰАҒА) «Қазақстандағы аэроғарыш саласының даму жолдары мен мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізді.

Конференцияның жұмысына 1997 жылдың 28 қаңтарында ұшуға дайындалып жатқан «Мир» орбита кешені 25-негізгі экспедициясының экипажы (кеме командирі – Т. Мұсабаев, бортинженер – Н. Бударин) қатысты.

Конференцияда ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник, Ұлттық аэроғарыш агенттігінің директоры А.К. Қалыбаев, ҚР ҒА академигі Ө.М. Сұлтанғазин, ҚР ҰҒА корреспондент мүшелері В.И. Дробжев, Т.Б. Омаров және т.б. сөйледі.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 5. – 21-22-б.*

1997 жылдың 24 қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының академигі Манап Кабашұлы Қозыбаевқа 1997 жылғы Бейбітшілік және рухани келісім Президенттік сыйлығы берілді.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 5. – 22-б.*

1997 жылдың 29 қазанында Ғалымдар үйінде филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі І.К. Кеңесбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған халықаралық конференция өтті.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 5. – 23-24-б.*

1997 жылдың 13 қарашасында ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті жанындағы Ақсақалдар кеңесінің бірінші мәжілісі болды.

Кеңес ҚР ҒМ министрі – ҰҒА президентінің бұйрығымен ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының ғылыми-ұйымдастыру қызметіне бұрын жоғары әкімшілік лауазымын атқарған академиктерді белсенді түрде тарту, іргелі (негізгі) ғылымды дамытуда жауапкершілігін арттыру, олардың ғылыми маман тәрбиелеуге белсене атсалысуы үшін әрі ғылым ардагерлерін әлеуметтік тұрғыдан қолдау мақсатында құрылды.

Ақсақалдар кеңесі қоғамдық-кеңес беруші орган болып табылады. Оның құрамында 23 академик болды. Кеңесте президенттер: Ш.Ш. Шөкин, А.М. Қонаев, вице-президенттер: А.А. Абдуллин, Е.В. Гвоздев, Б.А. Төлепбаев, З. Қожебеков; ҚР ҒА бас ғалым хатшылары: С.З. Зиманов, Н.К. Надилов; бөлімшелердің академик хатшылары: Ж.С. Сыдықов, С.Б. Балмұханов, Ә.Н. Ильяллетдинов және т. б. көрнекті ғалымдар, бұрын ғылымды ұйымдастырған тұлғалар болды.

Кеңес отырыстарында ҚР Ғылым академиясы Жалпы жиылысына, ғылымның салалық бөлімшелеріне, ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Алқаларының ғылыми-

ұйымдастыру қызметінің ұсыныстары дайындалады және талқыланады. Кеңесті академик А.А. Абдулин басқарды.

*Наука Казахстана. – 1997. – 16-30 нояб. (№22).*

1997 жылдың 1 желтоқсанында Ғалымдар үйінде Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030. Гүлдену, қауіпсіздік және қазақстандықтардың әл-ауқатын жақсарту» атты Қазақстан халқына Жолдауына арналған «Қазақстанның 2030 дейінгі даму стратегиясы: проблемалар және оны жүзеге асыру жолдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1997. – № 6. – 3-4-б.*

1997 жылдың 4 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы мәселелері туралы» №1698 қаулысымен ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы туралы жаңа Ереже бекітілді.

Ережеде ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы ғылым мен техника саласындағы, аэроғарыш қызметі, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану, Қазақстан Республикасында ядролық қаруды таратпау режимін қалыптастыруда мемлекет саясатын даярлап, жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады, ғылым-техника саласын елді әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамытуда негізгі күшке айналдырады. ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының құрылымы бекітілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 1997. – № 52. – 479-құжат.*

1997 жылдың 5 желтоқсанында Алматыда Ғылым және біліктілігі жоғары ғылыми-педагогика мамандарын аттестаттайтын мемлекеттік органдар халықаралық қауымдастығы (МАТХК) ұйымдастырған V конференцияның жұмысы аяқталды.

Конференция жұмысына ТМД елдерінің мемлекеттік аттестаттау органдарының басшылары (Өзбекстан және



Түрікменстаннан басқа) қатысты. Тәжікстан Республикасы мемлекеттік аттестаттау органы МАТХҚ мүшелігіне қабылданды.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 6. – 13-б.*

1997 жылдың 19 желтоқсанында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясында Жалпыұлттық келісім және саяси репрессия құрбандарын еске алу жылына арналған «Саяси қуғын-сүргін сабақтары және Қазақстан Республикасының жалпыұлттық келісімді қалыптастыру тәжірибесі» атты республикалық қорытынды конференция өтті.

Конференцияда «Тоталитаризмнің экономикалық, әлеуметтік және психологиялық тамыры» (профессор ҚазМБА Л.Я. Гуревич) және «Кеңестік тоталитарлық социализм: тарихнамасы мен мәселелері» (ҚР ҰҒА академигі М.Қ. Қозыбаев) деп аталатын екі баяндама жасалды.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 6. – 14-16-б.*

1997 жылдың 27 желтоқсанында Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына атом бомбасы тасталғанына 50 жыл толуына орай тағайындалған доктор Нагаи Такачи атындағы Халықаралық бейбітшілік сыйлығы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Сайым Балуанұлы Балмұхановқа берілді.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1998. – № 2. – 6-10-б.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы жалпы жиылысының «М. Әуезов – ХХ ғасырдың ұлы жазушысы әрі гуманисі» деген тақырыпта Мерейтойлық сессиясы өтті.

Сессияны ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник ашты. Сонымен қатар ҚР ҰҒА вице-президенті, ҚР ҰҒА академигі А.Қ. Қошанов, ҚР ҰҒА академигі

З.А. Ахметов, ҚР ҒА академигі Ж.М. Әбділдин, жиынға келген қонақтар сөз сөйледі.

*ҚР FM – ҒА Хабаршысы. – 1997. – № 5. – 10-15-б.*

ЮНЕСКО-ның XXIX Бас конференциясы 1998 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдығына, 1999 жылы ортағасырлық ойшыл, ғалым Мұхаммед Хайдар Дулатидің 500 жылдығына, қазақтың ұлы ғалымы, Қазақстан Ғылым академиясының алғашқы президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың 100 жылдығына (1899-1964) қатысатыны туралы шешім қабылдады.

*Наука Казахстана. – 1997. – 16-30 нояб. (№22).*

## 1998

1998 жылдың 14-15 қаңтарында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясында «Биологиялық алуантүрлілік және биоалуантүрлілікті теңгерімді пайдаланып, сақтауға байланысты ұлттық стратегиялық жоспарды дамыту мәселелері» атты конференция өтті. Конференцияда ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник, Экология және табиғи ресурстар министрі С.Ж. Дәукеев, Қазақстан Республикасындағы БҰҰ-ның тұрақты өкілі Герберт Берсток сөз сөйледі.

*ҚР FM – ҒА Хабаршысы. – 1998. – № 2. – 11-б.*

1998 жылдың 27 қаңтарында ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясы президентінің бұйрығымен ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы жүйесінде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы мерекелік күндерді өткізу тәртібі туралы Ереже бекітілді.

*ҚР FM – ҒА Хабаршысы. – 1998. – № 1. – 5-6-б.*

1998 жылдың 9 ақпанында ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясы президентінің бұйрығымен Аграрлық зерттеулер Ұлттық академиялық орталығының бас директоры (ҰААЗО), ҚР

Ғылым академиясының корреспондент мүшесі А.А. Сатыбалдин Ауылшаруашылық ғылымдары бөлімшелерінің төрағасы (академик хатшы) болып тағайындалды.

Жалпы жиылыста сайланған ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Ауылшаруашылық ғылымдары бөлімшесінің бюро құрамы бекітілді.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1998. – № 1. – 7-б.*

1998 жылдың 21 ақпанында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Алматы қаласы әкімдігімен бірлесіп, «Халық бірлігі және ұлттық тарих» жылына арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1998. – № 2. – 12-13-б.*

1998 жылдың 17 наурызында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен еліне сіңірген еңбегі мен ғылымдағы жемісті қызметі үшін Ғылым министрі – ҚР Ғылым академиясының президенті, «ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Хабаршысы» журналының бас редакторы Владимир Сергеевич Школьник, ҚР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері Рахманқұл Бердібаев «Парасат» орденімен марапатталды.

әл-Фараби атындағы ҚазМУ кафедрасының меңгерушісі М. Бағызбаева;

Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясының ректоры Н. Ізімбергенов;

әл-Фараби атындағы ҚазМУ профессоры Р. Нұрғалиев;

Семей медицина академиясының ректоры Т. Райысов;

Қазақ Мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры К. Сағадиев;

Қазақстанның менеджмент, экономика және болжау институтының атқарушы директорының бірінші орынбасары С. Сатыбалдин сынды 6 ғалым «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» құрметті атағын алды.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1998. – № 2. – 5-б.*

1998 жылдың 6 сәуірінде ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясы президентінің бұйрығымен ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Алқасының жеке құрамы бекітілді.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1998. – № 3. – 49-50-б.*

1998 жылдың 10 сәуірінде ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Жалпы жиылысының жылдық сессиясы болды. Сессияны ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник ашты. Ол «Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының 1997 жылғы ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің қорытындысы» деген тақырыпта баяндама жасады.

Сондай-ақ сессияға қатысушылар ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының вице-президенттері: гуманитарлық және қоғамдық ғылымдар бойынша – ҚР ҰҒА академигі А.К. Қошановтың, жаратылыстану ғылымдары бойынша – ҚР ҰҒА академигі С.М. Қожахметовтің, аграрлық ғылымдар бойынша – ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі А.А. Сатыбалдиннің қосымша баяндамаларын тыңдады.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1998. – № 3. – 3-48-б.*

1998 жылдың 14 сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Академик Қ.И. Сәтбаевты мәңгі есте қалдыру туралы» № 332 қаулысына сәйкес Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай шаралар өткізетін мерейтойлық комиссияның құрамы бекітілді.

Алматыда Қ.И. Сәтбаев ескерткішін орнату, ғылыми еңбектерін жариялау, ғалымның өмірі мен қызметі туралы ғылыми-көпшілік және көркем шығармалар даярлау, Қ.И. Сәтбаев туралы деректі фильмдер мен көркем фильмдер, мерейтойлық монеталар, арнайы пошта маркаларын, ашық хат, конверт, төсбелгі дайындау тапсырылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 1998. – № 11. – 88-құжат.*

1998 жылдың 20 мамырында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы мен Челябині облысының басшылығы арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық ұстанымдары туралы келісімге қол қойылды.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1998. – № 3. – 52-53-б.*

1998 жылдың 25 мамырында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Ғылым, техника және білім беру салалары бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы туралы» №477 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес Мемлекеттік сыйлық туралы жаңа Ереже, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссияның құрамы бекітілді.

Мемлекеттік сыйлық ғылым, техника және білім беру саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша үздік нәтижелерге қол жеткізіп, ғылыми жаңалық, монографиялар, техниканың жаңа түрлерін дайындап, өндіріске енгізгені, республикалық білім беру жүйесінің барлық деңгейіне арналған оқулықтар даярлағаны үшін беріледі. Мемлекеттік сыйлық (5 сыйақы) екі жылда бір рет Республика күніне орай тағайындалады. Мемлекеттік сыйлықтың мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 1998. – № 15. – 134-құжат.*

1998 жылдың 4 шілдесінде ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы «Отан тарихының тағлымы және қазақстандық қоғамның жаңғыруы» деген тақырыпта болды.

Сессияның жұмысына академия мүшелері мен еліміздің жетекші ғалымдары, шетелдік қонақтар мен дипломаттар, министрліктер мен ведомстволар, ЖОО мен БАҚ өкілдері қатысты.

Сессияны ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник ашты. Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Ә.К. Кекілбаев «Отан тарихы – қоғамның рухани жаңғыруының негізі» деген тақырыпта негізгі

баяндама жасады, ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі М.Қ. Қозыбаев «Отандық тарихты оқытудың өзекті мәселелері» деген тақырыпта баяндама жасады.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1998. – № 4. – 7-18-б.*

1998 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы мен Ресей Ғылым академиясының Сібір бөлімшесі көпжақты ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды. Мақсаты – Еуразиядағы ірі академиялық орталықтардың ғылыми-техникалық әлеуетін күшейту. Ынтымақтастықтың негізгі міндеті – бірлескен зерттеулер мен әзірлемелердің басым бағыттары бойынша идеялар және ақпарат алмасу болды.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1998. – № 6. – 63-64-б.*

1998 жылдың 2-3 қыргүйегінде ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты және «Жібек жолы» Ұлттық акционерлік компаниясы «Жібек жолы және Қазақстан» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Конференцияның жұмысына АҚШ, Италия, Бельгия, Тәжікстан, Өзбекстан және Қазақстан ғалымдары қатысты. ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы вице-президенті, академик А.К. Қошановтың; Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының директоры, ҚР ҒА корреспондент мүшесі К.М. Байпақовтың; Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы М.Қ. Әбусейітованың баяндамалары, шетелдік қонақтардың сөздері тыңдалды.

*ҚР FM – FA Хабаршысы. – 1998. – № 5. – 6-7-б.*

1998 жылдың 14-17 қыргүйегінде бұрынғы Семей сынақ полигонының орталығы – Курчатов қаласында II Халықаралық конференция өтті. Ядролық сынақтарды бақылаған бірлескен

Кеңестік-Америкалық экспериментке 10 жыл толуына орай ұйымдастырылған конференция ядролық қаруды таратпау мәселелеріне арналды.

Конференцияның жұмысына Қазақстан, Ресей, АҚШ, Жапония, Түркия елдерінен және БҰҰ, МАГАТЭ (Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік), ядролық сынақтарға тыйым салушы ұйымдар келісімшартқа қол қойған халықаралық ұйымдардан келген 200-ден астам маман қатысты. Конференцияға қатысушылар 70-тен астам баяндама жасады.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1998. – № 5. – 70-71-б.*

1998 жылдың 5 қазанында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының Ғалымдар үйінде Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі мен А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қазақ филологиясының негізін қалаған көрнекті ғалым А. Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына орай «Ахмет Байтұрсынұлы – ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізді.

Конференцияны ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының вице-президенті, ҚР ҰҒА академигі А.Қ. Қошанов ашты.

Сондай-ақ ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі М.Қ. Қозыбаев;

ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының докторы Қ.Ш. Хұсайын;

ҚР ҰҒА академигі З. Қабдолов баяндама жасады.

Конференцияға ТМД-дан, алыс шетелдерден өкілдер қатысты.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1998. – № 5. – 69-70-б.*

1998 жылдың 12-13 қазанында Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ұлттық Ғылым академиясы «Ұңғымаларды құрлық және теңіз қайраңында бұрғылап, бекіту» атты тұңғыш халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді, оған

Ресей, Әзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Қазақстаннан 100-ден астам бұрғышы-маманы қатысты.

*ҚР ҒМ – ҒА Хабаршысы. – 1998. – № 5. – 67-69-б.*

1998 жылдың 2-3 желтоқсанында Киевте Ғылым академиясы халықаралық қауымдастық (ҒАХҚ) кеңесінің Мерейтойлық мәжілісі өтті. Бұл ұйым ТМД елдері Ғылым академияларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіреді. ҒАХҚ кеңесі бес жылдығын атай отырып, атқарған жұмыстарын қорытындылады. ҒАХҚ президенті, академик Б.Е. Патонның баяндамасын тындап, талқылады, өтпелі кезеңдегі ҒАХҚ келешектегі қызметі туралы қаулылар қабылданды.

Кеңес жұмысына ҚР Ғылым министрі – Ғылым академиясының президенті В.С. Школьник жетекшілік еткен ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясының өкілдері қатысты. Ғылым республиканың ғылым саласындағы соңғы реформалары жайында айтып берді.

## 1999

1999 жылдың 5 қаңтарында ҚР Ғылым министрлігі – Ғылым академиясында «Бейбітшілік туы» халықаралық қоғамдық мәдени ғарыштық жобаның мүшелері Қазақстан ғалымдарымен кездесті.

Делегация қазақ және орыс тілдеріндегі сертификаты бар Бейбітшілік туын Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевқа салтанатты түрде тапсыру үшін Алматы қаласына келді.

Делегация құрамында жетекші, «Бейбітшілік туы» жобасының президенті, К.Э. Циолковский атындағы Ресей космонавтика академиясының және Халықаралық астронавтика академиясының толық мүшесі, Ғарышқа ұшушылар қауымдастығының теңпрезиденті, ұшқыш-ғарышкер А.А. Леонов; профессор С.П. Капица; ұшқыш-ғарышкер Т.А. Мұсабаев болды. Кездесуге ҚР ҰҒА ғылыми бөлімшелерінің академик хатшылары, Қазақстанның жетекші ғалымдары мен мамандар қатысты.

*ҚР ҒЖБ министрлігі, ҚР ҰҒА Хабаршысы.  
– 1999. – № 1. – 84-86-б.*



1999 жылдың 22 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылымы туралы» Жарлығымен Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі – Ғылым академиясы «ҚР Ғылым және жоғары білім беру министрлігі» болып қайта құрылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің басқа жарлығымен В.С. Школьник осы министрліктің жетекшісі (министрі) болып тағайындалды.

*Казахстанская правда. – 1999. – 23 янв. (№ 16).*

1999 жылдың 12 ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлттық Ғылым академиясы туралы» Жарлыққа қол қойды. Президент:

«1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысын қызметке тағайындап, қызметтен босата алады», – деп қаулы етті.

*ҚР ҒЖБ министрлігі, ҚР ҰҒА Хабаршысы.  
– 1999. – № 1. – 3-5-б.*

1999 жылдың 12 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (1995), ҚазССР ҒА Молекулалық биология және биохимия институтының директоры Н.А. Айтхожина Ұлттық Ғылым академиясының президенті болып тағайындалды.

*ҚР ҒЖБ министрлігі, ҚР ҰҒА Хабаршысы.  
– 1999. – № 1. – 3-5-б.*

1999 жылдың 1 сәуірінде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәселелері» атты №352 қаулыны қабылдады.

Қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі және оның құрылымы туралы Ереже бекітілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1999. – № 12. – III-құжат.*

1999 жылдың 10 сәуірінде Неапольде (Италия) «Алтын адам»: қола дәуірінен ұлы қоныс аудару дәуіріне дейінгі дала мәдениеті» атты Қазақстанның ежелгі қазыналар көрмесі ашылды. Көрме Италияда 1998 жылдың 25 сәуірінен көрсетіле бастады.

Қазақстан Республикасының Италиядағы елшілігінің бастамасы бойынша көрмені Неаполь муниципалитеті, Басқару және мәдениет департаменттері, Неаполь және Казерт қалаларының археологиялық мұра күзеттері, Азияны зерттейтін Неаполь қаласындағы департамент, Шығыс институты, Қазақстан тарапынан – Ә. Марғұлан атындағы Археология институты, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі ұйымдастырды.

Көрменің ашылу салтанатында қалалық муниципалитет, Италиядағы Ұлттық археология мұражайының басшылары, Италияның көрнекті археолог ғалымдары, Қазақстан Республикасының Италиядағы елшісі О. Сүлейменов пен Археология институтының директоры К.М. Байпақов сөйледі.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабарлары.  
Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 2000. – №1. – 269-270-б.*

1999 жылдың 12 сәуірінде Алматыдағы Республика Сарайында Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының Мерейтойлық сессиясы өтті. Жиылысқа ел басшылары, ҚР Парламентінің депутаттары, ғалымдар, түрлі облыстардан келген әкімдер мен қонақтар, Қазақстандағы шетел өкілдіктерінің басшылары, ТМД елдерінің делегациясы қатысты.

Салтанатты жиынды Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ашты. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының

президенті Н. Айтхожина академик Қ.И. Сәтбаевтың ғылымға, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі туралы баяндама жасады.

Алматыдағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің бас ғимаратының алдына Қазақстанның тұңғыш академигіне ескерткіш қойылды. Ескерткіштің ашылуына Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қатысты.

*ҚР ҒЖБ министрлігі, ҚР ҰҒА Хабаршысы.  
– 1999. – № 3. – 3-9-б.  
Наука Казахстана. – 2000. – 1-30 сәуір (№ 7-8.).*

1999 жылдың 13 сәуірінде Алматыда «Академик Қ.И. Сәтбаев – көрнекті ғалым, Қазақстандағы ғылым және индустрияландыруды ұйымдастырушы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияда ҚР Ғылым және жоғары білім министрі В.С. Школьник сөз сөйледі.

*ҚР ҒЖБ министрлігі, ҚР ҰҒА Хабаршысы.  
– 1999. – № 3. – 10-12-б.*

1999 жылдың 15-23 сәуірінде Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде «Қазақстан ғылымы: өткеннен болашаққа» атты Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналған көрме ұсынылды.

Көрмені ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Ұлттық Ғылым академиясы дайындады. Көрме Франция жұртшылығын қазақ халқының ұлы перзенті, көрнекті ғалым, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик Қ.И. Сәтбаевтың шығармашылығымен таныстырды. Көрмеге 250 экспонат қойылды.

*ҚР ҒЖБ министрлігі, ҚР ҰҒА Хабаршысы.  
– 1999. – № 3. – 102-104-б.*

1999 жылдың 24 сәуірінде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоғары оқу

орындарында студенттер контингентін қалыптастырудың жаңа үлгісі туралы» №464 қаулыны қабылдады. Мемлекеттік жоғары оқу орындарында студенттер контингентін қалыптастыру үдерісін реттеу, талапкерлерге, жоғары оқу орнына тапсырушыларға қойылатын талаптарды бірыңғайландыру мақсатында ЖОО-ға студент қабылдаудың жаңа үлгісіне көшу, жеке құрамын өзгертуге байланысты Республикалық комиссия туралы Ереже бекітілді.

Ережеге сәйкес комиссия жоғары оқу орындарына тапсыратын талапкерлерге тест ұйымдастырып, қабылдауға жауапты, ҚР Үкіметі жанындағы кеңесші орган болып табылады. Комиссия төрағасы – Премьер-Министрдің орынбасары, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі У.А. Жандосов, орынбасары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі В.С. Школьник болды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1999. – № 23.*

1999 жылдың 26 маусым – 1 шілде аралығында Будапешт қаласында (Венгрия) «XXI ғасырдағы ғылым: жаңа міндеттер» атты дүниежүзілік конференция өтті. Конференцияда Ғылым және жоғары білім министрі В.С. Школьник, вице-министр, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Е.Е. Ерғожин баяндама жасады.

*ҚР ҒЖБ министрлігі, ҚР ҰҒА Хабаршысы.  
– 1999. – № 4. – 82-86-б.*

1999 жылдың 22 қыргүйегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 22 қыргүйегіндегі №1436 қаулысына сәйкес инженер-техник мамандар даярлауға зор үлес қосқаны үшін Қазақ Ұлттық техникалық университетіне көрнекті ғалым, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі берілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1999. – № 47. – 439-құжат.*

1999 жылдың 5 қазанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының 1999 жылғы Ғылым, техника және білім беру салалары бойынша Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы» қаулысына сәйкес

1. 1980-1998 жылдардағы «Хирургияға жаңа технологиялар даярлап, енгізу» атты жұмыс топтамасы үшін А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі М. Әлиев, А.Н. Сызғанов атындағы Хирургия ғылыми орталығының қызметкерлері: К. Ахметов, В.А. Жақыпов, Ж.А. Досқалиев, Ш. Жураев, Д.Д. Поцелуев, М.А. Сейсембаев, Е.И. Хвостиковтарға;

2. 1974-1998 жылдардағы «Бүлдіршіндер жарақаты мен ортопедиясына диагностика жасап, емдеудің жаңа технологиялары» атты жұмыс топтамасы үшін медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының директоры К.С. Ормантаевқа, Қазақ мемлекеттік медицина университетінің жанындағы Дәрігерлер білімін жетілдіру институтының қызметкерлері, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясының қызметкерлері: Т.А. Жұмабеков, А. Ерекешов, А. Қарабеков, К. Қожақанов, Р.И. Элиастарға Мемлекеттік сыйлық тағайындалды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі.  
– 1999. – 1-31 қазан (№ 19-20).*

1999 жылдың 13 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыреттілігін нақтылау туралы» №235 Жарлығына сәйкес ҚР Білім беру, денсаулық сақтау және спорт министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі біріктіріліп, толығымен ҚР Білім және ғылым министрлігіне қосылды. ҚР Білім және ғылым министрлігі болды.

Денсаулық сақтау және спорт саласының міндеттері жаңадан құрылған ҚР Денсаулық сақтау істері бойынша агенттік пен ҚР туризм және спорт агенттігіне жүктелді.

Атом энергетикасы мен ғарыштық зерттеулер саласының міндеттері Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне жүктелді. Басшы болып бұрынғы ҚР Ғылым және жоғары білім министрі В.С. Школьник тағайындалды.

*Наука Казахстана. – 1999. – 1-31 окт. (№ 19-20).*

1999 жылдың 13 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қ.Е. Көшербаев ҚР Білім және ғылым министрі болып тағайындалды.

*Наука Казахстана. – 1999. – 1-31 окт. (№ 19-20).*

1999 жылдың 5 қарашасында Алматыдағы Ғалымдар үйінде «Мұхаммед Хайдар Дулати – көрнекті тарихшы әрі мемлекет қайраткері (1499-1551)» деген тақырыпта конференция өтті.

Оған мемлекет қайраткерлері, елшілік өкілдері, Қазақстан, Орталық Азия, Қытай елінің жетекші ғалымдары қатысты. Конференция XVI ғасырда өмір сүрген белгілі тарихшы, ақын шығармашылық мұрасы мұсылман әдебиетінің бірегей ескерткіші болып табылатын Мұхаммед Хайдар Дулатидің туғанына 500 жыл толуына орай өткізілді. Ғалымның «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі Шығыс халықтарының этносаяси тарихынан мол дерек береді.

Конференцияда Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі М.Қ. Қозыбаев сөз сөйледі.

*ҚР ҒЖБ министрлігі, ҚР ҰҒА Хабаршысы.  
– 1999. – № 6. – 93-94-б.*

1999 жылдың 20 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия құру туралы» №1946 қаулыны қабылдады. Онда ЖҒТК туралы Ереже және комиссияның құрамы бекітілді. Ережеге сәйкес ЖҒТК ҚР Үкіметі жанындағы іргелі

және қолданбалы ғылым мен техниканы дамытатын, мемлекеттік басымдықтарды анықтап, болжамдар жасайтын кеңесші орган болып табылады.

Комиссияны Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.С. Павлов басқарды, төрағаның орынбасары – Білім және ғылым министрі Қ.Е. Көшербаев.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 1999. – № 57. – 551-құжат.*

1999 жылдың 21-23 желтоқсанында Астанада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Алқасының кеңейтілген мәжілісі болды. Оған министрліктер мен ведомстволардың басшылары мен өкілдері, ҒЗИ директорлары, жоғары оқу орындарының ректорлары, көрнекті ғалымдар мен мамандар қатысты.

Мәжілісті Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаев ашты. Білім және ғылым министрі Қ.Е. Көшербаев «Қазақстан Республикасындағы білім-ғылымды дамытудың таяу аралықтағы басым бағыттары» деген тақырыпта баяндама жасады.

*Наука Казахстана. – 2000. – 1-15 янв. (№ 1).*

1999 жылдың 23 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның (ЖҒТК) алғашқы отырысы болды. Онда комиссияның мақсат-міндеттері, ғылым-техника саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру мәселелері, сондай-ақ Қазақстандағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің басым бағыттары туралы сөз болды.

Іргелі зерттеулердің басым бағыттары мақұлданды. ҚР Білім және ғылым министрлігіне республиканы әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытудың басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер бағдарламасын, «Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық саясаты және ғылым туралы заңының» жобасын, Қазақстан Республикасы ғылыми,

ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасын, «Ғылым» атты мемлекеттік бағдарламаның тұжырымдамасын даярлап, 2000 жылдың наурыз айында ЖҒТК талқысына ұсыну міндеті жүктелді.

ЖҒТК мүшесі, Білім және ғылым вице-министрі, ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин «Қазақстан Республикасындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің басым бағыттары» деген тақырыпта баяндама жасады.

*Наука Казахстана. – 2000. – 1-15 янв. (№ 1).*

## **2000**

2000 жылдың 27 қаңтарында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Шығыстану институты Түркия Республикасы Ататүрік атындағы «Түрік тарихы» қоғамымен бірлесіп, Осман империясының 700 жылдығына арналған халықаралық конференция ұйымдастырды.

Конференцияға ҚР БҒМ Шығыстану институты, ҚР БҒМ Тарих және этнография институты, ҚР БҒМ Тіл білімі институты, ҚР БҒМ әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, А. Ясауи атындағы Қазақ-түрік университеті, «Мәрмәр» университетінің (Түркия) қызметкерлері және т. б. қатысты.

Конференцияда 27 баяндама мен хабарламалар ұсынылды.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабарлары.*

*Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 2001. – № 2. – 95-б.*

2000 жылдың 21 ақпанында Алматы қаласында ҚР Білім және ғылым министрлігі Алқасының кеңейтілген мәжілісі өтті. Мәжіліске Алқа мүшелерімен қатар ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академиктері мен корреспондент мүшелері, ҒЗИ директорлары, іргелі зерттеу бағдарламаларының ғылыми жетекшілері, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарының жетекші ғалымдары қатысты.

Мәжілісті бірінші вице-министр Е.М. Арын ашты. Вице-министр, ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин 1997-1999 жылдардағы



іргелі зерттеу бағдарламалары мен жекелеген тақырыптардың орындалуы туралы баяндама жасады.

*Наука Казахстана. – 2000. – 16-29 февр. (№ 4).*

2000 жылдың 28 наурызында Астанада ҚР Білім және ғылым вице-министрі, ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин үкімет отырысында «Ауылшаруашылық өсімдіктерінің, жануарлар мен микроағзалардың гендік қорын сақтап, дамыту, пайдалану» атты 2001-2005 жылдардағы республикалық мақсатты бағдарлама туралы баяндама жасады.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2000. – № 2. – 75-79-б.*

2000 жылдың 29 наурызында Астанадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның (ЖҒТК) кезекті отырысы өтті. Комиссия 2000-2002 жылдардағы іргелі зерттеу бағдарламалары бойынша конкурстың нәтижесін мақұлдады.

Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заң жобалары, ҚР ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасы, «Ғылым» атты мемлекеттік бағдарлама сөз болып, негізінен қолдау тапты.

Білім және ғылым министрлігінің вице-министрі Е.Е. Ерғожин басқаратын ведомствоаралық жұмыс тобына айтылған ескертулерді ескере отырып, өңделген жобаларды үкімет отырысының мәжілісіне тапсыру міндеті жүктелді.

*Наука Казахстана. – 2000. – 1-30 апр. (№ 7-8).*

2000 жылдың 17 сәуірінде «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылдың 25 мамырындағы «Ғылым, техника және білім беру салалары бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын беру туралы» №477 қаулыға өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі №593 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес комиссияның жаңа құрамы бекітілді. Комиссия төрағасы – ҚР Білім және ғылым министрі Қ.Е.

Көшербаев, төрағаның орынбасарлары – ҚР Білім және ғылым вице-министрі, ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин, ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрі В.С. Школьник.

*О Государственной премии Республики Казахстан в области науки, техники и образования: нормативные правовые документы. – Астана, 2000. – С. 71-81.*

2000 жылдың 10 мамырында ҚР Үкіметі «Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы» № 685 қаулыны қабылдады.

Қаулыға сәйкес ғылым мен техниканы дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдарды, дарынды жас зерттеушілерді қолдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі ғылым саласындағы сыйлықтар мен стипендиялар бойынша нормативтік құқықтық актілерді реттеу мақсатымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылдан бастап жыл сайын берілетін сыйлық тағайындау туралы ұсынысы қабылданды. Соған байланысты: жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы екі сыйақы (бірі – 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, екіншісі – 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде);

гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін Ш. Уәлиханов атындағы екі сыйақы (бірі – 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, екіншісі – 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде);

жас ғалымдардың жаратылыстану ғылымдары саласындағы ең үздік жұмыстары үшін Д.А. Қонаев атындағы үш сыйақы (50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде);

жас ғалымдардың гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін М. Әуезов атындағы үш сыйақы (50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде) тағайындалды.

*Казахстанская правда. – 2000. – 17 мая.*

2000 жылдың 11-13 мамырында Астанадағы Қазақстан Республикасының Парламент ғимаратында ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің қолдауымен, сондай-ақ ЮНЕСКО-ның көмегі-

мен ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Ұлттық Ғылым академиясы ұйымдастырған «Үшінші мыңжылдықтың ғылымы» атты халықаралық конференция өтті.

Мұнда «Қазақстан ғылымы» көрмесі қатысушылар назарына ұсынылды. Конференцияға физика бойынша Нобель сыйлығының лауреаттары – профессор Жерар Т'Хуфт пен Клаус фон Клитцинг, халықаралық ғылыми қорлардың, ТМД елдері Ғылым академияларының басшылары, ҚР Парламентінің депутаттары, Үкімет, министрліктер мен ведомстволардың өкілдері, ҒЗИ директорлары, жоғары оқу орындарының ректорлары, Қазақстанның жетекші ғалымдары мен мамандары, шетелден келген зерттеушілер қатысты.

ҚР Білім және ғылым министрі Қ.Е. Көшербаев еліміздегі ғылымның жай-күйі, өзекті мәселелер туралы баяндады. 12-13 мамырда шетелдік ғалымдар қазақстандық әріптестерімен Алматыда кездесіп, пікір алмасты.

*Наука Казахстана. – 2000. – 1-31 мая (№ 9-10).*

2000 жылдың 12 шілдесінде республиканы ғылыми-техникалық тұрғыдан дамыту мақсатымен ҚР Үкіметі «Қазақстан Республикасының ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасы туралы» №1059 қаулыны қабылдады.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2000. – № 31.*

2000 жылдың 28-29 қыргүйегінде Алматыда Түркі өркениетінің бесігі – Түркістанның 1500 жылдығына орай «әл-Фараби мұрасы және әлемдік мәдениет» атты халықаралық конгресс өтті.

Конгресті ҚР Білім және ғылым министрлігі Философия және саясаттану институты ұйымдастырды. Ашылу салтанатында ҚР Білім және ғылым вице-министрі, ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин сөйледі. Конгреске Қазақстан, Түркия, Иран, Сирия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Оңтүстік Корея және Ресей ғалымдары қатысты.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабарлары.  
Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 2000. – № 4. – 3-40-б.*

2000 жылдың 13 қазанында Алматы қаласында ҚР «Ғылым туралы» және «Қазақстан Республикасындағы ғылымға қатысты бірқатар заңнамалық актілердің күші жойылғаны туралы» заң жобаларын талқылауға арналған, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени дамуға байланысты комитет жұмыс тобының үшінші кеңейтілген мәжілісі болды.

Заң жобалары бойынша Білім және ғылым вице-министрі, ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин баяндама жасады.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2000. – № 6. – 136-137-б.*

2000 жылдың 13 қазанында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Алматыдағы резиденциясында бір топ қазақстандық ғалымдарға ғылым саласындағы 2000 жылғы атаулы сыйлықтар табыстады.

Жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеулерге берілетін Қ. Сәтбаев атындағы бірінші сыйлық «Геология және Қазақстанның минералды ресурстары» атты жұмысы үшін ҚР ҰҒА академигі А.А. Абдулинге берілді.

Осы аталым бойынша екінші сыйлық «Пролонгирленген жаңа полимерлі дәрілік препараттар» атты еңбек үшін А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтының авторлар ұжымына: ҚР ҰҒА академигі Б.А. Жұбановқа, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Қ.Д. Пірәлиевке, химия ғылымдарының докторлары – Г.И. Бойко мен Е.О. Батырбековке берілді.

Ш. Уәлиханов атындағы бірінші сыйлық тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар – Х.А. Арғынбаев пен М.С. Мұқановқа берілді.

Ш. Уәлиханов атындағы екінші сыйлық «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегі үшін филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Ж. Сүйінішәлиевке берілді.

Д.А. Қонаев атындағы бірінші сыйлық «Көкшетау сілемдерінің төменгі палеозой ультрамафитті кешендері және олардың алмаздылығы» атты еңбегі үшін К. Ешпановқа берілді.

М.О. Әуезов атындағы сыйлық «Түркі фразеологиясы» атты еңбектің авторы, филология ғылымдарының кандидаты А. Нұрмахановқа берілді.

*Қаныш тойы = Юбилей Сатпаева.  
– Алматы: Үш қиян, 2002. – 195-б.*

2000 жылдың 27 қазанында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде ҚазКСР Ғылым академиясының академигі Т.Д. Дарқанбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған халықаралық конференция өтті.

ҚР Білім және ғылым вице-министрі, ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин «Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Темирбай Байбосынұлы Дарқанбаев – Қазақстандағы биология ғылымын ұйымдастырушы» деген тақырыпта баяндама жасады.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2000. – № 4. – 99-104-б.*

2000 жылдың 22 қарашасында ҚР Білім және ғылым министрлігі Шығыстану институтының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасында алғаш рет «Ислам: тарих және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті. Конференцияға Ресей, Қытай, Араб елдеріндегі елшілік өкілдері, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның белгілі ғалымдары қатысты.

Конференцияда Орталық Азия мен Қазақстандағы ислам дінінің даму тарихы мен қазіргі жай-күйінің өзекті мәселелеріне арналған 28 баяндама мен хабарлама ұсынылды.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабарлары.*

*Қоғамдық ғылымдар сериясы. – 2001. – № 2. – 98-99-б.*

2000 жылдың 28 қарашасында Парижде ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен дөңгелек үстелде ҚР Білім және ғылым вице-министрі, ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі К.М. Байпақов «Қожа Ахмет Ясауи заманындағы Түркістан» атты баяндама жасады.

Баяндама Түркістанның 1500 жылдығына арналды.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2000. – № 6. – 130-135-б.*

2000 жылдың 22 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің №526 Жарлығымен ҚР ҰҒА корреспондент

мүшесі Н.С. Бектұрғанов ҚР Білім және ғылым министрі болып тағайындалды.

*Егемен Қазақстан. – 2000. – 23 желтоқсан.  
Казахстанская правда. – 2000. – 23 дек.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

ҚР Білім және ғылым министрі Қ. Көшербаев Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырысында «ҚР ғылым-техника саласындағы саясат тұжырымдамасының жобалары туралы», ҚР «Ғылым туралы» заң және «Ғылым» атты мемлекеттік бағдарламасы туралы баяндама жасады.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2000. – № 1. – 3-8-б.*

### **2001**

2001 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары аттестациялық комиссиясын қайта құру туралы» №61 қаулыны қабылдады.

Қаулыға сәйкес Жоғарғы аттестациялық комиссия Қазақстан Республикасының Жоғарғы аттестациялық комитеті болып қайта құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2001. – №1-2. – 16-құжат.*

2001 жылдың 2 ақпанында Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрында ғылым-білім саласы қызметкерлерінің ІІ республикалық съезі өз жұмысын бастады. Оған мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев, Президент әкімшілігі мен Үкімет қызметкерлері, ҚР Парламент депутаттары, ведомствалар мен министрліктердің басшылары, педагогикалық және ғылыми қоғамдардың, халықаралық және басқа да ұйымдардың өкілдері қатысты.

ҚР Президенті Н. Назарбаев өз сөзінде білім және ғылым саласын біріктіру қажеттігін атап көрсетті. Ғылым мен техника саласында бірегей саясат ұстану мақсатында ҚР Үкіметінің жанынан Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия құрылды. 2010 жылға дейінгі іргелі ғылымның маңызды бағыттары айқындалды.

*Казахстанская правда. – 2001. – 3 февр. (№32-33).*

2001 жылдың 20 ақпанында Қазақстан Республикасы Үкіметі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің мәселелері» атты №257 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитетінің құрылымы мен Ережесі бекітілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2001. – №7. – 78-құжат.*

2001 жылдың 30 ақпанынан бастап «Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі» атты газет шыға бастады, құрылтайшысы ҚазмемҒТАИ болды. Газеттің мақсаты – қоғамда Қазақстандағы ғылым, ғылыми-техникалық сала мен жоғары мектеп жайында пікір қалыптастыру. Газетте ғылымның бүгінгі жайы, даму үрдісі, жоғарғы білім жүйесі, ғылыми-техникалық саласы, өзекті мәселелері бойынша ақпарат жарияланды. Басылым еліміздегі ғылым саласы мен жоғары оқу орындарындағы елеулі оқиғалар; ғылым және ЖОО салаларындағы жаңа нормативті актілер мен құжаттар; Қазақстан, ТМД және алыс шетелдердегі ғалымдардың ғылыми жетістіктері; ғылыми мекемелердің қызметі; ғылыми зерттеулер мен білімді қолдауға бағытталған отандық және шетелдік қорлардың жұмыстары; көрнекті ғалымдар, олардың ғылыми жетістіктері; ғылыми конференциялар мен симпозиумдар жарық көрген ғылыми еңбектер; ЖОО-ға арналған оқулықтар мен оқу құралдары туралы; Ғылыми-зерттеу институттары, жоғарғы оқу орындары мен ғылыми-өндірістік мекемелердегі ғылымның дамуынан хабардар етеді.

*www.nauka.kz*

2001 жылдың 14-15 мамырында Қызылорда қаласында облыс әкімінің бастамасымен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Ө. Марғұлан атындағы Археология институты мен Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институттарымен бірігіп, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Халықаралық «Марғұлан оқуларын» өткізді. «Тәуелсіз Қазақстанның археология ғылымындағы жетістіктері мен келешегі» деген тақырып бойынша Қазақстан, Ресей, Бельгия, Италия, Түркияның тарихшы ғалымдары, археологтері, шығыстанушылар, түркологтер, философтар өз пікірлерін айтты. ҚР Білім және ғылым министрлігі Археология институтының директоры К. Байпақов баяндама жасады.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі.  
– 2001. – 1 маусым (№9).*

2001 жылдың 4 маусымында «Ғылыми дәреже беру ережесі» бекітілді. Бұйрық нормативтік құқық актілерінің мемлекеттік тіркеу реестріне №1530 болып енгізілді. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғарғы аттестациялық комитеті ғылым докторы және ғылым кандидаты дәрежесін беруде осы Ережені басшылыққа алады. ЖАК президумы ғылым докторы дәрежесін ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар ізденуші көпшілік алдында қорғағаннан кейінгі диссертациялық кеңестің қолдауы негізінде және сараптау кеңесінің қорытындысын есепке ала отырып береді.

Диссертациялық кеңес арнайы жоғары білімі не «магистр» академиялық деңгейі бар ізденуші көпшілік алдында диссертациясын қорғағаннан кейін ғылым кандидаты дәрежесін береді, ЖАК кеңестің шешімін бекітеді. «Бакалавр» академиялық деңгейі бар маман кандидаттық диссертация қорғауға жіберілмейді. Ғылым докторлары мен ғылым кандидаттарына мемлекеттік үлгіде дайындалған диплом беріледі.

Біліктілігі жоғары мамандарды аттестаттайтын ҚР азаматтары (диссертациялық кеңес, сараптау кеңесі, ЖАК президумының мүшелері) ғылым докторы не ғылым кандидаты болуы керек.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі.  
– 2001. – 1 тамыз. – 5-6-б.*



2001 жылдың 4 маусымында ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы Н.С. Бектұрғановтың №423 бұйрығымен «Диссертациялық кеңес туралы ереже», «Ғылыми атақ беру ережесі» қабылданды. Бұйрық нормативтік құқық актілерінің мемлекеттік тіркеу реестріне №1531 болып енгізілді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі.  
– 2001. – 15 тамыз. – 5-8-б.*

2001 жылдың 5 шілдесінде Қазақстан Республикасы Президенті «Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы» №648 Жарлыққа қол қойды.

*Казахстанская правда. – 2001. – 6 июля.*

2001 жылдың 9 шілдесінде Қазақстан Республикасы Президентінің №225-II Жарлығымен Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңы бекітілді, соған сәйкес:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы – Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшелерін (академиктерді), корреспондент мүшелер мен еліміздегі жетекші ғалымдарды біріктіретін мемлекеттік ғылыми мекеме болып табылады.

2. Ол Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін республикалық мемлекеттік мекеме ретінде құрылып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жарғысына сәйкес қызмет етеді.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Ұлттық Ғылым академиясының президентін академия мүшелерінің Жалпы жиылыстағы пікірін ескере отырып, қызметке тағайындап, босатады.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясын құрады, қайта құрады, таратады.

*ҚР Парламентінің Жаршысы. – 2001. – №15-16. –  
226-құжат.*

2001 жылдың 17 шілдесінде Астана қаласында Қазақстан-Пәкістан елдерінің сауда-экономика, ғылыми-техникалық және

мәдени ынтымақтастық бойынша үкіметаралық комиссиясының IV мәжілісі болды.

Онда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин сөз сөйледі.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2001. – №4. – 96-98-б.*

2001 жылдың 17 шілдесінде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 мамырдағы №477 қаулыға» толықтырулар енгізу туралы №966 қаулыны қабылдады. Соған сәйкес Ғылым, техника, білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлықтары мен Мемлекеттік сыйлық тағайындайтын комиссия туралы Ережеге өзгерістер енгізілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы. – 2001. – №35.*

2001 жылдың 9 қазанында Мәскеуде өткен «Химия және азотты гетероциклдер мен алкалоидтардың биологиялық белсенділігі» атты I халықаралық конференцияда ҚР Білім және ғылым министрлігі Фитохимия институты Ресей Ғылым академиясының «Ғылымға қосқан зор үлесі үшін» Алтын медалімен марапатталды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2001. – 15 қазан (№18).*

2001 жылдың 29 қазанында Алматыда «Егеменді Қазақстан: ғарыштық зерттеулердің 10 жылдық дамуы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияның ашылуында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі ҚР ҰҒА академигі Е.Е. Ерғожин сөз сөйледі.

*ҚР БҒМ, ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2001. – №6. – 135-137-б.*

2001 жылдың 6 қарашасында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Мерейтойлық сессиясы өтті. Ұлттық Ғылым академиясының ғалымдары Тәуелсіз Қазақстанның 10 жылда қол жеткізген ғылыми жетістіктерін талқылады.

Сессияда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев сөйледі. Елбасы еліміздегі ғылымның басқарылуына құрылымдық жағынан өзгерістер енгізіп, ғалымдар қатарына дарынды студент жастарды тарту қажеттігін ескертті. Негізгі міндеттердің бірі академиялық институттарды жоғары оқу орындарымен ықпалдастыру керектігін атап өтті.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2001.  
– Іжелтоқсан (№21).*

2001 жылы 6 қарашада ҚР Президентінің «Ұлттық Ғылым академиясының бірқатар мәселелері туралы» №247 үкімі қабылданды. Үкімге сәйкес ҚР Ұлттық Ғылым академиясына мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын іргелі ғылыми зерттеу бағдарламалары бойынша орындалатын жұмыстардың сапасын сараптау міндеті жүктелді.

*Казахстанская правда. – 2001. – 8 нояб.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Қазақстан Республикасының Министрлер кабинеті

1. 1970-2000 жылдардағы «Кремнийдің радиациялық-иондық модификациясы – заманауи электрониканың негізгі материалы» атты жұмыс топтамасы үшін Б.Н. Мұқашев, Х.А. Абдуллин, Ю.В. Горелкинский, И.А. Карапатницкий, С.М. Киккарин, Д.М. Мұхамедшина, М.Ф. Тамендаров, С.Ж. Токмолдиндерге;

2. 1983-2000 жылдардағы «Ферросиликоалюминий (әлем бойынша тұңғыш рет) мен таза сұрыпты күкірт қышқылының әлемдік деңгейіне сәйкес өнім шығаратын техногенді шикізатты өңдейтін өндірісті ұйымдастырып, технологиясын даярлау» атты жұмыс циклі үшін Д.Н. Әбішев, А.А. Жарменов, С. Байсанов, С.Е. Дүйсембаеваларға;

3. 1974-2000 жылдардағы «Қазақстан Республикасында тағамтану ғылымы туралы іргелі және қолданбалы аспектілер даярлау» атты жұмыс циклі үшін Т. Шарманов, А. Алдашев, Ш.С. Тәжібаевтарға;

4. 1996-1998 жылдардағы «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің мемлекеттік-құқықтық мәселелері» атты жұмыс циклі үшін С.З. Зимановқа;

5. «31 томдық салалық ғылымдардың қазақша-орысша және орысша-қазақша терминологиялық сөздіктері» үшін А.К. Құсайынов, А.А. Асқаров, М.Б. Қасымбековтерге;

6. 1989-2000 жылдардағы «Өскемен титан-магний комбинаты» ААҚ-та титан мен ванадий өндіруде ғылымға қажетті технологиялық үдерістер даярлап, енгізу» атты жұмыс циклі үшін Б.М. Шаяхметов, Б.А. Бродской, В.А. Козловтарға

Қазақстан Республикасының Ғылым мен техника саласындағы 2001 жылғы Мемлекеттік сыйлықты тағайындады.

*Казахстанская правда. – 2001. – 4 дек. – С.3.*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Алматыда Азия елдері Ғылым академиясы қауымдастығы бюросының I мәжілісін өткізді. Азия елдері Ғылым академиясының қауымдастығы (AASA) – 1999 жылдың 9 қыргүйегінде құрылған, ғылым, технология мәселелерімен айналысатын бейкоммерциялық халықаралық ұйым. Ұлттық Ғылым академиясы AASA құрылтайшыларының бірі әрі толық мүшесі болды.

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Н. Тәкібаев ұйымның бас хатшысы болып сайланды. AASA бюросының жұмысына Қазақстан, Израиль, Корей Республикасы, Моңғолия, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан, Түркия, Филиппин Ғылым академияларының президенттері мен академия мүшелері қатысты.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2001.  
– 1шілде (№9).*

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алқа залында «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» медалін табыс етуге байланысты салтанатты жиын өтті.

ҚР Білім және ғылым министрі Н.С. Бектұрғанов жиынға қатысушыларды құттықтап:

Қ. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институтының құрметті директоры А.А. Абдулин;

Орталық ғылыми кітапхананың директоры К.К. Әбуғалиева;

ҚР ҰҒА академигі, Физика-математика ғылымдары бөлімшесінің хатшысы Н.К. Білиев;

Математика институтының директоры А.А. Жеңікбаев;

Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институтының құрметті директоры Г.Д. Закумбаева;

ҚР БҒМ Физика-техникалық институт директоры Б.Н. Мұқашев;

А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты директорының орынбасары К.Д. Пірәлиев;

Өсімдік физиологиясы, генетикасы мен биоинженериясы институтының директоры И.Р. Рақымбаев;

ҚР БҒМ В.Г. Фесенков атындағы Астрофизика институтының директоры Т.Б. Тәшенов сынды ҚР білім-ғылым жүйесінің қызметкерлеріне Үкімет марапаттарын табыстады.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі.  
– 2002. – 1 қаңтар (№1).*

## 2002

2002 жылдың 30 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президентінің №792 Жарлығымен Ш.К. Беркімбаева ҚР Білім және ғылым министрі болып тағайындалды.

*Казахстанская правда. – 2002. – 31 янв. (№20).*

2002 жылдың 15 сәуірінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміздің жетекші ғалымдарымен кездесті. Мемлекет басшысы ғалымдар

іргелі зерттеулердің сапасын арттырып, әлемдік ғылыми қауымдастықпен байланысты нығайтуы, әлемдік ғылымға, ең алдымен, еліміздің экономикасына үлес қосуы керектігін атап өтті.

Сол күні Қазақстан Республикасы Президентінің №849 Жарлығымен геология-минералогия ғылымдарының докторы С.Ж. Дәукеев ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті болып тағайындалды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі.  
– 2002. – 1 мамыр (№9). – 3-б.*

2002 жылдың 22 мамырында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының кейбір мәселелері туралы» №550 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы бекітілді, сонымен қатар ҚР Ұлттық Ғылым академиясының қарамағындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар нақтыланды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2002. – №14. – 150-құжат.*

2002 жылдың 28 маусымында ҚР Үкіметінің №704 Жарлығына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы (ҰААЗО) ғылыми ұйымдары, тәжірибе стансылары мен шаруашылығы ҚР Ауылшаруашылық министрлігіне қайтарылды.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении. – Алматы, 2004. – С.135-136.*

2002 жылдың 3 шілдесінде Қазақстан Республикасының Президенті №333 «Инновациялық қызмет» заңына қол қойды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2002. – №28.*

2002 жылдың 24 қыргүйегінде ҚР Үкіметі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мәселелері туралы» №1047 қаулы қабылдады. Онда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясын қолдау мақсатымен Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы 1995 жылдың 20 қаңтарындағы ядролық жарактарды кәдеге жаратуға байланысты өзара есеп және ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес ядролық оқ-дәріні жоюдан түсетін қаражаттан 153 000 000 (бір жүз елу үш миллион) теңгені Ғылым қорына аудару, оны бір жолғы тәртіппен ғылыми кадрлар даярлау үшін пайдалану, дарынды зерттеушілерге стипендиялар мен сыйақылар тағайындау, мамандарды әлемнің ең озық ғылыми орталықтарына тағылымдамаға жіберу, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты жандандыру, ғылыми конференциялар мен симпозиумдар ұйымдастыру, қатысу, ғылымның басым бағыттары бойынша бірлескен зерттеулер ұйымдастыру үшін шетелдік ғалымдармен халықаралық байланыстар орнату, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының корпоративтік ақпараттық жүйесін құру үшін жаратуға рұқсат ету туралы қаулы қабылдады.

<http://online.zakon.kz/>

2002 жылдың 24 қыргүйегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Ғылым қорының кейбір мәселелері» атты №1048 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес «Ғылым қоры туралы» Ереже бекітілді. Ғылым қоры республикалық бюджеттің ғылымға арналған қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістерден құралады.

Қор іргелі, бастамашылық және тәуекелді ғылыми зерттеулерді мақсатты қаржыландыру үшін гранттар түрінде пайдаланылады. Қорды өкілетті мекеменің келісімімен Ұлттық Ғылым академиясы басқарады.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2002. – №32. – 340-құжат.*

2002 жылдың 17-18 қазанында Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институты Геология және жер қойнауын қорғау комитетімен бірлесіп, «Қазақстан стратиграфиясының қазіргі жағдайы, болашағы және міндеттері» атты халықаралық семинар-кеңес ұйымдастырды.

Кеңестің жұмысына Қазақстан, Ресей Федерациясы, Қырғызстан, Өзбекстан, Украина, Ұлыбританияның 150-ден астам стратиграф, палеонтолог, геолог мамандары қатысты.

*ҚР ҰҒА Хабарлары. Геология сериясы.  
– 2003. – №1. – 87-89-б.*

2002 жылдың 18 қазанда ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы өтті. Онда Ұлттық Ғылым академиясының президенті, профессор С. Дәукеев баяндама жасады. Ол Президент Н.Ә. Назарбаев жетекші ғалымдармен кездескен (15 сәуір 2002 жыл) 6 айдың ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚР ҰҒА ММ мәртебесін арттыратын, ғылымды қаржыландыруға қатысты көптеген қаулылар қабылдағанын атап өтті.

ҚР ҰҒА вице-президенті, академик Ө.М. Сұлтанғазин «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының мүшелерін сайлау, жалпы жиылыс, Президиум, ғылым бөлімшелері туралы ереже жобасы» жайында баяндама жасады.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2002.  
– 15 қарама (№22) –3,5-б.*

2002 жылдың 9 желтоқсанында ҚР Білім және ғылым министрі Ш.К. Беркімбаева «2002 жылғы ғылым саласындағы сыйлықтар туралы» №855 бұйрыққа қол қойды. Онда Қазақстан Үкіметінің 2000 жылдың 10 мамырындағы «Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы» №685 қаулыға және ҚР Білім және ғылым министрінің 2000 жылдың 1 қыргүйегіндегі №708 бұйрығымен бекітілген конкурстық комиссияның хаттамасына сәйкес 2002 жылғы ғылым саласындағы сыйлықтарды, атап айтқанда:

Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйлықты (екеу) – жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін;



Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықты (екеу) – гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін;

М. Әуезов атындағы сыйлықты – гуманитарлық ғылымдар саласында жас ғалымдардың үздік жұмыстары үшін;

Ы. Алтынсарин атындағы сыйлықты – педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстар үшін;

Күлтегін атындағы сыйлықты – түркітану саласындағы зор жетістіктері үшін;

А.И. Бараев атындағы сыйлықты (үшеу) – аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстар үшін;

Д.А. Қонаев атындағы сыйлықты – жаратылыстану ғылымдары саласында жас ғалымдардың үздік жұмыстары үшін беру туралы шешім қабылданды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2003.*

*– 1 қаңтар (№1). – 3-б.*

2002 жылдың 13 желтоқсанында Ауылшаруашылық министрлігінің ұсынысы бойынша ҚР Үкіметінің №1309 қаулысымен Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы (ҰААЗО) ғылыми ұйымдарының базасында 9 ғылыми-өндірістік орталық, 1 ғылыми-зерттеу институты құрылды. Тоғыз институт еншілес мемлекеттік кәсіпорын ретінде, 10-институт бөлімше ретінде қайта құрылды.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении. –*

*Алматы, 2004. – С.135-136.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Алматыдағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Ақсақалдар кеңесінің мәжілісінде еліміздегі ғылымды басқару мәселелері сөз болды.

Қазақстан Республикасының Президенті, ҚР ҰҒА толық мүшесі Н.Ә. Назарбаевқа жазған хатында ғалымдар Қазақстан

ғылымының болашағына, еліміздің ғылыми-технологиялық тәуелсіздігіне алаңдайтындарын жеткізді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2002.  
– 1 ақпан (№3). – 3-б.*

## 2003

2003 жылдың 28 ақпанында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 мамырдағы №477 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» №215 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар бойынша комиссияның жаңа құрамы бекітілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2003. – № 9. –107-құжат.*

2003 жылдың 31 наурызында ҚР Үкіметінің №1051 қаулысымен «ҚР Ұлттық Ғылым академиясы» мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығын қосып, қайта құрылды.

*Грибановский А.П. О сельскохозяйственном производстве в Республике Казахстан и его научном обеспечении. – Алматы, 2004. – С.135-136.*

2003 жылдың 21 сәуірінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының сессиясы болды. Сессияға 39 академик, 77 корреспондент мүше қатысты. Жасырын дауыс беру арқылы ҚР ҰҒА президенті С.Ж. Дәукеев «ҚР ҰҒА» ММ толық мүшесі болып сайланды.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы.  
– 2003. – Арнайы шығарылым. – 3-б-б.*

2003 жылдың 22 сәуірінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Жалпы жиылысының жылдық сессиясы болды. ҚР ҰҒА президенті С.Ж. Дәукеев «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының 2002 жылғы ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі және 2003 жылғы міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады.

Баяндамадан соң ҚР ҰҒА Президиумының мүшесі, ҚР Ауылшаруашылық министрлігі Ғылым департаментінің директоры, академик Қ.Е. Елемесовке сөз берілді. ҚР ҰҒА президентінің есепті баяндамасын талқылауға ҚР ҰҒА академиктері С.З. Зиманов, Э.Ф. Госсен, А.Т. Лукьянов, Р.Е. Елешев, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі А.А. Сатыбалдин, Металлургия және кен байыту институты директорының орынбасары Э.Н. Сүлейменов қатысты.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы.*

*– 2003. – Арнайы шығарылым. – 7-80-б.;*

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2003.*

*– 1 мамыр (№9-10). – 3, 8-б.*

2003 жылдың 17 мамырында Қазақстан Республикасының Президенті №1096 «Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамуының стратегиясы туралы» Жарлыққа қол қойды.

Елді тұрақты дамыту, экономиканы әртараптандырып, жетілдіру, бәсекелестікті арттырып, өнім түрлерін көбейту, экспортты арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдардағы индустриялық-инновациялық даму стратегиясы бекітілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.*

*– 2003. – № 23-24. – 217-құжат.*

2003 жылдың 14 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің №1117 Жарлығымен Ж.А. Күлекеев ҚР Білім және ғылым министрі болып тағайындалды.

*Казахстанская правда. – 2003. – 17 июня (№174-175). – С.1.*

2003 жылдың 21-23 маусымында Алматыда ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Азия Ғылым академиясы қауымдастығының (АААА) бюро мүшелерін қабылдады. АААА – ғылым және технология мәселелерімен айналысатын, бейкоммерциялық халықаралық ұйым. АААА құрылтайшылары: 18 толық және 3 қауымдасқан мүше. Олардың қатарында Ресей Ғылым академиясы (РҒА СБ), Корей Республикасы, Иран, Израиль, Қазақстан Республикасы, Моңғолия, Түркия, Өзбекстан Республикасы т. б. бар. 2003 жылдың 22 маусымында АААА бюросының кезекті отырысы болды. Мәжілісті осы ұйымның президенті, РҒА СБ төрағасы, академик Н.Л. Добрецов ашты. Сонымен қатар ҚР ҰҒА президенті, АААА бюросының мүшесі, академик С.Ж. Дәукеев; ҚР ҰҒА вице-президенттері, академиктер – Ө.М. Сұлтанғазин, Б.Н. Мұқашев, ҚР ҰҒА бас ғалым хатшысы, профессор М.А. Мұхамеджанов сөйледі.

АААА президенті Н.А. Добрецов қауымдастықтың қызметі тұрғылықты халықтың этномәдени, іс-қимыл, биотехнология, биомониторинг және т.с.с. бірлескен бағдарламаларға негізделуі керектігін атап өтті.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2003. – № 4. – 3-5-б.*

2003 жылдың 27 маусымында Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының (ҰИА) жиналысы «Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының сыйлықтары туралы» №24-03 қаулыны қабылдады. Сыйлық жыл сайын конкурстық негізде тағайындалады.

ҚР ҰҒА, ҚР ИА академигі Өмірбек Жолдасбеков атындағы сыйлық –

Жаратылыстану және техника ғылымдары саласында елеулі нәтижелерге қол жеткізіп, техника мен өнімнің жаңа түрлерін, ерекше технологияларды ойлап тапқан инновациялық бағыттағы жұмыстар үшін, сондай-ақ Қазақстанның экономикасына өндірістік-инновациялық дамуына зор үлес қосқан, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметі үшін беріледі.

ҚР ҰҒА, ҚР ИА құрметті академигі Шапық Шөкин атындағы сыйлық – Тәуелсіз Қазақстанның өнеркәсібін дамытуға қосқан

зор үлесі, өндіріске енгізген озық технологиялары, инженерлік бағыттағы үздік жетістіктері үшін беріледі.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2003.  
– 15 шілде (№14-15). – 4-б.*

2003 жылдың 10 шілдесінде ҚР Ұлттық Ғылым академиясында Қазақстанның ғылыми-зерттеу және саяси топтарының өкілдері НАТО-ның Бас хатшысы Дж. Робертсоном кездесті.

НАТО мен Қазақстан арасындағы саяси ұстаным мен ынтымақтастық 2002 жылдың қарашасындағы ЕАӘК Прага саммитінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев НАТО-ның Бас хатшысы Дж. Робертсонмен кездескен кездегі келісімге сәйкес артып келеді.

Кездесуді ҚР ҰҒА президенті, академик С.Ж. Дәукеев ашты. Академиялық дәрісінде Дж. Робертсон аймақтық қауіпсіздік, халықаралық терроризммен күрес, Қазақстан ғалымдарымен ынтымақтастықты нығайту мәселелерін сөз етті.

НАТО-ның ғылыми бағдарламасы ғылыми стипендиялар, ғылым және техника саласындағы ынтымақтастық, зерттеу инфрақұрылымын қолдау, «Ғылым бейбітшілік үшін» бағдарламасы аясында зерттеу жүргізу нәтижесінде НАТО мен ТМД елдеріндегі ғалымдардың ынтымақтастығы артып келеді.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2003. – №4. – 167-б.*

2003 жылдың 20-27 шілдесінде «Қазақстан-INTAS-2004» конкурсын бірлесе қаржыландыру шарттарын талқылау үшін Қазақстанға INTAS-тың атқарушы хатшысы Жак Синнав мырза келді.

INTAS – бұрын Кеңес Одағының құрамында болған, жаңа, тәуелсіз мемлекеттердің ғалымдарымен ынтымақтастық орнатуды көздейтін халықаралық қауымдастық. Қазақстан Республикасы мен INTAS арасындағы Ғылыми ынтымақтастық туралы келісімге 1995 жылдың 4 сәуірінде қол қойылды. Кейін ол 2006 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен ҚР Ұлттық

Ғылым академиясының президенті, ҰҒА академигі С.Ж. Дәукеев INTAS-тың Қазақстандағы қызметін қолдайтын жауапты тұлға ретінде тағайындалды.

INTAS-тың атқарушы хатшысы Ж. Синнав мырза ҚР ҰҒА президенті, ҚР ҰҒА академигі С.Ж. Дәукеевпен кездесіп, бірлесіп өткізгелі отырған конкурстағы зерттеулердің тақырыптарын нақтылады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2003. – №5. – 3-5-б.*

2003 жылдың 9-12 қыргүйегінде ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғарыштық зерттеулер институты Жобалауда математика және компьютер қолдану халықаралық қауымдастығымен (IMACS) бірлесіп, Алматыда «Экожүйені математикалық модельдеу» деген тақырыпта халықаралық конференция өткізді.

Оның жұмысына Бельгия, Жапония, Чехия, Ресей, Украина, Қырғызстан, Өзбекстаннан келген танымал ғалымдар, сондай-ақ Қазақстандағы ғалымдар, магистрлер мен студенттер қатысты. Пленарлық мәжілісті ҚР Ұлттық Ғылым академиясының вице-президенті, ҚР БҒМ Ғарыштық зерттеулер институтының директоры, академик Ө.М. Сұлтанғазин ашты.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2003.  
– 15 қыргүйек (№18). – 2-б.*

2003 жылдың 1 қазанында ҚР Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының кеңейтілген мәжілісі болып, оған академияның толық мүшелері (академиктері) шақырылды. Мәжілісте «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясын реформалау» мәселесі қаралды.

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті, ҚР ҰҒА академигі С.Ж. Дәукеев хабарлама жасады. ҚР ҰҒА Президиумы:

«1. «ҚР ҰҒА» республикалық мемлекеттік мекемесін қоғамдық бірлестік ретінде өзгерту қажет.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа «ҚР ҰҒА» ММ өзгерту туралы ұсыныс хат жолдау.

3. ҚР ҰҒА президенті, ҚР ҰҒА академигі С.Ж. Дәукеевке Құрылтайшылар жарғысын, ҰҒА қоғамдық бірлестігінің құжаттарын әзірлейтін комиссия құру тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Президенті ҚР ҰҒА-ны өзгерту туралы шешім қабылдаған соң ҚР ҰҒА президенті, академик С.Ж. Дәукеев ҚР ҰҒА Жалпы жиылысын өткізсін», – деп қаулы қабылдады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2003. – №6. – 3-10-б.;*  
*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2003.*  
*– 15 қазан (№20). – 3-б.*

2003 жылдың 21 қазанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасында ғылыми қызметті ұйымдастыру жүйесін жетілдіру шаралары туралы» №1208 Жарлыққа қол қойды.

Қазақстан Республикасының Президенті:

– «Қазақстан жетекші ғалымдарының «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясын» қоғамдық бірлестік етіп құру туралы бастамасы мақұлдансын;

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі таратылсын», – деп қаулы қабылдады.

*ҚР ҰҒА Хабаршысы. – 2003. – №6. – 8-б.;*  
*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2003.*  
*– 1 қараша (№21). – 3-б.*

2003 жылдың 22 қазанында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының мүшелері жаңа қоғамдық бірлестіктің құрылтай съезін өткізіп, жарғысын қабылдады. «ҚР ҰҒА» РҚБ президенті болып ҚР ҰҒА академигі М. Жұрынов сайланды. Жаңа басшы 2001 жылдан бері ҚР БҒМ Органикалық катализ және электрохимия институтының директоры болған еді. Жиылыстың шешімі бойынша ҚР ҰҒА корреспондент мүшелері «Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ академиктері қатарына өтті.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2003.*  
*– 1 қараша (№21). – 3-б.*

2003 жылдың 24 қазанында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының Ғылым, техника және білім беру саласындағы 2003 жылғы Мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы» №1074 қаулыны қабылдады.

2003 жылғы Мемлекеттік сыйлықтар:

1. «Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканы дамытудың тұжырымдамалық негіздері» атты жұмыс циклі үшін экономика ғылымдарының докторы, профессор Оразалы Сәбденге;

2. «Жылу энергетикасының қалдықтары негізінде «золокерам» жаңа қыш материалдарының ресурс үнемдегіш технологияларын әзірлеу және өндіріске енгізу» атты жұмысы үшін А.А. Құлыбаев, М.Қ. Құлбеков, Қ.А. Нұрбатыров, С.Ж. Сайболатовтарға;

3. «Қазақстанның табиғи шикізатының негізінде жаңа биологиялық белсенді заттарды, металл қосылыстарын және олардың ультрадисперсті ұнтақтарын алудың электрохимиялық әдістері мен технологиялары» атты жұмысы үшін М.Ж. Жұрынов, А. Башов, А.Қ. Баешова, А.М. Ғазалиев, С.Д. Фазыловтарға;

4. «Қазақстан ферроқорытпалары сапасының бәсекелестік қабілеті мен әлемдік деңгейін қамтамасыз ететін арнайы мақсаттағы материалдар; флюстердің және арнайы кокстың жаңа түрлері технологияларын әзірлеу және өндірісін ұйымдастыру» атты жұмысы үшін А.А. Ақбердин, В.А. Ким, А.С. Ким, В.И. Гриненко, П.С. Петлюх, А.Б. Есенжолов, Қ.З. Сәрекенев, Ж.Э. Сүлейменовтерге;

5. «Қазақстанның синтетикалық және өсімдік шикізаттарынан алынған жаңа бірегей отандық дәрілік заттарды әзірлеу, жасау және енгізу» атты жұмысы үшін Қ.Ж. Пірәлиев, Т.Ә. Арыстанова, Б.Ж. Жиёмбаев, М.П. Ирismetов, Д.В. Соколов, В.К. Ю, Г.М. Пичхадзеге берілді.

*Казахстанская правда. – 2003. – 25 окт. (№305-306). – С.1,2.*

## **Жыл бойғы оқиғалар**

Астанада «Химия және оттек пен күкіртті гетероциклдердің биологиялық белсенділігі» атты II халықаралық конференция



өтті. Конференцияға Қазақстан ғалымдарымен қатар АҚШ, Германия, Голландия, Швеция, Ұлыбритания, Ресей және басқа да шетелдерден келген ғалымдар қатысты. Конференцияның жұмысына А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтынан ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі К.Д. Пірәлиев қатысты.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2003.  
– 15 желтоқсан (№24). – 3-б.*

## 2004

2004 жылдың 30 қаңтарында «Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің бірінші сессиясы болды. ҚР ҰҒА РҚБ президенті, академик М. Жұрынов Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдардағы индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асырудағы академияның міндеттері туралы баяндама жасады. ҚР ҰҒА Жалпы жиылысы, Президиумы, бөлімшелері және академия мүшелігіне сайлау туралы ереже бекітілді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2004.  
– 1 ақпан (№3). – 2-б.; – 15 ақпан (№4). – 3-б.*

2004 жылдың 30 қаңтарында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚР 2001 жылдың 9 шілдедегі «Ғылым туралы заңына» сәйкес №113 қаулыны қабылдады. Онда Ғылым қоры туралы Ереже бекітілді. Қор іргелі, бастамашылық және тәуекелді зерттеулерді республикалық бюджеттен және өзге де жерлерден түскен қаражат есебінен грант түрінде мақсатты қаржыландыру үшін құрылды.

Ғылым қорын ҚР Білім және ғылым министрлігі басқарады. ҚР БҒМ конкурстық іріктеу және тәуелсіз, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысы негізінде қордан қаржыландырады.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2004. – №4. – 63-құжат.*

2004 жылдың 5 наурызында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың бірқатар мәселелері туралы» №280 қаулыны қабылдады. Іргелі зерттеулердің басым бағыттарындағы ғылыми-техникалық әлеуетті шоғырландыру және елімізді әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытуда іргелі ғылымдардың үлесін арттыру мақсатымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қосып, қайта құрды. Қаулыға сәйкес:

1. ҚР БҒМ «Химиялық-технологиялық зерттеулер орталығы» РМК құрылып, қарамағына Металлургия және кен байыту институты, Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты, А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты, Физика-техникалық институты еншілес кәсіпорын ретінде енді.

2. «Физика-математика зерттеулер орталығы» РМК құрылып, қарамағына Математика институты, Информатика және басқару проблемалары институты, Ө.А. Жолдасбеков атындағы Механика және мәшинетану институты еншілес кәсіпорын ретінде енді.

3. «Астрофизикалық зерттеулер орталығы» РМК құрылып, қарамағына Ғарыштық зерттеулер институты, В.Г. Фесенков атындағы Астрофизика институты, Ионосфера институты еншілес кәсіпорын ретінде енді.

4. «Биологиялық зерттеулер орталығы» РМК құрылып, қарамағына Зоология институты, Адам және мал физиологиясы институты, М.А. Айтхожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институты, Ботаника және фитоинтродукция институты еншілес кәсіпорын ретінде енді.

5. «Геологиялық-географиялық зерттеулер орталығы» РМК құрылып, оның қарамағына У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және гидрофизика институты, Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институты, География институты, Сейсмология институты еншілес кәсіпорын ретінде енді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2004. – №12. – 153-құжат.*

2004 жылдың 10-11 наурызында Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ғимаратында «2003-2015 жылдарда еліміздің индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудағы ғылым мен зияткерлік меншіктің орны» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Білім және ғылым министрі Ж. Күлекеев «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық даму стратегиясын ғылыми тұрғыдан негіздеу» деген тақырыпта баяндама жасады, ҚР ҰҒА президенті, академик М.Ж. Жұрынов ҚР Ұлттық Ғылым академиясының стратегияны іске асырудағы орны туралы айтты.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2004.  
– 15 наурыз (№6). – 3-б.*

2004 жылдың 23-24 маусымында ҚР Ұлттық Ғылым академиясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, «ҚР Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ, ҚР Білім және ғылым министрлігі Философия және саясаттану институты және т.б. мекемелердің ұйымдастыруымен «Қазіргі заманғы ғаламдық үдерісте Орталық Азиядағы ұлттық мәдениеттер диалогі» атты халықаралық конференция өтті. Конференцияның жұмысына Шығыс пен Батыстан, Азия мен Еуропадан, сондай-ақ посткеңестік аймақтардан келген гуманитарлық сала мамандары, ғалымдар қатысты.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2004.  
– 1 шілде (№13). – 6-б.*

2004 жылдың 12 қазанында Астана қаласында Қазақстан Республикасы білім және ғылым қызметкерлерінің III съезі өтті. Жиынды ҚР Білім және ғылым министрі Ж. Күлекеев ашты. Министр сөз кезегін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевқа берді. Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстандағы білім мен ғылымның негізгі бағыттары және туындаған мәселелер жайына тоқталды.

Съезде «Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ президенті, академик М. Жұрынов,

ҚР Білім және ғылым министрлігі Ионосфера институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі В. Дробжев,

ҚР Білім және ғылым министрлігі Археология институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі К. Байпақов баяндама жасады.

Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінің қарсаңында съезд делегаттары ғылым-білім саласының қазіргі жайы мен болашағы сөз болған дөңгелек үстелге қатысты. «Елдің индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудағы ғылымның рөлі» деген тақырыпта өткен жиында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің орынбасары, генетик ғалым, ҚР ҰҒА академигі Р. Берсімбаев баяндама жасады.

Химия-технологиялық зерттеулер орталығының қызметі жайында ҚР ҰҒА академигі Е. Ерғожин баяндап берді. Сондай-ақ ҚР ҰҒА академиктері – М. Әбділдин, А. Жеңсікбаев, А. Жарменов, С. Қасқабасов, К. Сағадиев, Н. Нәдіров, М. Жұрынов және т. б. ғалымдар сөйледі.

Жиында бірқатар ғалымдарға «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» құрмет белгісі табыс етілді. Марапатталғандар қатарында ҚР ҰҒА академиктері – Н. Айтхожина, А. Жеңсікбаев, И. Рақымбаев, М. Шығасау; ҒЗИ директоры С. Әбиев, М. Әбусейтова, В. Березин, М. Қойгелдиев және т. б. болды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2004.  
– 1 қараша (№21). – 7-б.*

2004 жылдың 28 қазанында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері туралы» №1111 қаулыны қабылдады. Қаулыға сәйкес Министрлік туралы Ереже және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі бекітілді.

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары аттестациялық комитет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қадағалау және аттестаттау комитеті болып қайта құрылып, оған бақылау-қадағалау, реттеу міндеттері жүктелді.

2) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Аэроғарыш комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Аэроғарыш комитеті болып қайта құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.*  
– 2004. – №40. – 522-құжат.

2004 жылдың 13 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Президентінің №1499 Жарлығымен Б.С. Әйтімова ҚР Білім және ғылым министрі болып тағайындалды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2005.*  
– 1 қаңтар (№1). – 3-б.

## 2005

2005 жылдың 27 мамырында «ҚР Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ жыл сайынғы Жалпы жиылысын өткізді. Онда ҚР ҰҒА президенті, академик М. Жұрынов, ҚР Білім және ғылым министрі Б.С. Әйтімова және т.б. сөйледі. Жиында өткен жылы атқарылған істер аталды.

Еліміздегі ірі ұлттық университеттің негізінде Физика, математика, информатика; Биология және медицина ғылымдары; Аграрлық ғылымдар; Химия және технология; Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар; Жер туралы ғылымдар бөлімшелері ұйымдастырылды. Аймақтық бөлімшелері түрінде Астана, Қарағанды, Шымкент қалаларында ҚР ҰҒА филиалдары ашылды.

Академияның ғылыми орталықтары Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Қостанай, Көкшетау, Тараз, Өскемен, Павлодар, Петропавл қалаларында да ашылды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2005.*  
– 1 маусым (№11). – 1, 3-б.

2005 жылдың 16 қыргүйегінде «ҚР Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ Жалпы жиылысы өтті. Онда «Қазақстан

Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Н.Ә. Назарбаевты Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттыққа ұсыну» мәселесі сөз болды.

ҚР ҰҒА президенті, академик М.Ж. Жұрынов экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының қазіргі Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік, қоғамдық және ғылыми қызметі туралы баяндама жасады.

Жалпы жиылыс ҚР ҰҒА академигі Н.Ә. Назарбаевты Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттыққа ұсынып, бірауыздан дауыс берді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2005.  
– 1 қазан (№19). – 3-б.*

2005 жылдың 3-4 қазанында Алматыда Білім және ғылым қызметкерлерінің форумы болды. Форумға Қазақстанның түрлі өңірінен келген 600-ден астам делегат, 200-ден астам қонақ қатысты.

Форумда Білім және ғылым министрі Б.С. Әйтимова, Ұлттық орталықтардың директорлары, еліміздегі көрнекті ғалымдар, мектеп директорлары сөз сөйледі. Б.С. Әйтимова соңғы жылдары ғылымға қаржы жақсы бөлініп жатқанын, соның нәтижесінде көптеген ғылыми ұжымдардың қызметі жанданып, осы сала жас, талапты мамандармен толығып жатқанын атап өтті.

2003 жылы Республикалық қоғамдық бірлестік болып қайта құрылған ҚР Ұлттық Ғылым академиясында 197 академик бар. Олар іргелі және қолданбалы зерттеу бағдарламаларын даярлап, жүзеге асырып келеді, сондай-ақ мемлекеттің ғылым және техника саласындағы саясатына да өз үлестерін қосуда. Сонымен қатар академиктер ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК, Ғылым, техника, білім беру салалары бойынша Мемлекеттік сыйлық беретін комиссияның мүшелері ретінде де жұмыс істеп келеді.

Елдің индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға ғалымдарды кеңінен тарту мақсатында «ҚР Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ президенті М. Жұрынов Ғылым қоры төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2005.  
– 15 қазан (№20). – 1,3-б.*

2005 жылдың 16 қарашасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының 2005 жылғы Ғылым, техника және білім беру саласы бойынша Мемлекеттік сыйлықтар беру туралы» №1131 қаулысына сәйкес:

1. «Елтірілі-етті-майлы құйрықты қойлардың атыраулық тұқымы мен қаракөл тұқымды қойлардың қазақы түрі: тұқым шығару әдістері, қазіргі қалпы мен келешегі» атты жұмысы үшін Х.Ы. Ұқбаев, Н. Әлібаев, Т. Қансейтов, А.М. Омбаев, Р.Д. Шамекенова (ауылшаруашылықтың оңтүстік-батыс ғылыми-өндірістік орталығы); А. Арыстанғалиев (Атырау облысы «Жасқайрат» АҚ); К. Елемесов («Асыл түлік» АҚ);

2. «Қатты, сұйық және газ тәрізді хаотизденген бөлшектер үшін бірегей теория даярлап, оны технологияны жетілдіру, өндірісін ұлғайтып, өңделмеген мыс және мыс катанкасының сапасын арттыру үшін пайдалану» атты еңбегі үшін В.П. Малышев, А.М. Нұрмағамбетов (Минералды шикізатты кешенді өңдеу Ұлттық орталығының Ж. Әбішев атындағы Химия-металлургия институты); Химия-технологиялық зерттеулер орталығының бас директоры Н.С. Бектұрғанов; Т. Сүлейменов (Б. Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты);

3. «Нарық жағдайында жаңа, тиімділігі жоғары технологияларды даярлап, енгізу арқылы медициналық көмек көрсету жүйесін жетілдіріп, өзгерту үлгісі» атты жұмысы үшін Б.С. Құралбаев, Ш.А. Аюпова, А.Г. Дерновой, Қ.Қ. Игісінов, Ж.Т. Ізбасарова (Қазақстан Республикасы Президенті іс басқармасының Медицина орталығы); М.К. Алшынбаев, Е. Сәрсембеков (Б.У. Жарбосынов атындағы Урология ғылыми орталығы);

4. «Алматы қаласындағы ағын суларды тазартудың экологиялық тұрғыдан қауіпсіз болатын әдістері мен техникасын жетілдіру» атты еңбегі үшін М. Мырзахметов (Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің Экология-экономика институты); В.А. Зувев, А.Т. Қасабеков, А. Тілеубердин (Алматы қаласы су құбыры-канализация шаруашылығының мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны);

5. «Қайталама шикізатты табиғи және техногендік өңдеудің инновациялық технологияларын құрып, ұйымдастыру» атты

еңбегі үшін В.К. Бишимбаев, Н.О. Жақыпбекова, Б.О. Есімов, Қ.Т. Жантасов, Т.У. Ысқақова, Ш. Молдабеков, К.С. Надиров, Б.С. Шакиров (М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті);

6. «Қазақстанның тұрақты изотоптар – жоғары технологиялық өнімін әлемдік нарыққа шығаратын ғылыми-технологиялық және ақпараттық-талдау жұмыстарының кешені» атты еңбегі үшін А.Р. Ишкенов, М.Қ. Наурызбаев, В.А. Светов (әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті); Д. Мұқанов, А.О. Сыдықов, Э.Ф. Файн (Минералды шикізатты кешенді өңдеу ұлттық орталығы); Т.С. Намазбаевтарға («Қазқараметавтоматика» АҚ) Мемлекеттік сыйлық берілді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 18 қаңтар (№2) – 5-б.*

2005 жылдың желтоқсанында Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде Қазақстан жас ғалымдарының екі күндік Жалпыреспубликалық диалог алаңы өтті. Форум жұмысына Білім және ғылым министрі Б.С. Әйтимова, ҚР БҒМ вице-министрі А.Қ. Әбдімомунов, «ҚР БҒМ Химия-технология зерттеулер орталығы» РМК бас директоры, ҚР ҰҒА РҚБ академигі Н.С. Бектұрғанов және т. б. қатысты.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 18 қаңтар (№2). – 4-5-б.*

## **2006**

2006 жылдың 26 қаңтарында Қазақстан Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясының кезекті отырысында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Б. Әйтимова ұжым болып пайдаланатын Ұлттық нанотехнологиялық зертхана құру мәселесін көтерді.

Мәжіліске министрліктердің басшылары, Премьер–Министр кеңсесінің, жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар, «Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ, Ұлттық инновациялық қор өкілдері қатысты.



Комиссияда ҚРБҒМ «Химия-технология зерттеулер орталығы» РМК бас директоры, ҚР ҰҒА академигі Н.С. Бектұрғановтың баяндамасы тыңдалды. Жоғары ғылыми-техникалық комиссия орталық дайындаған Ұлттық нанотехнологиялық зертхана құру жобасының тұжырымдамасын мақұлдады.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 1 наурыз (№5). – 3-б.*

2006 жылдың 14 наурызында Киевте «Алтын фортуна» рейтингілік технология және әлеуметтану халықаралық академиясының (РТӨХА) отырысы өтті. РТӨХА президенті Б.Е. Патон түрлі елден келген ғалымдардың алдында сөйлеген сөзінде Украина және Қазақстан Ғылым академияларының арасында орныққан ынтымақтастықтың нәтижесінде көп жыл бойы жемісті еңбек етіп келе жатқандарын атап өтті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының президентінің халықаралық саладағы қызметін, электрохимия саласындағы ғылыми жетістіктерін, жаңа технологияларды өндіріске енгізу, олардың экономикалық тиімділігін ескере отырып, Б.Е. Патон «ҚР Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ президенті, академик М.Ж. Жұрыновқа I дәрежелі Георгиев Алтын медалін табыс етті.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 1 сәуір (№7). – 3-б.*

2006 жылдың 23 наурызында «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» ҚР №135 Заңы қабылданды. Заң Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметті ынталандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру негіздерін бекітіп, мемлекеттік қолдау шараларын белгілейді.

*Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы.  
– 2006. – №5-б. – 35-б.*

2006 жылдың 21 сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің ғылымды басқару мәселесі туралы кеңесі өтті. ҚР Білім және

ғылым вице-министрі А. Әбдімомынов баяндама жасап, Үкімет мүшелеріне Қазақстан Республикасындағы ғылымды басқарудың жаңа құрылымы бойынша арнайы құрылған жұмыс тобының ұсыныстарын жеткізді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 1 мамыр (№9). – 1,3-б.*

2006 жылдың 1 маусымында, Академияның құрылғанына 60 жыл толуына арналған Ұлттық Ғылым академиясының Жалпы жиылысы өтті.

«ҚР Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ президенті, академик М.Ж. Жұрынов өз баяндамасында академияның өткен жылдардағы атқарған жұмыстарының нәтижелерін талдап, болашақтағы мақсаттары жайында айтып өтті. Ғалым әріптестерін ғылымды ұйымдастырудағы жаңалықтармен таныстырды.

Мәжіліске қатысушылар қазіргі уақытта мемлекет басшысына ұсынылатын жыл сайынғы «Ғылым туралы ұлттық баяндамаларды» ҚР ҰҒА РҚБ ғалымдары дайындайтынына үлкен үміт артты. Сол баяндамалардың негізінде Жоғары ғылыми-техникалық комиссия ғылымдағы негізгі басымдықтарды айқындайды.

*Казахстанская правда. – 2006. – 3 июня (№138-139). – 2-б.*

2006 жылдың 7 шілдесінде Қазақстан-Америка сарапшылар тобы Қазақстанның ғылыми-техникалық әлеуетін бағалау, ғылым аудиті бойынша жұмысын бастады. Сарапшылар тобына ҚР Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының (ҰҒТ АО) алты маманы мен АҚШ Ғылым академиясының алты өкілі енді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 15 шілде (№14). – 1,3-б.*

2006 жылдың 17 шілдесінде Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығында Қазақстан Республикасы ғылыми-зерттеу институттары мен ірі ғылыми орталық өкілдері, Америка

сарапшылары қатысқан дөңгелек үстел өтті. Онда Қазақстан ғылымына жасалған ғылыми-техникалық аудиттің бірінші кезеңі талқыланды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 8 тамыз (№15-16). – 1,3-б.*

2006 жылдың 21 шілдесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бірқатар мәселелері» атты №700 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті құрылды.

Комитетке ғылым саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру міндеті жүктелді. Комитет, оның құрылымы, қарамағындағы ұйымдар туралы Ереже бекітілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2006. – №27. – 290-құжат.*

2006 жылдың шілдесінде Астанада Білім және ғылым министрлігі «Қазақстан Республикасындағы ғылыми зерттеулердің халықаралық стандартын енгізудің өзекті мәселелері» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізді. Оған Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктерінің өкілдері, басқа да мүдделі министрліктер мен ҚР ведомстволарының өкілдері, сондай-ақ отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарынан келген мамандар қатысты. Дөңгелек үстел жұмысының қорытындысы бойынша ұсыныстар әзірленіп, қорытынды қарарда ескерілді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 8 тамыз (№15-16). – 4-б.*

2006 жылдың 23 тамызында Қазақстан Республикасы Үкіметі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының мәселелері» атты №800 қаулыны қабылдады, онда республикалық мемлекеттік кәсіпорындар шаруашылық

жүргізу құқығы бар мекеме болып қайта құрылатыны айтылған. Атап айтқанда:

ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Химиялық-технологиялық зерттеулер орталығы» мен оның «А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты», «Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты», «Физика-техникалық институт», «Металлургия және кен байыту институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорындары және ҚР БҒМ Ғылым комитеті «Геологиялық-географиялық зерттеулер орталығы» мен оның «У.М. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және гидрофизика институты», «Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институты», «География институты», «Сейсмология институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорындары біріктіріліп ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Жер туралы ғылым, металлургия және кен байыту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын болады.

Қаулыға сәйкес ҚР БҒМ Ғылым комитеті «Физика-математика зерттеулер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Математика, информатика және механика институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып аталды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2006. – №32. – 343-құжат.*

2006 жылдың 4 қыргүйегінде Алматыдағы Ғалымдар үйінде жаңа қоғамдық бірлестік – Ғалымдар одағының тұсаукесері болды. Одақтың мақсаты:

– Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және рухани тұрғыдан өркендеуіне негіз болатын ғылым салаларын дамыту, маңызды әрі келешегі зор ғылыми зерттеулерді жетілдіру, әлемдегі дамыған елу елдің қатарына ену үшін ғылыми-инновациялық қызметті жандандыру;

– отандық ғылымның беделін арттырып, жинақталған әлеуетті барынша пайдалануға жәрдемдесу.

Ғалымдар одағын ҚР Білім және ғылым министрлігі Экономика институтының директоры Оразалы Сәбден басқарады.

*Казахстанская правда. – 2006. – 5 сент. (№204). – С.5.*

2006 жылдың 25-26 қыргүйегінде Астанада «Қазақстандағы ғылым дамуының басым бағыттары мен ғылыми әлеуетін бағалау» атты халықаралық форум өтті. Форум еліміздегі ғылыми әлеуетті бағалаудың екі кезеңін қорытындылады.

Аудиттің мақсаты – ұлттық ғылыми-технологиялық басымдықтарды анықтау, ғылыми инфрақұрылымды айқындау, ғылыми ізденістердің отандық жүйесін тексеріп, халықаралық стандарттарға сәйкестігін анықтау болды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 1 қазан (№19). – 1,3,4-б.*

2006 жылдың 13 қазанында Алматыда ҚР Ұлттық Ғылым академиясының құрылғанына 60 жыл толуына орай салтанатты жиын өтті. Жиынға Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қатысты. ҚР ҰҒА мерейтойлық отырысы Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрында өтті. 60 жыл бұрын Қазақстан академиясының құрылғаны туралы сүйінші хабар сол ғимаратта айтылған еді.

Театр залына Қазақстанның жетекші ғалымдары жиналды. Қазақстандық әріптестерін құттықтау үшін АҚШ, Армения, Белоруссия, Ресей, Украина, Молдова, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан Ғылым академияларының өкілдері келді. Жиында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев баяндама жасады. Елбасы Қазақстандағы академиялық ғылымның қалыптасуын айта келіп, ғылымды басқарудың жаңа құрылымы туралы егжей-тегжейлі мағлұмат берді. Сонымен қатар «Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ президенті М.Ж. Жұрынов, шетелдік қонақтар сөз сөйледі.

ҚР ҰҒА құрылғанына 60 жыл толуына орай ғылым мен техника саласындағы жетістіктері үшін қазақстандық және шетелдік ғалымға берілетін екі Үлкен алтын медаль шығарылды. ҚР ҰҒА

Президиумының шешімімен нөмірі бірінші Үлкен алтын медаль нарықтық экономикаға көшу кезеңіндегі қоғамды жаңғырту, еуразияшыл идеясы, аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудегі еңбегі үшін Қазақстан Республикасының Президенті, ҚР ҰҒА академигі Н.Ә. Назарбаевқа, екінші медаль Украина Ғылым академиясының президенті, ҒАХА (МААН) президенті, академик Б.Е. Патонға берілді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 12 қазан (№20). – 1,4,5-б.*

2006 жылдың 21 желтоқсанында Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институтының конференц-залында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының 60 жылдығына және ел тәуелсіздігінің 15 жылдығына орай ғалымдарды Үкіметтің жоғары наградаларымен марапаттауға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Президиумының кеңейтілген мәжілісі болды.

ҚР ҰҒА академиктері – А.А. Абдулин, Э.Ф. Госсенге «Отан» ордені; ҚР ҰҒА академиктері – Х.А. Арыстанбеков, Б.А. Төлепбаев, З.М. Молдахметов, К.А. Асанов, Ш.Ш. Сарыбаевқа «Парасат» ордені; тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Қ.Т. Жұмағұловқа «Құрмет» ордені; ҚР ҰҒА академиктері – Ж.М. Сыдықов, К.А. Абдрахмановқа «Ерен еңбегі үшін» медалі табыс етілді.

Еліміздің тәуелсіздігіне 15 жыл толуына байланысты ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты директорының орынбасары, философия ғылымдарының кандидаты Ә.Қ. Ұзақбайұлы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары Н.М. Уәлиге ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» жоғары марапаты берілді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2007.  
– 1 қаңтар (№1). – 3-б.*

## Жыл бойғы оқиғалар

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ президенті, академик М.Ж. Жұрыновты қабылдады.

Ғалым Елбасына ҚР Ұлттық Ғылым академиясы қоғамдық бірлестігінің қызметі, Қазақстан ғалымдарының соңғы 3 жылдағы жетістіктері туралы айтып берді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 1 қазан (№20). – 3-б.*

2006 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының құрылғанына 15 жыл толды. Академияның құрылуына әлемге танымал көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі Ө.А. Жолдасбеков зор үлес қосты.

Академия мемлекеттің ғылыми-техникалық саясатын іске асыруда негізгі ғылыми мекемелердің біріне айналды. Инженерлік академия ғылыми және инженерлік әлеуетті жаңа, ғылымды қажет ететін технологияларға бағыттады.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2006.  
– 1 желтоқсан (№23.) – 5-б.*

## 2007

2007 жылдың 10 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президентінің №248 Жарлығымен Ж.Қ. Түймебаев ҚР Білім және ғылым министрі қызметіне тағайындалды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2007. –  
1 ақпан (№2-3). – 3-б.  
Казахстанская правда. – 2007. – 11 янв.*

2007 жылдың 18 қаңтарында ҚР Білім және ғылым министрі Ж.Қ. Түймебаев ҚР Білім және ғылым министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде министрліктің 2006 жылғы атқарған жұмысы

туралы баяндама жасады. Министр 2000 жылдан бастап елімізде ғылымға бөлінетін қаржы көбейгенін атап өтті.

2006 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі ғылымды басқарудың жаңа үлгісін дайындады, ол 2006 жылдың 4 шілдесіндегі Үкімет отырысында мақұлданды. Соған байланысты ғылымды басқарып, ұйымдастырудың жаңа тәсілдері көрсетілген, ғылымды дамытудың 2012 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама 2006 жылдың 28 қарашадағы Үкімет отырысында мақұлданды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2007.  
– 15 қарама (№4). – 3,4-б.*

2007 жылдың 26 қаңтарында ҚР Үкіметі Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны «Экономикалық зерттеулер институтын» қайта құру туралы № 26 қаулы қабылдады. Соған сәйкес институт жарғы капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Экономикалық зерттеулер институты» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2007. – №2. – 26-құжат.*

2007 жылдың 27 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Астанада шетелдегі ғылым саласында оқып жүрген бір топ қазақстандық жас ғалымдар мен менеджерлермен кездесті. Кездесу барысында ғылымды реформалау, жас ғалымдарды қолдау, инновациялық экономиканы дамыту, ғылымды басқару үлгісін қалыптастыруда шетелдік озық тәжірибелерді пайдалану мәселелері бойынша пікір алмасты.

Елбасы ғылымның басым бағыттары ретінде нано-және биотехнология, көмірсутек, тау-кен-металлургия салаларының технологиясы, ядролық технология, жаңарған энергетика технологиялары, ақпараттық және ғарыштық технология салаларын атады.

Қазіргі кезде елімізде ғылымды басқарудың жаңа үлгісі



қалыптасып келеді. Онда ғылыми мекемелерді қаржыландырудан болашағы зор ғылыми-техникалық жобаларды басқаруға көшу мақсат етіледі.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2007.  
– 1 сәуір (№7). – 1-б.*

2007 жылдың 6 сәуірінде Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан Республикасының ғылыми-технологиялық дамуын әрі қарай жетілдіру шаралары туралы» №311 Жарлық шығарды. Онда «Самғау» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамын құру туралы айтылған.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2007. – №11. – 118-құжат.*

2007 жылдың 23 сәуірінде Алматыда «Нұр Отан» партиясының ұйымдастыруымен Қазақстан ғалымдарының Республикалық форумы өтті. Партияның бастамасы бойынша форумда заңды тұлғалардың жаңа қоғамдық бірлестігі – Қазақстан Республикасы ғылыми ұйымдарының Ұлттық ассамблеясын (ҚР ҒҰҰА) құру туралы шешім қабылданды. Жаңа қоғамдық ұйым еліміздің ғылыми әлеуетін біріктіріп, оны маңызды қоғамдық және экономикалық міндеттерді шешуге бағыттауды көздейді.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2007.  
– 1 мамыр (№9). – 5-7-б.*

2007 жылдың 25 сәуірінде Алматыда «Қазына» тұрақты даму қорының («Қазына» қоры») қолдауымен «Ұлттық инновациялық қор» АҚ («ҰИҚ» АҚ) ұйымдастырған III Инновациялық конгресс өтті.

Төрт дөңгелек үстел ұйымдастырылып, ғылым мен өндірісті біріктіру жолдары, АТ, мұнай-газ, биотехнология, фармацевтика және тамақ өнеркәсібі салаларына инновациялық технологиялар енгізу мәселелері сөз болды. Инновацияларды қаржыландыру механизмі мен зияткерлік меншікті қорғау мәселелері қаралды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2007.  
– 1 мамыр (№9). – 1-б.*

2007 жылдың 10 мамырында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылдың 6 сәуіріндегі №311 Жарлығын іске асыру шаралары туралы» №375 қаулыны қабылдады. Соған сәйкес мемлекет жарғы капиталына 100 пайыз қатысатын «Самғау» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамы құрылды. «Самғау холдингі» АҚ бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық орталық, ақпараттық жүйе, ресурстар мен стандарттар қалыптастыру арқылы мемлекеттің ғылыми-технологиялық дамуына қолайлы жағдай жасауды мақсат етеді.

Қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы», «Жер туралы ғылым, металлургия және кен байыту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындары мен олардың еншілес кәсіпорындары («А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты»), «Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты» сияқты еншілес кәсіпорындардан басқалары) жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы», «Жер туралы ғылым, металлургия және кен байыту орталығы» акционерлік қоғамдары ретінде қайта құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2007. – №14. – 167-құжат.*

2007 жылдың 18-20 маусымында Астанадағы жоғары оқу орындарының оқытушылары, студенттері мен жас ғалымдары физика саласы бойынша 2000 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты, Ресей Ғылым академиясының вице-президенті, Ресей Ғылым академиясы Санкт-Петербург ғылыми орталығының президенті, академик Жорес Иванович Алферовпен кездесті.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті және РҒА Академиялық физика-технология университеті мен Өңіраралық экономика және құқық институты (Санкт-Петербург) ұзақ мерзімді ғылыми ынтымақтастық орнатып, ғылым-білім және технология консорциумын құру туралы келісімге қол қойылды.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев көрнекті ресейлік ғалымды қабылдады. Ж.И. Алферов Алматыда ҚР Білім және ғылым министрі Ж. Түймебаевпен, жетекші ғалымдармен кездесті, Физика-техника институтында болды.

Ж.И. Алферов сапары барысында нанотехнология саласындағы маңызды бағыттардың дамуы, ауыр иондарды тездететін, суперзаманауи пәнаралық CD-60 ғылыми-зерттеу кешенін пайдалану, ресейлік ғалымдармен бірлесіп, халықаралық зерттеу бағдарламаларын дайындау мәселелері сөз болды.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2007.  
– 15 шілде (№13-14). – 3-б.*

2007 жылдың 20 маусымында Қазақстан Республикасы Президентінің №348 Жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы ғылымды дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» бекітілді. Онда Қазақстан ғылымының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті көзделді. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен механизмі көрсетілді. ғылыми-техникалық саланы қаржыландыру, жоғары білікті ғылыми және инженерлік мамандар даярлау, ғылыми-техникалық қызметтің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, ғылымды дамыту үшін қолайлы ақпараттық орта қалыптастыруға қатысты іс-шаралар ұсынылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2007. – №20. – 228-құжат.*

2007 жылдың 13 тамызында ҚР Президенті «Ғылым мен техника және әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары туралы» Жарлыққа қол қойды. Сыйлықтар туралы Ереже, Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтарды беру комиссиясы туралы Ереже (төраға – Қ.Б. Саудабаев; төрағаның орынбасары – Ж.Қ. Түймебаев; хатшысы – Ф.Ш. Қуанғанов), Әдебиет пен өнер саласы бойынша Мемлекеттік сыйлықты беру комиссиясы

туралы Ереже бекітілді (төраға – Қ.Б. Саудабаев; төрағаның орынбасары – Е.К. Ертісбаев; хатшысы – А.И. Бөрібаев).

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2007. – №27. – 310-құжат.*

2007 жылдың 21 тамызында ҚР Үкіметі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Жер туралы ғылымдар, металлургия және кен байыту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын қайта құру туралы №704 қаулыға қол қойды.

Қаулыға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Жер туралы ғылымдар, металлургия және кен байыту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты» мен Д.В. Сокольский атындағы «Органикалық катализ және электрохимия институты» еншілес мемлекеттік кәсіпорындары тиісінше Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты» мен «Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындары ретінде қайта құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2007. – №31. – 340-құжат.*

2007 жылдың 29 тамызында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытудың 2007-2012 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдардағы (1 кезең) іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» №758 қаулыны қабылдады. Осыған байланысты жоспар бекітіліп, қаулының орындалуына жауапты органдар анықталды. Қаулының орындалуын ҚР Білім және ғылым министрлігі бақылайтын болды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2007. – №32. – 357-құжат.*

2007 жылдың 17 қазанында ҚР Үкіметі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы кейбір республикалық мемлекеттік кәсіпорындарын қайта құру туралы» №961 қаулыны қабылдады. Соған байланысты «А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты» және «Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындары қайта құру жолымен жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын «А.Б. Бектұров атындағы Химия ғылымдары институты» және «Д.В. Сокольский атындағы Органикалық катализ және электрохимия институты» акционерлік қоғамдары болып қайта құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2007. – №39. – 451-құжат.*

2007 жылдың 22 қазанында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кейбір мәселелері туралы» №984 қаулыны қабылдады, соған сәйкес министрліктің қызметі, міндеттері мен құқықтары нақтыланған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі туралы Ереже бекітілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2007. – №40. – 461-құжат.*

2007 жылдың 1 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «ҚР Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ президенті М. Жұрыновты қабылдады. Кездесу барысында ҚР ҰҒА одан әрі даму жолдары туралы мәселелер талқыланды.

Ғылымдағы басымдықтарды анықтау ісіне академияда жұмыс істейтін 179 академикті тарту қажеттігі туралы сөз болды. Елбасы «ҚР Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ президенті тарапынан айтылған, академияны дамытуға байланысты ұсыныстарды мақұлдады.

*Казахстанская правда. – 2007. – 2 нояб. – С.2.*

2007 жылдың 3 желтоқсанында ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының Ғылым мен техника саласындағы 2007 жылғы Мемлекеттік сыйлығын беру туралы» №451 Жарлыққа қол қойды.

1) «Спектр теориясы және қосымшалары» атты жұмыс топтамасы үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы М. Өтелбаевқа;

2) «Қазақстанда табиғи сесквитерпенді лактондар химиясын зерттеуді, олардың негізінде дәрілік заттар жасауды, бірегей, отандық фитопрепараттардың өнеркәсіптік өндірісін ұйымдастыруды дамыту» атты еңбегі үшін С.М. Әдекенов, Х.Е. Итжанова, А.Д. Кагарлицкий, К.М. Тұрдыбеков, «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы» АҚ қызметкерлері М.Н. Мұхаметжановқа (қайтыс болғаннан кейін), К. Мұсылманбеков, Қ.Д. Рахимов, В.Б. Сироталарға Мемлекеттік сыйлық берілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2007. – №46. – 536-құжат.*

### **Жыл бойғы оқиғалар**

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан ерекше үлесі, ғылым саласындағы ерен еңбегі үшін Ресей Федерациясы қоғамдық марапаттар Ұлттық комитеті «Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығының президенті, ҚР ҰҒА академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор С.М. Әдекеновті Михаил Ломоносов орденімен марапаттады.

*Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі. – 2007.  
– 15 сәуір (№8). – 2-б.*

### **2008**

2008 жылдың 21 наурызында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізімін бекіту туралы» №279 қаулыны қабылдады.

Қазақстан Республикасының 1992 жылдың 2 шілдесіндегі заңының «Тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану туралы» 27-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Бас ғимараты (Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28) республикалық маңызы бар тарихи әрі мәдени ескерткіш ретінде танылды.

*Казахстанская правда. – 2008. – 29 марта. – С.8.*

2008 жылдың 1 мамырында «Қазақстанның ғылымы мен жоғары мектебі» газетінің соңғы нөмірі шықты.

2008 жылдың 3 шілдесінде Қазақстан Республикасының Үкіметі «Арна Медиа» Ұлттық ақпарат холдингі», «Парасат» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі», «Зерде» Ұлттық ақпараттық-коммуникациялық холдингі» акционерлік қоғамдарын құру туралы №668 қаулыны қабылдады. Мемлекет жарғы капиталына жүз пайыз қатысатын «Парасат» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» АҚ қайта құрылды.

«Парасат» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі» акционерлік қоғамының жарғылық капиталын төлеу үшін «Жер туралы ғылымдар орталығы, металлургия және кен байыту» АҚ, «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі» АҚ, «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ, «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ, «Ғылым қоры» АҚ, «Физика-техникалық институты» ЖШС, «Сейсмология институты» ЖШС, «У. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты» ЖШС, «Алтай геология-экология институты» ЖШС, «Қ. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институты» ЖШС, «География институты» ЖШС акциялары мен жарғы капиталындағы үлесі алынды. Басқарма төрағасы болып Н.С. Бектұрғанов тағайындалды.

[www.nauka.kz](http://www.nauka.kz)

## 2009

2009 жылдың 9 қарашасында ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының Ғылым мен техника саласындағы 2009 жылғы Мемлекеттік сыйлықтарын беру туралы» №885 Жарлыққа қол қойды.

1) «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы Ядролық физика институтының жетілдірілген эксперименттік ядролық-физикалық қондырғылары базасында ядролық және радиациялық физика саласындағы іргелі зерттеулер және олардың негізінде ядролық және радиациялық технологиялар құру» тақырыбындағы жұмыстар топтамасы үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының қызметкерлері – Қ.К. Кәдіржанов, Ғ.А. Батырбеков, А.Н. Борисенко, А.Д. Дүйсебаев, Ж.Р. Жотабаев, С.Н. Лысухин, О.П. Максимкин, А.Ж. Төлеуішевке;

2) «Минерагения және Қазақстанның минералдық шикізат ресурстарын дамытудың перспективалары» атты жұмысы үшін: «Қ.И. Сәтбаев атындағы Геология ғылымдары институты» ЖШС қызметкерлері – Э.С. Воцалевский, Н.М. Жуков, Л.А. Мирошниченко, Б.М. Рақышев, С.А. Ақылбеков, Б.С. Өжкеновке;

3) «Еркін алгебралардың автоморфизмдері мен ішкі алгебралары» жұмысы үшін: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Алгебра және геометрия кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор У.Ү. Өмірбаевқа берілді.

*Казахстанская правда. – 2009. – №270. – 17 нояб.;*  
*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.*  
*– 2009. – №55. – 447-құжат.*

## 2010

2010 жылдың 8 ақпанында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері» атты №77 қаулыны қабылдады. Соған байланысты Қазақстан Республикасының Білім және



ғылым министрлігі «Қолданбалы математика институты» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің қарамағына берілді.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2010. – №11-12. – 121-құжат.*

2010 жылдың 11 ақпанында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарының кейбір мәселелері туралы» №84 қаулыны қабылдады. Соған байланысты ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Ғалымдар үйі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мен ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Орталық ғылыми кітапханасы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны біріктіріліп, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып қайта құрылды. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мекеме «Орталық ғылыми кітапхана» еншілес мемлекеттік кәсіпорны ретінде қайта құрылды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2010. – №13-14. – 126-құжат.*

2010 жылдың 1 наурызында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының кейбір мәселелері туралы» № 151 қаулыны қабылдады.

Қазақстан Республикасындағы ғылыми ұйымдарды, биология және биотехнология ғылымын басқару жүйесін оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы» және «Биологиялық зерттеулер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының еншілес мемлекеттік

кәсіпорындары қайта құру жолымен шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып қайта құрылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны оған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Биологиялық зерттеулер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны қосылып, қайта құрылды.

Соған байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық биотехнология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ұлттық биотехнология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып аталды.

Қаулының қосымшасына сәйкес «Биологиялық зерттеулер орталығының» құрамындағы институттар (ҚР БҒМ ҒК «М.А. Айтхожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институты» ШЖҚ РМК, БҒМ ҒК «Жалпы генетика және цитология институты» ШЖҚ РМК, ҚР БҒМ ҒК «Жануарлар мен адам физиологиясы институты» ШЖҚ РМК, ҚР БҒМ ҒК «Биологиялық бақылау, сертификаттау және клиника алдындағы зерттеулер орталық зертханасы» РМК, ҚР БҒМ ҒК «Алтай ботаникалық бағы» ШЖҚ РМК, ҚР БҒМ ҒК «Зоология институты» ШЖҚ РМК, ҚР БҒМ ҒК «Микробиология және вирусология институты» ШЖҚ РМК) «ҚР БҒМ Ғылым комитеті институттары» деп аталды.

*ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.  
– 2010. – №20-21. – 156-құжат.*

2010 жылдың 22 қыргүйегінде ҚР Президенті «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі қызметіне Б.Т. Жұмағұловты тағайындау туралы» №1065 Жарлыққа қол қойды.

*Казахстанская правда. – 2010. – 23 сент. (№250).*

2011 жылдың 27 қаңтарында Қазақстан Республикасының Президенті «2011 жылды Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы жылы деп жариялау туралы» №1144 Жарлығын қабылдады. Тәуелсіздік пен мемлекеттілікті, Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз ету, рухани-мәдени сабақтастықты және ілгерілей дамуды одан әрі нығайту мақсатында 2011 жыл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы деп жарияланды. Іс-шаралар жоспары шеңберінде сәуір айы – «Ғылым және технология» айы болып жарияланды. Бір ай бойы ғылымның еліміздегі жаңа технологиялардың қайта құрылуы мен экономикадағы әртараптанудағы рөлі мен маңызы аталып өтті. Ақпараттық технологиялар паркінің тұсау кесері қарастырылды, ірі өнеркәсіптік нысандар, озық ғылыми стандарттар талаптарына жауап беретін және әлемдік бәсекеге қабілетті жаңа технологиялық желілер енгізілетін болды.

*Казахстанская правда. – 2011. – 28 янв.*

2011 жылы 18-ақпанында ҚР Президенті, «Ғылым туралы» ҚР заңын қабылдады. Бұл заң ғылым саласындағы қоғамдық қатынастарды, ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің негізгі қағидағдары мен тетіктерін айқындайды және ҚР ұлттық ғылыми жүйесін дамытуды реттейді. ҚР ҰҒА өзге де ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы ұлттық және салалық академиялар, қоғамдық бірлестік болып табылатын ғалымдардың творчестволық одақтары ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттың қалыптасуы мен іске асырылуына, ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін ғалымдардың кәсіби бірлігі ғылым дамуының басым бағыттарын әзірлеуге, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің ғылыми-техникалық эспертизін, ғылыми сыйлықтар алуға ұсынылған жұмыстарды, ғылыми-техникалық салада нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы жыл сайынғы

ғылым туралы ұлттық баяндаманы дайындауды және басып шығаруды үйлестіреді.

*Казахстанская правда. – 2011. – 23 февр. – С.9.*

20 қазан 2011. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы кәсіби және өзге де мерекелер туралы» №3827 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы №164 Жарлыққа қол қойды, соған сәйкес ҚР кәсіби және өзге де мерекелердің тізбесі осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. Онда көрсетілгендей, Қ.И. Сәтбаевтың туған күні 12 сәуір, ғылым қызметкерлерінің күні болып жарияланды.

*online.zakon.kz*

2011 жылдың 17 қарашасында ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының 2011 жылғы Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығын беру туралы» №176 Жарлыққа қол қойды:

1) Саданов А.К. – ҚР БҒМ ҒК Микробиология және вирусология институтының бас директоры, биология ғылымдарының докторы, профессор; Айткелдиева С.А. – ҚР БҒМ ҒК Микробиология және вирусология институтының Микробиология бөлімінің басшысы, биология ғылымдарының докторы; Гаврилова Н.Н. – ҚР БҒМ ҒК, Микробиология және вирусология институтының Микробтық препараттар зертханасының бас ғылыми қызметкері, биология ғылымдарының докторы, профессор; Ратникова И.А. – ҚР БҒМ ҒК Микробиология және вирусология институтының Микробтық препараттар зертханасының меңгерушісі, биология ғылымдарының кандидаты, доцент; Ыдырысова Ұ.Р. – «Таза Су» ЖШС директорлар кеңесінің төрайымы; Кан В.М. – «Таза Су» ЖШС бас ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы; Шорабаев Е.Ж. – ЖШС «ГИРКАН» ҒӨО ғылыми жұмыс және инновация бойынша бас директордың орынбасары, биология ғылымдарының кандидаты, «Ауыл шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау үшін «Казбиосил»,

«Ризовит-АКС», «Бакойл-КZ» биопрепараттарын жасаудың технологиясы және өндірісін ұйымдастыру» тақырыбындағы жұмыстарының топтамасы үшін;

2) Жұмаділдаев А.С. – ҚР БҒМ ҒК, «Математика, информатика және механика институты» РМК Математика институтының Алгебра зертханасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор «Жалпыланған коммутаторлар, когомология және тепе-теңдік» тақырыбындағы жұмыстарының топтамасы үшін.

*ҚР БҒМ Ғылым комитеті ресми интернет-ресурс.*

2011 жылдың 1 желтоқсанында Алматы қаласында ҚР Ғылым академиясының «Ғылым ордасы» қайта жаңғыртылған ғимаратында Қазақстан ғалымдарының Форумы өтті, оның жұмысына ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев қатысты. Мемлекет басшысы сирек кітаптар көрмесін және «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл – ғылымның жаңа стратегиясы» кітап көрмесін аралап көрді, көрге қазақстандық ғылыми мектептердің шетелде үздік деп танылған ғылыми еңбектері қойылды. Форумның ашылу салтанатында ҚР ҰҒА РҚБ президенті М. Жұрынов мемлекет басшысына «Ғасыр Ғұламасы» жоғары атағы берілгені туралы куәлік табыстады. Форум Қазақстанның жетекші ғалымдарына мемлекеттік наградалар тапсырумен аяқталды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев III дәрежелі «Барыс» орденін ЕМК «М.А. Айтхожин атындағы Молекулярлық биология және биохимия институтының» директоры Айтхожина Нағима Абенқызына және ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Жұрынов Мұрат Жұрынұлына табыстады. «Құрмет» ордені ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті РМК «Математика институтының» Компьютерлік модельдеу бөлімінің бас ғылыми қызметкері Пак Иван Тимофеевичке тапсырылды.

*ҚР Президентінің ресми сайты.*

2011 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ғылым саласындағы сыйлықтарды

және мемлекеттік ғылыми стипендиялардың мөлшерін және конкурстық материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптарды бекіту туралы №536 бұйрық шығарды, соған сәйкес ғылым саласындағы сыйлықтар және мемлекеттік ғылыми стипендиялар мынадай мөлшерде тағайындалды:

1) Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйақы, жаратылыстану ғылымдары саласы бойынша үздік ғылыми зерттеу үшін – 350 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) Ш. Уәлиханов атындағы сыйақы, гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша үздік ғылыми зерттеу үшін – 350 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) Ы. Алтынсарин атындағы сыйақы, педагогика саласы бойынша үздік ғылыми зерттеуі мен жұмысы үшін – 350 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) Күлтегін атындағы сыйақы, түркология саласында айтарлықтай жетістіктері үшін – 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) А. Қонаев атындағы сыйақы жас ғалымдарға арналған жаратылыстану ғылымдары саласында үздік жұмысы үшін – 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) М. Әуезов атындағы сыйақы жас ғалымдарға арналған гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмысы үшін – 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) мемлекеттік ғылыми стипендия – 24 айлық есептік көрсеткіш.

*online.zakon.kz*

## 2013

2013 жылдың 5 наурызында Қазақстан Республикасы «Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ Жалпы жиналыс сессиясында ҰҒА алты – физика, математика, информатика; химия және технологиялар; жер туралы ғылымдар; биология және медицина; қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар; аграрлық ғылымдар бөлімшесінен 260 үміткердің ішінен құпия дауыс беру арқылы 66 жаңа корреспондент-мүшелері сайланды.

*<http://www.inform.kz/>*

2013 жылдың 2 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі қызметіне А.Б. Сәрінжіповты тағайындау туралы» № 633 Жарлығына қол қойылды.

*Казахстанская правда. – 2013. – 3 сент.*

2013 жылдың 29 қазанында ҚР Президенті мына авторларға «Қазақстан Республикасының 2013 жылғы Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығын беру туралы» № 679 Жарлыққа қол қойды:

1) Қалменов Тынысбек Шәріпұлына – ҚР БҒМ Ғылым комитетінің РМК «Математика және математикалық модельдеу институты» бас директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, «Дифференциалды теңдеулерге арналған аймақтық бастама теориясына» атты жұмыстарының топтамасы үшін;

2) Ақшолоқов Серік Қуандықұлына – ҚР ДСМ «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор «Қазақстан Республикасында нейрохирургиялық патологияны жоғары технологиялық инновациялық әдіспен емдеуді дамыту» тақырыбындағы жұмыстарының топтамасы үшін; Керімбаев Талғат Тынышбайұлына – ҚР ДСМ «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ Омыртқа нейрохирургиясы, шеткі жүйке жүйесінің патологиясы бөлімше меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы; Махамбетов Ербол Тарғынұлына – ҚР ДСМ «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ Тамырлы және функционалды нейрохирургия бөлімше меңгерушісіне, медицина ғылымдарының кандидаты; Нұрпейсов Айсе Захаровичке – Анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімше меңгерушісі, ҚР ДСМ «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ, медицина ғылымдарының кандидаты; Рабандияров Марат Рабандиярұлына – ҚР ДСМ «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ, Балалар нейрохирургиясы бөлімше меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты; Рыскелдиев Нұржан Әмірбекұлына

– ҚР ДСМ «Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы» АҚ Орталық жүйке жүйесінің патологиясы бөлімше меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты;

3) Қазақстан Республикасы атластық картаға түсіру саласындағы ғылыми жұмыстар циклі үшін: Медеу Ахметқали Рахметуллаұлына – ҚР БҒМ «География институты» ЖШС директоры, «Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі «Парасат» АҚ география ғылымдарының докторы, профессор; Ақиянова Фарида Жианшинқызына – ҚР БҒМ «География институты» ЖШС Геоморфология және геоақпараттық картографиялау зертханасының бас ғылыми қызметкері, география ғылымдарының докторы, профессор; Бейсенова Әлия Сәрсенқызына – ҚР БҒМ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, География және экология ғылыми-әдістемелік орталығының басшысы, география ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі; Благовещенский Виктор Петровичке – «Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі «Парасат» АҚ ҚР БҒМ «География институты» ЖШС Табиғи қауіптілік зертханасы басшысы, география ғылымдарының докторы; Қонаев Мирғали Сапарғалиұлына – «Казморгеофизика» АҚ ғылыми жұмыстар бойынша кеңесші, геология-минерология ғылымдарының докторы; Мальковский Игорь Михайловичке – ҚР БҒМ «География институты» ЖШС жобаларды басқару бас менеджері «Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі «Парасат» АҚ, география ғылымдарының докторы; Нұрмамбетов Еміл Исабайұлына – «Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі «Парасат» АҚ, ҚР БҒМ «География институты» ЖШС Геоморфология және геоақпараттық картографиялау зертханасының бас ғылыми қызметкері, геология-минералогия ғылымының кандидаты.

*Казахстанская правда. – 2013. – 19 нояб.*

2013 жылдың 11 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің №495 бұйрығына сәйкес, ғылым саласындағы сыйлықтар тағайындалды:

1) Қ. Сәтбаев атындағы сыйлық жаратылыстану саласы бойынша үздік ғылыми зерттеуі үшін – «Қазақстан Республикасы



Органикалық синтез және көмір химиясы институты» ЖШС авторлар ұжымдық құрамына ғылыми жұмыстар топтамасы үшін Молдахметов Зайнолла Молдахметұлына, директор, Фазылов Серік Драхметұлына ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары, Аққұлова Зауре Ғұмарқызына Полимерлер химиясы зертханасының меңгерушісі, Әбдіқалықов Мейрам Ахмеджанұлына Биологиялық активті заттар синтезі зертханасының жетекші ғылыми қызметкері, Молдыбаев Аман Бекенұлына Көмір белсенді заттар химиясы зертханасының жетекші ғылыми қызметкері;

2) Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық Гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша «Мемлекеттік бюджет» үздік ғылыми зерттеуі жұмысы үшін мына авторлар құрамына: Өмірбаев Серік Мауленұлына С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, Интықбаева Сәуле Жұманқызы – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, Қаржы кафедрасының меңгерушісі, Адамбекова Айнагүл Амангелдіқызы – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, оқу-әдістемелік жұмысы бойынша проректоры, Парманова Рима Сұлтанқұлқызы – Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы;

3) Ы. Алтынсарин атындағы сыйлық педагогика саласы бойынша үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстар үшін – «Субьектінің маңыздалу үдерісінің психологиялық негіздері» жұмыстарының топтамасы үшін Ташимова Фатима Сағымбекқызына, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры міндетін атқарушы;

4) Күлтегін атындағы сыйлық түркітану саласындағы айтарлықтай жетістіктері – «Түркологиялық зерттеулер» (еңбектер жинағы) үшін Л. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясы Этносаралық қатынастар мен толеранттылық орталығының директоры Сыздықов Сатай Мақсұтұлына;

5) Д.А. Қонаев атындағы сыйлық – жаратылыстану ғылымдары саласында жас ғалымдардың үздік жұмыстары үшін – Математика және математикалық модельдеу институтының бас ғылыми қызметкері Сұраған Дурвудханға «Көлемді потенциалдың шекаралық және спектрлік ерекшеліктері» еңбегіне;

б) М.О. Әуезов атындағы сыйлық гуманитарлық ғылымдар саласында үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға – А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының Фонетика бөлімінің аға ғылыми қызметкері Жұмабаева Жанар Төлендіқызына «Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың тарихи негіздері» еңбегіне.

*«ҚР Ғылым және білім комитеті» Сайты.  
«2013 жылғы ғылым саласындағы атаулы жүлделер»*

## 2014

2014 жылдың 12 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметі «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» № 1330 қаулысын қабылдады. Қаулыда: «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетін» оның жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын етіп коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру; қызметінің негізгі нысанасы «ҚазҒЗТУ» ҰАҚ (НАО) білім беру қызметтерін көрсету саласындағы жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру, іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін жаңа білімдерді генерациялау және трансферттеу, қазіргі заманғы ғылыми инфрақұрылымды құру және ғылыми зерттеулерді енгізу болып айқындалсын; «Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі «Парасат» акционерлік қоғамы бөлу жолымен «Парасат» ғылыми-технологиялық орталығы», «Ғылым орталығы» және «Ұлттық сейсмологиялық бақылау және зерттеу орталығы» акционерлік қоғамы болып қайта ұйымдастырылсын.

*online.zakon.kz*

## 2015

2015 жылдың 21 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президентінің «әл-Фараби атындағы Ғылым мен техника, әдебиет және өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары туралы» №993 Жарлығы шықты.

Мемлекеттік сыйлық беру жүйесін жетілдіру мақсатында, ғылым және техника, әдебиет және өнер саласындағы жетістіктері үшін әл-Фараби атындағы Ғылым мен техника, әдебиет және өнер Мемлекеттік сыйлығы және Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласы Қазақстан Республикасының Ғылым және техника саласындағы әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлықтары туралы Ереже қабылданды; әл-Фараби атындағы Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі Комиссия туралы Ереже; Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі Комиссия туралы Ереже; әл-Фараби атындағы Ғылым мен техника саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі Комиссияның құрамы; Әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі Комиссияның құрамы; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты дипломының және омырау белгісінің сипаттамасы. Осы жарлыққа сәйкес екі жылда бір рет жеті әл-Фараби атындағы Ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлық және Әдебиет пен өнер саласындағы үш Мемлекеттік сыйлық беріледі.

*Казахстанская правда. – 2015. – 24 янв.*

2015 жылдың 31 қазанында ҚР Президенті ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында ғылыми ортаның негізгі бөлімі ретінде ҚР экономикасының дамуына бағытталған қоғамдық қатынастарды реттейтін «Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» № 381-VЗРК заңға қол қойды.

*online.zakon.kz*

2015 жылдың 3 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әл-Фараби атындағы Ғылым және техника саласындағы 2015 жылғы Мемлекеттік сыйлығын беру туралы» № 125 Жарлығымен, Мемлекеттік сыйлық:

1. «Плазманың кванттық және ортақ ерекшеліктері: жаңа технологиялардың теориялық негіздері» тақырыбындағы жұмыстар топтамасы үшін: ҚР БҒМ «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» РМК Эксперименттік және теориялық физика ҒЗИ қызметкерлері – М.Т. Ғабдуллинге, Қ.Н. Жұмағұловаға, М.Қ. Досболаевқа, С.Қ. Кодановаға, Т.Ә. Қожамқұловқа, Т.С. Рамазановқа;

2. «Қазақстан Республикасының ғарыш саласын қалыптастыру үшін ғарыш ғылымының әдістері мен технологияларын дамыту» атты жұмыстар топтамасы үшін: Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитетінің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор – Т.А. Мұсабаевқа, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті төрағасының орынбасары, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі – М. Молдабековке, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» АҚ «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС директоры, техника ғылымдарының докторы – Д.Ш. Ахмедовке, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» АҚ «В.Г. Фесенков атындағы Астрофизика институты» ЖШС Ядролық астрофизика секторының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор – С.Б. Дубовиченкоға, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы АҚ президенті, физика-математика ғылымдарының докторы – Ж.Ш. Жантаевқа, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы АҚ Геоақпараттық модельдеу департаментінің директоры, техника ғылымдарының докторы – А.Ф. Мұхамедғалиевке, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитеті «Ұлттық ғарыштық зерттеулер және технологиялар орталығы» АҚ «В.Г. Фесенков атындағы Астрофизика институты» Перспективті астрофизикалық зерттеулер бөлімінің бастығы,

физика-математика ғылымдарының докторы, профессор – Л.М. Чечинге, «Қазгеоғарыш» АҚ президентінің кеңесшісі, техника ғылымдарының докторы, профессор – Э.А. Закаринге;

3. «Әлемдік технология нарығында Қазақстанның мәртебесін көтерген және еліміздің инновациялық дамуына елеулі үлес қосқан алтын мен қорғасын металлургиясы саласында жасалған әзірлемелерді өндірісте іске асыру» тақырыбындағы жұмыстар топтамасы үшін: Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі. Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы» РМК қызметкерлері – Ә.А. Жәрменовке (бас директор), Л.С. Болотоваға, С. Исабаевқа, Қ. Күзгібековаға, И.В. Старцевқа, Н.Н. Ушаковқа, С.Т. Шалғымбаевқа, В.А. Шумскийге;

4. «Қазақстанда бекіре шаруашылығының ғылыми-техникалық негіздерін қалыптастыру және инфрақұрылымын жасау» тақырыбындағы жұмыстар топтамасы үшін: ҚР АШМ «Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» РМК ректоры, биология ғылымдарының кандидаты – Н.Х. Серғалиевке, ҚР БҒМ «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес «Парасат» АҚ ғылыми-технологиялық орталығы ғылыми кеңесшісі, техника ғылымдарының докторы, профессор, «ҚР ҰҒА» РҚБ академигі – Н.С. Бектұрғановқа, «Ordabassy group» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, ҚР ҰИА академигі – Д.А. Ыдрысовқа, ҚР БҒМ «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті» АҚ коммерциялық емес «Парасат» АҚ ғылыми-технологиялық орталығы Технологияларды коммерцияландыру орталығының директоры – А.В. Кимге, «Теңіз биологиясы» ЖШС директоры – С.Р. Темірхановқа,

5. «Шығармалар жинағы» (10 томдық) топтамасы үшін ҚР БҒМ ҒК «Экономика институты» РМҚК Әлеуметтік жаңғырту (модернизациялау) және адами капиталды дамыту орталығының бас ғылыми қызметкері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі – А.Қ. Қошановқа,

6. «Ұршық буынының хирургиясында эндопротездеуді қолдану арқылы инновациялық технологияларды әзірлеу және

енгізу» тақырыбындағы жұмысы үшін: ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «Травматология және ортопедия» ҒЗИ РМК директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор – Н.Ж. Батпеневке, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «Травматология және ортопедия ҒЗИ» РМК № 3 Ортопедия бөлімшесінің меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты – Қ.Ж. Әшімовке, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «Травматология және ортопедия ҒЗИ» РМК директорының клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары, медицина ғылымдарының докторы, доцент – Ш.Ә. Баймағамбетовке, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «Травматология және ортопедия ҒЗИ» РМК № 4 Ортопедия бөлімшесінің меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты – А.А. Белокобыловқа, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «Травматология және ортопедия ҒЗИ» РМК директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, медицина ғылымдарының кандидаты, доцент – Қ.Т. Оспановқа, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі «Травматология және ортопедия ҒЗИ» РМК №5 Ортопедия бөлімшесінің меңгерушісі, медицина ғылымдарының кандидаты – Е.Қ. Раймағамбетовке,

7. «Қазақстан Республикасы көмірсутегі әлеуетін ғылыми негіздеу» тақырыбындағы жұмыстар топтамасы үшін «АқАй Консалтинг» ЖШС бас директордың орынбасары, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты, ҚР Минералдық ресурстар академиясының академигі – Орал Ақшолақовқа, ҚР БҒМ «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес АҚ Мұнай және газ геологиясы кафедрасының меңгерушісі, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық минералдық ресурстар академиясының академигі – Г. Жолтаевқа, «Қазмұнайгаз» Барлау. Өндіру» АҚ бас директоры, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты – Қ.О. Есқазиевке, «Геокен» ҒӨО» ЖШС директорының бірінші орынбасары, геология-минералогия ғылымдарының кандидаты – П.Н. Коврижныхқа, «Меридиан Петролеум» ЖШС президенті, геология-минералогия ғылымдарының докторы, ҚР Минералдық

ресурстар академиясының академигі – Б.М. Қуандықовқа, «Қазмұнайгаз ұлттық компаниясы» АҚ, «Қазмұнайгаз» өндіру және бұрғылау технологиялары ҒЗИ» ЖШС бас директорының игеру және бұрғылау жөніндегі орынбасары, техника ғылымдарының докторы – Е.К. Огайға берілді.

*Казахстанская правда. – 2015. – 5 дек.  
Егемен Қазақстан. – 2015. – 5 желтоқсан.*

## 2016

2016 жылдың 10 ақпанында Қазақстан Республикасы Президентінің «Е.К. Сағадиевті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі» қызметіне тағайындау туралы № 194 Жарлығына қол қойылды.

*Казахстанская правда. – 2016. – 11 февр.*

2016 жылдың 1 маусымында ҚР ҰҒА академиктері, корреспондент-мүшелері және құрметті мүшелерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы «Ұлттық Ғылым академиясы» РҚБ Жалпы жиналысының сессиясы өтті. ҚР ҰҒА президенті, академик М.Ж. Жұрынов баяндама жасады. Бұл жұмыс сессиясы Ғылым академиясының 70-жылдық мерейтойына арналды (1 маусым 1946 ж.).

ҚР ҰҒА академигі С. Сартаевты Ғылым дамуына және ҚР құқықтық мемлекет құрудағы қосқан зор үлесі үшін ҚР ҰҒА Алтын медалімен салтанатты түрде марапаттады, сондай-ақ, Құрмет грамотасымен ҚР ҰҒА РҚБ корреспондент-мүшелері Өмірсеріков М.Ш., Медеу А.Р., Садықұлов Т.С., Үмбетаев И.И., Рамазанов Т.С., Қалимолдаев М.Н., Молдахметов М.З., Тәшімов Л.Т., Байтанаев Б.А., Жолдасбеков Б.У., Қойгелдиев М.Қ., Бишимбаев Н.К., Локшин В.Н. және ҚР ҰҒА құрметті мүшесі Ә.С. Сапаров ҚР ғылыми, педагогикалық және инновациялық қызметіндегі жетістіктері үшін марапатталды.

*«Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының»  
сайты.*

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы**

**Ғылым хроникасы**

Верстка Гүлнұр Жадыранова

Басылуға 25. 11. 2019 ж. қол қойылды.

Көлемі 18,5 б/т.

Таралымы 10 дана.